

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Хрестоматия

Жалпы білім беретін мектептің
қоғамдық-гуманитарлық
бағытындағы 10-сыныбына
арналған оқу құралы

10

*Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*

Алматы



«Жазушы», 2019

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 84 Қаз-922
Қ 17

Құрастырушылар:
С.Қасқабасов, Р.Әлмұханова, Е.Раушанов,
Қ.Қайырбай, Д.Оспан

Қ 17 Қазақ әдебиеті: Хрестоматия. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқу құралы / *Құраст.:* Қасқабасов С., Әлмұханова Р., Раушанов Е., Қайырбай Қ., Оспан Д. – Алматы: «Жазушы», 2019. – 176 бет.

ISBN 978-601-200-635-3

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 84 Қаз-922

© Қасқабасов С., Әлмұханова Р., Раушанов Е.,
Қайырбай Қ., Оспан Д., 2019
© «Жазушы» баспасы, 2019
Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүлiктiк құқықтары
«Жазушы» баспасына тиесiлi

ISBN 978-601-200-635-3

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушылар!

Жалпы білім беретін орта мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығының хрестоматиясы сендерді әдеби құндылықтарымыздың жауһарларымен таныстыруды жалғастыратын болады. Өйткені бұл хрестоматияда қазақтың данасы Абай Құнанбайұлының және XX ғасыр әдебиетінің кемел тұлғалары – Жүсіпбек Аймауытов, Әбіш Кекілбайұлы, Шыңғыс Айтматов, Ұлықбек Есдәулет, Мұхтар Мағауин, Қабдеш Жұмаділов, Шерхан Мұртаза, т.б. шығармалары қамтылған. Бұл шығармалар жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша қарастырылған бөлімдерге сай. Оның бірінші бөлімі «Өлең – сөздің патшасы» деп аталған, бұл өзінің аты айтып тұрғандай, Абай Құнанбайұлының шығармаларын кең ауқымда таныстыруға арналған. Сондықтан Абай Құнанбайұлының «Масфұт» поэмасын оқи аласыңдар. Ал екінші бөлім «Прозадағы көркем ой» деп аталған, мұнда Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы мен Әбіш Кекілбайұлының «Аңыздың ақыры» романдарының жалғасын оқисыңдар. Үшінші бөлім «Аңызбен өрілген көркем сөз» аталған, мұнда Мұхтар Мағауиннің «Шақан-Шері» романы мен Шыңғыс Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесін, Ұлықбек Есдәулеттің «Заман-ай», «Көк бөрінің рухы» атты өлеңдерін, «Заман, дәуір тұлғасы» деп аталған төртінші бөлімнен Шахмарден Құсайыновтың «Томирис» драмасы мен Шерхан Мұртазаның «Тәуекел той» атты әңгімесінің жалғасын оқи аласыңдар.

Бұл шығармалардың қай-қайсысы да рухани құндылықтар, ұрпақтарға әрдайым айтары бар мәңгілік құнды өлем. Көркем мұраларымыздың қадірін біліп, рухани жан дүниесі бай, парасатты азамат болуларың үшін еңбектене білгендерің абзал. Біз жас ұрпаққа сенеміз. Сондықтан, достар, іске сәт!

Құрастырушылар



I бөлім

ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

(1845–1904)



МӘЗ БОЛАДЫ БОЛЫСЫҢ

Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға.
Шелтірейтіп орысың
Шенді шекпен жапқанға.

Күнде жақсы бола ма,
Бір қылығы жаққанға?
Оқалы тон тола ма
Ар-ұятты сатқанға?!

Күлмең қағып қасқайып,
Салынып ап мақтанға.
Таң қаламын, қампайып,
Жоқты-барды шатқанға.

Үйі мәз боп, қой сойды
Сүйіншіге шапқанға.
Өуре қылды, салды ойды
Үйдегі тыныш жатқанға.

Еш нәрсе емес, жұбанар,
Ақыл көзбен баққанға.
Жас баладай қуанар
Бір дәмдіні татқанға...



Қуанарлық қыз емес
Жылтырауық таққанға.
Өзгелерді, біз емес
Түсірмекші қақпанға.

Осы да есеп бола ма
Ар, абұйыр тапқанға?
Миың болса, жолама
Бос желігіп шапқанға.

Бір бес надан, оңбассың,
Нансаң, онын қосқанға.
Жасық, жаман болмассың,
Жамандықтан қашқанға.

Ол «Болдым-ақ» дей берер,
Бұлғақ қағып басқанға.
Елең қағып елбіер,
Елertіп көзді аспанға.

Жайы мәлім шошқаның,
Түрткенінен жасқанба.
Бір ғылымнан басқаның
Кеселі көп асқанға.

Одан үміт кім қылар,
Жол табар деп сасқанда?
Үйтіп асқан жолығар
Кешікпей-ақ тосқанға.

БОЙЫ БҮЛҒАҢ

Бойы бұлғаң,
Сөзі жылмаң –
Кімді көрсем, мен сонан
Бетті бастым,



Қатты састым,
Тұра қаштым жалма-жан.

Өз ойында
Тұл бойында
Бір міні жоқ пендесіп,
Түзде мырзаң,
Үйде сырдаң,
Сөзі қылжаң еркесіп.

Бас құрасып,
Мал сұрасып,
Бермегенмен кетісер.
Адам аулап,
Сыпыра саулап,
Байды жаулап жетісер.

Сөз қыдыртқан,
Жұрт құтыртқан,
Антың, арын саудалап.
Бұтты-шатты,
Үй санатты,
Байдан атты алмалап.

Кедейі – ер,
Кеселі зор,
Малды байдан сорлы жоқ.
Аш көмектің,
Жемдемектің,
Босқа әлектің орны жоқ.

Ел қағынды,
Мал сабылды.
Ұрлық, өтірік гу де гу.
Байы – баспақ,
Биі саспақ,
Әуелі аспақ сыпыра қу.



Ақы берген,
Айтса көнген,
 Тыныштық іздер елде жоқ.
Аққа тартқан,
Жөнге қайтқан,
 Ақыл айтқан пенде жоқ.

Өз тұтуға,
Сыйласуға
 Қалмады жан бір татыр.
Сыпыра батыр,
Пәле шақыр,
 Болдың ақыр тап-тақыр.
Су жұғар ма,
Сөз ұғар ма,
 Сыпыра жылмаң желбуаз?¹
Айтты – көндім,
Алды – бердім,
 Енді өкіндім – өзіме аз.

ӘБДІРАХМАН ӨЛГЕНДЕ²

Кешегі өткен ер Әбіш³
Елден асқан ерек-ті.
Жүрегі жылы, бойы құрыш,
Туысы жаннан бөлек-ті.
Өнері оның жұрт асқан,
Ғылымға көңілі зерек-ті.
Аямаған ғаріптен
Қолдан келген көмекті.
Кісіге сідет⁴ жүктетпей,

¹ Желбуаз – дәмелі болу.

² Абай Құнанбайұлының өлеңдері ақынның екі томдық шығармалар жинағы бойынша ұсынылды. Т. 1. – Алматы: Жазушы, 1986.

³ Әбдірахман (Әбіш) Құнанбайұлы (1869–1895) – Абайдың Ділдәдан туған баласы.

⁴ Сідет – міндет.



Еңбекпен тапқан қоректі.
Біреудің қылған қарызын
Айтқызбай артық төлепті.
Боямасыз ақкөңіл,
Кірлетпей кетті жүректі.
Ойламаған өлімнен
Жасқанамын демекті.
Тағдырға төбділ¹ бола ма,
Сабырлық қылсақ керекті.

ӘБДІРАХМАН ӨЛГЕНДЕ

Тұла бойың ұят, ар едің,
Ескеріп істеп, ойлаған.
Тәуекелге нар едің,
Талаппен терең бойлаған.
Ерлікке де бар едің,
Үйренуге тоймаған.
Жасқа жас, ойға кәрі едің,
Атаңның атын жоймаған.
Замана неткен тар едің,
Сол қалқамды қоймаған?

МАСҒҮТ (поэма)

Я, Алла, құрметіне достың Махмұт²,
Тілге яр бер, білінсін тұғры мақсұт.

¹ Төбділ – амал.

² Махмұт – Мұхаммед пайғамбардың лақап аты. Халқымыз Аллаға сиынып, құрметтейді, сондықтан ешкім өз баласына оның атын қоймайды. Бірақ оның өзгертілген түрлері кездеседі, мысалы, Абдолла. Сол сияқты Мұхаммед пайғамбардың да атын көп айта бермеуді ойлаған. Азан шақырып қойылған Мұхаммед деген есімдер кейін өзгеріске түскен. Мәселен, Махамбет батырдың шын есімі – Мұхаммед. Уақыт өте келе, ол Мұхаммед Махамбетке ауысқан. Махмұт деген де осы жолмен пайда болған.



Һарун-Рашид¹ халифа² заманында
Бағдатта бір жігіт бар аты Масғұт.

Шаһардан бір күн Масғұт шықты тысқа,
Барды ма кезі келіп бір жұмысқа?
Бір ұры бас сап тонап жатқан жерде
Кез болды бір бишара шал байғұсқа.

Шал байғұс айғайлады аттан салып,
Айырып алған жан жоқ оны барып.
Кім де болса, бір ерлік қылайын деп,
Масғұт ұшты ұрыға оңайланып.

Масғұтты ұры шапты қылышпенен,
Тәуір-ақ жан сақтапты жұмыспенен.
Есен-аман шал дағы құтылыпты,
Масғұттан жау қашқан соң ұрыспенен.

Масғұтқа келді әлгі шал көзін тіктеп,
Көрсө, бастан ағып тұр қан дірдектеп.
Мұның қарызын мен де өтеп кетейінші,
Жігіт қой ер көкірек, жаужүрек деп:

– Ей, жігіт, не қылсаң да, ер екенсің,
Көргейсің ерлігіңнің берекесін.
Себеп боп мені ажалдан сен айырдың,
Маған қылған қарызыңды Алла өтесін!

Бай емен, батыр емен, хан емеспін,
Атақты артық туған жан емеспін.
Себеп болып айырдың мені ажалдан,
Жақсылықты білмейтін шал емеспін.

Мен – бір шал дүниеде жиһан кезген,
Ертең түсте кетемін шаһаріңізден.

¹ Һарун-Рашид (763/766– 809) – Аббас өулетінен шыққан халиф (786- жылдан бастап). Ол билік еткен кезде халифатта ауыл шаруашылығы, қолөнері, сауда жақсы дамыған.

² Халифа (араб) – мирасқор, билеуші.



Ертерек пәлен жерден тосып тұрып,
Алып қал бір базарлық, жаным, бізден.

Пұл үшін қызықпассың, сен де – бір ер,
Сені маған кез қылған пәруардигер¹.
Бір Құданың хақы үшін мен тілеймін,
Қабыл көр, сертім үшін қолыңды бер!

– Ұрыға жібермедім мен намысты,
Кім бұлдар мұндай-мұндай қылған істі.
Алла хақы деген соң амал да жоқ,
Барайын, – деп, уәде етіп қол қағысты.

Ол жерге ерте тұрып жігіт барды,
Шал да душар алдынан бола қалды.
Қолынан ұстап алып, ертіп барып,
Далада бір бұзылған тамға апарды.

Барса, тамда бір гүл тұр солқылдаған,
Басында үш жеміс бар былқылдаған:
Бірі – ақ, бірі – қызыл, бірі – сары,
– Таңдап ал, мен берейін бірін саған.

Ағын жесең, ақылың жаннан асар,
Сарыны алсаң, дәулетің судай тасар,
Егерде қызыл жеміс алып жесең,
Ұрғашыда жан болмас сенен қашар.

Ол жігіт шал сөзіне құлақ салды,
Көзін төмен жіберіп, аз ойланды.
Ақ пен сары екеуін алмаймын деп,
Қызыл жеміс жеймін деп, қолқа салды.

– Мен беремін, танбаймын айта тұра,
Өкінбесең түбінде жүре-бара.
Ақ пен сары екеуін алмағаның
Мәнісін айтсаң екен, жаным, сірә.

¹ Пәруардигер (парсы) – Құдай, Тәңірі.



– Мен болсам егер ағын жемек дедім,
Ақылды болдым елден бөлек дедім.
Мен ақылды билемен не қылсам да,
Ақыл мені билесе керек дедім.

Ақылды жан табылмас маған сырлас,
Көріне тентек көп надан мойын бұрмас.
Өділетсіз, ақылсыз, арсыздарды
Көре тұра, көңілде тыныштық тұрмас.

Адам дертті болмай ма құса тартып,
Тұщы ұйқы ұйықтай алмай түнде жатып.
Ептеп бағып, есерге ем таба алмай,
Төтті тамақ жей алман дәмін татып.

Сарыны жеп, мен болсам байдың өзі,
Аузында тамам жанның болдым сөзі.
Пәленшеден бір нәрсе алсақ-ау деп,
Тігілер жан біткеннің маған көзі.

Жұрт күндер жұрттан артық байлық үшін,
Бұлдайды біреу күшін, біреу түсін.
Не қылса да, надандар алмақты ойлар,
Мал антұрған күйдіріп елдің ішін.

Еңбексіз мал дәметпек – қайыршылық,
Ақылды ерге ар болар ондай қылық.
Оны ойларлық бұл күнде адам бар ма?
Пайда ойламай қылады кім татулық?

Берсең, қалар оларда несі ардың?
Бермесен, сен-дағы ит бірге болдың.
Не өзің ит немесе бар елің ит,
Дауасыз бір пөлеге міне қалдың.

Қызылды жесем, мені әйел сүйер,
Арамдыққа жүрмесем, не жан күйер?



Ұрғашы да көп жан ғой, досым болса,
Деп едім бір пайдасы маған тиер.

Еркектің еркек адам болса қасы,
Қатын, шеше, қызы жоқ кімнің басы?
Хан қаһар, қара кісі қастық қылса,
Сонда ұрғашы болмай ма арашашы?

Тегінде адам басы сау бола ма?
Бойында тексерілмес дау бола ма?
Ері ашу айтса, әйелі басу айтып
Отырса, бұрынғыдай жау бола ма?

Соны ойлап, қызыл жеміс мен таңдадым,
Берсеңіз, жемек болып бел байладым.
Топа-торсақ бұл сөзді айтқаным жоқ,
Басында-ақ ойлап тегін абайладым.

Бұл сөзге салып тұрды шал құлағын:
– Ендеше тауып айттың, же, шырағым.
Ақыл, дәулет әуелден өзінде екен,
Өміріңмен артылсын, жаным, бағың!

Бұл шал бөтен шал емес, Қыдыр¹ еді,
Ебін тауып даруға² кезі келді.
Сөзіне, ақылына, қылығына
Разы болғаннан соң, бата берді.

Сол Масғұт Қыдыр шалдан бата алыпты,
Соңында Шәмсі-жиһан³ атаныпты.
Мағынасы: «Бұл дүниенің күні» деген,
Жетіліп бізге ғибрат сөз қалыпты.

¹ Қыдыр – діни ұғым бойынша, керемет иесі, мәңгі өлмейтін жан.

² Даруға (моңғол) – билеуші, басқарушы.

³ Шәмсі-жиһан – лауазым не қызмет аты емес, ақын «Бұл дүниенің күні» деген мағынада қабылдау керектігін жазған, яғни Масғұттың дүние қызығын көріп жүрген адам деңгейіне жеткенін айту үшін қолданған.



Сол заманда-ақ надандар шырыш бұзған,
Жалғанның дәмін бұзып, қауіп қылғызған.
Ақыл мен мал екеуін асырай алмай,
Арашашы іздепті қатын, қыздан.

Ендігіге не сұрау бұл жалғанда?
Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда.
Өлген мола, туған жер жібермейді,
Әйтпесе, тұрмас едім осы маңда.

Сол Масғұт халифаға уәзір бопты,
Тарқатыпты алдынан көп пен топты.
Бағанағы Қыдыр шал бір уақытта
Түсіне аян беріп жолығыпты.

– Ей, балам, пәлен күні жауын жауар,
Сол жауынның суында кесапат бар:
Жеті күн жынды болар суын ішкен,
Жеті күн өткеннен соң және оңалар.

Ол судан тамам суға су құйылар,
Сел болып, судың бөрі кесел болар.
Ертерек таза судан су жиып ал,
Бұл – хабарым, сақтансаң, жаным, жарар.

Бұл сөзбен халифаға Масғұт барды,
Хабарын естіген соң, хан да аңғарды.
Айтқан кезі жақындап келген шақта,
Ертерек таза судан құйып алды.

Болған соң уәделі күн, жауын жауды,
Судан ішкен жынды боп, ақылы ауды.
Күні-түні шуласып, таласады,
Ұмытты тамақ жеу мен және ұйықтауды.

Бұлар шулап бір күні келді ордаға,
Хан мен уәзір қарайды тамашаға.



Бәрі де есі шығып, жынды болған,
Бос шулап жүр кіші іні, үлкен аға.

Ол халқының алдына жақын барды
Сөз айтып әрбір түрлі, ақыл салды.
– Бір кеселге, байғұстар, жолығыпсың,
Үйіңе бар, ұйықтаңдар! – деп шығарды.

Олар шықты есіктен ханға өкпелеп,
Көшеде шулап және жылаған көп:
– Хан мен уәзір ақылдан айрылыпты,
Өлтірейік екеуін, жынды екен, – деп.

Өлтіргелі ордаға қайта жүрді,
Бұлардың сөзін естіп, хан да көрді:
– Бұрынғыдан мұнысы қиын болды,
Ойбай, уәзір, ақыл тап, қайттік? – деді.

– Құтылар хал болмады мына дудан,
Біз де ішпесек болмайды жынды судан.
Өлтірер өңкей жынды бізді келіп,
Жынды деп есі дұрыс бізді қуған.

Екеуі жынды судан ішіп салды,
Құтырып көп алдына жетіп барды.
Өңкей жынды байқамай айтыппыз деп,
Құлдық ұрып, бұларға көп жалбарды.

Сонымен бет-бетімен тарқап кетті,
Әйтеуір, тарқайтұғын уақыт жетті.
Көрдің бе көп тентектің қылған ісін –
Еріксіз есті екеуін есер етті.

Көптің бәрі осындай, мисал етсең,
Көп айтты деп алданып, уағда күтсең.
Ғәпіл боп көп нәрседен бос қаласың,
Аңдамай көп сөзімен жүріп кетсең.



II бөлім

ПРОЗАДАҒЫ КӨРКЕМ ОЙ

АҚБІЛЕК¹

(Роман. Жалғасы. БІқшамдалған)

Екінші бөлім

ЖҮСІПБЕК
АЙМАУЫТОВ

(1889–1931)

Бесатардың оғы шыққан жерін алақандай қып үңірейтіп, жұлып әкетеді. Емдеуі келіспей, асқынып кетсе, ол оқ тиген адам жуырда мал болмайды. Сол бесатардың оғы Бекболаттың иығын ала қарынан тиіп, сырт жағын үңірейтіп кетіп еді... «Дәрігерге көрсетпесе, өледі» – деген соң, Бекболатты дуанға апарып еді. Мамырбайдың Төлегені не дегенмен қайын ағасы ғой, барған соң, кеңседен кеңсеге жүгіріп жүріп, ауруханаға жатқызып, емдетуге қағаз алған еді. Бекболат ауруханаға жатқалы жиырма күнге жуықтады...

Енді далаға шығысымен, Бекболат Ақбілектің не болғанын білуге көңілі кетті... Қалай, кімнен біледі?..

Бекболат іздегені табылғандай қуанып кетті:

– Ассалаумаликум! – деді. Қырыңдап төмен қарап сөйлесіп отырған екі қазақ жалт қарады. Ел қазағы ұсқынды біреуі... жуан етік қазақ Бекболаттың аты-жөнін сұрады. Бекболат жөнін айтқан соң, ойнақы көз жігіт:

¹ Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1996.



– Ө, Бекболат сіз боласыз ба? Отырыңыз, – деп, сырғып орын берді.
– Өнеугі оққа ұшқан жігіт екенсіз ғой, – деп, біле қойды. Бекболат:
– Өзіңізді мен танымадым ба? – деп сұрады.
– Мен Тақырдың Жылтыры деген жігіт болам, – деп, Тақырдың Жылтырын білмейтін қазақ жоқ тәрізді, «Жылтыр» дегенде, езуін қисайтып, басын бір шұлғып тастады, өз атын мардамсып атағаны көрініп тұрды.

– Мына кісі Мұсатай деген біздің ағайын, – деді. «Тақырдың Жылтыры» дегенде, Бекболат: – Ө, естуім бар, – деді. Жылтыр жұлып алғандай, тікірейе қарап: – Мені кім деп естідіңіз? – деп сұрады. Бекболат әнтек мүдіріп қалды да: – Көзі ашық, пысық жігіт деп есітеміз, – деді...

Бекболат әлгіндей дегенде: – Өйтеуір, халықтың көз жасы үшін Матайдың Өбенімен ұстасып жүрміз. Ақырын бір Алла біледі, –деп, қаз көрген қаршыға бастанып, мойнын қылтың еткізді. Бекболат мақұлдағансып: – Е, – деді, – «Е!» дегені; «Ажалы жеткен қарға қаршығамен ойнайды» деген осы-ау! Өбен кім? Бұл кім?.. Бірақ Бекболат бұл ойын неге білдірсін, іші пысып қалған кісі ғой: оны-мұны сұрай бастады. Жылтырдың білмейтін хабары, естімейтін өсегі жоқ, ағып тұрған сөз екен. Аузы аузына жұқпайды...

Манағыдай емес, Бекболат Жылтырдың сөзіне ұюға айналды, нанып емес, таңғалып ұйыды... Бекболат қай сөзін ұстарын білмей, даң болды. Даң болса да, оның айтқан бір хабары құлағына майдай жағып кетті, ол хабар – Қарашаттағы ақтардың қолға түсуі еді, оны естігенде, Бекболат:

– Е, бәрекелді!.. Япыр-ай! Түгел түсіп пе? – деді.

– Түгел. Бірін қалдырмай, ұстап әкелді.

«Ақбілек қайда екен?» – деген сұрау Бекболаттың аузына келіп қап, бірақ ел қазағы отырған соң, сұрауға қаймыға берді: «Орыс масқаралап кеткен қызды несіне сұрап отыр?» – деп, мазақ қылар ма деп ойлады. Бекболаттың сұраулары көбейіп, әңгіменің аяғы созылып жатқанын сезіп, ел қазағы «Бір айналып соғармын, – шаруам бар еді», – деп, тұрып кетті. Ол кетісімен, Бекболат қабыржып, қобдиланып, Жылтырға қарай берді. Бір уақытта бір жасырын сөз айтатын кісіше көзін жыпылықтатып:

– Сізден менің бір сұрайын деген сөзім бар еді, – деді.

– Айтыңыз, айтыңыз, – деп Жылтыр жөпілдетті. – Мамырбайдың қызы не болды екен? Оны естіген жоқсыз ба? – деді.

– Жоқ. Оны естімедім. Ақтардың өзін кеше кешке әкелді. Білуге болады. Ол, айтпақшы, сіздің қалыңдық екен ғой. Жалко, жалко! – деді. – Япырым-ай! Білуге болса, соны маған біліп берсеңіз...



– Құп болады. Бүгін, ертең-ақ біліп беремін. Күнде елден кісі келіп жатады ғой...

Сөйтіп отырғанда, есіктен ақ киімді мөтүшке¹ шығып:

– Әй, киргиз!.. Доктор... – деп, Бекболатқа орысшалап, саусағымен ымдап шақырды...

Ол күні-түнімен, ертеңінде күнімен Бекболаттың ойынан Ақбілек кетпеді...

Бекболат есік алдында тепкішектің қадасына сүйеніп тұр еді. Қорадағы дөңбектер² үстінде бір қазақпен аузы жабысып Жылтыр отыр еді. Бір мезгілде ана қазақты жөнелтіп, Жылтыр шапаны делегейленіп, басын сермеп тастап, қатты-қатты басып, Бекболатқа келді. Келе:

– Уат, жөлік, уат, машинек! – деп орысшалап, шұлғып қойды. – О не? Не ғыпты? – Шорты знат! Өкеле жатқан поштаны талатып, поштабай өзі қашып кетті деп, пәле сап отырғаны. Бекболат мәнісін сұраған соң, Жылтыр түсіндіріп айтты. Матайдың Әбені болыспен өш болады ғой... Болыс Жылтыр жақтыкі. Пргауар қыл деп үйреткен Жылтыр болу керек. Сол жұмыс орынға келмеген соң, Жылтырдың бұрқырап, «Шорт ызнатты» қағып келгені сол екен... Соны айтып отырғанда, ...кішкене қақпаны ашып, бір қазақ кірді.

– Е, Жаңбырбай, мал-жан аман ба? – деп, Жылтыр ұшып түрегеліп, шұрқырай кетті. Елдің амандығын сұрап болған соң, Жылтыр Жаңбырбайды ертіп, манағы дөңбек үстіне барды. Сөйлесті, сөйлесті. Бекболаттың екі көзі соларда. Бір мезетте Жылтырдың көзі Бекболатқа түсіп кетті де, Жаңбырбайды түртіп қап, бірдеңе сұрағандай болды. Жаңбырбай жауап беріп еді, Жылтыр ежіктеп тағы сұрады. Сөйтті де, Бекболатқа жайраңдап, қолын бұлғады.

– Шүйінші! – деді. Бекболат жымыш:

– Ал, ал, – дей берді. – Қыз аман-есен үйіне келіпті, – деді. – Япырмай, шын ба? Япырмай, шын ба? – дей берді.

– Өтірік айтамыз ба? – деген соң: – Япырмай, ө, япырмай, ө! – дегеннен басқа сөз айта алмады. Бекболаттың қуанғаны сонша, Ақбілекті орыс алып кеткенін де, масқара болғанын да ұмытып кетті. Ақбілек дәл бір боранда адасып кетіп, не жауында орманда қалып, жоғалып табылғандай көрінді. Қуанған сайын Ақбілек таза, Ақбілек періштесіндей болды. «Жаным, сәулем! Қай жерде отыр екен? Құрмалдығың болайын!» деген-

¹ Мөтүшке (орыс) – матушка – ана деген мағынада айтқаны.

² Дөңбек – жұмыр ағаш.



дей, Ақбілекке мүлде құлап кетті. Әкесі базардан келген балаша қуанып, Бекболат тайраңдап, ауруханаға кірді. Ойы – дәрігерден қашан босатуын сұрамақ еді. Ертеңінде жолыққанда, Жылтыр тағы да Матайдың Әбенін жамандап келіп:

– Мен тағы бір арыз бергелі отырмын. Сенің атыңнан берсек, қалай болар еді? – дегені. Бекболат шошып кетті...

– Жаным, менің ретім келмес. Мұндай жұмысқа мен өзім жоқ едім, – деп абдырап қалды.

– Сен өзің бір жасық жігіт екенсің ғой! Одан қорқатын түк жоқ. Барлық фактісі, міне, менің қойнымда отыр, – деп, омырау қалтасынан, көп қағаздың арасынан бір қағазды суырып алды...

Бекболаттың Жылтырға сенбейтін де жөні бар ғой. Қалай сенсін? Жылтыр – аты шулы алаяқ. Оның қылмаған бұзақылығы жоқ...

Жылтыр мұздың үстінде тұрған кісідей болды. «Не де болса, ауруханадан кетсем екен, елге, кеңге шықсам екен, байсалды қазақты көрсем екен, мынауың құрып қалсын! Адамның басын айналдырып жіберді ғой» деген оймен Бекболат ауруханаға кірді. Кірсе, дәрігер киініп, кеткелі жатыр екен.

– Мені қашан шығарасыз? – деп тағы сұрады. Дәрігер:

– Ертең, ертең, – деп, басын шұлғыды. Бекболат көңілін бір демдеп, төсегіне келіп, жантайып, Ақбілегін тағы ойлады...

Үшінші бөлім

ҚАЙҒЫ

Мінеки, Ақбілек үйіне келгелі он бес шақты күн болды. Алғашқы кездегі Ақбілектің ісі: басына қара салу, бата қыла келген қатындарға көрісу-жылау, үйілеу, күрсіну, алдына тосқан құманға қолын тосып, көз жасын шаю, дастарқандағы дәмді шымшып, аузына салу, түзге барып келу, қайта келіп, бір орыннан тапжылмай отырумен өтті. Бұрынғыдай емес:

«Жылқы ішінде Шұбарым,
Жібектен таққан тұмарың.
Өлпештеген жан анам,
Тарқамай қалды-ау құмарым.



Есіктің алды қазған жар,
Жар жағалай қаз қонар.
Жан апамнан айрылып,
Ішімде қалың қайғым бар...»

деген тәрізді, жырынды жеңгелері үйреткен, құрама-сұрама жоқтауын, кісі келсе, сұңқылдатып қоя беретін болды. Жеңгелері солай деп жоқта деген соң, Ақбілек солай болуға тиіс екен деп айта берді...

Аулына алғаш кеп түскенде, қатындар қолтықтап, сүйрелеп әкеп, әкесіне көрістірді. Жабыла кергілесе, апасы тірілетіннен жаман, ауылдың біткен ер, әйелі көкпарға тартқан серкедей созғылап, илеп, жұлқылап, керіп, әбден есеңгіретіп, әлсіретті. Бәрі де: «Қарағым-ай!», «Шырағым-ай!..», «Көз жасым-ай!..», «Еркежан-ай...», «Шырайлым-ай...», – деп, есіркеді, аяды, өзеуреді; беті-қолын жуғызып, алдына дәм қойып: «Іше ғой, жей ғой, қарағым!» – деп, үстіне түсіп, өліп-өшіп, күтті, сыйлады. Ақбілек бәріне де нанды, бәрі де бауырым екен, мені аяйды екен, әлі де мені жақсы көреді екен деп ойлады. Ауыл күткен сайын, «Шырағым», «Шырағым!» деген сайын, әнеугі аулына таянып келе жатқандағы өзінен-өзі именген, өзін ит тиген астай көріп жиренген, дүниенің қайғысын бір өзінің басына орнатқан, өмірге қол серметкен қалың ой, ауыр сезімдер бірте-бірте алыстап, үстін тот басып, ұмытып бара жатқандай болды. «Басыма қара тұманды бекер орнатқан екем, жұрт маған онша өзгерген, тосырқаған, менен үріккен, жиренген көрінбейді ғой. Мен әлі де осы ауылдың, осы үйдің ардақты бір баласы екем ғой...» деп, өз ойына өзі үйренгендей, бауыр басқандай болды.

Күндерден күн өтті... Бірақ қайғы ұмытылған жоқ, оның үстіне жаңа қайғылар жамалды... Ақбілектің он екі жасар Қажікен деген бауыры, жеті жасар Сара деген сіңлісі бар-ды. Ақбілек өзінен бетер сол екеуінің жетімдігіне қабырғасы қайысқан. Қажікен ойын баласы ғой, көбінесе балалармен ойнап, далада жүреді. Монтиған Саражан Ақбілектің жанынан екі елі айрылмайды; шашы жалбырап, жабысып отырғаны. Ей, байғұс-ай! Әйелдер дауыс қылып жатқанда, Қажікен үйге келмейді. Сара Ақбілектің дауысы шықса, көзінің жасын көреді де, бірге жылайды. Қажікен апасының жоқтығын артық елемейді, Сара жүдеп кетті. Ақбілек біраз есін жиған соң, Сараның кірін жуғызып, жыртылған көйлегін тепшіп, үзілген түймелерін қадап берді; білтеленіп, биттеп кеткен басын жуып, шашын тарап, оңашада тізесіне жатқызып, битін қарап отыратын болды. Әкесі бұ-



рын да үй ішімен көп сөйлесе бермеуші еді; енді мүлде тұнжырап кетіпті. Малшыларға: «Түйе келді ме?.. Көк ат суарылды ма?.. Қой қалай шықты?.. Ана жүгенді үйге апаршы!» деген тәрізді шаруаның бірдеңесін айтады...

Бірақ келгелі Ақбілекке әкесі сөз қатқан жоқ. Ақбілекке әуелі қарамайды да. Бұрын көзіне көрінбесе: «Ақбілек қайда жүр?» – деп, сұрап отырушы еді. «Қарағым, ананы нетші!» деп, оны-мұныға жұмсаушы еді; кейде Ақбілек еркелеп, қасына таман келгенде: «Қарағым!» – деп, маңдайынан иіскеуші еді, «Жел қарысар, белінді бусайшы, түйменді салсайшы», – деп, жаны ашып отырушы еді. Енді оның бір де бірі жоқ, жатырқап қалған тәрізді, «Апамның қайғысы шығар... Үйде кісі болған соң, именетін шығар...» деп ойласа да, Ақбілек әкесінің оңашада бір ауыз тіл қатпағанына қапа болды. Ол түгілі әкесі Ақбілекпен оңаша қалудан қашатын тәрізді. Әкесі мен екеуінің арасын қара мысық кесіп өткендей, бір өткел түскенін Ақбілектің жүрегі сезеді. Әкесінің қабағы қашан жадырар екен, қашан жылы қарар екен, қашан тіл қатар екен?.. деп сарылып, сарғайып күтеді; әкесінің көзі түсер ме екен деп, көзінің қырымен жансыз аңдап та отырады. Бір қараса да, қайғысы жеңілетіндей, бақытты болатындай көреді. Сонда да әкесі көз салмайды. Енді Ақбілекке шешесінің өлімінен де мынау жаман батты. «Жан дегенде жалғыз әкем мені жек көрсе, енді мен кімге сыямын?» деп қайғырды. Міне, Ақбілекті ендігі ауыр күрсіндіретін жаңа қайғы осы еді. Ақбілек бұл қайғысын тірі жанға сездірмей көп жүрді, көп күтті, көп дәмеленді. Далаға барса да, Сарамен екеуі оңаша қалса да, сіңлісін бауырына басып, көз жасы бұршақтай домалайды. Неге жылай беретінін сіңлісі білмейді, көзі жаутаңдап: «Тәте, қойшы, тәте, қойшы», – дей берді. Ақбілек көзін сұрткен болады, бауырын уатып, басынан сипаған болады. Аз толас болып тұрады да, жаңбыр тағы тамшылайды. Ақбілектің бұл дерті ұлғайды. Ұлғая-ұлғая ішіне сыймауға айналды. Кімге айтар? Кімге шағар? Кім болушы еді? Жасынан бергі сырласы Ұрқия жеңгесіне айтпаса. Ұрқия – Өмірдің қатыны. Өмір – Мамырбайдың немере інісі. (Өмірдің әкесі Тәуірбай Мамырбаймен бірге туысқан ғой). Өмір – өзіндік ораза атары бар біртоға, момын жігіт. Ұрқия түскелі он жылға айналып барады, жасы жиырма жетіге келді. Бар айыбы – пұшпағы қанаған жоқ, әйтпесе, жібі түзу әйел. Бәйбіше тірі күнінде Ақбілегін ойынға немесе бөтен ауылға жібергенде, жалғыз Ұрқияға сеніп, қасына соны қосып беруші еді. Туған шешесінен соңғы Ақбілектің жақсы көретін жақыны да, әдеп-өркен үйренген ұстазы да Ұрқия еді. Өз үйінде айналар бала-шағасы, қау-



сар шаруасы болмаған соң, Ұрқия бәйбіше өлгелі, Мамырбай ақсақалдың туған келініндей болып үйін ұстап тұра қалып еді. Осы Ұрқияға бір күні Ақбілек дөң астында отырып, қайғысын сөйледі. Ұрқия тыңдады да:

– Шырайлым-ау! О кісі апамның өліміне қайғыратын шығар. Сені неге жек көрсін?.. – деді. Десе де, ақсақалдың баласына салқындағанын Ұрқияның да іші сезуші еді...

Ұрқияның ойланғанын Ақбілек те сезді. – Мен байқаймын ғой. Менен бойын қашықтата береді. Мені көрмеген кісі секілденеді. Неге сезбейсің? Сен де сезген шығарсың... – деп, Ақбілек жылап жіберді. Ақбілек жылаған соң, Ұрқия да жылады. Жылап отырып:

– Бауырым-ау! Сенен не бетіммен бүкпе сақтайын... Білген нәрсем болса, сенен жасырып.. Ойбай-ай! Енді қайтейін!.. О не дегенің, қалқам?.. Үлкен кісілердің не ойлайтынын кім біледі?.. Саған айта алмай жүрген бір сөзім бар екені шын, оны жасырмаймын. Қалқам, ия-ау! Жұрттың неге таңырқайтынын білмейсің. Осы үйге кім келсе де бар ғой, бәрінің көзі сенде болады (бір тамсанып қояды). Саған жұрттың таңырқап қарағанына ішімнен мен күйіп-пісіп отырамын... Сондағы ойлары не екен десейші?.. Дәу де болса, ішім айтады: «Орыстардан кейін қандай боп қалды екен? Өзгерді ме екен? Жоқ, бұрынғы қалпында ма екен? Орыстар оған не көрсетті екен?..» деп қарайды-ау деймін. Әйтпесе, таңырқайтын несі бар? «Жұрттың ойы» десе де, Ұрқияның өз ойы да осы еді. «Орыстар апарған соң, не істейді екен?» деген сұрау өз аузына да келіп қайтып тұрушы еді. Бірақ өзі мынадай сорлы боп отырған «Шырайлымынан» қалай беті шімірікпей, аузы барып сұрасын? Өлгі сөзді естігеннен кейін Ақбілек жасын тыйып, көзі мөлдіреп, қиялға түскенде, алдында тұрған жеңешесіне қарап, бедірейе қалды. Қарашаттағы құйын соққандай астан-кестен күндер заматта көз алдынан шапқан аттай бұлдырап өтті. Ақбілектің бедірейе қалғанын көрген соң, Ұрқия ойын білейін деп:

– Сені аман-есен келеді деген тірі жан болған жоқ... Өзіміз де күдер үзіп қойдық... Орыс шіркін өлтіріп тастады ғой деп ойладық: үлкен апамды көзіміз көрді ғой. Құдай сақтайын десе, қайда сақтамайды? Шыбын жаның қалған соң, не керек... – деді...

Ұрқия сездірмесе де, ай-жай болған соң, Ақбілек сырын өзі де айтпақшы еді. Бірақ «Мақтанған кісіше не айтам? О бір жақсы нәрсе болса екен...» деп, ішіне сақтап жүруші еді. Енді айтатын орын келді ғой деп, жеңгесіне бастан-аяқ көрген оқиғасын сөйледі. Жеңгесі тамсанып, тыңдай берді. Қара мұрттың атып тастай жаздаған жерін, қасқыр қамаған жерін



айтқан кезде: «Ойпырым-ай, ойпырым-ай!..» –деп үрейленіп, әңгіме біткен соң:

– Қалқам-а-ай! Қалқам-а-ай! Көрмегенді көрген екенсің ғой... – деп, таңдайын қағып, басын шайқады. Бұл сырды тірі жанға аузынан шығармасқа Ақбілек жеңгесінен уәде алды. Содан кейін екеуі бұрынғыдай қалтқысыз дос боп кетті...

Сырын айтқаны Ақбілекке де тәуір болды, бірсыпыра қапырығы сейілген іспеттенді. Алайда «Өкем неге түзу қарамайды?» деген жұмбақты Ақбілек шеше алмады. Ол жұмбақтың шешуін Ұрқияның іші сезсе де, Ақбілекті аяп, айтпады. Ақбілек бұл тұрмысқа да жүре-жүре көндіккендей болды, апасының орнына үй шаруасын басқаруға кірісті. Жарылып өлсін бе, қайтсін?.. Мамырбай неліктен баласына салқындады екен? Не ойлағаны бар екен? Әңгіменің бетін солай қарай бұрайық. Сыртына шығармай, доң айбатпен жүретіні болмаса, Мамырбай ақсақал тегінде балажан кісі еді...

Төлегені түз баласы болғалы, көзіне тоғанақ болып, өзін күтетін, сыйлайтын қарағы Ақбілек еді. Ажары да, мінезі де құлағына жағушы еді. Қақ-соқпен жұмысы жоқ, әдепті, өркенді, салмақты болып өсіп еді. «Құдай бұйрығынан» құтыла алмай, атастырып қойғаны болмаса, Ақбілегін қолынан шығаруға қимаушы еді. «Ең болмағанда, 4-5 жылға дейін бермеспін» деп, құдасынан мал алуға да асықпаушы еді. Сөйткен Ақбілегі мұндай күйге ұшырады...

Бұрынғы нәрестедей бала, ақ қағаздай таза көріп жүретін Ақбілегі, енді күйе жаққан қағаз, бала емес, қатын болып қалды. Ақсақал баласын Құдай қосқан күйеуінен де қызғанатын іші тар кісі еді... Баласы кірсіз, таза болғанын қалаушы еді. Енді Ақбілек баласы емес, бөтен әйел іспетті. Кімнен қалған әйел десейші! Қазақ болса да, бір сәрі ғой. Ол ол ма? Келген, кеткен кісінің көзі Ақбілекте болатынын алдымен әкесі сезді. Бәрі де: «Мамырбайдың орыс бүлдірген қызын қара!» – деп, ақсақалды көзге шұқыған тәрізденді. Енді Ақбілек әкесіне масыл болды. Бала ұстаған емес, жұртқа тамашалаушы маймыл ұстап отырған кісі тәрізденді. Ақбілектің қырсығынан ақсақал өзін масқара болып абыройынан айрылғандай көрді. Міне, ақсақалдың өз баласына түзу қарай алмай, қашқақтап жүргені сол еді. Қызғаныш, жиреніш, өкініш, аяныш, ыза, қорлық – бәрі ұласып, оның тірі қалып, көзге күйік болғанына бармағын шайнап, зығырданар еді. Бірақ өз қолын өзі кессін бе? Өз ішіне өзі пышақ ұрып, жарылып өлсін бе?..



Мамырбай ақсақал артық бай болған да кісі емес, жоқшылық зарын тартқан да кісі емес. Өзі өз болғалы жаз саумалы мен бір тоқтысын, қыс бір табақ етін қонағына беріп, әңгімелесіп, күліп-ойнап отырып жегенді – өмірдің бір қызығы деп білген кісі еді. Ауылнай ортасында, болыс ішіне де содырынан қадірі басым, салмақты, тартымды, табанды кісі еді...

Ақсақал... шаруасына айналып жүргенде, бір күні үйіне бір жолдасымен Өлдекей деген тұрғыласы келіп қонды... Қашан ет піскенше, Өлдекейдің аузында дамыл болған жоқ. Бір сөздің кезегінде:

– Балаларды жүдетпей, бір шүйкебас алуыңыз екен, – деп, басып өтті. Ақсақал Ақбілек жаққа көзінің қырын бір салып:

– Ой, Өлдеке-ау! Енді қартайғанда, қатын алып, не мәз боламыз? – деді. Онысы арғы жағы – қатын алуға бел байлап қойса да, өзі қатын іздеген кісі болмай, жұрт ұйғарып әпергенді қалағаны еді. Және бала-шағаның көзінше «Қатын алам» деп, қалай айтсын!

– Е, о не дегеніңіз? Өлі тұғырдан түсетін кезіңіз болған жоқ қой. Екі күрек тісім жоқ, мен де Сәлиманы құшақтап жатырмын. Қатын алмаған соң, ретіңіз келмейді ғой, – деген тәрізді бірталай «наштакат» айтты. Сөйтіп отырып:

– Сізге лайықты кім бар екен, ә? Қыз алуға сіздің әптіңіз келмейді ғой. Қыз енді ұстатпайды. Шаруаға ұқыпты, байы өлген тұл қатын болса, ой, сізге сол марш келер еді, – деп, елдегі тұл қатындарды бір-бірлеп екшей бастады. Ақсақалдың өз ойына мұныкі де дөп келді. Ертеңінде шайдан кейін ақсақал қораның бұрышында Өлдекей екеуі отырып, бірқыдыру сөйлесті. Не сөйлескенін қайдам? Өлдекейдің аты ерттеулі тұр еді, есік алдында тұрған Өмірлерге ақсақал:

– Уай, мына кісіні аттандыршы! – деді. Өлдекей келіп кеткеннен былай, не ғажап екені белгісіз, ақсақалдың Ақбілекке бұрынғы қарасы өзгерді. Баласын жылы тартып: «Қарағым, ананы өйтсейші, мынаны бүйтсейші!» – деп, шаруаның, балалардың жайын сөйлесуге айналды. Ақбілек тірілді, әкесін жаңа тауып алғандай болды. Содан кейін ішкен асы бойына тарап, ажары кіре бастады.

* * *

...Бала десе, Ұрқия ішкен асын жерге қояды. Балалы қатындарды көргенде, іші жарылып кете жаздайды. «Осылардың да арманы бар ма екен?» деп ойлайды. Кедейлік, жоқшылық, аштық, дерт, қайғы – бәрі де бір баланың қасында түк емес тәрізді...



– Еркежан, бері келші! Сен маған бала болсаң қайтеді? – деп, Ұрқия Сараны алдына алып, қысып-қысып сүйді.

– Боласың ба? – деп, Ақбілек жымыды. Сара «Шын айтып отыр ма?» дегендей, әпкесіне қарады.

– Ой, жасаған-ай! Біз де бала сүйетін күн болар ма екен? – деп, тағы бір уһілеп қойды Ұрқия.

– Басың жас, Құдайдың қазынасы кең ғой, сүйерсің.

– Қайдан білейін! Айтқаның келсін-ау! Шырайлым-ау, саған жорытайыншы. Бүгін мен бір түс көрдім. Түсімде біздің ауыл көшкен екен деймін. Сенімен екеуіміз көштен адасып қалған екеміз дейім. Бір асудан ассақ, алдымыз екі таудың қуысындай, бір Құдайдың уысындай құлама құз екен дейім. Құздың үстінде қалықтап жүрген бір қара бүркіт бір мезетте бізге таман төніп келді де, сені көтеріп алып кетті. «Ой-бай-ай! Өлтіреді-ау!» – деп, қайтерімді білмей, безектеп тұрмын. Бүркіттің бауырында көйлегің желпілдеп, тура күн шығысқа қарай кетіп барасың. Алыстаған сайын қара бүркіт ақ бауыр торғайдай боп көрінеді. Бүркіт сорғалап, төмен құлдилады. «Енді жейді-ау, енді жейді-ау!» – деп, тастан-тасқа секіріп, жүгіріп келем... Қарасам, сен бір ақ үрпік балапан болыпсың. Бүркіт жоқ. Жартастың басында көзің бақырайып отырсың. Қайдан келгенін білмеймін, ар жағынан әнеуің өзің айтқан Искендір дуана шыға келді. Балапанды қолына қондырып келе жатыр. «Дуана-ау! Балапанды маған берші!» – деп едім, дуана ұстата берді. Балапанды бір қолтығыма қысып келе жатырмын... – Ойпырым-ай! Тамаша түс екен! Мен қалай жориын? Құдай-ай! Мен тағы бірдеңеге ұшырайтын болармын ба? – деп, Ақбілек көзі бажырайып қалды. Олай жориды, бұлай жориды. Екеуі де жори алмады, қорықты. Ақырында, «Түс түлкінің боғы» да десіп, бірін-бірі жұбатты. Сара байғазы сұрап, ауыл қыдырып кетті...

Әкесінің қабағы түзелгеннен бері Ақбілек күйеуін есіне ала бастап еді. Бекболаттың жараланғанын, қалада жатып емделіп жазылғанын Ұрқия әнеукүні естірткен ғой. Бірақ ол кезде Ақбілек егжей-тегжейін сұрағандай болған жоқ. Жатса-тұрса әкесінің өзгеруін уайымдады ғой. Енді көңілі бір жайлы болды. Келімді-кетімді кісі азайды. Оңаша үйде Ұрқиямен отыруы көбейді. Ұрқиядан бүгетін сыр бар ма? Күйеуін сөз қылғанды сүйетінін сезіп, оңаша болса, Ұрқия да әңгіменің бетін солай бұра беруші еді. «Бекболаттың көңілі бұрынғыдай ма екен, жоқ, өзгерді ме екен?» Екеуінің шеше алмай жүрген жұмбағы сол еді. О жігіт қатынамағалы бірсыпыра болып барады. Түзге шықса, екеуі төңірекке көз салар еді. Кісі қара көрі-



нер ме екен дейді ғой. Соңғы күндері неге екенін қайдам, Ақбілек күйеуін көп ойлайтын күйге ұшырады...

Бір күні апақ-сапақта Ұрқия келді. Шам жағудан гөрі ерте, алайда үй жарық емес. Ақбілек бұрыштағы кішкене кілемнің үстінде жастық шынтақтап, жалғыз жатыр еді.

– Шырайлым-ау! Бейуақытта неғып жатырсың? Шам жағатын уақ болды ғой, – деп еді, Ақбілек енжарлана есінеп, еркелі, назды, майда үнін созып: – Жа-ғы-лар, – деді. – Шам қайда еді? Мен жағайын...

– Жеңеше, несіне асығасың... Ерте ғой, – деп, Ақбілек бөксесін бұраңдатты.

– Жақпағаныңды көрермін! – дегендей, Ұрқия қасына таянып, қолын созып:

– Мынау қолымда не бар? Тапшы, – деді.

– Қолыңда ма? Құрт.

– Жоқ.

– Қант.

– Жоқ.

– Күміс.

– Жоқ.

– Енді не? Түрі қандай?

– Ақ.

– Ақ... ақ... Жұмсақ па? Қатты ма?

– Онысын айтпаймын. Өйтеуір, өзі тәтті нәрсе.

– Өзі ақ, тәтті – қант-тағы.

– Қант емес, бірақ ең керек нәрсе.

– О немене, жеңеше?

– Бұл сондай қымбат нәрсе, өмірдің бар қызығы осында.

– Ойпырым-ай! Бұ немене екен?! Мүдуар¹ қылмай айтшы, жеңеше!

– Әуелі сенің бағың да осында.

– Өй, алақай-ай! Хат екен ғой!

– Таптың, таптың... Бермеймін деп едім, – деп, Ұрқия қалжындап, тұмарша бүктелген кішкене қағазды алақанына басты. Манадан бері шам жақпай, енжарланып жатқан Ақбілек дереу атып тұрып, шам жағып, жерге қойды да, қағазды жеп қоятындай қадала қарады. Хаттағы сөз мынау:

«Ғиззетлү уә құрметлү ғазиздан көргуші мағшұқым Ақбілек жанға көптен-көп езгу саламларымызны ырсал айладік. Бағдында бізден хал-

¹ Мүдуар (араб) – үміткер.



ахуал сұрасаңыз, алқамды лелла, сағ-саламат деп білерсіз. Қайын ағамыз Төлегеннің ярдемі арқасында жарақатымыз жазылды. Бұл күнде атқа мініп, құс салуға да жарадық.

О бағыдында сіз ол тарапта көпірдің қолынан аман-есен қалас болғаныңызды естіп, шад уә қарам болып Аллаға шүкірана еттік...

Тағдырда язмыш илан дарылпанадан, дарылбақия рақылат еткен шапағатлы анамызның иманы саламат болғай еді. Қазаға ыразы, бөлеге сабыр етіңіз.

Үшбу Ақберген иолдашымны сізге көңіл айтып, аманлық білу үшін жіберіп отырмын. Һар нешік болсын, біздің көңілімде бөтен ниет жоқ. Сіз де көңіліңізге бөтен нәрсе алмағаныңызды тілеймін. Аз күнгі қайғы жапаға сабырлық қылыңыз. Не нәрсе болса, қайырын тілейік. Онда сізлер, мұнда бізлер аман болғай едік.

Дәйю қалам тебреткуші бірадарыңыз Бекболат деп білерсіз». Бұл хатты анау-мынау әйел оқыса, қуанғаннан секіріп түсер еді. Ақбілек мырс етіп, күліп жіберді.

– Жеңешетай-ай! Жақсы болды ғой! – деп, хатты қалтасына салуға қимай, қайта-қайта ашып, айналдырып көре берді.

– Айтқам жоқ па?

– Ақберген қайда?

– Біздікінде отыр.

– Маған жолықпай ма? – деді де:

– Жоқ, ол болмайды екен, – деп, өзін-өзі тоқтатты. Ақберген біртүрлі жылы көрініп кетті, өйткені ол жарынан хат әкелді ғой. Көргісі келсе де, басы қаралы екенін, жолығу жеңілдік болатынын ойлады.

– Енді қайтеміз? – деді.

– Қайтесің? Сен де хат жаз.

– Не деп жазам?

– Өзің білесің, көңілдегі сөзіңді сен де жаз. Ұяласың ба?

– Апырым-ай! Енді не деп жазам?

– Таңертең ерте жүреді. Қазір дайындап қой. Мен бір айналып келем, – деп, Ұрқия кетіп қалды. Ақбілек қол сандықтан кестесіз атон қызыл қарындашы мен бір парақ қағаз алып «Қыз Жібектің» астына салып, етпетінен жатып, қарындашын жалап қояды.

«Ғазіз көргушіні», «Бағдында хал-ахуал сұрасыңызды» бұ да жазды. Содан кейін аузына сөз түспеді. Сөз самсап-ақ тұр, бірақ қайсысын жазарын білмеді. Біресе бәрін айтқысы, көп жазғысы келеді, біресе әдепті



ойлайды. Қанша жазса да, ойдағының мыңнан бірін жеткізе алар емес. Қарындашты жалай түсіп, біреу келіп қала ма деп, сасқалақтап отырып: «Бізде де бөтен ниет жоқ. Үшбу хатты алғаннан кейін бір келіп кетпегіңізді тілеймін. Асығыс жазылды. Ғайып етпеңіз... Дәйю Ақбілек» деп жазды. Аздан соң Ұрқия келіп, хатты алып кетті. Ел жатса да, Ақбілек ояу. Оның қиялында – келешектегі сұлу өмір...

Таңертең Ұрқия келгенде, Ақбілек:

– Кетіп қалды ма? – деп сұрады. – Кетіп қалды, – деді Ұрқия. Өйткені кешегі хатта күйеуін шақырғаны ұят болғандығы артынан есіне түсіп еді...

Арада төрт-бес күн өтті ме, қалай. Ақсақал үйде жоқ еді, Ақбілек Сарасын қолынан ұстап, әйнек алдында тұр еді. Малшылар мал қоралатып, малшы қатын сиыр сауып жатыр еді, қораның жоғарғы бұрышынан әйелдің жаулығы ағараң етті. Ұрқия екен.

– Қалқам, құлағыңды әкелші, – деді...

– Шын ба?

– Шын емей. Ақбілек Қажікенді шақырып кел деп, сіңлісін жіберді де, ауызы жабыса қалды.

– Енді қайтеміз?

– Біздікіне түседі де...

– Ағайдан ұят емес пе?

– Жоқ, ойбай! Екеуіңнен бөлек онда не ой бар дейсің?

– Біздікінен бір тоқты сойыңдар.

– Шырайлым-ау! О не дегенің? Оған бір күн қонақасы бере алмағанымыз ба? Ақбілектің жүрегі алып-ұшып барады. Үйге кірді. Шам жақты. Шай жасады...

Ұрқиямен екеуі тысқа шықты, әйнек алдында тұрып, екеуінің күбірлескендегі әңгімесі – қалай жолығу, қай жерде жолығу еді. Ұрқияның ойы Ақбілекті өз үйіне апарып, екеуіне бір табақтан дәм жегізу еді. Ақбілек Өмір ағасынан ұялып, әрі үйдегі балаларды жалғыз тастап кетудің есебін таба алмай, бармауды қалап еді. Қаласа да, Ұрқияның ойы дұрыс, шамның жарығында оны көріп отырып, бір табақтан ас жеген қандай жарастықты! Бұл тұңғыш жолығуы ғой, әрі сөйлесіп, бері сөйлесіп, Ақбілек балаларды ұйықтатып, баруға бел байлады. Балалар ұйықтаған кезде Ақбілек мөре көйлегін, таза кемзалын киіп, жұпар иісін аңқытып, биқасап¹ шапанын жамылып, аяғын ептеп басып, есікті ептеп ашып, буыны дірілдеп, табал-

¹ Биқасап – ала түсті шағын енді жібек мата.



дырықтан аттады. Ай жарық. Қар күмістей жылт-жылт етеді. Жұлдыздар жайнап тұр. Екі үйдің арасындағы жалғыз аяқ жол қарауытып жатыр. Бұл жол – жұмаққа апаратын жол секілді. Осы жолмен барып қызықты, тәтті, сұлу өмірдің есігін ашатын секілді. Басқан сайын бақ есігі жақындайды. Жүрегі дүрсіл қағады. Ұрқия алдынан шықты.

– Өмір ағам қайда?

– Ауыз үйде. Сендер оңаша боласыңдар. Ой, Алла-ай! Ақбілек шын сонымен бірге отырғаны ма? Ұрқия есік ашты. Қатты ұйықтап ояғандай, қараңғы үй кенет жарқырап кетсе, көзің қандай ұялады. Бақ есігі ашылғанда, Ақбілектің беті де ұялып, кіруге жүрексініп, әнтек кідіріп қалды.

– Кір, қарағым, кір! Олар көрінбейді. Бірақ осы үй толған олар. Көйлегін судыр еткізіп Ақбілек кіріп келді. Бекболатқа отырған үйі нұрға толып кеткендей болды. Ақбілек жеңгесінің артынан еріп, сызылып келіп, төменірек отырды. Тура қарауға дәті шыдамай, төмен қарады.

– Есен бе, қарағым? – деп, әуелі Ақберген амандасты. Бекболат қалай амандасудың есебін таба алмай:

– Есен бе, қарағым? – деп, жолдасының сөзін айта салды.

Ақбілек:

– Шү-шүкір, – деп ернінің ұшын қимылдатты. Тым-тырыс.

– Анаңның артқы жақсылығын берсін! Құдай өмірі, бәрі мақұл. Тек өз маңдайларың ашылсын! – деп, үнсіздікті Ақберген сейілтті. Бекболат үндеген жоқ. Ақбілек уысындағы торғын орамалымен көзін сұртті. Бекболат төмен қарады. Ол екі арада Ұрқия етін түсірді. Қонақтарының қолына су құйып, дастарқан жайды. Төсін салып, семіз тоқтының жарты етін түгел асқан екен. Он шақты тоқтының маңдайы ғой. Ақбілек күйеуіне онша таянбай, арасына бір кісі сыйғандай қылып, табаққа таман отырды...

Бекболат келіп кеткеннен былай, Ақбілек анасының қайғысын аз-аздап ұмыта бастады.

* * *

...Бір күні Ақбілектің көңілін сұрағалы Ұрқия келді. Келмегелі бір жұма боп қалған ғой...

– Тәуір болған соң, бергелі жүр едім, – деп, Ұрқия көйлегінің жеңіне шиыршықтап ораған бір қағазды алып берді. Ақбілек ашып оқыса, Бекболаттың хаты екен. Ақбілек оқып болды да, жылап қоя берді. Ұрқия сасып қалды:



– Ойбай-ау! О немене екен? Мен білмедім ғой, – деді.

Ақбілек:

– Жай, әншейін, – деді, жылап отырып. Өңгіме былай: Мамырбай ақсақал қызын Бекболатқа бермеймін дегенін есітіп, құдасы айрылуға бет түзеген болатын. Бірақ әкесінің ол ойына Бекболат разы болмай, Ақбілекке: «Қайтсем де сені аламын» деп, бір-екі рет хат жазған. Ақбілек те бөтен ойы жоқ екенін білдіріп, «Тағдырдың не жазатынын қайдан білейін?» – деп, ішіндегі дертін уайымдап, екі ұштылау қып жауап қайырған. Соңғы кезде Бекболат Ақбілектің екі қабаттығын естіген екен. Ауыл-үй білген хабар елге жайылмай тұра ма? Соған нанарын да, нанбасын да білмей, Бекболат Ақбілекке хат жазып: «Жұрттың сол өсегі рас па? Рас болса, біржола түңілейін, әйтпесе...» деп сұраған екен. Енді Ақбілек жыламай, қайтсін?..

Ақбілек ең соңғы алданышынан айырылғандай, ойын қара тұман басты... Өзін бұл дүниеге керексіз, артық адамдай, жұртта қалған бұралқы, жұрын күшіктей көріп, табан тірерлік, сүйенерлік аяқ астында алақандай жер қалмаған адамша жаны түршігіп, жүрегі аузына тығылып, көзінің жасы көл болып аға берді, аға берді...

Төртінші бөлім

МАХАББАТ

Арада бес жыл өтті. Ертіс үлкен өзен. Өре басы Қытайдан келеді. Екі қабағы ызғындай ел. Ызғындай елдің ортасындағы өнер-білімнің, сауда-кәсіптің отарба, откеменің тоғысатын кіндігі, қара шаңырағы – Семей. Семей – бір губерния елдің миы. Ақыл-ойдың табысы Семейде. Семей – бір губерния елдің жүрегі. Семей бүлкілдесе, бір губерния ел бүлкілдейді. Ертістің оң қабағында – Семей, солында – Алаш қаласы...

Сол аралда, Алаш жақта, үлкен қара ағаштың түбінде, Ертістің шымырлап аққан суына көз салып, көк теңбіл желек жамылған, аппақ шөлмектей бір келіншек, апыр-ау, өзге жұрт арал кезіп, арақ, қымыз ішіп, қызыққа батып жатқанда, жападан-жалғыз отырған неткен келіншек екен? Тегі, жай емес қой. Аузы жыбырлап, жынды кісіше өзінен-өзі сөйлеп отыр. Шіркін-ай! Біздің ауылдың жайлаудағы шалғыны қандай еді! Бұзау көрінбей жатушы еді! Ауыл келіп қонғанда, жұпар иісі мұрынды жарушы еді! Тау аясындағы айдын көлінің айнадай суы қандай еді?! Өң-



шең ұсақ бала шолпылдатып, суға шомылып, жұмыртқа іздеп, жылан бас, тана теріп кетуші ек. Есіл қызық күндер-ай! Есіл оң жақтағы дәурен-ай! Елім-ай! Жерім-ай! Сағындым-ау, қайтейін, – деп отыр еді ол. Сол кезде ағаштың ар жағындағы жолмен орысша киімі бар бір жас әйел келе жатып, келіншектің сөзіне құлақ салып тұра қалды. «Сағындым-ау, қайтейін» деген кезде, келіншектің қарсы алдынан өте беріп, бетіне қадала қарады да, тамсанып тоқтады:

– Япыр-ау! Жаңылмасам... Таныдым ғой. Сен Кәмилә емессің бе? – деп, жаза басам ба дегендей, аяғын бір басты.

– Иә, – деді келіншек көзі бажырайып, көсілген аяғын жиып алып, қарай қалды. Орысша киінген әйел таныған сайын келіншек тесірейе қарап, дәл қасына келе бергенде:

– Бауырым, жиен-ау, сені де көретін күн бар екен! – деп, ұшып түрегеліп, мойнынан құшақтай алды. Келіншектің көзінен жасы ыршып-ыршып кетті. Көріп, мауқын басқан соң, екі жас әйел біріне-бірі таянысып, аяқтарын айқастырып, телмендеп отырып әңгімеге кірісті.

– Сен мұнда қайдан келдің?

– Сен қайдан келдің? – деп, екеуі де сасқалақтап қатар сұрасты.

– Әуелі өзің айтшы!

– Әуелі сен айтшы! – деп, орысша киінген әйел келіншектің қолынан ұстап, өз алдына тартты.

– Жарайды ендеше, – деп келіншек бастады.

– Жасаған-ау! Енді қайтейін! – деп тамсанып, қояды.

– Сені көрем деген титтей ойымда босайшы... Ана жылы, жайлауда отырғанда, апам екеуің келіп, жатып кеттіңдер ғой... Онда екеуміз де бала едік қой... Япыр-ау! Содан қайтып көріскеміз жоқ-ау? Көріскендей болды ма жұрт, балапан басына, тұрымтай тұсына...

– Ия десейші! Жаман болды ғой! Өткен күннің белгісі жоқ. Ту баста бүлдірген Рақымжан деген ғой... Қазақтардан солдат алып, қызылдармен соғыспақ болып... Әй, дүние-ау десейші?! Соғыспаса, қайтіп барады екен? Орыс шіркінді жеңем деп ойлай ма екен... Сонда елдің кісілерін жинап алып, Рақымжан айтыпты ғой: «Балшабай келді. Малдарыңды талап алады, әйелдеріңе билік қоймайды. Аман күндерінде Қытайға ауыңдар» депті ғой. Әкемдер қалаға барып келді де, «Ал ауамыз!» – деп, елді бөрліктіріп, аласапыран болмасын ба? Тігулі үй тігуімен қалды. Толып жатқан әбдіре, сандық бөрін тастап, жеңіл-желпі киім-кешек, төсек-орынды алуға ғана мұршамыз келді. Малды айдап, күні-түні шұбырып, аудық қой. Қанша



күн жүргенін де білмеймін, сол көшкеннен көшіп, Қытай қазақтарына бардық.

– Иә, ауып кетті деп естігенбіз.

– Естісең – сол. Ол бір бейбастақ, нашар ел болады екен. Кім көрінгені би болып, малымызды талап ала берді. Әсіресе, бір үкірдай¹ дегені жаман болады. Әкемнің бар малын сол айдатып алып, сымпидық та қалдық. Не мал жоқ, не үй жоқ, не тамыр-таныс жоқ, жаппаның астында жаттық. Көрген күнімізді Құдай итке бермесін. Мені тартып алады деген сөз шықты. Әйтеуір, Құдай сақтады. Не керек, сонда бір қыс тұрып, аштан өле жаздап, жаз шыққан соң, жаяу-жалпылы шұбырып, елімізге қайттық. Елге келсек – қора-мүлкімізді, жерімізді бір кедей көршілеріміз иемденіп отырып алыпты. Өз үйімізге өзімізді жолатпайды. Әкем ел азаматтарына барды, болысқа барды, түк болмады. Қайдан болсын! Болыстың өзі екен қондырған. Әкем ізденіп, болыстың үстінен арыз беріпті. Қайдан білсін, бұрынғы заманы бар деп жүр ғой. Бір күні ауылға мылтықты екі мелісе келіп, әкемді алды да кетті.

– Не жазығым бар? – десе:

– Сен қашқынсың, боржайсың², – дейді. Боржайы не екенін қайдан білейік. Әкемді қалаға апарып, абақтыға жауып қойыпты. Әкем жатып алды, шығармайды. Өзің көрген Ақан деген ағатайым бар еді ғой. Сол олай шапты, бұлай шапты. Әкемді босата алмады. Жалғыз әкем ондай болды. Туған шешең болмаған соң, немене...

– Ой, дүние-ай десейші! Нағашым сені жақсы көруші ме еді?

– Е, жақсы көрмей. Қытай қазақтарына бермей, алып келді ғой. Менің де балалау күнім емес пе, он беске жаңа шыққам ғой. Әкемнің абақтыда жатқаны жаныма жаман батып жүрді. Айға жуық жатты. Ақан ағам қалаға кетіп еді. Бір күні әкемді босатып алып келді. Қуанып қалдық. Әкем келген соң, қора-мүлкімізді де, жерімізді де өзімізге қайтарып берді.

– Онысы тәуір болған екен! – Тәуір болғаны құрысын! Тәуір болмады. Арада бір жұма өтті ме, өтпеді ме, бір күні кешке таман қаладан үш кісі сау ете түсті. Жоғарғы үйге кіргізіп, көрпе салып, қой сойып, әкем шала бүлініп жатыр. «Мұнысы кім?» деп отырмын. Қатындар жиылып келе бастады. Біріне-бірі:

– Күйеуді көрдің бе? – дейді. Жүрегім су ете түсті.

– Кімнің күйеуі? – дедім.

¹ Үкірдай – Шығыс Түркістандағы аға сұлтан деңгейіндегі қызмет.

² Боржай (орыс) – буржуй – жеке кәсібі бар, адам жалдап жұмыс істетуші мағынасында.



– Ойбай-ау! Күйеуің келгенін білмей отырсың ба? – десті. Не дерімді білмедім. Көзімнен жасым тимей-тимей кетті. Мен жылап отырғанда, өгей шешем келіп:

– Жылағаны несі? Бала емессің. Күйеуге тимей отырушы ма ең? Дө-неңе жоқ. Өз теңің, оқыған төре жігіт. Қой жылағанды! – деді. Оған да болғам жоқ. Теріс қарап, домаланып жылай бердім. Енді қайтейін. Әрі жаспын, әрі күйеуге тием деген ойым бар ма... Және бір ауыз сөз айтпас-тан, дөнеңе етпестен, бір-ақ күнде «Күйеуің келді» деген соң...

– Ой, Алла-ай десейші!

– Асқа да тұрмай бұлан-талан болып жатыр едім. Қасыма ағатайым келді. Қамығып, басымды сипап отырып: «Сені берейік деп отырғамыз жоқ. Өкеңнің жаны қала ма деп, уәде қылып едік. Енді уәдемізді жұта алмай отырмыз. Заман жаман: осындай қызметтегі бір адамға сүйенбесек, жазым боп кететін көрінеміз. Бізді қашқын деп кім көрінген сұқтанатын көрінеді», – деп, бірталай ақыл айтты. Ағатайым сөзі кішкене құлағыма кірейін деді. Әйткенмен ар жағым болатын емес, көңілім соқпайды. Жоқ жерден күйеуге тиеді деген не деген сұмдық! Өкемнің шыққанына қуанып жүрсем, сорлы басым, мені бермек боп босанған екен...

– Зәрем зәр түбіне кетті. Бәрі дүрлігіп, ыдыс-аяқты қиратып, үстелді, тақтайды тарсылдатып, үйді басына көтеріп барады. Қорқып, мен де ұшып түрегелдім. Шымылдықтан сығалап қарасам – күйеуімді екі жігіт ұстап жүр екен. Көзі қисайып, ақшиып кетіпті. Қыли екенін сонда көрдім. Қолында мылтығы, тұра-тұра ұмтылады. Күйеуімнен қорықтым, көңілім қалды. Мінезі жаман екен. Өлден уақытта екеуін де қойғызып, қонағы, түскірлер, тарады. Ыдыс шашылып, стақан, бөтелкелер қирап, арақ төгіліп, үйдің ойран-ботқасы шығып қалды. Ағатайлап, мана төбелестен бұрын лоқсып, шиқылдап, ауыз үйге шығып кетіп едім. Күйеуім қонақтарын шығарып салып, төлтіректеп келіп, мені тағы құшақтап, сүйді. Өне бойы арақ сасиды. Шешінбестен төсекке келіп қылжиып, әлгі төбелескен жігітті боқтап жатып ұйықтап қалды.

– Ойпырым-ай! Күйеуіңнің мінезі қалай жаман еді?

– Мінезі жаман дейсің! Жамандығын қазір айтам...

– Сонсын қайттің?

– Сонсын жылап-жылап, сілем құрып, кроваттың алдына бір көрпе тастай беріп, жантайып, таң ата көзім ілінді. Не керек, бір сау күні болған жоқ, қызметтен келсе, ... боқтаумен күні өтті. Мені жан екен деп сөйлесу жоқ...



- Осы күні күйеуің қайда?
- Қызметпен басқа қалаға кетіп еді. Екі ай болды. Хабар жоқ.
- Күйеуіңнің аты кім?
- Обал ғой, қалай атайын?
- Оның обалы жоқ, бауырым. Жай сөз. Атай бер.
- Ана аттың мойнына салатын имек ағаш?
- Қамыт па?
- Жоқ, одан жоғарылауы.
- Доға ма?
- Е, сол, сол.
- Аты да біртүрлі екен. Өзің немене жүдеусің ғой?
- Жүдеу болмай, қайтейін? Адасқан қаздай... Жападан-жалғыз... Нау-қасқа шалдықтым. Азырақ жөтелім бар.
- Ей, қалқам, Кәмилә-ай! Сенің де көрмеген қорлығың жоқ екен ғой...

* * *

...Оңаша орын іздеп, екі әйел аралды өрлеп барып, Алаш жақтағы орманның бір алаңқайына алдын бере отырып, әңгімесін қайта қозғады.

– Иә, сонымен?

– Сонымен жазға салым ауылға ағатайым келді. Мен әлі әкеме көріне алмай, Ұрқияның үйінде жүруші едім. Әңгіменің бәрін ағатайым естіпті. Әкемді көндіріп, ағатайым үйге алып келді. Бетімнен отым шығып, өрең бардым-ау! Елде бір жарым ай тұрған соң, ағатайым мені қалаға алып кетті. Әкем үндеген жоқ. Өзі де құтыла алмай жүрген кісі ғой. Қайта кеткенімді тәуір көрген шығар, – деп, әңгімеші әйел қалтасынан орамалын алып, мұрнын сүртті. Сөз әлпетінен оқушылар өзі де сезген болар, бұл әңгіме айтып отырған Ақбілек еді. Анау Кәмилә деген келіншек Ақбілектің шешесімен бірге туысқан, бұрын болыс болған Бояубайдың қызы еді. Ақбілектің туған нағашысы болды ғой. Ендеше Ақбілектің әңгімесіне құлақ салайық.

– Ағатайым, қаладағы бір Мағиша деген оқыған қызды алғалы жүр екен. Орал тауынан ауып келген естек қызы. Бір мұғалім ағасы бар. Үйелмелі-сүйелмелі екі қыз екен. Біз құсап дәм айдап келген ғой. Көргенді жердің балалары болса керек. Бір жұмадан кейін сол жеңгемізді алды. Оқығандардың үйленгендері де біртүрлі «Құда түсер, қол ұстатар, шаш сипар, ілу жыртыс, кит-сит, кәде-сәде» дегеннің бір де бірі жоқ. Томаға-



тұйық үйге алып келіп, қонақ шақырады екен. Қыз ибасы да, қынамендесі де, тойы да – сол...

Жеңешемді сөз қып кеттім-ау. Оны айтатын да жөнім бар. Ағатайымнан да маған оның қызметі асты. Мені адам қылған сол ғой... Оң қолынан өнері төгіледі. Шаруаға да көріпкел... Ағатайымның бар-жоғын білдірмейді. Келген кісімен ерекше сөйлеседі. Менің көзімді ашқан сол жеңгем ғой, әйтпесе...

– Ал содан кейін қайда бардың? – Содан кейін ағатайым сол жылы Семейге барды. Қызметке. Мені де ала барды. Пәтер-тұрмысымыз жайлы болды. Сол кезде бір курс ашылып, ағатайым мені сол курсқа түсірді.

– Курсің немене?

– Ондайды әлі білмейді екенсің. Бала оқытатын сондай мектеп болады. – Үйден шықпаймын, қайдам... – Оның да рас қой. Курста менен басқа да төрт-бес қыз оқыды. Көбі ересек. Қазақша хат танығаным болмаса, үлкен оқуды кім көрген? Әуелде түк түсінбей жүрдім. Өзіміз оқитын ескі молдалар тәрізді емес. Орысша киінген жігіттер түрегеп жүріп оқытады. Жазу жазатын, отыратын жерің – бәрі үстел. Мұғалімдеріміз қара тақтайға бормен жазып-жазып, сөйлеп түсіндіреді. Есеп дей ме, жағырапия дей ме, сен білмейсің ғой... Көп нәрселер үйретеді. Мұғалімнің үйреткенін дәптерімізге жазып ала береміз. Үйге келген соң, білмеген жерімді жеңешемнен, ағатайымнан сұрап алам. Екеуі де айтып береді. Не керек, сол курстан алты айдай оқып, әжептәуір нәрсе біліп қалдым. Үйге келгенде, жеңешеме қолқабыс қылам. Омырауыма алжапқыш байлап алып, картоп тазалаймын, кеспе кесем. Пәреміш, самсы, түшпара, кәтлет дейтіндері болады екен. Олардың істеуін де үйреніп алдым. Киімім де ыңғайлы. Семейге келген соң, ағатайым мен жеңешем маған да орысша киім тіктіріп, мені қылтитып сәндеп қойды. Кейде ағатайыма, не жеңешеме еріп, театрға, суретке барамыз. Сен оларға барып көрдің бе?

– Әлгі қозғалып тұратын ба?

– Иә.

– Әлгі жоқта бір таныс шәкірт апарған еді. Не екенін ұға алмадым.

– Әуелде мен де таң-тамаша қап: «Бұл қалай қимылдап тұр? Жаны бар ма?» – деп, жеңешемнен сұрай бергем. Сөйтсем, жаны жоқ екен. Қозғалып тұратын бір тетігі бар екен. Спектакльге бардың ба?

– Онысы немене?

– Кісілер бет-аузын бояп, сақал жапсырып алып, сөйлесіп ойнайды ғой.



– Өне біреу... әлгі бір қойшы болып, қатынын ұратынды айтады екенсің ғой. – Е, сол, сол. Семейге сені қай жылы әкелді?

– Қай жылы екенін қайдам, әйтеуір, төрт-бес жыл боп барады ғой.

– Бізге де, міне, бес жыл боп барады. Біз 21-ші жылы қысқа қарсы келдік. Сені мен неғып естімедім екен?

– Е, келген жылы біз Қарқаралыға кеткенбіз.

– Бәсе... Келесі жылы тағы көре алмайтын жөнім бар. Ол жылы мені ағатайым Орынбордағы оқуға жіберген ғой.

– Ендеше ол жылы біз қайтадан Семейге келгіміз. Менің алғашқы бала көтерген жылым ғой...

– Ол жылы мен Орынбордамын. Ағатайым: «Көбірек оқымасаң, адам болмайсың», – деп, оқу бөлімінен қағаз әперіп, Орынбордың рабфагына жіберген. Екі қыз барғанбыз. Ажар екеуіміз... Жеңілтек қыз еді. Қалалы жердікі ғой. Есі-дерті бозбала. Бет-аузын бояп, әлектенеді де жатады. Менің отарбаға алғашқы мінгенім сонда ғой. Атын естігенім болмаса, кім көрген? Түн ішінде ағатайым мен жеңешем екеуі бержебаймен апарып салды. Жыбырлаған кісі. Отарба өкіріп жүр. Ағатайым күні бұрын қағаз алып қойған екен, кезек күтпей, билет алдық. Апарып бір ұзын үйлерге, үй емес, дөңгелегі бар, үлкен бітеу күймелерге (вагон дейді екен, артынан білдік) әкеп кіргізді. Жеңешем мен ағатайымды қимай, көп жыладым. Бұрын көрмеген алыс жер ғой, қорқып жүрмін. Енді қайтейін? Бір жағынан оқығанымды да жақсы көремін. Бір қыс оқып, оқудың дәмін алып қалдым ғой. Оқыған жеңешемнің түрі анау, бәрін біліп тұрғаны. Ағатайымды қандай сыйлайды! Ағатайым да оны ренжітпейді. Жеңешемнің тілі де біртүрлі қызық қой! Ол сөйлегенде, ағатайым екеуіміз күлеміз де отырамыз. Әуелде тіліне түсіне алмай жүруші ем. Жүре-жүре құлағым үйренейін деді. Жеңешем де қазақша сөйлеуге айналды. Өйткенмен, кейде бірдеңені қойып қалады. Ойбай-ау! Бірді айтып, бірге түсіп кеттім-ау! Жеңешемді ойласам, айтып отырған сөзімді ұмытам да қалам. Тіпті, сағынып жүрмін.

– Олар қайда?

– Зайсанға кетіпті. Көрем ғой деп келсем... Жеңешетайым-ай, менің көзімді ашқан сол ғой...

– Иә, қимай жыладым дедің ғой.

– Жыламай қайтейін?! Сол екеуінен басқа кімім бар? Өке-шешемнің түрі анау болды. Екі бауырым болса, онда өгей шешенің қолында қалды. Ол байғұстардың көрген күні әлдеқандай деп бір ойлаймын... Не керек, екеуі бетімнен сүйіп, төрт көздері жаудырап қала берді. Өкірген отарбаға



мініп, мен кете бардым. Ажардың ойына да келмейді. Сол екі арада бір жігіт тауып алып, әйнек алдында аузы жабыса қапты. Екі күнге дейін көзімнен жас кетпеді. Жолда төрт қалаға тоқтап, вокзалда жатып, басқа отарбаға мініп отырдық. Ажардың жігітпен таныс болғанының бір пайдасы тиді. Ажар екеуімізге кезекке тұрып, билет әперіп отырды. Неше түрлі тамашаны көрдік. Талай өзеннен, көпірден өттік. Тауды да, орманды да тіліп өтеміз. Бір жерге барып тіреліп қала ма деп, қорқып келе жатасың. Тірелмейді де, соқтықпайды да, арасынан жылпылдап, жыланша бұраңдап өте шығады. Жүрісі қандай! Құйындай ұшады! Орынборға келіп, бержебайға мініп, Ажардың танымалына барып түстік. Орынбор қаласы Семейден ретті. Көшесі тас, бержебайы да оңды екен. Солқылдаған кішкене пәуеске. Ертеңіне қағазымызды алып, үшкөлге бардық. Адам айтқысыз бір үлкен үй. Ығы-жығы бала. Біз де кіріп, кеңсесін тауып алып, қағазымызды көрсеттік. Қағазымызға қарап, бізді тыңдамастан, дәнеңе етпестен алды. Қыздар жататын бөлме басқа екен. Солардың арасынан бізге де екі кровать берді. Төсек-орнымызды әкеп, сонда орналастық. Қыздардың бәрі орыс. Қазақтан бес-алты-ақ қыз болды. Семейдегідей болмады, оқуы қиын тиді. Семейде мұғалімдеріміз қазақ – оқуымыз да қазақша еді. Орыс тілін азырақ оқып едік. Мұнда оқу орысша. Оқытатын ылғи орыстар. Қазақтан бір-екі-ақ мұғалім бар. Ағатайымнан, жеңешемнен орысша оны-мұны үйренген болғам. Ол білгенім аз екен. Көпке дейін түсіне алмай, босқа отыратын болдым. Бір тәуір жері орыс қыздары көп, тіл үйренуге оқудан да солар жақсы болды...

Қаланы оқығанды мақтағаны болмаса, Ақбілектің арғы ойы: оқымаған Кәмиләнің алдында өзінің оқығандығымен, орысша киімімен азырақ мақтанбақ еді. Әйтпесе, даланы, елді өзі де сағынып еді. Кәмилә елін бір көруді арман қып, күрсінгенде, Ақбілек ұялып, «Өтірік мақтанып отырмын-ау» деп ойлады. Сондықтан:

– Сенің оның рас. Кісі кейде елді біртүрлі сағынады, – деді. Кішкене-ден соң Кәмилә:

– Сонсоң не болды? Бітті ме? – дегенде, Ақбілек:

– Жоқ әлі. Әңгіменің қызығы ілгері, – деді.

– Е, соныңды айтсайшы.

– Соны айтсам... Немене... Қай жерге кеп ем?

– Семейге келіп, орыс қатыннан оқыдың ғой.

– Е-е... Содан кейін қысқа қарсы Орынборға тағы бардым. Оқуға. Қайта-қайта айта бермейінші. Орынборда тағы үш жыл оқыдым. Тұрмыс



та, оқу да бұрынғыдан жөнделейін деді. Тіл біліп қалдым ғой. Қалаға әбден таныс болдым. Оқушылар ойын қойып, мен ойынға да араластым. «Бәйбіше-тоқалды» ойнағанда, мен Мәмеш болдым. Свердлов клубына қойдық. Оқыған азаматтарға қыдырып жүріп, билет саттық. Ойынымыз жақсы боп өтті. Мен де тәуір ойнадым білем. Ойын басқарушы «Жақсы шығардың» деп, гуілдесіп жатыр. Бетімнің бояуын сүртіп, ауызға шығып едім: «Ақбілек, сен жақсы ойнадың!» – деп, өзіміздің қазақ учитель жолыға кетті. Көтеріліп қалдым. «Жүр, шай ішейік», – деп, үстелге алып келді. Ол үстелде үш жігіт отыр екен. Мені таныстырды. Кемесерлеріміз¹ екен.

– Мынау – Ақбала жолдас, мынау – Балташ жолдас,.. – деп жатыр. «Отырыңыз!» десті. Отырдым. Сыра ұсынды. Ішпедім. Ақбала деген жігіт отырып:

– Ішпесе, зорламаңыз. Әйел балалардың ішпегені де жақсы. Біздің әйелдеріміз де кісі боп қапты. Ойындарыңыз тәуір шықты, – деп, бірталай сөз қылды. Мен шай ішіп отырдым. Ақбаланы бұрын да көшеде бірнеше рет көргенмін. Балалар шешен деп, білгіш деп мақтайтын. Орта бойлы, маңдайлы, ақ құба жігіт еді. Көзқарасы, сөйлесі сабырлы жігітке ұсайды. Сол отырғанда Ақбаладан көп сөйлегені жоқ. Әдемілеп, баптап, әртүрлі сөздер айтты. Өзгелері тыңдап, қошемет қып, күлісіп отырды. Ақбала менен оқуымызды, тұрмысымызды сұрады. Көбінесе маған қарап сөйлеп отырған тәрізді. Мен қарсы отырармын ба?.. Маған таяу Балташ деген жігіт отырды. Ол маған «Алыңыз, ішіңіз», – деп, тамақты алдыма тартып, сыйлаған болды. Білімі де Ақбаладан төменірек пе деп ойлады. Тарарда Ақбала өзгелерінен оңашалана беріп:

– Жұмысыңыз болса, келіп тұрыңыз. Сіздей қарындастарымызға жәрдем беруді борыш көреміз, – деп, қолымды майда қысты. Кемесерлігіне қызыққан кісіше несіне барайын? Қайтып оны іздеп барғам да жоқ. Оқуымда жүре бердім. Бір күні газеттен «Ақбаланың баяндамасы болады» деген хабарды оқыдым. Не себеп екенін білмеймін, соның сөйлегенін естігім кеп кетті. Бармайын деп бір ойлап тұрдым. Бір уақытта қолым шашыма, аяғым айнаға барып қалғанын, пәлтемді киіп, школдан қалай шығып кеткенімді білмей қалыппын. Бір үлкен жиылыс екен. Арт жағына таман келіп, мен де отырдым. Мен отырған кезде бір орыс сөйлеп тұр екен. Ол бітірген соң, үстел басындағы қарашұбар кісі: «Енді Ақбала жолдас, баяндама қылады», – деді. Жүрегім бүлк ете түсті. Сахнаның ар

¹ Кемесер (орыс) – комиссар.



жағынан жайымен аяңдап, жылмиып Ақбала шықты. Портфелін үстелге қойып, отырған жұртты бір шолып өтті. Маған да көзі түсер ме екен деп отырмын. Білмеймін көрген-көрмегенін. Ақбала сөзін бастады. Асықпай-саспай, қоңырлау, әдемі дауыспен бастады. Мен қадалып қаппын. Бір үлкен мекеменің істеген жұмысы жайынан екен. Не айтқанын ұққам жоқ. Көзім оның аузында: құлағым оның дауысында болды...

Ақбала сөзін бітірген соң, тысқа шықты. Школға бірге қайтатын серік іздеп, тепкішекте жан-жаққа көз салып тұр едім. Артымнан біреу келіп, білегімнен ұстады. Қарасам – Ақбала. Жымыып:

– Сәлеметсіз бе? – деді. Сасып қалдым. Қызарып кетсем керек. Қызарғанымды көріп қоя ма екен деп, тағы састым.

– Школға қайтқалы тұр едім, – дедім.

– Ө, жүріңіз, апарып салайын, – деді. Ұялдым. Бұрын кемесердің арбасына мінгенім жоқ қой. Ұялсам да, ештеңе дей алмадым. Маған да кішкене мақтан пайда болды. Арбасына мінгізіп, қасыма отырып, школға әкеп салды. Жолда:

– Менің баяндамамды естідіңіз бе? – деп сұрады.

– Естідім.

– Қалай боп шықты? – деді.

– Жақсы, – дедім. Баяндамасын сұрағаны, менің ойымды білгісі келгені, қолтығымнан ұстап, таянып отырғаны, көшенің жарық жерінде бетіме жылы қарағаны – бәрі де өзімсініп айтқандай, қарағандай жылы көрініп келеді. Қоштасарда:

– Ертең театрға барсақ қайтеді? – деді.

– Барайын, – деп қаппын. Сол күні неге екені белгісіз, Ақбала түсіме кіріп шықты...

– Айтпақшы, ұмытып барады екем. Театрда өнеугі Балташ деген жігіт те болды... Бір күні көшеде Балташ жолығып, қасыма еріп жүріп, бірқыдыру сөйлесті. Ақбала сияқты әдемі сөйлемеді, кідіріп, кібіртіктеп ыңылдап қойды...

Сонымен арада бір күн өтті ме, білмеймін. Ақбала мені шақырып, хат жазыпты. Марс бауына тағы бардым. Бұрынғыдай емес, Ақбаланың қабағы келмейді. Көп бөгелмей-ақ: «Бұрын сен басыңнан еш нәрсе кештің бе?» – деп сұрады. Сасып қалдым: «Жоқ», – дедім. Кешегі сөзді Балташ жеткізгенін сезе қойдым. «Танба, Балташқа айтыпсың ғой. Ондай іс өркімнің басынан өтеді. Маған сенің шын айтқаның керек. Бүгін жасырғанмен, түбінде ашылмай тұра ма? Сонда маған не бетіңмен қарай-



сың?» – деп түсіндіріп, бірталай сөз айтты. Ойланып отырдым да: «Рас еді», – дедім. «Олай болса, сізді маған тағдыр жазбаған екен. Мен сізді қыз екен деп жүр едім», – деп, Ақбала тұрып кетіп қалды. Өз бармағымды өзім шайнап қала бердім. Аң-таң боп сіресіп отырып қаппын. Мен аңырып жыны соғып кеткен кісіше мелшиіп отырғанда, қайдан аңдып тұрғанын білмеймін, Балташ жетіп келді. Мен теріс қарап кеттім. Отырып, маған көп сөз айтты. Сөзін тыңдағым келмеді. Ит етінен жек көріп отырмын. Аяғында өзінің мені тәуір көретіндігін сөйлеп келіп:

– Сенің өткен күндерің маған керек емес, адамшылығың керек. Өткенге сен жазалы емессің. Сен тисең, мен сені аламын, – деді. Көзімнен жасым қалай шығып кеткенін білмеймін, жылап, Балташтың мойнынан құшақтай алыпмын. Сөйтсем, Балташым шын ақылды жігіт екен. Ертеңіне барып ЗАГС-ке жазылдық.

– Апырмай! Жақсы болған екен!..

* * *

«Нұрзайсан» екі өкірді. Сәнді киімді әйелдер пароходтан жүгірісіп шыға бастады. Басында жіңішке жібек ақ пике панама, бойына киімі құйып қойғандай ақ құба, қаракөз әйел палубаның шарбағына сүйеніп, пристаньдағы жыбырлаған жұртқа көз салып тұр еді. Пароход өкіргенде, бірінші кластың әйнегіне барып, бірдеңе деді. Кідірмей үш жігіт тысқа шықты. Үшеудің ортадағысы Балташ еді. Қасындағы екеуі бұрын бірге оқып, бірге қызмет еткен, бұл күнде әр жерде қызметте жүрген, Сәулебек, Қанаш деген жігіттер еді. Анау ақ киімді әйел Ақбілек еді...

Екі күн өтіп, үшінші күн дегенде, екі жас Зайсанға жетті. «Шықтық» деп, телеграмма берген ғой. Төлеген мен жеңгесі де кішкене қызын көтеріп, пристаньға келіп тұр екен. Анадайдан бірін-бірі көргенде, Ақбілек пен жеңгесі:

– Аһ, жеңеше!

– Аһ, Ақбілек! – деп, аяқтары жер басқанын сезбей, біріне-бірі ұмтылды.

– Е, жеңешетайым!

– Е, бауырым-ай! – десіп, қуанғаннан көздерінен жас ыршып, құшақтасып, қайта-қайта сүйісіп жатыр.

– Денің сау ма, қарағым? – деп, Төлеген де қарындасының бетінен сүйді. Ақбілек кішкене сіңлісін шөпілдетіп, бауырына басып:



– Жігіт боп кетіпті ғой! – деп жатыр. Балташ Төлегенмен бұрын да таныс. Бірге қызмет қылысқан жолдасы ғой...

Төлегеннің келетінін естіген соң, ақсақал отауын оң жағына тіктіріп, күтініп отыр еді. Тайлы бала ауылға шауып келіп:

– Ағатайымдар келе жатыр! Ақбілек те бар! – дегенде, ақсақал үйде отырып қалғып кеткен кісіше:

– Өһ! Не дейді! – деп, басын жұлып алды. Ақбілек баяғы кеткеннен үйіне қайтып келген жоқ еді. «Ақбілек оқып жүр» деп ақсақал естуші еді. Бірақ: «Қыз оқып не болады?» деп, ішінен ұнатпаушы еді. Баяғыда баласы екені болмаса, Ақбілектен біржола күдер үзген еді. Оны көрермін деген ой да жоқ еді. Ақсақал енді қайтерін білмеді. Үйде отыра ма? Алдынан шыға ма? Қалай амандасады? Дым көрмегендей жымпиып отыра ма? Кешірім сұрай ма? Бұл бір шұғыл оқиға болды. Сөйткенше болмады, қатын-қалаш шулап:

– Өне, шықты! Төрт кісі! Жоқ, бесеу... екеуі әйел... Біреуі келін ғой, – дескен даусына ақсақалдың бүйірі қызып, отыра алмады. Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал барып, сәлем берсін деген мәтелді есіне алып, үйде отырсам, қуанбаған боп көрінермін деп, тысқа шықты. Шықса, сауылдап келіп қалған екен. Ақбоз атқа мінген ақ киімді біреу көрінеді. Алдына Сараны мінгізіп алыпты. «Бұл орысың кім?» – деп тұрғанда, Ұрқия барып, түсіріп, бетінен сүйе бастады. Сөйтсе – Ақбілек екен. Боз аты, ақ киімі аруақтанып көрінді ме, ұлық келгендей, ақсақал азырақ қорынайын деді. Ауылдың еркектері де ақсақалдың қасына жиналып қап еді. Төлеген мен Балташ келіп, ақсақалға сәлем беріп, қолын ұстады.

– Мынау күйеу балаңыз – Балташ деген жігіт, – деп Төлеген таныстырды. Ақсақал:

– Е, аманбысың, шырағым! – деп, сасыңқырап қалды. «Қайырлы болсын!» тәрізді бірдеңе айтқалы оқталса да. аузына лайықты сөз түспеді. Оның артынан Сараны ертіп, Ақбілек келіп, әкесіне қол берді.

– Қарағым, Ақбілекпісің? – дегенде, дауысы қалтырап, көзіне жас кеп қалды. Әйтсе де, күйеуінен именіп, жасын әрең тоқтатты. Ақбілек мұңайып, төмен қарады. Ақсақал баласына қарап:

– Дені-қарның сау ма, қарағым? – деді. Қатындар келінді келіншелетіп, үйдің артынан айналдырып, отауға кіргізді. Ауыл кісілері қол ұстасып амандасты. Амандасып болған кезде ақсақал:

– Әй, жол беріңдер! Үйге кірсін! – деді. Қонақтар үйге кірді. Олармен бірге ақсақал да кірді. Қатындар келінге шымылдық іздеп еді:



– Қой, әуре қылмандар! Жасырынбай-ақ қой, шырағым! Лұқсат! Салтында жоқ жұмысының не керегі бар? – деп, келінін жасырындырған жоқ. Қатындар шуласып:

– Е, ақсақал, үлкен кісі! Балаларың келіп, көзайым болдың ба? Мына жігіт күйеу бала екен. Өмір жастарың ұзақ болсын! Балаңыз құтты болсын! – десіп жатыр. Ақсақалдың көңілі тасып отыр...

Сара Төлегеннің кішкене Күлікенін көтеріп, тысқа шығып еді, ақсақал:

– Бері әкелші, қарағым! – деп алдырып, немересін иіскеді...

Бір күні Ақбілек сөзден сөз шығып отырып, Ұрқиядан:

– Жеңеше-ау, баяғы Мұқаш не болды? – деп сұрады.

– Есітпеп пе едің? Ол сол жылы қыстыгүні шығар деймін, жоқ боп кетті ғой, – деді.

– Ол қайда кетті?

– Кім біледі? Біреу өлтіріп тастаған шығар, – деді Ұрқия. Ақбілек:

– Өзі де елдің қарғысын көп алып еді, – деді.

– Қарғыс қоя ма? – деп, Ұрқия да қостады. Матайдың Әбені екі ұрысын жіберіп, жайғастырғанын бұлар қайдан білсін? Күлікен Сараға ермек болды. Мойнына мінгізіп жүргені. Ұрқияның Ескендірі де беске шығып қапты. Ұрқия жанынан екі елі тастамайды. Ескендір тым-ақ сүйкімді. Түрі де көркем, мінезі де өжет. Шешесі өте зерек деп мақтайды, балалармен қосылып ән салады, қой күзетеді, бұзау үйретеді, ойынға бір жалықпайды, ауылдың малын түстеп таниды. Бірақ тез қатты ашуланшақ, бір баладан жығылып қалса да, жарысқанда, қалып қойса да, жатып төбелес салады, өз дегені болмаса, айтқанға көнбейді. Бір күні Ақбілек пен Ұрқия көл жиегіне барып, жуынып отыр еді. Сара бар, Күлікен, Ескендір бар, ауылдың өңшең ұсақ балалары суға шомылып, жиекте жүгіріп, жарысып, ойнап жүр еді. Бала бірін-бірі жылатпай жүре ме, кішкене Күлікенді бір бала жүгіріп келе жатып қағып кетіп, жылатып қойды. Ескендір оны көре сала, жүгіріп барып, жыққан баланы кішкене жұдырығымен қойып-қойып жіберді. Анау бала үлкенірек болса да, сасып қалды. Ұрқиядан қорқып, түк қыла алмады. Ескендірдің мына қылығына Ақбілек сүйсініп:

– Ескендір, бері келші, қалқам! Ой, бауыр болғаныңнан айналайын! – деп, шақырып алып, бетінен сүйді.

– Жеңеше-ау, осының атын Ескендір деп қайдан қойып жүрсің? Орыстар Александр дейді ғой, – деп сұрады. Ұрқия баяғыда түсінде Ескендір дуана балапан ұстап бергенін есіне салып:



– Ескендір дуананы ырым ғып атын Ескендір қойып едім, – деді. Соны айтқанда, Ақбілек көзі дөңгеленіп, аз ойланып қалды да:

– Жеңеше-ау! Осы Ескендір мен сияқты емес пе? – деді. Ұрқия күліп жіберді.

– Сен сияқты болса, сенен туған шығар! – деді.

– Рас айтасың ба, жеңеше? – деген соң, Ұрқия шынын айтты. Ішіне үрген қарын тығып, өтірік буаз болғанын, Ақбілектің баласын бауырына салғанын бәрін сыр қылды. Ақбілек қуанып кетті.

– Ескендір, бері келші! – деп, тағы шақырып алып:

– Құлыным-ау! – деп, бауырына қысып, құшырланып тағы сүйді.

– Өлтіретін бала емес екен-ау! Жақсы қыпсың ғой, жеңеше! – деп, Ұрқияны сүйді. Аналық сезім Ақбілектің жүрегін қорғасындай балқытты.

– Мен кісі қанын жүктедім бе деп жүруші ем. Жеңешетай-ай! Мен шын бақытты екем ғой! Оқуға жараған соң, өзіме бересің ғой? – деді.

– Берейін, – деді Ұрқия. Марқакөлдің суы балдай. Марқакөлдің суын ішіп, отын жеген сары қарын, тұтам емшек жануардың бауырынан сүт сорғалап, сүт емес-ау, құт сорғалап көнек-көнек¹ лықылдайды... Марқакөлдің жиегінде Мамырбайдың Ақбілегі, жас Балташтың сүйген жары Ескендірін құшып сүйіп, бала болып, ана болып, көп әйелден дана болып, кеудесіне бағы сыймай, кемерінен аса шыпылдайды.

¹ Көнек – түйенің терісінен жасалған ыдыс.



АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ
(Роман. Жалғасы. БІҚшамдалған)

Үшінші бөлім

МАХАББАТ

**ӘБІШ
КЕКІЛБАЕВ**

(1939–2015)

Кіші ханым соңғы үш айдың ішінде өбден арып кетті...

Ханым жан-жағынан анталай қараған көп жанардан қаймығып, қанша қымтанып бақса да, жан-жағынан жапатармағай созылған көп қол, бөрібір, өз ырықтарына көндіретін. Алабұртқан албырт төні жұп-жұмсақ аялы қолдар тигенде, біртүрлі байыз тауып қалатын...

Ханым өзіне қарай жақындай түскен Ұлы Өміршіден көзін алмай қалшыып қатты да қалды. Қол созымдай жерге келгенде барып, Өміршіге тағзым ету керек екендігі есіне түсіп, төмен иіле беріп еді, әлдекім қарынан демеп, жоғары көтерді. Сасқалақтап қалған ханым жалт қарағанда, Өміршінің мейірлі қос жанарын көрді.

Ертеңіне таңертең бұл құлқын сәріден тұрып, қызметшілерінің келуін абыржи тосты. Екі беті ду-ду жанып барады, не істеп, не қоярын білмей, мамық көрпеге көміле түсті.

Бір уақытта емен есік ашылды. Ең алдымен, ырғала басып күтуші кемпір аттады, соңынан жарыса-жармаса нөкері көрінді.

Бұл өзіне қарай арсалаңдап келе жатқан көп әйелдің беттеріне қарай алмай, ұятты жанарын жан дәрмен иығына дудырап түсіп кеткен қою шашының тасасына жасырып бақты.

Нөкері күндегіден де көңілді. Бәрі келген бетте-ақ мұның маңдайынан сүйіп, мәз-мейрам болып дуылдасып жатыр.



Өмірші бұл жататын бөлмеге екі-үш рет аяқ ізін салған соң, нөкері бұрынғыдан бетер масаттанып кетті.

Өмірші елшілер қабылдаған бір салтанатта бәйбіше нөкерінің шеттерінен бұл отырған жаққа түйіле қарап тұрғандарын көріп, қызғаныштын ызғарын алғаш рет сезгенді.

Бәйбіше отырған жаққа көзі түсіп кетіп еді, төкаппар арудың жүзінде әлдеқандай бір зәрлі ашудың табы тұр екен, неге екеніне өзі де түсінген жоқ, манадан бері мұның әлденеге лобли соққан жүрегі аяқ астынан жай тауып, арқасы кеңіп сала берді.

Бақастықтың уындай көк зәр, бақастықтың балындай тәтті бал жоқ екенін ол көп кейін білді. Бірақ сол күннен бастап басқа түгілі, қызметші екеш қызметшілерінен қысылып-қымтырылатын именшектігін қойды. Сөйтсе, әншейінде төбесінен батпандай басып тұратын ханымның ауыр сәукелесі көлденең көздің қарап отырғанын көргенде, өз-өзінен құстың мамығындай боп жеңілейіп жүре береді екен.

Енді күтуші кемпір мен қыздардың бәйбіше сарайының салтанаты жайында айтатын пыш-пыш әңгімесін бұрынғыдай емес, зейін салып тыңдайтын болды.

Өмірші соңғы жорығына аттанарда шаһар ортасында бір өзі ғана тұратын оңаша сарайына ауғанды. Оның не істеп, не қойып жатқанын сырттай еміс-еміс естіп отырды. Өміршінің болашақ жорыққа аттанатыны, диуанда қай бектің не дегені жұрт аузынан сан құбылып жетіп жатады. Соның көбісі-ақ кейін бекерге шықты. Бекерге шықпағаны тек Өміршінің бұл жорығына немерелері мен бәйбішесін ала кететіні болды. Бұған қарағанда, Өмірші бұл жорығына бір жыл екі жыл емес ұзақ жүретіндігін байқатты. Соны естігенде Кіші ханым байыз таба алмады; әлденеше рет Өмірші отырған сарайға баруға да оқталды, бірақ батылы жетпеді. Әсіресе, бәйбішесін бірге ала кетеді дегенді естігелі бұл нөкеріне, нөкері бұған тіктеп қарай алмады. Бәрі де қара жамылғандай көңілсіз. Бақ ішіндегі бұрынғы шатшадыман сейіл де тыйылып қалды.

Әлденеше ай бойы хабар салмай кеткен Өмірші бір күні кешқұрым өзі келді. Өміршінің күймеден түсіп жатқанын жеткізген күтушінің хабарын естігенде, сыртқа жүгіре жөнелмей, шаққа шыдап тұрды. Бірақ Өмірші бірден бұның бөлмесіне кірмеді, өз бөлмесіне өтті. Одан соң да түн ортасы ауғанша ұзақ күттірді. Ханым кең сарайдың қай бұрышына барып байыз таба аларын біле алмай, сенделіп жүрді де қойды. Ең соңында, күдер үзгендей боп, қараңғы терезенің сұп-суық шынысына телміре қарап тұр еді,



жайлап есік ашылғанын құлағы шалып қалды. Одан арғыға дегбірі жетіп тұра алмады, алғаш рет батылдық жасап, Өміршіге қарай апыл-ғұпыл асыға аяңдады.

Екеуден-екеу оңаша кеште баяғыдан бері жарылып кетердей боп, көкірегіне сыймай жүрген көп сөздің ешқайсысы аузына түспеді.

Батылы жетіп айта алғаны:

– Өміршім, бұл жорығыңыз ұзаққа созыла ма? Жаңа ғана болды. Өмірші бұның жүзіне ұзақ телміріп отырып:

– Оны Алла біледі, – деп, бұның дір-дір етіп алып ұшып бара жатқан екі қолын алақанымен баяу сипап өтті.

Ертеңіне күллі шаһарды дауылпаз үні басына көтерді. Өмірші жорыққа аттанды.

Кіші ханым абажадай кең сарайда бір өзі қалғандай елегізіп жүрді. Мынау жарық жалғанмен байланыстырып тұрған жалғыз дәнекер – өзінен әлденеше жас үлкен, осы бір қарсы келгенді қарып алатындай сұп-суық шегір көзінің әлдебір түкпірінен бұған дегенде мейірім ұшқындап қоя беретін сұсты адам – Өмірші екенін сонда ұқты. Бұрын ол барда дүние тап мынандай құлазып тұрмаушы еді.

Мұның қабағына кірбің кірсе, қызметшілері де моп-монтаны бола қалады.

Он жетіден жаңа ғана асқан ханым дүниеде адам үшін жалғыздықтан асқан азап жоқ екенін сонда түсінді...

Күтуші кемпір де ханымды немен сергітерін білмей, әбден басы қатса керек, біресе оны бақ ішіндегі мыңдаған гүлдерді аралатады, біресе ханымға төркінінен жасауға келген, Өмірші сыйлаған, әкімдер мен ұлықтар, уәзірлер мен қолбасылар, елшілер тартуға тартқан неше алуан сақиналар мен жүзіктерді, сырғалар мен белдіктерді, бірінен-бірі өтетін асыл тастарды көрсетеді, енді бір уақ шар тараптан алдырылған уәлат, махфис, рауия, шамсия, шәдда, машад, тафсила, гүлстан, мисрия, абиария, лулуиа, сабурия, мискалия, сафибар, кидн, атлас, қамқа асыл маталарды жайып салып, қайсысынан көйлек тігейік деп, мата таңдатады; хан қазынасында тау-тау боп үйіліп жатқан бұлғын, суыр, құндыз, барыс, ақ тиын, қызыл түлкі терісінен ішік таңдатады; ханым бірақ соның қай-қайсысына да құлық таныта қоймайды.

Күтуші кемпір мұны асыл жиһаздар көрсетіп қызықтыра алмасын білген соң, ханым өз бөлмесінде жападан-жалғыз отырғанда, қасына кіріп келіп, қайдағы-жайдағыларды әңгіме қылатынды шығарды. Сарай маңы-



ның өсегі Кіші ханымның құлағына кіріп те шықпайтын төрізді; кемпірдің сөзімен шаруасы болмай, меңірейген күйі отыра береді.

Өккі кемпір сүлесөк ханымның көңілін сергітетін әңгімені, ақыры, тапты. Бір күні ол бөйбіше сарайына қатысқан қызметші әйел айтып келген Өмірші жаулап алған елдерде бөйбішеге қандай құрмет көрсетіліп жатқанын айта бастап еді, манадан бері томсырайып мең-зең отырған Кіші ханымның қабағы қимылдайды деді. Кең сарайдың ту-ту алыс бұрышына қадала қалған қос жанарын бұған төңкере қарады. Кемпір қыбыңды енді таптым ба дегендей, бөйбіше сарайында ұзақ жылдар бойы қызмет істегенде көрген-түйгендерін баяндай бастады. Лауазымды ханымның өзіне тіл тигізуге айбынып, оның күтушілері мен нөкерін жерден алып, жерге салып жамандай жөнелді...

Қақсал кемпір ханымның билік дәмін түсіне бастағанын аңғарып, ішінен қыбы қанып, бұрынғы-бұрынғы ма, енді ауыр денесін асықтай үйіріп, шұнаңдап кетті. Ханымның қазынасында не бар, не жоғын тексеріп, не керек екенін, оның қай өлке, қандай уәлаяттан табылатынын айтып, құлағына құйып бақты.

Ханым өзіне керекті заттарды айтып бас уәзірге күтушісін жұмсады.

Бас уәзір күтуші кемпірді қомсынса керек, мардымды ештеңе айта қоймапты. Қызметшісінің айтып келген хабарын естігенде, ханым сарайға қайтадан кісі жұмсап, уәзірді өзіне шақырды. Өз жауабына ханымның шамданып қалғанын іші сезіп келген кәрі уәзір есіктен құлдық ұрып аттап, кіре сала тапсырмасының бәрі де орындалатын болғанын, бұл сұраған қымбат тері, асыл мата, иіс май мен өтірлерді жіберуге тиісті уәлаяттарға хат жазылғанын, арнайы адамдар жіберілетінін баяндады.

Өміршінің өзі сыйлайтын бас уәзірдің Кіші ханымның аяғына кеп бас игенін көргенде, күтуші бас ұлықты өз аяғына жыққаннан бетер айызы қанып тұрды.

Кіші ханым шаһардағы ең атақты шеберлерді шақырып, киім тіктіріп жатыр дегенді естігенде бөйбіше сарайындағылар тұлынын тұтып қалыпты.

Ханым өзі ойлап тапқан жаңа шаруаның соңына құнығып кірісті. Кіші ханымға тігіліп жатқан киімдер мен уәлаят-уәлаяттардан жиылған асыл дүниелер жайындағы алып қашпа әңгімелердің алды жорықта Өміршімен бірге жүрген Ұлы ханымның да құлағына тиіпті.

Ұлы ханымның аузынан шығыпты-мыс деген лақаптар бөйбіше сарайынан Кіші ханымның өзіне де жетіп жатты.



Ұлы ханымның шамына тигенін естіген соң, жас ханым бұрынғыдан бетер масаттанды, жүрегіне күндесінің бейпіл сөзінен түскен жарақат жазыла бастады. Қайтқан өштің сиқыр ләззаты жанына майдай жағып барды, бәйбіше сарайындағылардың ішін күйдіретін, айла амалдың бірінен соң бірін ойлап табады.

Бұрынғыдай емес, сейілді, серуенді көбейтті...

– Мынаны жаңа бас уәзір әкеп беріпті. Жорықта жүрген Өміршінің сізге арнайы жіберген сәлемдемесі көрінеді, – деп, қолындағы қобдишаны бұның алдынан көлденеңдете берді. Өне бойын жидітіп ала жөнелген әлгі бір дел-сал халден әлі арылып бола қоймаған ханша кемпірдің сөзіне не жауап қатарын, не істеп, не қоятынын білмей, абдырап қалды. Кемпір қобдишаны ханымның төсегінің үстіне апарып қойды. Ханымды солай қарай сүйреледі.

Ханым кемпірдің жетегінде енді-енді тәй-тәй тұрған жас сәбидей тәлтіректеп еріп келеді.

Кемпір қобдишаны өзі ашуға батылы бармай, малынған жеңінің ұшынан жылтырап көрінген кішкене кілтті мүп-мұздай қып ханымның қолына ұстата берді.

Ханым абдырап, қобдишаның алқасы қайда екенін таба алмады. Кемпір амалсыз өзі ашуға мәжбүр болды. Ашты да қобдиға қарарын, ханымға қарарын білмей, алақтап тұрып қалды.

Ханым көпке дейін көзі бұлдырап, ештеңе кере алмады. Бір уақыттарда барып қобдишаның ішінде ағараңдап жатқан әлденелерді аңғарды. Назарын қайта жиып қарап еді, қобдишаның ішінде саудырап жатқан монғтаны меруерт, жанарыңды еркелете сипайтын биязы өң, алуан түсті ақық, ойнақы маржан, көзіңді алмас қылыштай тіліп түсетін өткір, өңі суық яспис, ұяла жылтырайтын ақшыл-сарғыш жақұттар, күздің шайдай ашық аспанындай тап-таза, мүп-мұздай көкпеңбек сапфир, күлім көз зұбаржат, нарт қызыл лағыл, жан-жағындағы езге тастардың өңіне орай құбылатын су тамшысындай мөлтең-мөлтең шамир, бұрын-соңды бұл көрмеген, атын білмейтін бірінен-бірі өткен тағы да талай асыл тастарды көрді. Солардың ең үстінде, осынау әр алуан, түске құбылған кішкене көлшіктің бетінде жүзіп келе жатқандай боп бір тал аппақ гүл жатыр.

Ханым өрінен, әдемі хош иісінен әлі арыла қоймаған нәзік аппақ гүлді қолына алып, бауырына басты...

Ханымның көкірегіндегі әлгі бір қапырық қасірет жаңбырдан соңғы аспандай әбден ашылыпты. Енді оның орнын көл дария боп шалқып қоя берген бір жұмбақ нұрлы сезім билеп алғандай.



Ертеңіне тұра сала бас уәзірге хабаршы жіберді. Бұл өз ойын айта бастағанда, бас уәзір тостаған көзін бақырайтып, қадалып қатты да қалды; ханымның ойына таңғалғаны да, сүйсінгені де белгісіз; ат жақты бетінде қимыл-қыбыр жоқ; сүп-сүр. Ханым айтарын айтып болғанда барып, сау-сақтары сабаудай-сабаудай екі қолын кеудесіне қусырып тағзым етті.

«Құп болады, мәртебелі ханым!»

Арада екі апта өтер-өтпестен, бас шебер кеп, мұнараны Ұлы Өміршінің Ұлы бәйбішесіне салғызған мешітті салуға қатысқан шеберлердің бірі салатын болғанын айтты.

Енді ханымға ермек табылды. Күн сайын бас уәзірге қызметшісін жұмсап мұнараның жайы қалай болып жатқанынан хабар алып отырады. Мұнараның өз сарайының маңынан салынатын болғанына қатты қуанды.

Бір күні таңертең ұйқыдан тұрып жатып, әлдебір қызыл қожалақ нәрсеңіз бақтағы ағаштардан төбесін асырып, терезесінен төніп тұрғанын көзі шалды. Көрпесін серпіп тастап, терезе алдына келді. Өзі салдырып жатқан мұнара сол екені есіне енді түсті. Мұнараның ұшар басында сыртынан қарағанда құмырсқадан да әулетсіз әлдененің қыбыр-қыбыр қимылдағаны байқалады. Өмір бергеніне жылға жуық уақыт болып қалған-ды. Енді, міне, мұнара сарай қорғанынан да, ондағы биік-биік ағаштардан да бойын асырыпты.

Содан былай сол бір сарайған қызыл қоңыр нәрсе терезесінен төнді де тұрды. Ол күн сайын терезе алдына келіп, мұнараның кешегіден қанша биіктегенін өлшейді. Бірақ мұнара оншалықты өсіп жарымайтын сияқты. Өз қиялының шындыққа айналып, Байтақ шаһарда жаңа бір мұнараның асқақтап аспанға бой көтеріп қалғанын көріп, алып ұшқан көңіліне ойда жоқтан тағы да қобалжу кірді...

Тас мұнара күннен-күнге жақындай түскен секілді. Сарай мен бақты шыр айнала қоршап тастаған тас дуалдың түбіне кеп, одан бері қарғып түсуге батылы жетпей, мұңая қарап тұрғандай.

Ханым енді тас мұнараға әлдекімнің бұған түсініксіз тілде жазылған сәлем хатындай ертелі-кеш тесіле қарап, онда жазылған құпия сырдың егжей-тегжейіне жете алмай ежіктеп отырған кісіше ұзақ сарылады.

Ханым манадан бері қырық саққа жүгіріп тұрған көңіл тізгінін тез жиып, әлденеге белін бекем бұған рай танытты.

Ертеңіне таңертең күтуші кемпірді шақырып алды. Қызметші әйелдердің ешбірін есіктен қаратпады. Ханымды киіндіретін, шашын тарайтын көп нөкер ішке кіре алмай, есік алдында топылып тұрды да қойды.



Түске жақын іштен күтуші кемпір шықты. Ауызғы бөлмеде топырласа қалған нөкер қыздардың әрқайсысының жүзіне ішіп-жеп қоятындай ажырайып қарап тұрды да, біреуін алып қалды да, қалғандарын бөлмелеріне қайтарды. Ештеңеге түсіне алмаған нөкер қыздар иықтарын қиқаңдатып, бөлме-бөлмелеріне тарап кетті. Түс қайта хан сарайдан соңына нөкер ерген ханымның күймесі шыға келді де, салынып жатқан мұнараға беттеді.

Мұнараның қақ түбінде қатар-қатар тізіле қалған көп күйме қаңтарылып ұзақ тұрды. Біраздан соң ғана шаңдатып сарайға қайта беттеді.

Ертеңіне нөкер қыздарымен бақ ішіне сейілге шыққан ханым мұнара басындағы елден-ерек кемірейіп тұратын кетіктің көзді ашып-жұмғанша тез бітеліп бара жатқанын байқады.

Үш күннен соң мұнара біржолата бітті. Терезе алдына келген ханым күлің-күлің етіп құлпырып тұрған жаңа мұнараны көрді.

Өмірші ие жеңіспен оралғанына той жасағанда, көк мұнараны салған бала жігітке шара табақ алтын динар сыйлады.

Шебер жігіт сыйлықты алып жатып, көзінің астымен Кіші ханым отырған жаққа бір қарап қойды; ол көзін тез аударып әкетіп, шебердің мына қылығын ешкім байқап қалмады ма екен дегендей, бәйбіше нөкері отырған жаққа көз жүгіртіп еді, ешкім ондай рай танытпады. Ханымның көп күннен бергі әлденеге өз-өзінен қуыстанып, лүпілдей соққан жүрегі орнына түскендей болды.

Той өткен соң, Өмірші өз сарайына кеп түскенде, мұның қуанышы қойнына сыймады. Аспандағы күнді аңдиды. Жаздың күні бұған ерегіскендей батып болмады. Күн кезі қашан ұясына барып қонғанда, шыжғырған ыстықтан «Уһ» деп, демін алған бүкіл дүниемен қоса бұ да төбесінен жүк түскендей бір рақаттанып еді. Мұны пәлен жыл бойы өртеп баққан сағыныш шілдесінің басыларына да онша кеп уақыт қалған жоқ-ты. Күні бойы күнді аңдыған көзі енді есік жаққа елеңдей бастады. Бірақ қанша қадалғанмен алтын шайған жалпақ есік қылп етпейді.

Солай есік жаққа елеңдеумен түн де етті. Ертеңіне таңертең бұны киіндіре келген қызметші әйелдер әлденеге қымсынып кірді; бірақ көздерінде «Ештеңе етпес, жорықтан соңғы ырду-дырдудан шаршаған Өмірші сарайға келмей жатып, мұның табалдырығынан аттағанды ыңғайсыз көрген шығар», – дегендей жұбату нышаны бар.

Ханым күні бойы екі қолы алдына сыймай, тыпыршумен болды. Бірауық сыртқа шығып, бой жазайын десе, Өміршінің бұлақ басында оңаша сейілдейтінін біліп, бақ ішінде кездесіп қаламыз ба деп қысылады.



Алғашқы күндері Өмірші, шыннан да, шаршап оралған шығар, біраз тынығып, есін жисыншы деп, іштей мүсіркеп жүрді.

Бірақ күндер өте берді. Есік жақтан шыққан әр дыбысқа құлағын тігеді. Өмірші аяқ ізін салмады...

Төртінші бөлім

I

Дариядан өтерде ол күймеден шығып, атқа мінді. Күймелер салға тиеліп жатқанда нөкерін ертіп өткелге беттеді. Шілденің іш тартқан кезі еді. Таудан келетін жойқын су жаздағыдай арнаны керіп кетпей, жөнге түсіпті. Өдеткі қошқыл құла түсі сәл бозғылданып, лайытпай тұнық жөңкіледі.

Өткел тіп-тік жар арна кенет жайпауыт тартып, дарияның бала қыздың бұрымындай тарам-тарам боп, әлденеше жіңішке тармаққа бөлініп кететін таяздау тұсында еді. Бұл өткелден бұрын мағұрып пен машырықтың екі арасында әрлі-берлі тыным таппайтын керуендер болмаса, бүгінгідей жер қайысқан ауыр қол өтіп көрмеген-ді. Содан ба екен, арғы беттегі жанбауыр жағалаудың екі бетінде жүк артқан керуендер, жақын маңдағы қыстақтардың қауын-қарбыз жүзім, жеміс-жидек тиеген арбалары, салт атты есек мінген, қодас жетелеген базаршылар ығы-жығы ұйлығып қалыпты.

Қалың қолға жол ашып тұрған қарулы сақшылардан айбынған жұрт шерудің алдындағы көк найзалы көп нөкердің ортасында тек кекілі ғана көлдей қара нысаналы ақ боз атқа мініп келе жатқан Ұлы Өміршіге ентелей қарайды.

Өмірші жан-жақтан көзін сатып тұрғандарға назар салған жоқ; қарсы алдында ұлан-асыр көсіліп жатқан құла түзден кез айырмаған қалпы ер үстінде шалқақ отыр. Күміс ердің қасы мен болат үзеңгі күн нұрына шағылысып, Өміршінің онсыз да суық жүзін одан бетер сұстандыра түседі.

Қарлы шыңдардың ұшпа биіктерінен басталған адуын арынынан әлі арыла қоймаған Жойқын дария жыбыр-жыбыр толқынға толы. Жымың-жымың кең арна ат тұяғы тигенде, лезде күлкісінен айрылып, әлем-тапырықтанып шыға келді.



Өмірші соның ешқайсысына мән бермеген маңғаз қалпы. Таудың тас-тай суық суы тірсегін шағып, аяғын үрке басқан сала құлаш ақ боздың басын бастау ұстапты. Жылға-жылға көп тарамның бөрінен сыр білдірмей өтіп келе жатқан жануар өзеннің ұлы табанындағы соңғы арнаға жете бергенде, сүрініп кетті. Бейқам отырған Ұлы Өміршінің шалқақ басы оқыс бұлғаң етіп, қамшы ұстаған қолындағы сұқ саусағынан әлдене сусып түсіп кеткендей болды. Жүрегі дір ете қалды. Қолына қарап еді – сұқ саусағындағы баяғыда үлкен қайынатасы ажал аузында жатып, бұны өз орнына өмір қып тағайындаттырғанда салған, қасына зұлыстар елінен ғана келетін аса сирек тарғыл-тарғыл мысық көз тас қондырған күміс жүзік жоқ боп шықты.

Ол сұқ саусағындағы жүзіктің орнындағы бозаң тапқа қадала қарады. Екі қапталынан екі нөкер жігіт емпеңдеп жетіп қалған екен; ол көзінен ызғар шаша, оқыс жалт бұрылды да, бойын тіктеп ала қойды. Тізгінін тарта ұстап, қайтадан маңғаз қалпына көшті. Өміршінің қас-қабағын аңдап үлгерген екі нөкер үн-түнсіз орындарына жылысты.

Өміршінің жүрегінің басын суық қармағандай жайсызданып қалды. Өлгіні неге жорырын білмей дал боп келеді. Ол оны саусағынан еш уақ тастап көрген емес-ті. Құғын-сүргінде де, талай-талай алыс жорықтарда да қылп етпеген киелі жүзіктің бүгін кеп аяқ астынан өз-өзінен сусып түсіп қалғанын ішінен жақсылыққа жорыған жоқ. Мынандай алыс сапар алдында тап болған бұл тағы қай түспал?

Ол енді манағысындай емес, әлденеге тіксіне бастады. Қол шаһардан шықпай тұрып, алдын ала жіберген шолғыншыларға ызаланып келеді. Өткел аузына құжынатып қарайған халықты иіріп қойыпты. Осы жолғы аттанысы бұрынғы жорыққа аттанғандағыларына мүлдем ұқсамайды. Бәлкім бөрі аяқ астынан қауырт шешілгендіктен бе екен, әлде Байтақ шаһардың тап іргесіндегі тоғыз жолдың торабы өткел басына жүргінші жолатпау қиын бақайткен күнде де, дәл мынандай ызы-қиқы қара нөпір оған ұнамай келеді. Әлденеден секем алғандай. Ол әрдайым жорыққа аттанып бара жатқанда әскер өтетін, әсіресе өзі өтетін көшелер мен жол бойына көлденең көз жуытпайтын-ды. Қанша дегенмен, ит арқасы қиян алыс жорыққа, жарығы таусылмағандар болмаса, көбісі өлім құшатын жат жердегі шайқастарға жұрттың бөр-бөрінің түгел дерлік риза бола қоюы екіталай-ды. Көп ішінен не шықпайды, біреу-міреудің көңіліне қара қашып жүрсе, қапы қалмас үшін әскер өтетін көшелерге жан баласын аттатпайтын. Байтақ шаһарды басына көтеріп, керней шалып, дабыл қағып бара жатқан



қарақұрым қолға қала халқы аулаларынан шықпай тесік-тесіктен сығалап қарайтын-ды. Содан екі түнемелік жерге дейін жол бойындағы жүргінші біткенді аулаққа қуып тастап отыратын. Бұл жолы бәрі аласапыран болды да кетті, ондай-ондай ұсақ-түйек, тіпті есіне де кірмепті. Бәрін өзің айтып, жөн сілтеп беріп отырмасаң көретін күнің қашан да осы. Сәл көзің тайса, аузың тынса болды, жұрттың бәрі бос белбеуленіп шыға келеді. Талай жорықтың басы-қасында жүрген шолғыншы мыңдықтың басшысының мына қылығына әбден қанына қарайып отырса да, сырт көзге сыр алдыртпай, тістеніп бақты. Осыдан ол неме тек көзіне түссін, бөлем...

Өмірші көзінің қиығын екі жаққа кезек тастап қояды. Ақбоз судан шықты. Екі қапталда – қаз қатар тізілген найзалы сақшылар. Бәрі сіресіп қалыпты. Көк сүңгілердің ара-арасынан сақшылардың ту сыртынан ентелеп тұрған жай халық шұбарытып көрінеді. Арбалардағы теңкиген-теңкиген қауын-қарбыздардың, қап толы мейіздер мен зембіл-зембіл жүзім, жеміс-жидектердің әр алуан иісі аңқиды. Сол бір мұрын қыдықтайтын бейбіт иіс мынау судан шығып жатқан қара құрым қалың қолдың айналаға айбат шеккен үрейлі сұсын мәнсіздендіріп тұрғандай. Осы бір шыр айнала мұңкіп қоя берген күлді-көмеш от басы тірліктің көңірсік иісі әлдебір аярлықтан, бей-берекет жерде қайдан кездесері жоқ көлденең қауіптен сес бергендей.

Өмірші шалқақ басын еңкейтпей, қос қапталынан шыққан әрбір сыбыс-сыбдырға жіті құлақ түріп келеді. Көзінің қиығына қарауытып-қарауытып көрінетін самсаған кек сүңгілерден басқа ештеңе шалынбады. Сол көп сүңгілердің арасынан иін тіресе сығалап тұрған қара тобырдың қатары да барған сайын сирей түсті. Енді олар бұның көзіне анық түсе бастады. Жеміс толы арбалар таусылып, қатар-қатар шөгерулі жатқан сала мойын нарлар көбейді. Алыс елдердің әр қилы киінген саудагерлері тұстарынан өтіп бара жатқан Ұлы Өміршіге иіліп-бүгіліп тағзым етуде.

Бір уақыттарда шалғы түскен құрақтай жағалай жапырылып жатқан ала тақиялар, сеңсең бөріктер, тығырық бөріктер, жалбағайлар, ақ сәлделер де таусылды. Оның осынау орылған шалғындай тып-типыл боп жылмиып жатқан жағада оқшау шошайған әлденеге көзі сүрінді.

Жан-жағының бәрі намазға жығылғандай, жаппай етпетінен түсіп жатқанда, әлдекім есек арбаның үстінде басын иместен қалшыып қатып қалыпты. Өмірші мынау елден ерекше қиқар немеге амалсыз назарын тіктеуге мәжбүр болды. Жермен-жексен аласа арбаның үстінде өңшең құмыралар ортасында қайыс қара біреу отыр. Терісі сүйегіне жабысып қал-



ғандай. Басы кекшиіп кетіпті. Арбиған екі қолын алдына қусырыпты. Қаққан қазықтай тік отыр. Шекелігі шығыңқы жазық маңдайдың астында екі жерден әлдене қарауытады. Ол көздің орны... Мынау өне бойын арқанмен шандып тастағандай сіресе қалған қатпа қараның соқыр екенін Өмірші енді байқады. Иә, дәл сол. Торсық шекесінен таныды. Өбден арыған. Өндірішегі сорайып шығып кетіпті.

Анада алдына келгенде өндірдей жігіт еді. Анау қазылып-қазылып кеткен екі білегінде бұлт-бұлт етіп бұлшық ет ойнап тұрған-ды. Жасөспірім жігіттің дөңгелене біткен жазық маңдайына сонда да, ең алдымен, көзі түсіп еді.

II

Ол есіктен именшектей кіріп, тағзым еткен-ді. Өміршінің алдына келген кісінің қай-қайсысы секілді оның да жүзінде абыржу барды. Бірақ бір үлкен шаруаны бітіріп едім ғой деп, аяқты алпаң тастап кестеңдей жөнелмей де, не қай ісіммен жазып қалдым деп екі бүктетіліп елпең де қақпай, зерделі жас адамға тән бір жарасымды әдемі ибамен алдына кеп, жер тізерлеп отыра кетті. Сосын бүгежектей бермей, бойын тіктеп алды.

Осы бір мөлдіреген әдемі жігіттің жүріс-тұрысы, кісіні ішпей-жемей тойғызатын сүп-сүйкімді ізеті Өміршінің жүрегін мұз боп қарып алғандай болды. Қарсы алдында отырған балауса жігіттің адам жүрегін оп-оңай баурап алатын бір сиқыры бар екенін ол бірден аңғарды. Бірақ қашан орнынан тұрып кеткенше, оның дәл қандай сиқыр екенін біле алған жоқ. Жігіт өзінің неге шақырылғанын айтқызбай-ақ түсінген қалып танытты. Алайда ант-су ішіп ақталмады да, жалынып-жалбарынбады да, не салсаң де, көндім дегендей, назарын төмен салып, отыра берді.

Бұл оның жүзінен ұзақ уақыт көзін айырмай, үнсіз тергеді. Жігіт баз баяғы бір қалпынан міз бақпады. Өмірші біраздан соң босағада тізерлеп отырған бас шеберге ымдады. Жас жігіт қасына бас шебер кеп, иығынан тартқанда барып, басын көтерді. Бұл оның кере қарыс жазық маңдайының астында айналасына жұмсақ шұғыла шашып тұрған алақандай-алақандай екі нұрлы көзді сонда керді. Сан қилы жұлдыздар жыпырлаған шілде аспанындай сан қилы сезімдердің сәулесін түгел жиған соң, бір тұңғыық жанар бұның көкірегіне біржолата орнап қалды. Онда «Апырай, аман-есен жібергеніңіз рас па?» деген үнсіз таңғалыс та, лып етіп, тұтана қалған қуаныш та, шексіз ризашылық та, бірақ өз күнәсін жасырмай, түгел мо-



йындап тұрған, ар жағына сыр бүкпейтін ақ көкірек адалдық та, монтаны мүлөйімді білмейтін шынайылық та, тіпті, осының бәрі өң бе, түс пе дегендей дұдамал үрей де – бәрі-бәрі түгел барды. Жігіттің жанарында ап-айқын сайрап жатқан әлгі сезімдер бұның көңілінде ешқандай күдік-күмән қалдырмай, Ұлы ханым қызыл алма жіберіп, тұспалмен білдіріп жатқан, бұл жоқта болған оқиғаның шындық екеніне көзін біржолата жеткізгендей еді. Содан сол бір тостағандай-тостағандай қос жанар кеп уақытқа дейін бұның көкірегін қызыл шоқша қыз-қыз қарып тұрып алған-ды.

Өмірші алдында отырған жас жігіттің анау ауыр есіктерден әрі асқан соң, енді қайтып жарық дүниеге шықпайтынын, оған көр қараңғы тас зынданға жол түсіп тұрғанын біліп отырды. Бірақ осы бір іші-бауырына кіріп бара жатқан жаудыраған екі жанарды көре отыра, көңіліне ешқандай аяныш жүгірмеді. Жүрегіне сексеуілдің шоғындай боп қадала қалған әлгі екі от бұрынғыдан бетер тызылдатып барады.

Өрине, адамды бір көргенде арбап алады дейтін сиқыр кез әлгіндей-ақ болар. Жаудырай қараған әдемі қос жанар өуелі көңіліне аяныш орнатады, ет-жүрегінді елжіретеді...

Қылыштың жүзіндей алмағайып қиын тағдыр кешіп келе жатқан Өмірші басымен бұрын-соңды дәл мынандайға кез боп көрмеген-ді. Көңілі ашудың да, ақылдың да ырқына көне алмай әрі-сәрі. Қанша бас қатырғанмен, еш тоқтамға келе алмады. Адасқан ойы қай тарапқа бұлтарса дағ аш тазыдай сүмеңдеген ұры сауалға тап болды. Ол дәл осындай жаудырай қарайтын қос жанарды және біреуден көрген сияқты еді. Бірақ қашан кімнен көргенін қанша ойласа да, есіне түсіре алмады. Ол да осылай мүлөйімсіп мөлдірей қарайтын. Кімнен көріп еді соны... О да осындай өкпелеген жас баланың көзіндей ет бауырыңды елжіретіп жүре беретін жазықсыз жанарды...

«Жазықсыз жанар...» Өміршінің қырағы көңілі енді-енді арна түзеп, саралана бастаған ойынан осы бір сөзге сүрініп қайтадан мүдіріп қалды. Қайдағы жазықсыз жанар?.. Алтын тәжді басын былай қойғанда, кез келген жұмыр басты еркекке одан асқан қорлық, одан асқан масқара бар ма? Басынып болғасын, бас ұрғаны не керек? Кез келген жалба тонды, жұлма тымақты қара таяқтың кешірмейтінін бұл қайтіп кешіре алады?! Еркек үшін атамекеннің тыныштығы, ата-бабаның аруағы, ақ некенің беріктігінен артық намыс жыртатындай не бар?..

Өмірші өз-өзінен күйініп, орнынан тұрып кетті. Өлгі бір жаутаңдаған монтаны жанар көзіне енді түссе, өз қолымен ойып алар еді. Ол аяғын



ауырлап басып, терезенің алдына беттеді. Жете беріп, аң-таң тоқтап қалды. Жаңа ғана «Енді көзіме түссе, бәлем» деп тістеніп тұрғаны жаутаңдап тағы алдынан шықты. Бақтың төбесінен бой асырып тұрған көк мұнара бұған дым көрмегендей мөлдірей қарайды. Жаңағы бір есіне түсіре алмай отырған монтаны қарасты ол баяғыда осы мұнараның бойынан көрген екен ғой. Ол үн-түнсіз жалбарынып тұрған мұнараның бұл сиқырына алғаш көргенде-ақ назар аударып еді. Бірақ оның мынандай сырына түсінген жоқ-ты. Бақса, бар ғәп осында екен ғой. Мына мұнара ханымның терезесінен де күні бойы осылай жаудырап қарап тұрмайды дейсің бе? Ол да мұны алғаш көргенде қайран қалған шығар. О да мұнараның мынандай сиқырына кейін түсінген болар. Шебер өзі салған мұнараға көңілінде жүрген іңкәрін бейнелепті. Аузы жетіп айта алмайтынын мұнарамен білдіріпті. Күні-түні терезесінен телміре қарап тұратын мылқау мұнарадан ханым ойымды өзі-ақ түсінер десе керек. Монтаны жігіт, бақса, жер түбіндегіні ойлайтын жұлын құрттың өзі болып шықты...

Бұған енді бәрі де түсінікті болды. Ханым әуелі мынау күлімдеген көркем мұнараға қайран қалды. Сосын адамның ақылы жетпейтіндей сиқыр мұнара тұрғызған шеберді бір көруге құмартты. Көріп еді, жас жігіттің іші бауырына кіріп бара жатқан әдемі жанарына арбалды да қалды...

Өмірші сол түні төңбекшумен шықты. Таң атқанын асыға күтті. Күтуші кемпірмен сөйлесіп көруге бел буды. Көңілін егеу құйрықтардай жабыла кеміріп жатқан көп күмәннің басын бір қайырса, сол күтуші кемпірдің жауабы қайырады.

Ертеңіне таңертең даяшы әйелден күтуші кемпірді шақыртты. Күтушінің баз баяғы қалпы...

Күтуші кемпір қасына келді. Кеудесін басып, тағзым етті. Сосын маңаураған маңғаз кейпі, не айтайын деп едіңіз, құлағым сізде деген кісіше бұған назарын тіктеді.

Өмірші мынау алдында түк болмағандай салғырт тұрған кемпірге қапелімде не дерін білмей қалды. Бірақ бүкіл сарайда оның алыстан орағытып жатпай, істің жөнін бірден сұрап, бұқпантайсыз әңгімелесетін адамы – қазына бастығы мен осы күтуші кемпірді. Бұл жолы да зіркілдетіп алып бара жатқан ашуын зорға іркіп, жарықшақтау шығатын қоңыр даусымен бірден әңгіме бастады. Сөйлеп отырғанда тіке қарайтын шегір көзін кемпірдің жүзінен айырмады. Күтуші кемпір бұны әуелі үйреншікті әдетімен біразға дейін енжар тыңдады, сәлден соң барып, осыны шынымен айтып тұр ма, әлде өмірші адамның бағыныштыларымен ойнайтын көп



«мысық-тышқанының» бірі ме деген кісіше, селдір кірпігінің астына өзер жасырынған ала көзін оқыс тірілтіп, бұның жүзіне бажырайып бір қарап қойды. Бұдан айбынды ма, жоқ әңгіменің төркінін аңғарып қалды ма, ала көзін сабаудай-сабаудай сида кірпіктерінің астына қайтадан көміп алды. Мұның одан арғы әңгімесіне үнсіз құлақ тосты. Бір уақыттарда орақ мұрынның астында жығыңқы жатқан төрт-бес тал қылтанақ мұрты тікірейіп шыға келді. Бір шамаға дейін солай тікірейіп тұрды-тұрды да кенет қайта сұлады. Қан-сөлсіз сұрғылт қаймыжық ерніне жымысқы күлкі жүгірді. Күтуші кемпірдің езуіндегі күлкіні көргенде, бұл сөзден тыйылып қалды. Кемпір Өміршінің неге тоқтағанын бірден түсініп, езуіндегі жымысқы күлкіні жым-жылас өшіре қойды. Иіліп тағы да тағзым етті. Бірақ Өмірші ендігі сөзді оның өзінен тосып, тым-тырыс телміре қапты.

Енді әңгімені күтуші кемпір бастады...

Күтуші кемпір айтарын айтып болғанда барып, иегімен «Жүре бер» деп мегзеді. Қызметші иіліп сәлем етіп, манағысындай манаурамай аяғын ширағырақ басып шығып кетті...

Бірақ ел құлағы – елу, олардың ештеңе естімеуі мүмкін бе? Тезірек жансыздарын базарға жіберіп, қара тобырдың не деп көкіп жүргенін білгені жөн.

Өмірші астамшылық ойлаған шебердің монтаны жанарын қалай құртудың қамына шындап кірісті. Бұрынғысындай емес, бір түрлі бойы сергіп қалғандай. Көңілі бықсық көп күмәннан арылды. Оның орнын енді өзегін өртше жалап бара жатқан өшпенділік жайлап алыпты.

Жансыздарды базардан не естіп келер екен деп тыпырши тосты...

Мынандай түбі шикі шаруаны алдымен ел аңғарын біліп алмай тұрып, жайғастыра салуға артынан тағы қандай қаңқудың өре түрегелетінін біле алмай дал болады. Қашан да тұтымындағы жұртты таң қалдырып үйреніп қалған басы өзі туралы ел арасына тарайтын ертеңгі лақаптың ұзын ырғасын алдын ала аңғарып алмай тұрып, ештеңе істемейтін-ді. Өншейінде сәл нәрсені өрт тиген қаудай лаулатып ала жөнелетін жұрттың аузына бұл жолы нендей тыйым бола қалғанына, қанша ойланса да, түсіне алмай қойды; Өмірші мықты болса, біздің лақабымызсыз өз бетімен іс тындырып көрсін деп, уәде байласып қойғандай, тырп етпей жатып алды.

Өмірші мынандай меңіреу тыныштықты ішінен сан саққа жорып бақты. Бірақ ешқайсысының қисыны келмейтін сияқты. Шаһар халқының арасында кездерінің жауын алып тұрған, көркем көгілдір мұнараны тұрғызған жасөспірім жігіттің аяқ астынан үн-түнсіз жоғалып кеткені жа-



йында ешқандай қаңқу тарамауы миға кірмейді-ақ. Хан базардағы қарайған халықтың көзге ұрып тұрған көк мұнара жайында ауыздарына үн толтырып қойғандай, жақ ашпай қалғандары, сірә, тегіннен-тегін болмаса керек. Әлде бұл жуырда ғана білген сұмдықты олар баяғыда-ақ естіп біліп қойған ба? Әрине, солай. Жұрт жаңа мұнараның соқырға таяқ ұстатқандай көзге бірден түсетін тосын сиқырын әлдеқашан-ақ талай саққа жүгіртіп үлгерген-ді. Бұл түсінгенді олар түсінбейді дейсің бе? Енді сол сұмдық масқара тістерінен шықса, бастары кететінін біліп, іштерінен тынып пұшайман боп жүрген шығар. Сонда осыншама халықтың арасынан бір көбік ауыз көкіменің табылмағаны ма? Әлгіндей сандырақ аузынан абайсыз шығып кететіндей есерсоқ ешкім болмағаны ма? Бұл қаншама қылышынан қан тамып, қатаң төртіп орнатқан күнде де ел аузына дәл осындай берік құлыптың салына қалуы мүмкін бе, сірә?!

Өмірші осы бір масадай жабылып жатқан мазасыз сұрақтардың ешқайсысына қисынды жауап таба алмады. Маңайы түп-түгел масасы мен сонасы қаптаған қара балшыққа айналып кеткендей. Аяғын аттаса болды, аранын ашып жатқан жұтпа ұйық бірден тұңғиығына тартып ала жөнелетіндей. Есік жаққа телміріп, тырп етпей отырады да қояды.

Алтын шайған абажа есік апталар бойы қылып етпей тұрып алды. Ақырында, Өміршінің пәлен күннен бергі сарыла күткен шағы да келді. Абажа есік жайлап ашылып, ар жағынан жансыз көрінді. Бүгежектеп ішке озды. Мұның қарсы алдына жетіп тоқтады. Иіліп-бүгіліп тағзым етіп, бұның аузына қарап тұрып қалды.

– Иә, не естіп, не білдің?

Жансыз бұның жүзіне жалтақтай қарағыштап, өңгімесіне кірісті. Базардағы жұрт Өмірші енді мынандай мұнара өз астанасынан басқа ешқайда салынбасын деп, шебердің екі көзін ойып алып, қаңғыртып жіберіпті десіп жүрген көрінеді. Өмірші жансыздың жүзіне ұзақ тесіліп отырды да, бара бер деп есікті нұсқады. Жансыз жылысып шығып кетті.

Өмірші арқасынан ауыр жүк түскендей, орнынан атып тұрды. Шуылдақ тобырдың айтып жүргені, шынында да, миға қонады. Біресе күлімдеп жайнап шығатын, артынша-ақ өкпелеген жас баладай жәудірей қалып, қырық құбылып тұратын мынау сиқыр мұнараны тек аспан астындағы ең ауыр тәж бен ең биік тақты иемденген бұның ғана астанасында тұруға лайық екені де рас. Ондай өсем мұнараны басқа қалаларға да салып, бағасын түсірмеу керек дегендерінің де әбден жаны бар. Ендеше мынау жарық жалғанда енді мұндай мұнара салынбауға тиісті. Ондай аса сирек өнер



қонған бір туар шеберлердің қашанғы киетін кебін әлгі жас жігіт те кін. Қай-қай Өмірші де ондай шеберді өзінен басқа ешкімнің қолына түсіргісі келмейді. Ендеше сол көп шуылдақтың дегендері-ақ болсын! Дәл мынадай көрікті мұнара, бөрібір, аңыз таратпай тұра алмайды. Ендеше оған лайық аңыз табылды...

Ол сол түні жайлы ұйықтап шықты. Ертеңіне таңертең зындан бастығын шақыртқалы отыр еді, кіріп келе жатқан Кіші ханымды көрді. Ханым есіктен аттай бере, иіліп тағзым етті де, мамырлап басып төрге озды. Мұның қасына жете беріп, мүдіріп тұрып қалды. Қақ маңдайындағы күрең лағылға шағылысып, жарқ-жүрқ ете қалған қос жанары бұрынғыдай емес, қазылыққырап кетіпті. Өні де құп-қу. Ханым сынық жүзін бұған тіктемей, бір қырын отырды. Өмірші оны мынандай ойда жоқта кіріп келер деп күтпеп еді. Қапелімде не дерін білмей, қысылып қалды. Сосын біраз уақыттан кейін барып, алдындағы өз-өзінен азып-тозған Кіші ханымды аяп кетті ме, қолын созып, қасына шақырды. Мұның қолы тиюі-ақ мұң екен, бір қырын отырған ханымның ұзын кірпіктерінің ұшынан әлденеше мөлдір тамшы мөлт-мөлт тамып кетті. Кіші ханым Өміршінің қолына ернін басып, аяғының астына гүрс құлап түсті. Екі иығы селк-селк етіп, ағыл-тегіл жылап жатыр... Өмірші де ештеңе сұрамады. Екеуі үн-түнсіз әрі отырды, бері отырды. Біраздан соң ханым өзінің мына отырысына ыңғайсызданып, кетуге оқталды. Өміршіге тағзым етіп есікке қарай беттей бере, қайтадан кідірді. Сосын біраз уақыт әлденеге батылы бармай, мүдіріп тұрды да, төменшіктеп тіл қатты.

– Хан ием, сіз мұнараны салған шеберді қаматып қойып па едіңіз?

Өмірші ханымның мынау төбедең түскендей тосын сұрағына ішінен қайран қалып тұрса да, байсалды қалпы жауап берді.

– Иә.

Ханымның екі беті ду қызарып кетті. Әлгі сұрағын өзі орынсыз көріп, қысылды ма, әлде бойын басқа бір сезім биледі ме, бұның аяғына қайтадан жығыла беріп еді, Өмірші шынтағынан сүйеп қалды.

– Оның ешқандай жазығы жоқ. Ештеңе де болған жоқ.

– Білем...

Өміршінің ойы жылан арбаған торғайдай бір төңіректен шырқ айналып шыға алмай қойды. Бірақ мынау жер астынан жік шыққандай ойда жоқта сап ете қалған сұмпайы тұспалға көңілі әбден құлап тұр. Бәлкім, ханым өз құшағына ынтық болған асау демелі албырт жігітті тек мүсіркеп қана қоймай, өзі де алабұртып аңсаған шығар. Есіне анау жолғы түнде



ханымының бөлмесіне барғаны сап ете қалды. Енді тапты... Ханымның сол жолғы түсінде құшқан еркегі басқа ешкім де емес – әнеу күнгі монтаны жігіт. Ханым онымен өңінде болмағанмен түсінде табысты...

Өміршінің ойына осы түскенде, өңменіне әлдекім пышақ сұғып алғандай болды...

III

Өмірші бұл дүниеде ештеңеге құлқы болмай, сұлқ жүр...

Кіші ханым да дәулетке де, дәрежеге де місе тұтпай, жұмыр басты пенденің қай-қайсысына да тиесілі кәдімгі пенделік бақытты, пенделік қызықты аңсағаны ғой...

Ендеше сол көкіме тобыр әлгі қаңқуларынан айнымай тұрғанда, тағы бір лақап таппай тұрғанда, жігіттің жазасын беру керек.

IV

Зындандағы тағы бір орын босады. Асылық ойлап, аспандағыға қол созған астам тілек шебердің нұр жайнаған қос жанары жендеттің қолындағы шоқ шашырап тұрған істік темірден ағып түсті. Бейшара жігіт көзінен айрылып, бебеу қағып жатқанда, тілі қырқылды. Қан-қан құр сүлдерді қыл арқанмен буып-буып, түн қараңғысында екі жендет дарияның ар жағындағы бір қыстаққа апарып тастады...

Сондайдың біразынан хабардар Өмірші жас шеберді көз бен тілден айрылған соң да өз көзімен бір көріп тексеріп шықты. Қапқа салынып шандулы жатқан құр сүлденің, өзі жазаға кескен шебер екеніне көзі әбден жеткен соң барып, айдаладағы қыстаққа апарып тастауға өмір етті.

Бірақ осынау жұлма-жұлмасы шыққан құр сүлдерді көргенде, бұрынғы ата дұшпандарын жазалағандағыдай айызы қанып, рақаттанбады...

Аяқ-қолына кісен салынып, айдалып әкелінген бас шеберді Өмірші тергеп-тексерген де жоқ. Сақал-шашы бір түнде ағарып кеткен бас шебердің жүзіне тесіле қарап отырды да, әлдене дегісі кеп, кемсеңдей бастағанда, қасындағы сақшыға дереу аузын байлатып:

– Ғайбатшыл неменің басын пөлеге душар қылған сасық тілін кесіңдер де, зынданға апарып қамандар. Сонда шіріп өлсін! – деп өмір етті.

Ол есіктен сүйретіліп шығып бара жатқан бас шеберге жиіркене қарап тұрды. Опасыздық пен зұлымдықтың қылкөшірінен талай өткен Өмірші



іші тар, күншіл адамдарды жек керетін. Бірақ қарауындағыларға бастықты ылғи сондайлардан қоятын. Әсіресе, шеберлерге, зергерлерге, ұсталарға әрқилы өнер адамдарына, ылғи да ішегіне қыл айналмайтын қарауларынан бастық қоятын. Өйткені ол өз астанасының ажарын дүниедегі барлық астаналардан асырмақшы еді. Сол үшін де дүниедегі ең мықты деген шеберлерді өз қол астына жиып баққан-ды. Мұндайда кең пейіл кісінің мақтағандарын жинағаннан гөрі әлгіндей қызғаншақ, тар пейіл кісілердің жамандағандарын жинаған дұрыс. Өйткені дүниедегі ең қырағы кез қызғаншаққа біткен. Ондай немелер өзінен сынық сүйем асатын біреуді көрсе болды, дереу байбалам сала бастайды. Дәл мынау есіктен сүйретіліп шығып бара жатқан көзі ылғи қысыңқы, құлағы ылғи түріңкі жүретін ылғи қатпа, жыламсақ неменің ғайбатының арқасында ол талай-талай бармағынан бал тамған шеберлерді тапқан-ды. Бірақ өзін бас шебер қойғанмен Байтақ шаһарда жұрттың көзіне түсетіндей ештеңе салдырмады; ол салған жалғыз нәрсе – хан сарайының астындағы тас зындан ғана. Тас зынданға түсер жерге Өмірші: «Барар жерің, бәрібір, жердің асты» – деген бір ауыз сөзді қашап жаздырған-ды. Ендеше әлгі неме сол өз қолынан салынған тас зынданға өзі барып отырып көрсін.

Өмірші мынау сілімтік немені зынданға салғызғанына анадағы жас шеберді азаптағанынан гөрі әлдеқайда көбірек айызы қанып қалды.

V

...Ертеңіне Өмірші бас уәзірді шақыртты. Бас уәзір есіктен бүгежектеп өрең аттады. Бір қараса ар жағындағыны түгел көріп қоятын бадырақ көзін жерден көтерген жоқ. Өмірші бұйрығын айтып бола бере, құлдық ұрып шығып кетті... Өңінде бір үрей бар сияқты. Әлде бұдан өзі жоқта мынандай сұмпайы мұнараны неге салдырдың деп, бас шебердің кебін кигізіп жүре ме деп қорықты ма екен? Ол да мүмкін-ау!..

Төрт-бес күннен соң, Ұлы Өмірші аңға аттанатын болды. Үйір-үйір аңшы иттер, тазылар, садақшылар, Өміршінің қарақұрым жеке нөкері, аспаздары мен қызметшілер, аң үркітетін кернейшілер мен дабылшылар – ұзын шуақ керуен астанадаң шығып, ту-ту көз ұшында еміс-еміс көгеріп жатқан зеңгір тауларға беттеді. Бір күншілік жол жүріп керуен тауға да жетті. Сарай адамдары, әкімдер, қол басылар, Өмірші әулеті ақар-шақар шыңдардың арасынан арсы-гүрсі құлайтын жойқын өзеннің бойындағы ну жынысты қойнауға шатырларын тікті. Тау арасы мен өзен бойындағы жыныстарды түгел сүзіп шығатын болды.



Қызылды-жасылды керуен, жүзіктің көзінен өткендей сүлік сөйгүліктер, бес қарулы беліндегі сәнді саптар бұның баяғы бір шарасына толып шалқып жүрген дәурендерін еске түсіргендей. Жазықта миыңды шағып тұрған шақар шілде тау қойнауына кірген соң, қайратынан айырылып қалыпты.

Тау бойына қонған күні Өмірші ағыл-тегіл дастарқан жайды. Шарап судай ақты. Жұрт қанша дуылдасқанмен, Өміршінің құлағы елең етердей ештеңе аңғарта қойған жоқ. Бәрі де сол ертең басталғалы тұрған аңшылықтың жайы. Ат мақтаған, ит мақтаған, құс мақтаған кеу-кеу. Мергендіктерін салыстырып қызарақтасқан мақтан әңгіме. Өмірші айналадағы абыр-жабырға құлағын тоса отыра ренжірін де, қуанарын да білмейді. Өлденеден алданып қалған адамдай, қабағын салбыратып, тұнжырай түсіпті.

Сол күні түнде де көз іліндіре алмады. Аңшылыққа қонған самсаған көп шатырда сес жоқ. Маңай тым-тырыс. Сыртта маужыраған жазғы түн. Саф ауа, өн бойын ал-сал албыратып бара жатқан бал шарап. Ертеңіне ертемен басталғалы тұрған ду-ду сайран. Одан артық қандай рақат керек. Көрші шатырлардан қор-қор дыбыс көбейді.

Өміршінің жақсы көретіні осындай түндер, осындай өмір. Сонау Байтақ шаһар мен қыстақтардың шым-шытырық махаллаларына тарап-тарап кеткеннен кейін соңындағы мынау көк найзалы қарақұрым қол түзеп жүрген көп еркек әрқайсысы бір-бір қатер, бір-бір үрейге, ең құрығанда, бұл жайында аузына не келсе, соны оттап отыратын бір-бір көкімеге айналады. Ал қасында жүрсе, бәрі жіптіктей, бәрі момақан. Қасы мен қабағына қарайды. Кейде, тіпті, олар бұның шетсіз-шексіз көп үрім-бұтағы секілденіп кетеді. Өншейіндегі бейбіт өмірден бір елі аттап шыққан соң, бәрі бірдей бұны паналап, баурына кіре түскендей. Міне, айлы түнде, жан-жағынан анталаған ақар-шақар шыңдардың арасында, бабасының төсегін шыр айнала қоршап алып ұйықтайтын тентек немерелердей, қаннен-қаперсіз қорылдасып жатыр. Аңғар табанындағы ағын су солардың құдіретті қорылымен бәсекеге түскендей, түнгі тыныштықты басына көтере сарқырайды. Оның сергек құлағы жұп-жұқа жібек шатырдың ар жағындағы ұлан-асыр дүниедегі сәл сыбыс, сәл сыбдырды қалт жібермей қағып ала қояды. Жүйкеңді тікен боп шағар, кірпігіне тіреу боп қадалар бөгде дыбыс жоқ. Түнгі тыныштық тамылжып-ақ тұр. Бірақ көзіне ұйқы үйірілмейді. Айналадағы жыныс арасынан аң иісін сезе ме, оқшау қостағы тазылар қайта-қайта қыңсылай береді. Шатыр сыртында құлаққа естілер-естілмес



қыбыр көп. Өлдебір жәндіктер жыбыр-жыбыр түнгі тіршілігіне кіріскен. Өлдеқайдан шілделік шырылдайды. Соншалықты қарапайым болса да, бәрібір, ақылың жетпейтін шым-шытырық шытырман дүние. Пәлен күннен бері көкірегін көк түтіндей бықсытып келген көп тұман ыдыраған тәрізді, бірақ біржола сейіліп те кете қоймапты. Ұйқысы келмегенмен өне бойы құп-қунақ. Мынау маужыраған тыныштықтың қойнына біржолата сіңіп кеткісі келеді. Тақты, төжді, төбесіндегі шатырды талақ етіп, жым-жырт түнгі мұнарға бөгіп манаурай жатқан маужыр табиғаттың құшағына бір-ақ сүңгіп жоғалғысы келеді. Сырттағы түн салқынын пайдаланып, өз қарекеттеріне кіріскен кішкене мақұлықтардай не істеп жатқанын өзінен басқа ешкім білмейтін, бөгде көзге еш қызығы жоқ бір елеусіз тіршілікке көшкісі келеді. Ізін баққан көп көз бен көп сөзден құтылса, қайтадан ешкімнің ала көзіне ілікпейтін жай бір жұмыр басты пендеге, тіпті, кез келгеннің, аяғының астында жататын елеусіз мақұлқатқа айналсын мейлі, әйтеуір, мынау көзге шыққан сүйелдей көзтүрткі өмірден құтылса, еш арманы болмас еді. Қазір жібек шатырдан сытылып шығып, ну жыныстың арасына қойып кетсе ғой, шіркін. Ертең соңындағы қарақұрым нөкер не өзін, не сүйегін таба алмай, Байтақ шаһарға қайтар еді, ел аузында бұл жайында небір адам сенгісіз алып-қашты аңыздар тарар еді. Бұл соны естігенде, миығынан күліп, ақымақ тобырдың көк ми есуастығына әбден айызы қанар еді...

Өмірші мынау қасқыр қиялының ешқашан жүзеге аспайтынын білсе де, көңілі бір түрлі тыншу тапқандай болды. Шатырдың аузынан бастап, бүкіл қосты шыр айнала қоршап жатқан кілең сақшы бұдан тіріде көз жазар ма...

Өзі ойлап шығарған төр мен төртіптің қыл тұзағы өз тірсегіне түскенін ойлағанда, Өміршінің көкірегі қайтадан кермек тартып қоя берді.

Бірақ Өмірші өне бойын балбыратып бара жатқан жым-жырт түннің жұмбақ рақатынан айрылғысы келмеді. Өлгінде ғана өзін пейіштің төріндей бір жайлы мекенге бастай жөнелген тентіреуік соқпақты қайтадан тауып алды. Ол оны мынау аңшылық алдында алаңсыз қорылға басқан қостан, күдік пен күмәнды кезек құшқан пұшайман тіршіліктен біржолата алыстатып, өлдеқайда жетелеп барады. Енді бұл өмір, бұл өңірге ешқашан оралтпастай.

Ол мынау қарғыс атқан қағынды өлкеден алыстаған сайын басындағы зіп-зілдей төжден, үстіндегі оқалы¹ киімнен арылып, тұла бойы жеңілейіп

¹ Оқалы – жібек және зер жіптермен көмкерме салынған киім.



бара жатқандай көрінді. Бір уақытта, тіпті, иығындағы лыпа ихрамға¹ айналып кеткен екен дейді. Ақ майса топырақты жалаң аяқ борп-борп басып келеді. Көз алдында бұл бұрын көрмеген бейтаныс өлке. Күн мен жел мүжіп тастаған қоңыр таулардың ортасында шағын шаһар жатыр. Соған қарай ұзын-шуақ көп тобыр жөңкіліп барады. Сондарында ілбіп бұ да келеді. Өлдебір сөздерді қырық қайтара қақсай бергендіктен, тамағы құрғап, даусы қарлығып қалыпты. Қанша айқайласа да, үні шықпайды. Тек еріндері ғана жыбырлайды. Алдынан кесе-көлденең түсіп жатқан қара сұр жота көрінді. Жұрттың бәрі соған қарай емпеңдей жөнелді. Түс ауа олар әлгі жотаға да жетіпті. Жотаның басына үстіне кілем жапқан ашамайлы аппақ желмаяға мінген ақ сәлделі біреу көтерілді. Түйеден түспеген күйі, тізесінде жатқан кітапты ашып, күңіреніп оқи бастады. Күңіренген қою даусы оқтын-оқтын үзіліп кетеді. Сол кезде ихрамның етегін қолдарына ұстап, желпіп тұрған көп тобыр:

– Хақ Тағала, қай қызметіңе де әзірміз, – деп, шу ете қалады. Мұндай құлдық ұрған сөздерді өзгелерден естігенмен, өзі айтып көрмеген Өмірші қапелімде аузы илікпей, жамырасып жатқан жұртқа көптен соң барып қосылады. Қасындағылар ағыл-тегіл жылап тұр. Мұның көлденең көзге сыр алдыртпаймын деп, көн боп қатып қалған сұп-сұр бетінде бір тамшы жас көрінбейді. Кекірейіп тұрғанын біреу-міреу аңдап қалмасын дегендей, жұрт айтып жатқан ұзын сарынға қосылып, жерден басын көтермеген күйі ол да әлдене деп ернін жыбырлатады. Түйенің үстіндегі ақ сәлделі кісі алдында жатқан кітапты жауып, қолын жайып, бата қылды. Жұрттың бәрі жер тізерлей кетті. Батадан соң қара сұр қыраннан ине шаншар жер қалдырмай, жыбырлап тұрған көп халық етектегі қойнауға қарайлап қойды. Бір жерде бұ да келеді. Өкпесі өшіп барады. Бірақ жұрттан қалып қоймайын деп ақ тер, көк тер боп, жүгіріп келеді. Бұлар жотадан түсе бере өлдеқайдан ызы-қиқы саздар сарнап қоя берді. Аспанда жарқ-жұрқ оттар атылды. Мана күндіз әлгі ақ сәлделі адам Құран оқыған қара сұр қыраңға келе жатып, көзіне түскен кең қойнауға қаз қатар тізіліп тұрған ағаш мұнараларға әлдекім от берген бе, шырадай маздап лаулап жанып жатыр. Шошақ-шошақ төбешіктер арасындағы иір-иір қойнаулар быжынаған отқа толып кетті. Кең алқапқа самсай қонған шатырлар түнгі алаудан әр алуан шұғылаға малыныпты. Осынау мидай қайнаған алабажақ дүниенің ортасында о да таң атқанша сенделіп шықты.

¹ Ихрам – Меккеге барғанда киетін бас киім.



Ертеңіне кешегі ақ түйелі адам тағы да дұға оқыды. Жұрт тағы да жапа-тармағай намазға ұйыды. Намаздан соң тағы да етекке қарай жөңкіле жөнелісті. Қойнауға кіре берістегі жол ортасындағы қаққан қазықтай қара тасқа әркім қалтасынан жүгерідей-жүгерідей жеті қара тас алып лақтырды.

Алқаптың орта тұсына жете бергенде, тағы да тап әлгіндей қап-қара тас баған жолықты. Оған да жеті тас тастады. Ең соңында жұрт бұжыр-бұжыр қара тастардан қалай болса, солай қалай салған тас қабырғаға тірелді. Оған да жеті тас тасталды. Олар енді дәу-дәу тай қазандар асылған жер ошақтарға беттеді. Қазанның маңында қолына сапы ұстаған қасапшылар жұрттың ишарға атаған малдарын жайғастырып, әлеңкідей жаланып жүр. Қазандықтардың арасында қайдан шыққандары белгісіз, қайдағы бір жұтынған жарлы-жақыбайлар, қол жайған қайыршылар қаптап кетіпті. Ихрам кигендер бір шетке шығып, қолдарына иір мойын жез құман ұстаған біреулерге шаштарын жібіттіріп жатыр. Біреуінің алдына барып, жүрелеп бұ да отырды. Иір мойын жез құманның шүмегінен саулаған жылы судан көптен бері құрысып-тырысып жүрген төбе құйқасы бірден жазылып жүре берді. Шашын жібітіп тұрған қайыс қара қынынан сумаң еткізіп ұстара суырып алды. Қимылына көз ілеспейді. Мұның шашын әп-сәтте-ақ сыпырып тастап, енді аяғы мен қолының тырнағын алуға кірісті. Сосын шашын бір бөлек, тырнағын бір бөлек түйді де, екі кішкене түйіншекті қосақтастыра байлап, жерге көмді.

Тайқазандар түсірілді. Иін тіресе жайғасқан қарақұрым халыққа табақ-табақ ет тартылды. Ертеңіне жұрт шатырларынан шықпай, күн ұзаққа дем алды. Араға тағы бір күн салып барып, ойпаңда жатқан шаһарға беттеді. Түске таман шаһарға жетті. Қарсы алдарынан мысырлықтар алып келген су жаңа қара перде жабылған Қағба көрінді. Жұрт Қағбаның дәл қасына кеп тоқтады. Өлдекім бірдеңені дар-дар айырып, жұртқа үлестіріп беріп жатты. Ол төбөрікке¹ жыртылып жатқан Қағбаның бұрынғы шымылдығы екен. Анадайда қазі уағыз айтатын мәрмөр мінбар ағараңдайды. Зәмзәмнің құдығының үстіне шағын күмбез орнатылыпты. Ол да жапа-тармағай қол жайып жатқан жұртпен бірге дұға қылды. Сосын Қағбаның қара тасының қасына барып тұрды. Қара тастың үстіңгі беті жұрттың ерні мен қолының табынан жып-жылмағай боп жылтырап қалыпты: ал астыңғы беті қаралтым, қызғылт дақтары мол, тарғыл-тарғыл. Өзгелер еріндерін апарғанда былқ етпестен жатқан қара тас бұл еңкейе бергенде, бір

¹ Төбөрік – ырым үшін ұзақ жасаған адамның затын алу.



қапталға қарай жылысып кетті. Қолын ұмсынып көріп еді, о да жетпеді. Көк желкесінде итермелеп тұрған көп тобыр оны қара тастың қасынан ысырып, ығыстырып әкетті. Ол үрдіс бойынша екі иығын жоғары-төмен қиқақтатып, бүлкілдей жүгіріп, қағбаны үш рет айналып шықты. Әр айналып шыққан сайын қара тасқа еңкейеді, ол бұдан қашқақтап, әрмен жылысып кетеді. Енді жүрісін баяулатып, жай аяқмен қағбаны тағы да төрт рет айналып шықты. Әр айналып шыққан сайын қара тасқа иілгенмен, ол бәрібір маңайлатпай қойды. Өзге жұрт аузы жетпесе, қолдарын тигізіп жатыр. Бұл дегенде қара тас ойнақшып орнында тұрмайды.

Ол енді жұртпен бірге ауланың ішіндегі Қағбаны салған Ыбырайым пайғамбардың қабіріне барып тағзым етті. Зәмзәмнің құдығынан су тартып ішті. Киелі құдықтың суы біртүрлі алғаулы екен. Ішкен сайын өңешін шоқ боп қарып жатқандай.

Жұрт Қағбаның ауласынан шығып, анадай жерде бір-біріне қапталдаса сұлап жатқан егіз тау Саф пен Мәруға қарай бүлкілдей жөнелді. Бұ да еріп келеді. Көз алдынан маңына бұл жоласа болды, сырғанақтап бір орнында тұрмаған қара тас кетпей қойды. Иығына алғаш ихрам ораған күннен бастап, қажыға келген кісіге шартты көденің бәрін істеді; Ғұсылын да, намазын да қаза жіберіп көрген жоқ; тырнағын бояттырып, өне бойын ібіліс ластықты қуып шығады дейтұғын киелі маймен сылаттырды; үмраны уақтылы атқарып, ишарға ақ түйе атады. Қағбаның ауласына жерленген жүзден астам пайғамбардың қабірінің қай-қайсысын да атаусыз қалдырмай, бастарына садақа байлаған-ды... Ол мынандай ауыр жазаға қай пиғылынан тап болғанын біле алмады. Қасиетті Мекке топырағын аттап, үмра мен хажының барша жол-жорасын түгел атқарған, Қағбаның қара тасын сүйген мұсылманның қай күнәсі де кешіріледі дейтіндері қайда? Зәмзәмнің суы көкірегің сілтідей жидітіп бара жатқаны несі?

Ол алдында бұрқ-бұрқ шаң көтеріп, бүлкілдеп бара жатқандардың соңынан қызыл танау боп салып ұрып келеді. Тамағы құрғап, тынысы бітіп қалды. Көз алдынан сол баяғы тарғыл-тарғыл киелі тас кетпей қойды. Ол мұның алдына түсіп ап, шарықтың тасындай шыр көбелек айналып, қашып бара жатыр екен дейді. Қанша қуғанмен жеткізер емес.

Шұбырған халықтың алды баяғыда Ыбырайым Қағба салып жатқанда, жалғыз ұлы Ысмайылға бір жұтым су таба алмай, әйелі Ағөрдің жеті рет айналып жүгіріп шыққан Саф пен Мәрудің арасындағы қойнауға жетті. Екі өкпесін қолына алып, бұл да келді. Жан даусы шығып: «Хақ Тағала, қай қызметіңе де өзірмін», – деп, айқай салып келеді. «Тек жұртқа жаса-



ған мейірімінді маған да қия гөр» – деп екі етек боп жалбарынып келеді. Бірақ тірсегінен қағып өтіп, шыр көбелек үйіріліп, шыр айнала қашып жүрген Қағбаның қасиетті тарғыл тасы бұған, бөрібір, жеткізер емес. Ол дауысым Алланың құлағына тимей жатыр-ау деген кісіше, құрғап қалған көмейін қаттырақ кенеп, бар күшін салып, айқайлады: «Ләббай...»

Өмірші әлдебір әжептарқы дауыстан оянып кетті. Жібек шатырдан жұқалаңытып күн көрінеді. Шамасы, таң әлдеқашан атса керек. Сырттағы жұрттың күбір-күбірі құлағына талықсып жетеді. Өмірші қасындағы кішкене қоңырауды сыңғырлатып еді, есіктен қызметші кірді. Аң аулауға лайық ықшам киім әзірлепті. Ол киініп сыртқа шыққанда, күн тұсау бойы көтеріліп қалған екен. Аттың бөрі ерттеулі. Аңға қосатын тазылар, дүрегей төбеттер, бөрібасарлар мен аю алатын салпы ауыз арландар алақызып, жұлқынып қояды. Құсбегілердің қолындағы бүркіт, қаршыға, ителгі, лашындар таңғы тыныш ауаны бастарына көтеріп, жыртына шаңқылдасады. Мұнарсыз таңда қарлы шыңдар айнадай жарқырайды. Төңірек тыптыныш. Тек төменнен, аңғар табанынан тау өзені күркірейді. Мынау бес қаруы белінде, құс ұстап, ит ерткен қаһарлы қалың дүбірден өздеріне ешқандай қауіп жоғын білетіндей, кішкене жыршы құстар жақ жаппай сайрайды. Олардан басқа аң мен құс әлдеқайда жымып кеткен. Өмірші анадай жерде қаз қатар тізілісе қалған игі жақсыларға көзі түсті. Олар қоғадай иіліп, тағзым етіп жатыр. Өмірші солғындау сәлем мезірет жасады да, екі нөкер жігіті ұстап тұрған атына қонды. Садағын асты. Шоғыр-шоғыр жұрт үзеңгіге аяқ салысты. Кернейдің дөрекі үні қойнау үстінде көлкіп тұрған көк шөйідей көк ніл ауаны дар-дар жыртып, барқырай жөнелді.

Сондарына кернейшілер мен дабылшылар ерткен аң қайырмалайтын шолғыншылар елдің ең алдымен аттанды. Олар топ-топ боп, аң жатар жыра-жықпылы мол, жынысы қалың ұрымтал тұстарға беттеді. Олар жол-жөнекей аң ұшырасса, игі жақсылар қапыда қалмайтын ашық алаңқайларға айдап шығады. Өмірші мен игі жақсылардың көк желкесінде көлденең қауіптен бас-көз болатын көп нөкер келеді.

Самсап шатырлар қонған салтанатты қосқа азын-аулақ қарулы сақшылар тасталды да, басқа жұрт аң қуатын қойнауға ағылды. Аң қайырмалайтындар ақ бас шыңдарға барып бір-ақ тірелетін сілем-сілем тар қолаттарды сүзіп кетті де, былайғы жұрт етектегі кең алқапқа бағыт түзеді. Тамақ пісіретін аспаздар таң атпай жатып қатар-қатар жер ошақ қазып, жағалай тай қазан асып тастапты.

Өміршіде үн жоқ. Қасындағылар да тым-тырыс...



Өмірші тезірек пірге жолығып, түнде көрген түсін жортқызып алғысы келді. Мынау ырду-дырдуды дереу тоқтатып, шаһарға оралуға асықты. Осы қазір өзек бойынан шыққан бетте-ақ дабылшыға дабыл бергізеді.

Ол астындағы қара тастың қабырғасына батып бара жатқанын енді ғана байқап, екінші бүйіріне аударыла беріп еді, қалың құрақты жапыра-мапыра жақындап келе жатқан жойқын сытыр естілді. Мұның қимылдағанын сезіп қойды ма, құрақ арасындағы дүсір пышақ кескендей басыла қалды. Ол бойын тіктеп түрегеп отырды. Көзіне жасыл құрақтың арасынан тарғыл-тарғыл бірдеңе шалынғандай болды. Сол-ақ екен, мұның көріп қойғанын сезіп, одан әрі бой тасалағысы келмегендей әлгі тарғыл неме жасыл құрақтан ытқып шықты. Жолбарыс... Мысықтабандап жақындап келеді. Мұның жон арқасын оқыс қармай қалған мұздай суық бірте-бірте тарай бастады. Тіпті, шынтағының түбінде жатқан садағына да қолын созбады.

Кешегі түсіне енді түсінгендей болды. Кез келгенге шөп-шөп сүйгізіп жатқан қара тастың мұны маңайлатпай қойғаны мынандай тосын ажалға көрінген екен...

Жолбарыс жақындап қалды...

Жолбарыс құлағын жымып, тақала түсті. Кенет жонын күдірейтіп жата қалды. «Қазір атылатын шығар» – деп ойлады Өмірші...

Бақса, мұның нөкерінің бірі жұлге бойына шыға кеп, жолбарысты көріп, абдырап тұрып қалыпты. Бір уақыттарда барып есін жиып, жалма-жан садағына жармасты. Өмірші жанында жатқан садаққа сонда қол созды...

Өмірші өзек бойынан шықты. Ат ұстап тұрғандар жалма-жан жұлге бойына жүгіріп барып, Өмірші атып алған жолбарыстың терісін сыпырып, қауқылдасып жатты.

Сол бір кеу-кеу әңгіме, ұлы падиша туралы жаңа лақап, сол күні аң қуа барғандардың аузынан түскен жоқ. Ертеңіне Өміршінің тосын пәрменімен Байтақ шаһарға қайтып келе жатқанда да айтқандары тек сол болды.

Өмірші жақ ашқан жоқ. Томсарған күйі ой үстінде келеді. Кештетіп шаһарға жетті. Өмірші сарайға оралған түні де таң атқанша төңбекшіп шықты. Аңшылықта жүріп көрген түсі мен қапияда тап болып оққа ұшқан жолбарыс онсыз да шытырманға айналып бара жатқан тіршілігін бұрынғыдан гөрі де түсініксіз, бұрынғыдан гөрі де жұмбақтандырып жіберген тәрізді.

Не де болса, бір шешімге бел буатын кез жетсе керек. Жаратқан иенің туралап жіберген ажалынан да өзі арашалап қалғанына қарағанда, бұ-



дан бір түбегейлі шешім күтетін тәрізді. Бірақ ол қандай шешім болмақ... Түсінде көргеніндей – басындағы тәжді тастап, сәлде ора дей ме... Әйтеуір, мынау сарайдағы бұқпантай тірлік бұны мезі қып бітті. Не де болса, пірге жолығып, түсін жорытпай болмайды. Көптен бері ат ізін салмап еді. Өкпелеп те қалған шығар.

Ертеңіне күн қызбай тұрып, күймеге отырды. Байтақ шаһардың оң-түстік шығыс бетіндегі қаспақ-қаспақ қырандарға қарай беттеді...

Өмірші қасындағы нөкерін етекке тастап, киелі үңгірдің аузында көлеңкелеп отырған кәрі піріне ылғи да тек бір өзі ғана көтерілетін. Бұл жолы да сол әдетімен биік шоқының басына жаяулатып шығып келеді...

Пірі сәлдей ойланған болды да, сығырақ көзінің бір қиығымен бұған қарап қойды. Сосын отырып-отырып барып:

– Жаратқан ие, ата-баба, желеп-жебеуші әулие-әмбие бар-бар уақытта пендесінен не дәмететінін ашып айтпайды. Ал мүсіркесе, ақыл қосса, ол түспалдары соқырға таяқ ұстатқандай сайрап тұрады. Кіе үркіткен, аруақ ренжіткен жерің бар шығар, балам, ойлан, – деді де, тыйылып қалды.

Енді жақ ашпады. Қолындағы асасын топыраққа нұқи қадап, тарамыс мойнын ілгері созып, жүзін тағы да құбылаға тіктеді. Бұл «Сөз бітті, ендігісін өзің біл» дегені екенін Өмірші аңғарып қалды...

Өмірші онсыз да қиын жолдан бұл жолы, тіпті, ауырлап түсті. Мынау жаппай тұнжырап тұрған әбеқоңыр алқаптан тезірек шығып кетуге асықты. Біраз жерге ұзаған соң, артына бұрылып еді, бұған желкесін беріп, бүк түсіп жатып алған қара шоқыны көрді. Өмірші содан сарайға жеткенше ешқайда көз салған жоқ.

Сарайға жеткен соң да көп уақытқа дейін әлдеқандай бір тымырсық ашуға булығып, өзіне-өзі келе алмады...

Ол осы арада өмірінде алғаш рет жалпақ әлемді аузына түгел дерлік қаратқан ең құдіретті өмірші болғанына өкінді...

Өмірші дереу жорыққа аттануға бекінді.

VI

Дария артта қалды. Өлгінде анталай қарап тұрған қара тобыр да алыстай берді. Құба шөл, құла тұз басталды. Шөлдің қақаған қапырық ыстығы қайтадан қайратына мінді. Қара құрым қалың қол толарсақтан құм кешіп жүріп келеді... Аттың бөрі малтығып келеді. Шөлден қашқақтаған бір кішкене тұз құсы шарықтап ұшып та кетпей, жер бетіне түсіп жорға-



ламай да, ұшып-қонып, күйменің құрдым көлеңкесіне тығылып, секектеп еріп келеді.

Өмірші дүниеде осы бір шынашақтай құстан басқа ештеңе қалмағандай, шегір көзін соған қадап апты. Бармақтай құстың мына жанталасы қандай мағыналы. Тамағы бүлк-бүлк етеді. Жер апшысын қуырып бара жатқан қызыл жадын аптаптан жанын қоярға жер таппай, шыр-шыр етеді...

Өміршінің көз алдынан соқыр жігіт кетпей қойды. Ол есек арбасын дария жағасына тастап, өзі мұның күймесіне көшіп кеп, қарсы алдына қасқиып отырып алғандай. Нұр жайнаған жаутаң жанардан айрылған соң, жүзіндегі баяғы мейірім жым-жылас жоғалып кетіпті. Әдемі жас жігітке лайық ізет-ибадан да еш жұрнақ қалмапты. Үңірейген-үңірейген екі көздің түбіне тажал тығылып тұрғандай. Өндіршегі сорайып, танауы қусырылып, екі беті күлдей боп-боз боп кетіпті, өңінен кісі шошығандай. Міне, ол бұған қарай қозғалғандай болды, бірте-бірте жақындап келеді. Сүйекпен сүйек боп қалған сұп-сұр беті бүлк етпейді. Ол мұның соңындағы қара құрым қолдан да сескенбейтіндей. Шаршы әлемдегі әрбір тірі пенденің құлағына көк найзаның сүңгісіндей суық естілетін айбарлы Өмірші атағынан да тайсалатын түрі көрінбейді. Күс-күс қос шеңгел кеңірдегіне тақап қалыпты.

– Қорықпа, – деді әлдебір қырылдақ дауыс, – барар жерің, бөрібір, жердің асты...

Өмірші айран-асыр. Бұл қалай? Баяғыда тілін кестіріп тастамап па еді? Пышағы жалаңдаған жендеттің қан-қан бір кесек етті көзінше жерге лақтырып тастағаны қайда? Ендеше әлгі жексұрын дауыс қайдан шықты? Әлде оған құдірет қайтадан тіл бітірген бе? Әлде тілін кескеніңмен адамды мылқауға айналдыра алмайтын болғаның ба? Бәлкім, әлгі дауыс мына шебер жігіттің емес, өзінің – Өміршінің даусы шығар?

Өміршінің көзі шарасынан шығып барады. Қарсы алдындағы құбыжық соқырдың қан-сөлсіз қаймыжық ерніне бір жымысқы күлкі ілігіпті. Өмірші шегіншектеп шалқалай берді. Оны бір жұтпа батпақ астынан обып барады. Ол, ең болмаса, жан тәсілім алдында тұяқ серпетіндей дәрмен таба алмай, тырбанып жатыр...

Әлдебір уақыттарда барып көзін ашып алды. Шілде күні шыжғыра күйдірген шатырдың іші ысып кетіпті. Құс мамық төсекке үйелеп қалған екен, ыстық мамық өне бойын жандырып барады. Бұл жан-дәрмен басын көтеріп, есік жаққа қарап еді, ешкім жоқ. Әлгі тықыр бас соқыр әлдеқайда ғайып бопты. Ол шыжыған шілде мен пәлен күннен бергі бебеулеткен



тымырсық ойлардан қайнап-қайнап, балдыр батпаққа айналған дәрменсіз мидан санасы тұмандана бастағанын, әлгінде ғана қарсы алдында жала-нып отырған манағы өткел басында қалған соқыр да, мұның жанын алуға келген мұңкір-нәңкір де емес, жай әншейін қорыққанға қос көрінген сандырақ елес екендігін енді аңғарды. Бірақ көңіліне біржола орнығып алған осы бір озбыр күмәннің, бәрібір, Мұңкір-Нәңкірдей мұның басын жұтпай тынбайтынына да көзі біржола жеткендей болды.

Ол қайтадан есеңгіреп кетті. Енді жан-жағын шетсіз-шексіз құла түз жайлап алды. Білем-білем шағылдар да әлдеқандай шимай жазуларға толып кеткен сияқты. Бұл сөніп бара жатқан жанарының соңғы қуатын шым-шым сарқып, қадалып келіп оқиды-ақ. Әлдебір уақыттарда барып зорға-зорға ажыратқандай болды. Күллі дүниені: «Барар жерің, бәрібір, жердің асты» деген шимай жазу қаптап кетіпті.

Ол тағы да көзін ашты. Төбесінен қара қоңыр күңгірт бірдеңе төніп тұрды. Бірақ Өмірші бұл жолы өзінің, үйреншікті алтын күйме, атлас шатырында жатқанын, әлде баяғыда өзі салдырған тас зынданда жатқанын анық ажырата алмады.



III бөлім

АҢЫЗБЕН ӨРІЛГЕН КӨРКЕМ СӨЗ

ШАҚАН-ШЕРІ¹

(Роман. Жалғасы. БІқшамдалған)

II тарау

ЖОЛБАРЫС ЖЫМЫ

МҰХТАР
МАҒАУИН

(1940 жылы туған)

...Шақан от орнын қағыстырып, күйелеш, шолақ шалаларды қайта тұтатты да, үстіне мол етіп отын үйді. Сапымен кесіп алған көк тал бықси бытырлап, шалқи түтіндеп, әбден берекені кетірген. Ақыры, пысылдай шыжылдап жана бастады. Енді қауіп жоқ. Жолбарыс дәл желкеңде тұрса да, отқа шаппайды. Шапқан қайда, қыр асып, бой тасалауға тырысады. Бірақ ұйқыдан маза қашты... Ақыры, таңды күтпей, шығыс жақтан жарқырай толқып Есекқырған туысымен, елең-алаңда кешегі ізге қайта түсті.

Долбары дұрысқа шықты. Жұлдыздар көмескіленіп, жарым аспан сүтті мұнарға шомғанда, жылқы тебініне кездесті. Ізден жаңылды, бірақ барар бағыты айқын. Көп ұзамай, азынай кісінеген айғыр даусы, шұрқыраған қалың жылқы дүбірі естілген... Баран атты жалғыз жылқышы құрығын шошаңдатып, малдың артын жинап жүр. Жіңішке дауыспен ышқына айқайлап қояды.



¹ Мағауин М. Шақан-Шері: және басқа шығармалар. 1983–1991. – Алматы: Жазушы, 1993.



Шақанның алдынан өзі шауып шықты.

– Өй! Елмісің, жаумысың? Адамсың ба, аңсың ба? – деген анадайдан. ...Маңдайы биік, құлағы ықшам, арғын тымақ киген бала жігіт екен.

– Ой, артқы аяғымен жүріп келе жатқан жолбарыс екен десем, шошайған мылтығың бар ғой, – деді содан соң ақсия күліп. Тебіне жақындап, ізетпен сәлем берді.

– Ассалаумағалейкүм, аға! Ой, аға, зәремнің ұшқанын көрсеңіз... – деді бала жігіт қыз дауысты өуезді үнмен. Үзеңгіден аяғын шығарып, керіле дем алды.

– Бір жетім емген саяқ көк тай бар еді. Түн ортасында ғой деймін. Тіпті, шет кетіпті. Қайырайын деп, жүре беріп едім.. сап-сары сапалақ... көзі тура шоқтай жанады, шайтанның отындай жап-жасыл...Оқтай атылғанда... бейшара тай шөкесінен жығылды. Ат үстінен қалай түсіп қалмағанымды, өзім де білмеймін. Астымда жуас кер бесті бар еді, қалай ұйықтасам да, қалт етпейтін. Жолбарыс та қарғыды, бізге емес, жаңағы тайға, кер бесті де шұрқырай қашты... Ал менің үнім өшіп қалды ғой деймін. Сондай қорқақ екем... Ал сіз ғой ештеңеден қорықпайсыз.

– Оны қайдан білесің? – деді Шақан салғырт қалыпта.

– Білем, – деді бала жігіт. – Сіз – Үйсін Шақан-Шері батырсыз.

«Шақан-Шері...» Шақан екені анық. Шерісі тағы рас. Дәп солай. Шақан-Шері.

– Ел айтады, – деді сосын ұзын, қайқы кірпіктерін тура қадап. – Шақан кеше Қоқанды Алатаудан асыра қуған, ханның өзі қайрылып кеңес сұраған Саурық батырдың немере інісі екен дейді. Ағасы жаудан арманда өлген соң, елін аздырған, жерін сатқан жуандардың қорлық, зомбылығына шыдамай, жапан түзде жалғыз жортар жолбарысқа айналып кетіпті дейді... Күндіз – адам, түнде – жолбарыс... Шақан-Шері!.. Бірақ мен сенбеймін. Өкем айтады, үстіндегі киімі тегіс жолбарыс терісі екен дейді, киім тапшылығынан немесе сән үшін емес, ау кезінде оңайлықпен көзге шалынбас үшін. Жұрттың айтып жүргені сол дейді. Өткен жылы, жоқ, алдыңғы жылы, мен онда әлі кішкентаймын, біреулер көріпті сізді. Өкем іздетті, таба алмай қалды...

– Ой, көп сөйлеп кеттім, – деді бозбала. –Жолбарыс анау, тайды жәукемдеп жатқан. Жылқы анау, бытырап кеткен. Мен тұрмын мұнда.

Шегіншектеп барып, атына мінді.

– Қорқасың... – деді Шақан.

– Қорқамын, – деді жігіт. Ақсиып күле бере, езуін жиып алды. – Өлде... Сен қайдан шықтың? – деді тізгінін қымтай ұстап.



– Түнде жылқыға шапқан сен емесісің?
Атының басын тартып, шегіншектей түсті.
– Қазір адамсың, – деді сосын жайбарақат.
– Тиіспейсің. Ал ана жерде... барсың ба, жоқсың ба, қазір анығын білеміз...

Аулаққа, жолбарыс жылқы жыққан қалың қопаға қарай тұра шаппақ ыңғай танытқан.

– Әй, әй.. – деді Шақан қолын ербеңдетіп. – Өзің қорқақтың ішіндегі есері екенсің. Әй, ана жем үстіндегі жолбарыс күндіз-түнге қарамайды, алып түсіп жүрмесін!

– Бар ғой, – деді бозбала бүктей ұстаған қамшысын әлдеқайда шошайтып.
– Егер түнде жылқы алғаны рас болса, бар. Неге тойса да, сол төңіректе жатыр.

– Сен мұнда тұрсың ғой, – деді бозбала қамшы басын Шақанға тіктеп.
– Сен де жігіт атанып жүрсің-ау, – деді Шақан мына қорқақтан біржола түңіліп. – Жылқыны қалай бағасың мына түріңмен?

– Мен жылқышы емеспін, – деді бозбала.
– Жылқышылар ауылға кеткен көш алдынан. Қорқақ та емеспін. Қорықсам, қайтып кетер едім, түнгі күзетке шыққан өзім, жылқы шұрқырай берген соң...

Сынай қарап аз тұрды.

– Мен жігіт те емеспін, – деді сосын сақылдап күліп. Басынан тымағын жұлып алды. Төбеге шиыршықтай салған қос өрім шаш тарқатыла төгіліп, иыққа оратылған.

Шақан Меңсұлумен осылай кездесті.

Арқа қыздарының мінезі ашық келеді. Сөзі сынықсыз, жүрісі еркін. Алдымен Шақанға ат ұстап әкелді. Шылбырымен ноқталап, астына ішпек салып берген. Содан соң екеуі түнде жолбарыс жылқыға шапқан жерге қарай жүрді.

Тай да, жолбарыс та жоқ. Жылқы тебіндеп, ойыла көтерген қалың шалғынға бата түскен із ғана жатыр. Жолбарыс ізі... Ауыр жүк көтерген жолбарыс мойны талып, белі қайысып, бір сәт бөгелместен, сол қалыңға келіп кіріпті. Дәл қазір соңынан бару тым қатерлі. Бой тасалауы қиын емес. Қарсы шабуы, тіпті, оңай...

Кешіне қыз әкесі Атабек ақсақал жібермеді. ...Атабек ақсақал әлдеқайдан, сандық түбінен жағасы биік, жеңі ұзын, етегі бітеу, сауытқа ұқсас, шұбар ала киім шығарды.



– Жолбарыс көбе! – деген. – Осы үйдегі атадан балаға қалған ең асыл мұрағат...

Жайланып отырып, жолбарыс көбенің хикаясын айтып еді.

– Баяғы, қара қалмақты жұртынан бостырып, біржола жеңіп алған кез болса керек... Үлкен әкеміз Жауқашар батыр он жетіге келгенде, күші бойына сыймай, мұнартып жүреді екен дейді. Мен туғанда, жаугершілік біткенін қарашы, елден ерлігімді асырар едім деп. Сонда бабам, жарықтық, осы жолбарыс көбені өз қолымен жасап, ұлының үстіне кигізеді де, бар, мықты болсаң, мына, бізбен құдандалы Үйсін ішінде, теңіздің арғы бетінде кісі жейтін жалмауыз жолбарыс шығыпты, сонымен алыс деп, қоя береді ғой. Қақаған қыс екен, соңында қаншама нөкері бар. Көкше мұзбен Балқаштан өтіп, Іленің сағасына шығады. Сіздің ауыл болса керек. Кісі жер жалмауыз заман азып, ел тозғанда, жүз жылда бір-ақ рет көрінсе керек. Өз ғұмырымда ондайды естігем де, білгем де жоқ. Ал жылқыға қасқыр да шабады. Сонымен Жәкең Ілеге жетсе, ондағы ел ұлардай шулап отыр дейді. Өлгі жолбарыс жалмауыз ғана емес, зымиян да болса керек. Жұрттың жаппай қарулы кезі, әйткенмен, ешкім шара таппапты. Көзге көрінбейді, қолға түспейді. Бірақ апта аралатпай, бір кісі жейді. Жалғыз-жарым адам ауыл арасында жүруден қалыпты... Атыңнан айналайын, Жауқашар атам өңшең балуан, шетінен садақшы нөкерлерін тастап, осы жолбарыс көйлегін киіп, беліне қылыш байлап, қолына найза ұстап, жалғыз өзі жаяу шығыпты дейді ғой. Іздегенге – сұраған. Көп ұзамай, кездеседі. Атан өгіздей жолбарыс арқан бойы жерден атылғанда, найзамен қарсы алыпты. Өндірішпектен енген көк сүңгі қара қабырғаны жарып шыққан екен дейді. Сонда жолбарыс, кейінгілер асыра айтпаса, Жәкем шірене толғап тұрған найзаның қайың сабын қарш шайнап тастап, батырдың өзіне бас салған екен дейді-ау. Текетірес алыса кеткенде, арыстан Жәкем шерінің екпініне шыдамай, шалқалай жығылыпты. Жолбарыс үстіне қона түскенде, көтере тұрған екен. Көтере тұрғаны – денесіне зақым келмеген. Қыл арқаннан жолбарыстың тырнағы, тісі өтпейді. Күш алған соң, қоя ма, қылышты қиғаштай суырып, бел омыртқадан оса шапқан екен дейді. Е-е, жалған-ай десеңші... Содан Жәкең, жарықтық, нағашыларынан біздің әжемізді алып, батыр аты шығып, елге оралады. Тағы да отыра алмайды. Бар ермегі жолбарыс аулау болады... «Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» деген. Ел екі мәрте жаңарып, ғұрып, салтың, жарғы, низамың мүлде өзгереді... Жә, балам, бір көбе ішінде екі өлім жоқ, киіп ал...



Жолбарыс көбе өгіз тарамыспен сірестіре тігіп, шеңберлей өрілген жуан қыл арқаннан жасалыпты. Жылқының ту құйрығынан тығыз есілген, бітеу шығарылған арқан сауыт ақ, қара, күлгін жүйкелері кезектесе алмасқан, шүп-шұбар. Сүңгі өтіп, қылыш кеспестей. Ақсақал бісмілләсін айтып, өз қолымен кигізгенде, етегі тізеге түсіп, жеңі алақаннан асты. Көлкілдеп тұр. «Денесіз жігіт емессің, Жауқашар атаң тым ірі болған екен-ау», – деді Атабек ақсақал. Көбенің жеңін қайырып, белін буды. Межелі жерге Шақанды өзі апарып тастаған. «Артыңа абай бол!» – деген айрылысарда.

Жолбарыс көбе біршама ауыр болғанымен, қимылға қолайлы сияқты. Шақан өзін жеңіл әрі қауіпсіз сезінді. Ал малшабар жыртқыштың кешегі ізіне түскен соң, көңілі айрықша көтерілген... Қараған іші тарам-тарам. Қоян жымы шұбырынды жол сияқты, сайрап жатыр... Ал түнде, жылқыға шабуыл сәтсіз аяқталған соң, қалың қарағанға келіп кірген жолбарыс ізі әр қадам сайын айқындала түсті... Яғни жақын маңда жүр. ...Бұрын кісі тарапынан қудалау көрмеген, малға шауып, қорқауланған жолбарыс бой салып қашпады. ...Бір рет қарама-қарсы, шабынып жатып қалып еді. Шақан білте тұтатып үлгермеді әрі жер алыс, нысана қолайсыз. ...Шақан жолбарыс ақыра көтерілгенде, мылтығын лақтырып тастап, атып тұрып, қорғануға қам жасап еді. Сол мезетінде-ақ қуатты серпіннен анадай ұшып түсті. ...Үстінен ауыр салмақ басса да, денесіне тырнақ батпаған Шақан жолбарыспен жанталаса алысқан қалпы, сол жақ білегімен басын қорғалап, оң қолымен беліндегі селебесін суырды. Дөп-дөңгелек, үлкен жасыл көздері шатынай ұшқындап, ауыр, ыстық демі бет шарпыған долы шері қыл арқанды жуан жеңді жұлқи тістеп, шақырлата қысқан сәтте Шақанның қылпыған сұр селебесі де аш қолтықтан бойлай сұғылып еді. Адамның аруақ шақыра ышқынған, аңның жаны шырқырап, қинала өкірген үні қабаттаса шықты. Сол қолы білек ортасынан сақыр етіп сынғанын анық естіген, еш жері ауырмаған Шақан селебені бойлата толғап барып, қайта суырған. Дәл осы сәтте бір жақ бетін үш тармақ жалын шалып еді. Сол жақ көзін қызыл жалқын, көк теңбіл толқын басып, аузына қан толды. Бірақ бойына тың күш құйылғандай. Жыртқыштың аузындағы жаралы білекке бар салмағын салып, шірене көтеріліп, жолбарыстың қара қабырғасына қайыра қанжар ұрды.

Шашала өксіп, буындары бүгіле бере, сылқ шөккен, езуі жиырылып, аузы ашылып, желке жүні тікірейе дірілдеп, артқы аяғымен жер тырнаған тайдай жолбарыстың астынан әрең шықты.



Атабек ауылы – түбектің ықтасын түпкіріне қонған он бес үй. Меңсұлу – кіші әйелден туған кенже қыз екен. Атабек ақсақал үлкен үй – бес қанат ақ ордада әлі өңін жоғалта қоймаған, жүзінде қайғы табы бар, ет-жеңді, егде бөйбішемен ғана қалыпты. Шақанды қасынан шығармады.

Күндіз табағы, қымызы бірге, кешке төсегі қатар. Жолбарыстың аран аузына түсіп шыққан сынық білек шымырлай қышынады – жазылуға тақағаны. Бұратыла салдырап, мүлде бос қалып еді. Тері – жарақатсыз, сырты бүтін, бірақ сүйек күлпарша уатылған екен. Өлдеқайдан ат шаптырып алдырған сынықшы жылқының майымен сылап, саусағының ұшымен сипалап отырып, үлкен сынық, ұсақ жаңқаларды тегіс орнына түсірді. Содан соң қайың тақтамен орап, байлап тастаған. Енді, міне, кәдімгі қол қайта өсіп шыққандай. Тек сәл-пәл ғана қисая біткен сияқты. Ал беттегі, саулай аққан қаны омырауына құйылып, бүтін-тамтығы жоқ, ғаламат қорқынышты көрінген жара осы ауылдағы тәуіп әлдебір шөп май жағып, жапырақ орап емдеген соң, тез қотырланды. Жара, кәдімгі жара. Тек көзінің қиығы алайып, езу еті қаша біткен. «Бөрекелді, жарақат – жігіт көркі» деген Атабек ақсақал тәубе айтып. Алайда Шақан өз жарасының өзгеше тұрпатын анық аңдады. Адам түгілі аң шошитындай кепке еніпті... Шақанның беті жазылды. Қолы бітті. Көңілі жайланды, көкірегі кеңіді. Іші қайнап, жаңа қатер – тарғыл перімен бетпе-бет келетін, күш пен айла, дөт пен ерлік сынға түсетін айқас сәтіне асыққан... Атабек ақсақал жұдырығы түйілген екі қолымен тұқыра жер тіреп, үнсіз аз отырды.

– Балам, – деген сосын. – Менің төрт түлігім сай –малдан кемдігім жоқ. Жаудан өлген екі ұлдың ізін басып, жеті немере өсіп келеді – жаннан кемдігім жоқ. Бірақ... басым көп, барым түгел дей алмаймын. Жеті емес, жетпіс немере сыяр еді бауырыма. Алты ауыл емес, алты арыс қараса еді ауыма. Мына кең дала жаяудың аяғында кетпес үшін, ана мыңғырған мал жебірдің көмейінде кетпес үшін... атадан аса туған аруақты ер керек. – Ақсақал ауыр күрсініп, тағы да бөгелді.

– Сені алғаш көргенде, жолбарыс перісі Жауқашар атамның аруағы алдымнан шықты ма деп едім. Атаға жете туған сырттан екенсің. Адасып келген жоқсың, Құдай айдап, аруақ жетектеп әкелді. Енді менің үйімнен безер жөнің жоқ. Тұрпатың – тумаса да туғандай. Мен сендей ерге өке болуға жарамайтын жаман шал емеспін. Төріме төсегіңді сал. Бел балам бол. Асық жілік ұстатып, ат шаптырып той жасаймын. Ақ орда тігіп, атаулы еншіңді бөліп беремін... Осы ошақтың басында қал, – деген.



Бұл Шақанның көңілмен аңдаған, көптен күткен сөзі еді, сонда да тосын естілді, ерекше толқытты. Ойланса, бүгежектеп, бөгелсе, қарияның ырқынан шыға алмасын анық пайымдаған. Шұғыл әрі асығыс жауап берді.

– Әке, мен асық жілік ұстап, ақ отауыңа кірмесем де, өзімді туған ұлдай көрем. Тек... Мен... мен татымаймын! Көңілің көл екен, әке! Бірақ мен.. мен... Енді жазмыштан озмыш жоқ. Қашан жолбарысқа жем болғанша, жалғыз жортам...

Шөнжіктің қызыл тарғыл, мақпал терісі оңай сыпырылды. Алдымен бірі. Содан соң екіншісі. Үшіншісі. Үлкендігі кебістей ғана, қос езуден ит тістері жаңа қылтиған, аузы ашылып, құлақ тесігі үңірейіп, қабырғалары қанталап, омыртқасы шодырая үзілген, бірінен-бірі аумайтын, бірінен-бірі сұмпайы, шибиген арық үш өлексе – оның да терісі сыпырылған, айқаса қарысқан, сынық сүйем, өткір азулары ырсиған, төбе сүйегі талқандалған басы шодырайып, бұлшықты мойны білеулене түскен, сирақтары тарамыстана сомданып, құйрығы сабаулана ұзарып, ыңыршақ қабырғалары, теңкиген арам денесі тірі кезіндегіден әлдеқайда айбынды көрінген, етек толы емшек безінен сарғыш сүт сыздықтай тамшылаған жалаңаш қаншырдың бауырына тасталды. Осылай жатсын. Апта бойы, ай бойы, жыл бойы. Қасқыр жуымайды жолбарыс жатағының маңына. Бірақ шыбыншіркей бар. Құрт-құмырсқа бар. Солардың жылдық несібесі. Жаз ортасы аумай-ақ күні кеше осы төңіректі әдепкі арылымен-ақ жайқап жүрген аң патшасының саудыраған ақсөңке сүйектері ғана қалмақ. Бір үлкен, үш бала жолбарыс. Енесі ақыра тұрмайды. Ауға шықпайды. Баласы асыр ойнамайды. Күн санап өспейді. Жарық күн нұрын жансыз сүйектер ғана қызықтамақ. Саудыр сүйек. Ал мұның баласының сүйегі де қалған жоқ...

Шақан шақпақ шағып, майшамды тұтатты. Шақпақ жарқылымен қоса төрт қанат киіз үйді тітіреткен арыл естілген. Жолбарыс керіле түрегеп, бар салмағымен асылса керек, уық омырылып, үзік жыртыла сөгілердей, кереге басы майыса сықырлады. Кісі тұрағына келген адам иісін аңдаған соң, біржола еркінсіген жыртқыш анадағы жалмауыздың нақ өзі екеніне көзі жеткен Шақан бойына тың күш құйылғандай, кең тыныс, қажырлы байсал тапқан. «Кел! Кел бері, жалмауыз!..» – деген дауыстап. Жолбарыс қалт тынды. Өлі тымырсық орнаған. Содан соң есік алды сытыр еткендей көрінді. Шақан қу шырпыны шамға тосып, от алды. Білге тұтатуға әзір отыр. Әлсіз дыбыс оң қапталдан шыққандай. Өлде ауыр ыңыраныс, әлде ызалы ысыл. Не болса да, жан түршігер, түсініксіз дыбыс. Анығы – жолбарыс үйді айналып, іште отырған адамды алып, жер қуыс іздеп жүр.



Шақан өзінің ақымақтығына, тым құрыса, керегенің екі-үш көзін жала-наштап қоймағанына өкінді. Енді есік ашқаннан басқа амал жоқ. Бірақ ол үшін жолбарыстың үй сыртында тұрғанын анық білу керек. Қайдан білесің, жүрген ізі сезілмейді. Жоқ, міне. Есік алдына қайта келді. Ышқына өксіп, қалт тынды. Жақтауды тырнап көрді. Содан соң арылдай ақырған. Тапты. Ең жұқа жер, ең әлсіз жер – есік. «Кел!.. Кел, жалмауыз!..» – деді Шақан да ышқына ысылдап. Жолбарыс жарма есікті табанымен салып қалды. Әлде топса, әлде тиек күтір етіп сынған. Бірақ есік ашылмады. Іштен көлденең сырық байланған еді. Бәрі дұрыс, бәрі есеп бойынша. Шақан қара мылтығының білтесіне от қойды. «Кел, кел, қанішер!!..» – деді тістене кезеніп. Жолбарыс аршындай ышқынды да, сірә, шегініп серпін алса керек, есікті бар салмағымен соққан. Көлденең сырық опырыла үзілді, жарма қақ айрылып, есіктен лап берген жел лебімен жалп етіп сөнген білте шам сәулесінде сап-сары жолбарыстың жасыл ұшқын атқан әзірейіл көзі, арандай ашылған қып-қызыл азуы, асты-үсті айқаса шаншылған қан-жардай жарқыраған қос аузы көрінген, сол мезетте Шақан да шүріппені басты. Мылтық даусын естіген жоқ, қара түнек қақ айрыла тілініп, қу темір ұшынан отты найзағай шашылған сәтте енді мүлде дәрменсіз болып қалған қаруын тастай бере, беліндегі селебені суырды. Селебені суырар-суырмастан лып етіп, бір бүйірге секіріп түскен. Секіріп түсер-түспестен жаңа ғана өзі мылтық құрып отырған мосы ағаштың шатыр етіп сынған, өлдененің дүңк етіп құлаған дыбысын естіді. Ізінше төрдегі жүк аударылды, үй-іші опыр-топыр болды. Шақан керегеге арқасын тіреп, бірі қарулы, бірі қарусыз екі қолын бірдей алға созған қалпы, тізесін бүгіп, тұра қалған. Төр жақта қоламтада қалған шаладай, көгере ұшқындап, толқи сөніп, жалғыз шоқ көрінеді. Шақан күреске түсер балуандай шабынған қалпы, тұтамдай жылжып, қатерден аулақтауға тырысты. Көгерген шоқ та толқи қозғалып, соңынан ерген. Кенет Шақанның құлағы тарс ашылды: ышқынған арыл, ақыра зәр төккен айбаттан адамның бас сүйегі қақ айрылардай. Келер мәуірітте өкірген үн тұншығыңқы қырылға ауысты. Жолбарыс өкси шашалып барып, қалт тынған. Бұл кезде дәл аяқ астына жеткен жалғыз шоқ та қызара күлгінденіп барып, жалп етіп сөнді. Бірақ Шақан селебесін білеген қалпы, босағада тағы қаншама замат табандап тұрған да қойған.

Таң ата көрді. Ауыр қорғасын оқ жолбарыстың сол жақ көзінен тиіп, құлақ шекесін қақырата талқандап өткен екен. Соның өзінде Шақанды алып түсуге шақ қалған, әп-сәтте орын ауыстырып үлгермесе, мойны үзіліп, бел омыртқасы сынып, жыртқыштың астына түседі екен.



Шақан жалмауыз жолбарысты артқы сирағынан сүйреп, топса, тиегі жұлына сынған есіктен әрең асырды. Ақ қар үстіне көлденең салған. Жалғыз ұлын жеген, жас әйелін өлтірген, енді өзін паршалауға шақ қалған жалмауыз арыстай болып, сұлық созылып жатыр. Бар бітісінде ызғарлы сұлулық бар. Қара жолақтары енсіз әрі қысқа, қызғылтым сары. Тығыз, майда түгі жаңа атқан таң жарығында, кіршіксіз қар үстінде қалы кілемдей құлпырады. Өзірейіл әдемі болады деп кім ойлаған. Өлі өзірейіл.

Шақан үйді сырттап, жолбарыстың түндегі ізін бажайлай тексеріп шықты. Бір ғажабы, жолбарыс оң жақ артқы аяғын қорғаншақтап басады екен. Ізі онша батыңқы емес. Ақсақ жолбарыс болды. Бірақ төңірек тегіс шиыр. Әуелі алыстан торуылдаған. Содан соң іргеден айналған. Бір емес, неше рет. Өзі отырған тұсқа келіп, қабырғаны тырнаған кезде ғана аңдапты. Ұйықтап жатса, есік бұзылған сәтте оянбақ екен. Ал келген ізі... Қамыс ығында, арқанда тұрған Жүндікер ат осқырына дыбыс берді. Жануар. Обалын ойламапты. Өлде, алып жесін деді ме? Алып жесін, содан соң жемтік қасында, қамыста жатып қарауылдаймын деді. Ақымақ. Ат, жай ат емес, бөйгеге шауып жүрген ат тістейді, тебеді, дәрмені жеткенше алысады. Алып жеу қиын емес, бірақ серпіле атылу керек, аз-маз еңбек, бөлкім, тіпті, әжептәуір арпалыс керек. Ал адам... тісі мен тырнағы, серпіні мен тепкісі жоқ. Жеңіл олжа. Дәніккен жыртқыш үшін ең оңай жем. Жеді ғой анада...

Шақанның өне бойын дірілді ыза буды.

Асықпай, салмақпен басып, үйге кірді. Опыр-топыр қорыс екен. Шашылған, төгілген қан екен. Жинаған жоқ, қараған жоқ. Босағадан, кереге басынан үлкен ақ балтаны алды. Жүзі қылпып тұр. Бойындағы зерлі айбары тарқамаған қалпы теңкііп жатқан жолбарысты екі-үш айналып шықты. Әуелі аязбен қатайып, қарыса бастаған жуан мойынды жаңғырыққа салды. Екі-ақ ұрып, қанды басын ұшырып, түсірді. Содан соң артқы аяғын. Добал сирақ тірсек үстінен қиылған. Бірақ балта жүзі қатты бірдеңеге тиіп еді. Жарқ етіп ұшып түсті. Оқ. Кәдімгі мылтық оғы. Тек домалақ қорғасын емес, ұштығы болат, сопақша бітімді, өзгеше оқ. «А, жалмауыз!» – деді Шақан тістене дауыстап. – Сауап болған! Өзіңе сол керек еді, сары сапалақ!» Бірақ жолбарысты бұдан ары бұтарламады. Ашуы сап басылған. Көңілін аяныш биледі. Өзіне. Өзінің көз алдында кеткен әйелі мен баласына. «Мен де өлдім, – деп ойлады. – Сол күні жалмауыз жыртқыш мені де алып жеді. Мен жоқ адаммын. Тәнім сау, жаным өлген. Мен өлікпін...»



«Ендеше мені екінші қайтара ажал алмайды, – деп ойлады. – Ажал алса да, жолбарыс алмайды. Жолбарыс алмаса, мен қорқатын ештеңе де қалған жоқ».

«Мен ештеңеден қорықпаймын, – деп ойлады. – Неден қорқам, қатын жоқ, бала жоқ. Өзім де жоқпын. Мен жоқпын. Жолбарыс та жоқ болуға тиіс. Еркек, ұрғашысына қарамаймын. Бауырында баласы болса, тіпті, жақсы. Мен жолбарыстың тұқымын құртам. Мен – жолбарыс жүректі Шақан!»

– Мен бар екем, – деп ойлады. – Бар екем. Көрім қазылған жоқ. Атым өшкен жоқ. Сонда қалай... Жоқ. Мен өлгем. Мен алдымен баламды, содан соң әйелімді өз қолыммен ажалға бергемін. Көз алдымда жегіздім. Өзім жедім. Содан соң өлдім. Міне, қаралы үй алдында қызыл қаны ақтарылып, басы бір бөлек, аяғы бір бөлек, арыстай созылып жатқан – мен! Шапырашты Шақан! Ал мына мен – түрегеп тұрған, жаны жоқ, сүлдері бар, аты жоқ, аруағы бар – Шақан емес, тарғыл жолбарыс, ендеше менің атым – Шері!

Қуанып кетті.

«Шері! Шері! Менің атым – Шері!» – деді үш мәрте айқайлап.

Ал Шақан... Шақан марқұмның жаназасын шығару керек. Арулап көму керек. ...Бірақ ер жігіт дәл осы арада қателескен. Шақан болса, болар, баяғы Шақан емес. Ол Шақан, шынында да, қамысты түбекте, төмпешік басында, таяз болса да, қайтып шықпас көрде қалды. Кеше қорғансыз шекеден ауыр оқ тиіп, қазаға ұшыраған – Шақанның өзі еді. Тарлан шері де табиғаттың бұла перзенті болатын. Тіршілік заңымен, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан өмір жорасымен тиесілі несібесін жеп, тоғай аралап, қамыс кезіп, жер басып жүріп жатқан. Кісі жолын кеспеген, адам баласына жамандық ойламаған. Күндердің күнінде түрлене құбылған тарғыл теріге қызыққан бір жауыз баспалап келіп, қапыда жаралаған болатын. Жазылмас жара машықты өнерінен айырған, аштық пен ызалы кек қатарынан қысқан жолбарыс тайғақ жолға түсті, әуелде қорқақтай бастап, әдіс-айламен жеңіп, дөңіге келе, именбей шауып, тарпа басып, оңай олжа, төтті тамақ тапқан – адамның қылпуын шалса, жыны құрысатын, кісі етін жеуді әдепкі кәсібіне айналдырған жалмауыз болып шықты. Кек кекке жетелейді екен, жауыздық тек жауыздық қана туғызады екен, ендігі кезек Шақанға жетіп еді.

Бойында жалғыз-ақ сезім қалған. Кек! Қан!

Шақан-Шері тымық ауаны, бүкіл төңіректі жаңғырықтыра, қарқылдап күлді.



III тарау

САРЫ ҚҰМНЫҢ ШАПҚЫНЫ

...Бейуақта дөңес үстінде жалдана қарауытқан сексеуіл тоғайы сұл-
баланған... Шақан аруақтар шаһарын бастан-аяқ кесіп өтті. Адам ізін,
тіршілік белгісін таппаған. Аң мекені, жыртқыш жатағына айналыпты.
Аруақ-шаһар шегінде, тоңазыта батқан сары күрең күннің ақырғы ша-
пағында, бозғыл қырбақ тұзы шығып, сораң тартқан топырақты оя түс-
кен арлан жолбарыс ізін айқын танып еді. Екі күннен бері соңына түсіп
келе жатқан жұмбақты жыртқыш. Сақтықты мүлде ұмытыпты. Аруақ-
шаһардың терістік шегіне шыға берістегі қабырғалары қызыл қыш өр-
некті, біршама бүтін сақталған сегіз қырлы күмбез іргесінде, дара біткен,
бұтақтары тарбия жайылған биік тораңғы түбінде істікке қадаған сүр етті
майын шыжылдата отқа қақтап отырғанда есіне түсті. Астапыралла – зи-
рат шегіне енгеннен бері неше өліп, неше тіріліпті. Шақан күйіп піскен
еттен тарамдап нәр алды да, арқасында байлаулы жүретін, бүгін мүлде
жеңілейген жалпақ көн торсықтан бірер жұтып, шөлін қайырды. Ас-су,
керек-жарағын арқалап, мылтығын мойнына ілген қалпы тораңғы басына
шықты да, айыр бұтаққа жайғасып отырып, ұйқыға кетті. Елес шалмай,
түс көрмей, тыныш әрі қатты ұйықтапты. Таң сәулесімен, шегіртке шыры-
лымен оянды. Керіліп бой жаза бере, көзі атыздай болған. Тораңғы түбін-
дегі құм ұйпа-тұйпа, жолбарыс ізінен көрінбейді. Тарғыл пері түннің бір
уағында келген. Биіктегі адамды көріп, шарасыз қалыпта ағашты шыр ай-
налған. Содан соң Шақанның дәл астына жатып, дем алған. Ақыры, оңай
олжадан күдер үзіп, жайына кеткен. Немесе, осы маңда, таяқ тастам, бір
секірім жерде жемін бағып отыр. Ғажабы бұл емес, талай жолбарыстың
терісін сыпырған, жыртқыштың мінез-құлқы, әдіс айласына жетік Ша-
қанның ешқандай сыбдыр сезбеуі. Биікке шықтым деп, соншама қамсыз
ұйықтаған. Шерінің келгенін көрмесін, тұрғанын, жатқанын аңдамасын,
көкке қарап шыр айналғанда, тысырын естімесін, тым құрыса, күлімсі
иісін тануы, қатер белгісін түйсініп, сезуі керек еді ғой. Өлде... жолбарыс
емес, жын-пері ме... Жоқ, кәдімгі тарғыл тонның өзі. Ізі сайрап жатыр...
Шақан артына қарайлап, аз бөгелді де, ізге түсті.

Тарғыл шеріні бұдан бұрын да құмда қуалағаны бар. Өнімсіз тірлік.
Сен бір шағылға өрлеп келе жатқанда, ол екінші бір тұрғыдан иектеп,
сексеуіл, не жыңғыл көлеңкесінде демалып немесе қызылша мен теріскен



түбінде баспалап жатады. Сен жақындағанда, орағыта жүріп, кезекті барқанға асады. Ұзағысы келмесе. Жаңа ғана ірі аң ілген тоқтықтан еріншек тартса. Әйтпесе, орғи шауып, оп-оңай ұзап кетеді... Ал мынау аңшыны мазақ еткісі келгендей, мұнарта сарғайған көкжиекке тура тартыпты.

...Шақан жолбарыстың көп ұзамасына, әлденедей тораңғы түбіне не сексеуіл тасасына жатып, көлеңкеде бұйыға маужырап жатқан жолбарыстың талайын атқан. Шеңберлей айналып, көлденеңдей кесіп, қанша шалса да, із әуелгі, тура терістік бетке тартқан түзу бағытынан жаңылмады. Тіпті, жүрісін жеделдете түскендей. Бұйрат белестерді баса өткен із сұлбасын желсіз жылжыған қиыршық бүркепті.

Ыстық соғып, шөл қыса бастаған Шақан түс ауа осы құрғақ арнаға ұшыраған. Жолбарыс ізінен де осы тұста айрылып еді. Жай ғана із қумаған, із соңынан су іздеген, бостан-босқа қаңғымайтын құм жолбарысы әлденедей көлге не бұлақ, өзенге бастап апарар деп ойлаған Шақан өзінің иен шөлде қалғанын, таяу төңіректе – үш-төрт күндік жерде ел де, су да жоғын, қиян құм ішінде қаталап өлуі мүмкін екенін сонда ғана пайымдады. Бар үміт көне арнада. Ойпаң тұстарына қақ тұруы мүмкін ғой. Қар суы не жаңбыр суы. Құм арқылы өтетін өзендердің үзіліп барып, қайта жалғасып кететіні болады. Әлдебір жерде сылдырап, су ағып жатса, несі бар. Ұшан дарияның көне өзегінде бір тамшы нәр қалмауы мүмкін емес. Жолбарыс тегіннен-тегін иенге бет түзеген жоқ. Суат бар. Таяу маңда.

...Шақан торсығын сарқа төңкеріп, ең соңғы тамшы суын ішті...

* * *

...Шақан сенді. Алда көл жатқанына. Осы жаңа ғана сол көлден қаншама қоңыр аң суаттағанына. Өзінің соның бәрін көргеніне. Қазір де шын көріп тұрғанына. Бір-ақ нәрсеге сенбеген. Өзінің тірі екеніне. Мана, құрғақ арнадан биік қабаққа шығар сәтте жан тәсілім қылса керек. ...Тұрды ма, жүрді ме, еңбектеді ме, домалады ма – білмейді. Су – асты құмдауыт, сәл жылымық суды, кәдімгі қолмен ұстап, көзбен көруге болатын, сұйық, ауыр, мөлдір суды шалп еткізіп, етпеттей жығылды... Дәл осы сәтте – дүние бұлдырай сұлбаланып емес, бар бітіс, бояумен айқын бедерленіп, нақ танылған шақта тура қарсы бетте – арқан бойындай ғана жерде, тықыр құрақты жайпақ жағалауда бірі шоқиып, бірі жер бауырлап, енді бірі көлденеңдей созылып, қатарынан үш жолбарыс жатқанын көрді. Үш үлкен жолбарыс. Әріректе, шалғынды көгалда әлде үшеу, әлде төртеу – бір топ қара құлақ, қызыл шөнжік алысып ойнап жүр.



Шақан қалт тынған. Шегініп, сырт айнала бере, қайтадан жолбарыс жағалауға бет бұрды. Қияс шіркін, әдетте, арттан шабатын. Бір емес, үш жыртқышқа қатарынан желке тосу – өзінді өлімге қиғанмен пара-пар... Шақан жағаға тақаған қалпы, су ішінде отырып, әртүрлі амал ойластыра бастады...

Жағадағы жолбарыстар Шақанның басын көп қатырған жоқ. Әуелі судан шыққан қызыл тарғыл, зау шері дүр сілкініп алып, шұбала аяңдап, қырға беттеген. Одан соң екіншісі тұрды. Одан соң үш шөнжігін соңынан ертіп, бауыры салпы сары қаншыр кетті. Ең соңында, жалғыз шөнжікті шұбалаң жолбарыс та салқау басып, су жағасынан аулақтаған. Сілейген қалпы ысына суынып, дірдектеп отырған Шақан дәл желкеден пысқыра тасырлаған дауыс естілгенде, даусы шыға жаздап, өрең жүрек тоқтатты. ...Шақан жиекте, суға жартылай батып, қорбиып жатқан киімдерін алып, жағаға шықты...

* * *

...Шақан өз тірлігінен таймады – жолбарыс әулетіне қарсы жанкешті соғысын одан ары жалғастырды. Іленің бойына өтіп, Шелектің бойын, Шарынның шатқалын сүзді – қан жайлау, қаптаған ел, қаншама жұрттың көзіне түсіп, шаршап, шалдығып, бос оралған. Бірақ нәтижесіз емес – Жетісуда жолбарыс әулеті тек Іленің етегінде ғана қалғанына анық көзі жетті. Өйтсе де, дарияның таудан құлаған тармақ, салаларын түгендей кеткісі келді. Сол оймен Күртіні өрледі.

Бұл кезде сабалақ күз туған... Кенет күн күркіреді... Дүмпіген дауыс тау жаңғыртып, жазыққа төгілгендей, қабаттаса шатырлап, ашық аспан, тымық ауа түсініксіз дірілге толды. Келер мезетте тағы да көк тітіреген. Содан соң бей-берекет арсыл-гүрсіл басталып кетті. Шақан сонда ғана іс мәнісін ұқты: зеңбірек! Зеңбірек пен мылтық – үсті-үстіне атылып жатқан. Тек бұл жақта қала да, қамал да жоқ сияқты еді. Ендеше ашық далада...

Шақан әлдекімдердің күбірлей сөйлесіп, майдан даласын аралап жүргенін аңдады. Жолбарысша жылысып, бой тасалаған. Алысқа ұзаған жоқ, шөп басын қырау көмген бозғыл тұманды суық түнде таң атқанша қалшылдады да отырды. Таң ата бойы жылынды, есін жиды, бірақ қайта баруға жүрегі дауаламап еді. Біреулер атып салар немесе ұстап алар деп емес, қасап суретін күн жарығында көруге қорыққан....Енді ойлап тұрса, қорқынышты ештеңе жоқ.



Шаһардың терістік беті еңіс тәрізді. Жал топырақ – яғни көне қорғанның арғы жағы – тораңғы тоғайы. Аумақты әрі қалың. Манағы топ жолбарыс мекені осы болды... Тарғыл қарақшының өрісі өлшеулі. Суат – тораңғы. Тораңғы – суат. Үркітіп алмай (үріккенде қайда бармақ) еппен қимылдаса, апта өтпей, тегіс жамсатады. Қай жерден қарауыл қарап, қай тұстан тоспа жасайтынын шамалап келе жатқан. Жатаған төмпешікті орай біткен, тырбық, қалың сексеуілді айнала бере, тұмсыққа тұмсық түйісе қарсы кездесті. Алыстан іздеп келе жатқан жолбарысымен. ...Шақан таңырқап та, сескеніп те үлгермеді. Тек тажал сағаты соққанын кәміл түйсінген. Тағы да анық ұққаны – қыбыр етсе, бітті, жолбарыс бас салмақ. Қаны суып, жүрегі мұздап, буын-буынынан әл кетіп, мелшиді де қалды. Жолбарыстың жасыл ұшқын шашқан дөп-дөңгелек, үлкен көздеріне тесіле қарап, соңғы сәтін күткен. Ал жолбарыс серпіле атылуға әзірленгендей, мысықтабандап шегінді. Шегіне-шегіне шылбыр бойы алыстады. Содан соң жер бауырлай бере, құйрығымен құм сабалап, басын шайқап, езуінен ырылдады да, бүктеле бұрылып, аулаққа қарай екі-үш аттады. Артына қарай бере, ышқына ақырды да, бір-ақ секіріп, дөңестен асып жоғалған...

Аздан соң биік жар басында тұрғанын көрді. ...Шақан қамалдың жайдақ төбесінен жағалай сығалап, қанша қараса да, сезікті белгі көрмеді. Адамнан қорықпас аң жоқ. Жаңа секіре қашқан шері бұл араға аялдамаса керек... Кенет Шақан таяқ тастам жердегі қалың итмұрын арасынан өзіне әлдекімнің тесіле қарағанын аңдады. Шегіне бере, мылтық дүмін иығына тіреді. Бірақ атып үлгермеген. Қуатты серпіннен шалқалай жығылды.

Еш жері ауырған жоқ. Естен танған жоқ. Бірақ оң мен ұйқы арасында, үрейден де, үміттен де ада, мәңгүрт күй кешкен. Бөренедей добал, темірдей салмақты орақ тұяқ, тарғыл аяғын кеудеге тіреп, дәл үстінде тайдай қызыл жолбарыс тұр еді... Шақан өзінің бетіне – жолбарыс тырнағы мәңгіге таңбаланған жарақат бетіне жылымық, қоймалжың, бір тамшы сілекейдің үзіліп түскенін бар жүйкесімен сезінеді. «Өлдім!» деген ой келді. Сол сәтінде оң қолы белдегі селебеге қарай баяу жылжып бара жатқанын аңдады. Болмашы қимылды қалай байқағанын кім білсін, жолбарыс та арете түскен. Ажал шарпуы Шақанның бет-аузын өртей күйдірді. ...Жолбарыс қатерлі қолдың суық қаруға қашан жетерін күтіп тұрмады. Басын шайқап, мойнын бұра бере, қоңыр белдеулі, қызыл тарғыл, сабау құйрығымен бүйірін соғып, көкке қарап, іші тартыла өксіді. Содан соң салқау қимылмен Шақанның үстінен түскен...



* * *

«Жоқ! Мен – тірімін!» – деді Шақан ышқынып. – Мен – тірі адам-мын!» Онысы рас еді. Тірі. Адам. «Менің үйім бар! Елім бар! Жерім бар!» Үйі жоқ енді. Осы түнде ғана иен тоғайда, жиде ағашының түбінде қонып шыққан...

* * *

Шақан десе шақан – бір тал қамыс құрағы екен. Үлкен өмір арнасынан тысқары қалыпты. Қурамаса – тамыры нәрлі топырақтан үзілмегені. Бірақ қуанышы қане? Өткенге өкінбейді – болашағы қайда?

«Мен – жапанда жалғыз өскен тораңғы, – деді Шақан, – тұрған жерім шөл. Мен – жалғыз жортқан жолбарыс – төңірегім түгел жат».

Бірақ тораңғы да түйін тастайды – төңірегіне қаулап жаңа өскін шығады. Жолбарыс та ұрпақ жалғайды – өзі кеткен күні орнын басады.

Тұлдырсыз екен, тұл екен.

«Менде бәрі де болған, – деді Шақан. – Соның күйігі. Соның кегі...»

Ештеңе ойламауға тырысты. Ойламау тағы мүмкін емес-ті.

«Мені елден айырған...»

Кенет өзін осы жолға түсірген жалмауыз жолбарыс көз алдына келді. Балаға шапқан, әйелді шайнаған кезі емес. Өлім сәті. Өлгеннен соңғы, бұтарлап шабылған сәтін. Артқы аяққа шор болып байланған қорғасын оқ. «Жолбарыс өз бетімен кісіге тимейді». Құба-мерген айтқан. Қара-батыр айтқан. Атабек ақсақал айтқан. Өзі де көрді. Сонда жалмауыз кек қуғаны ма? Бір кісіден көрген жапасын бар адамға артқан. Жүрген ізін қанға айналдырған. Бұл да қазаға ұшырады. Қорғасын оқ емес, тас қайғы – екі бірдей қаза жүрек басына түйіртпектеліп жабысты. Бір жыртқыштың кінәсін тарғыл тонды барлық шеріге артыпты. Сонда не тапты?

Кек.. Кегі аңда емес, адамда болуға тиіс екен. Елден аң емес, адам айырыпты...

Бұл кезде Жалтақ Жантай өліп қалған... Бірақ ағайын арасына бара алмайтын еді. Әуелде қалмаған, тыңдамай кеткен...Тек ата-баба мола-сы... Дәл іргесіне қала орнаған. Бармағалы, көрмегелі көп болыпты. Аруақтан аттап қалай кетер? Шақан өзінің ескі қонысына бет түзеді. Төбесі ойылған, босағасы құлаған ескі күмбез басында темір кісен күтіп тұр деп ойламаған.



ЭПИЛОГ

немесе автордың соңғы сөзі

«Отважный туркестанский охотник Шахан» – ер жүрек Түркістан аңшысы Шақан туралы ең алғаш рет Петербургта 1871 жылы шыққан «Военный сборник» журналынан оқыған едім. Есімі бүгінгі қауымға беймәлім әскери журналист жаңа өлкені игерудегі табиғи және саяси қиындықтар туралы айта келе, түземдіктердің әскери ұйымына, жауынгерлік қабілетіне арнайы тоқталады. Ерліктің, тағылықтың мысалы ретінде «Истребитель тигров» – жолбарыс перісі Шақанның аты аталып, оның азулы жыртқышпен жеке айқасқан бірнеше оқиғасы баяндалған екен. Өткен заман, ескірген ұғымдар таңбасын көңілге алмасақ, өте қызғылықты материал еді. Мен үшін автордың: «Асау бас ақыр түбінде азапты ажал тапты», – деген сөздердің мағынасы да айқын көрінген. Жолбарыс аулау – аса қатерлі кәсіп.

Алайда көп ұзамай, бұрынғы Жетісу өлкесіне қатысты архив материалдарын қарастыру кезінде «Басбұзар қырғыз Шақан – Тигрдің» іс қағаздарына кездесіп қалғаным. Өзінің жақын туысы Малтай Жантаевтың куәлігі бойынша, өкіметке пиғылы теріс, қоғамға қатерлі адам деп танылған екен. Іс қағаздарының арасында сот үкімі жоқ болып шықты.

Менің бар машақатым осы арадан басталған. Қаншама шаң қопарылды. Ресми қағаздар, өлең, жыр, аңыздар. Ел әңгімелері. Бір хикаяның үш түрлі шешімі шыққан алдымнан. Біріншісі – Шақан аяқ-қолына бұғау салынып, Сібірге – Якут өлкесіне жер аударылады. Екіншісі – Шақан тергеу аяқталар қарсаңында түрмеден қашуға әрекет үстінде («При попытке к бегству») оққа ұшады. Үшіншісі – әлде түрмеде, әлде этап кезінде қашып, аман құтылады.

Оқырманға қайсысын ұсынарымды білмей, көп қиналып, ақыры, соңғысына тоқтадым. Оған дәлелім де жоқ емес. Бірінші – осыдан тура жүз жыл бұрын, 1884 жылы шыққан «Природа и охота» журналының он үшінші санында қазақтардың аңшылық өнері туралы көлемді мақала бар, сонда Сыр бойында жолбарыс аулаған Шақан дейтін мерген туралы айтылған. Екінші – жаңа тарихи деректерге қарағанда, Шымкент, Өулиеата өңіріндегі Ұлы жүз қазақтарының патшалық тәртіпке қарсы көтерілісіне (1867–1869) басшылық еткен батырлардың бірінің аты – Шақан, жай ғана Шақан емес, жолбарыс Шақан, яғни Шақан-Шері. Үшінші... Үшінші дәлелімізді ең соңынан айтамыз.



Әлбетте, кейінгі қос Шақан – алғашқы Шақанның жалғасы болмауы да мүмкін. Екеуі екі Шақан. Яғни Сырдағы аңшы Шақан, Әулие-Атадағы батыр Шақан екеуі – екі адам. Ал Жетісудағы – басқа Шақан. Оның да біреу емес, екі кісі болып шығуы әбден ықтимал. Яғни төрт Шақан. Сонымен қатар төртеуі – төрт адам деп айтарлық дәлел тағы жоқ. Тіпті, төртеу болған күннің өзінде мәселе біздің пайдамызға шешілмек. Әдебиетте типтендіру (жинақтау) дейтін ұғым барын жақсы білесіз, құрметті оқырман. Төртеуін қосып, бір кісі жасаймыз. Міне, біздің үшінші және ең салмақты дәлеліміз осы. Қажет десеңіз, төртінші, қосымша дәлел тағы бар. Ол – Шақан-Шерінің мінез-құлқы, болмыс-бітісі, өмір жолынан туындамақ. Қайраты мен ебі, айласы мен ерлігі аңызға айналған аң патшасына қарсы жалғыз шығуға жүрегі дауалаған, жүз мәрте жанкешті айқасқа түсіп, бәрінде де мерейі үстем болған Шақан-Шері тек жолбарыс өлімімен ғана өлсе керек.

Айтпақшы, Жолбарыс... Жетісудың ең соңғы жолбарысы 1940 жылы оққа ұшыпты дейтін нақты дерек келтіріледі. Арада бірнеше жыл өткен соң, Іленің төменгі етегінен әлдекімдердің жолбарыс ізін көруі тағы анық. Шақан-Шері туралы материал жинастыру үстінде Іленің екі жағасын, Тауқұмды, Атырауды – бүкіл Сарықұм өңірін жоғары, төмен, оңды, солды талай шарладық. Ешқандай із кездеспеді. Түлкі ізі, қоян ізі, қосаяқ, саршұнақ ізі... Тарғыл шеріден қалған белгі жоқ. Бар жұқана Қазақстанның Орталық музейінде ғана сақталыпты. Аумағы арба дөңгелегіндей жолбарыс қақпаны. Тот басқан, қарысып қатып қалған. Темір де тозады екен.

Ал адам... адам өмірі жалғаса бермек. Туған топырағына терең тамыр тартқан халық жаңғырады, жаңарады, бірақ жоғалмайды. Өйткені ол... ол – төрт аяқтылар қауымы емес. Өзі де, ізі де сақталуға тиіс. Тасқа қашалған мың жарым жылдық көне ескерткіште айтылғандай, Анамыз – Қара Жер, Атамыз – Көк Аспан, Кісі ұлы, яғни мына Біз – осы екеуінің ортасында, алғашқы Күн шапағымен бірге жаралыппыз. Бұл – мәңгіден келеміз, мәңгі жасаймыз деген сөз. Осыған сенейік. Тек... суыра соққан меңіреу құм, қылтанақсыз тақыр, тамшы сусыз шөл... – адам баласы алас-талған өлі аймақтардың барлығы да бір заманда нулы, дулы, жасыл жазира болыпты деседі. Осыны ұмытпайық.

12.V. – 10.VII.1984. Алматы



ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ

(1928–2008)



АЛҒАШҚЫ ҰСТАЗ¹ (Повесть. Жалғасы)

Мұғаліміміз қашан келеді деп, бұл сұрапыл суықта үстінде тоны жоқ қайтіп келер екен деп қорқып жүрдім. Дүйсен келер күні жүрегім тулап, сыздай берді. Ол келем деген күні келмей қойған емес. Қайта-қайта тысқа шығып, қарасы көрінер ме екен деп, жол жаққа қараймын, кең жатқан далада ешбір жан көзге шалынар емес. «Алда Құдай-ай, қараңғы түспей, ертерек келсеші! Қараңнан айналайын, ағайым, қайда жүр екен бұл кезде?» Ішімнен кейіп, жеңгеме көрсетпей, кейде жылап-жылап та аламын.

– Әй, желаяқ, сен бүгін есікке тыным бересің бе, жоқ па? Отыр орнында, жібіңді иір. Балаларды жаураттың! – деп, жеңгем мені сыртқа шығармай, отырғызып қойды.

Кешке таман Дүйсеннің келген-келмегенін біле алмай, басым дал болды. Ұршығымның жібі қайта-қайта үзіле берді.

– Саған бүгін не болған? Өлеріңе көрініп отырма?

Жеңгем маған ақшия қарап, тістеніп отырды.

– Тұр, онан да Сайқал кемпірдің ала қабын жеткізіп бер, – деді.

Осыны естігенде, мен орнымнан ұшып тұрдым. Өйткені Дүйсен осы Сайқал кемпірдің үйінде тұратын. Шалы Қартаңбай, кемпірі Сайқал дегендердің маған нағашылық жағынан жақындығы бар еді. Әдепкіде мен олардың үйіне барып, кейде сонда қонып та қалатынымын. Жеңгемнің ойына осы түсті ме, я болмаса, Құдай жарылқады ма, білмеймін, қапты беріп жатып:

– Сен бүгін менің жыныма аямай тидің. Жақтырса, Сайқалдікіне қонып кел! Бар, көзіме көрінбе, – деді.

¹ Айтматов Ш. – Алматы: Атамұра, 2005.



Кейде жуаси қалып, кейде екілене соққан долы жел, дем салған бақсыдай, жылы бетіме қар шашып тұншықтырды. Қапты қолтығыма қысып алып, аттылар салып кеткен сұрлеумен ауылдың арғы бетіне «Келді ме екен» деп қыпылдап, жүгіріп бара жаттым.

Келсем, жоқ. Өлі келмейті. Мен сілейіп тұрып қалғанда, Сайқалдың есі шығып кетті:

– И, соншама неге жүгірдің? Аманшылық па?

– Жайшылық. Қаптарыңды алып келдім. Бүгін сіздердікіне қонып кетейін бе, нағашы әже?

– Жата ғой, жаман жиенім. Күзден бері келмедің ғой. Отқа таман отыр!

– Ет ас, кемпір, қызыма. Дүйсеннің де келер кезі болып қалды. Жетер, ат-көлігі аман болса, – деді арғы жақта отырған Қартаңбай.

Өйтіп-бүйткенше іңір болып, терезелер қараңғыланып, түн көрпесі қымтап алды. Күзетте тұрған жүрегім, ауылда ит даусы шыққан сайын атша тулап, тамаққа да төбетім шаппады.

Ананың-мынаның басын шалған күн кешкіріп, жұрт жатып, түн ортасы болды. Күте-күте қажыған соң:

– Қой енді, төсек сал, кемпір. Бүгін келмейтін болды ғой. Өкіметтің жарлығын біліп бола ма кісі, тағы бір жұмысы шығып, кідіріп қалған ғой, – деп, Қартаңбай жатудың қамына кетті.

Маған төсекті пештің қуысына салып берді. Ұйықтай алмадым. Шал қайта-қайта күрк-күрк жөтеліп, кәлима қайырғандай әлденені ішінен күбірлеп, «а, құдайлап» жатты. Бір кезде есіне бір нәрсе түсті білем, өзіне сөйлеп қойды: «Жаман торы қайтті екен, қалада оңайлықпен жемшөп те табыла қоймайтын еді...». Ол өстіп жатып көзі ұйқыға кеткенде, жел күшейді...

Менің өз ойымда Дүйсен бүгін сөзсіз келетіндей болып, иен далада, қар көмген жолда қайтті екен деп, санамды әр саққа жүгірттім. Сөйтіп жатып көзім ілініп кетсе керек, бір уақытта, адамның тұла бойы тітіркенгендей, жерден аспанға созалаңдана шыққан ұлыған дауыс естілді. Қасқырлар. Бірлі-жарым емес, көп көрінеді. Тұс-тұстан ұласа келіп, бірте-бірте күшейе түсті. Бірде алыстап, бірде жақындап, желге ілесіп, ауыл шетіне кіргендей болады.

– Боран шақырып жатыр ғой! – деді кемпір сыбырлап. Шал үндеген жоқ. Біраз уақыт басын көтеріп тыңдады да, шошығандай орнынан ұшып тұрды:

– Жоқ, бұл тегін емес, кемпір. Біреуді қуып келе жатыр. Адам ба, жылқы ма, әйтеуір, қамап айналдырып тұр. Бұл тегін емес. Құдай сақта-



ғай, айналайын, біздің Дүйсен болып жүрмесін, ол ештеңені елең етпейтін еді. Қартаңбай қараңғыда қалтаңдап тонын кие бастады.

– Шам, шам жақ, ойбай. Құдай, Құдай!..

Есім кетіп дірілдеп мен де, кемпір де асып-сасып орнымыздан тік тұрдық. Кемпір күйбіндеп жүріп, шам жаққанның арасында, ұлып, жақын келген қасқырлар бір кезде жым болып, тыныштала қалды.

– Иттер жайлады, жықты! – деп, шал таяғын алып тысқа ата шығып еді, соның арасынша иттер екілене үріп, қарды сықырлата басып келген біреу есікті тарс-тұрс еткізіп, қойып-қойып жіберді.

Бетінде қаны жоқ, құп-қу Дүйсен еңтіге кіріп келгенде, көзім қарауытып:

– Ақсарыбас, ақсарыбас! Сен бе едің, айналайын! Айналайын сау ма едің? – деген кемпір-шалдың дауысын құлағым шалды.

– Мылтық бар ма, Қаке? – деп, Дүйсен қайта тысқа қарай ұмтылды.

– Жоқ, ойбай, мылтық жоқ! Қой, ойбай, қой! Кемпір-шал екі жағынан ұстап, шырылдап қоя берді.

– Енді не бар? Бақан бар ма?

– Ештеңе жоқ, шықпа. Бізді осы жерде өлтіріп шықпасаң, шықпайсың!

Қарағаннан қарап тұрып буыным босап, әлсіреп, түсім қашып, үн шығармай, төсегіме қайта барып жаттым.

– Ауылға жетпей қамады ғой, – Дүйсен еңтіге дем алып, қамшысын анадай жерге лақтырып тастады.

– Ат жолдан әбден шалдығып келе жатқан, аналар қуып қалғанда, бергі тұмсыққа жетпей, зорығып жығылды. Сол жерде-ақ қалды.

– Құдайдың құдіреті, мейлі, ол болмаса, сені де құтқармайтын еді, ойбай! Ақсарыбас, айналайын, ақсарыбас! Қой енді, шешініп, қоламтаға жылын, отыр, етігіңді шешейін, – деп, бейшара Қартаңбай қалбаңдап жатты.

– Сорпа-суыңды жылыта ғой, кемпірім. Құдай сақтаған екен!..

Олар отқа жақындап отырғанда, Қартаңбай жайымен күрсініп қойды.

– Болары ғой болды. Мұнша неге кеш шықтың?

– Райкомның жиналысы кеш бітті, Қаке. Партияға өтіп келдім.

– Оның жақсы. Онан да ертең күндіз келсең, болмайтын ба еді? Әлде сені мылтықпен айдаған кісі болды ма?

– Мен балаларға бүгін келемін деп, уәде берген едім, – деді Дүйсен. – Ертең сабақ бастауым керек.



– Ой, балаларың адыра қалсын! – деп, шошыған Қартаңбайдың жаны шығып кетті. – Ой, тоба, балаларға уәде бердім дейді тура. Ал майып болып қалсаң, не болар еді, ойладың ба?

– Ештеңе емес, Қаке, менің ісім, қызметім осы. Онан да басқаны айтыңыз: лезде-ақ жаяу барып келуші едім, бұл жолы сізді жалғыз атыңыздан айырып отырмын, Қаке...

– О, аты түскір жерге кірсін, басыңның садақасы! – деді Қартаңбай. – Осынша жасқа келіп, атсыз да жүргенмін. Сөз емес. Айналайын кеңес тұрғанда, тағы да атты болармын.

– Бәрінен де осыны айт, шал, – деді арғы жақтан жыламсыраған Сайқал.

– Ат – бас садақасы... Тамақты ыстықтай іше ғой, балам...

Өңгіме біраз толастап қалып, Қартаңбай қоламтаны көсеп жатып:

– Есті, ақылды жігітсің. Балаларды оқытамын деп, жаныңды пида етіп жүрсің. Мен осыған түсінбеймін. Мұнша неге қорлық шегесің? Онан да біреуге жалданып қой қайтарсаң, тамағың тоқ болар еді ғой, еш болмағанда...

– Қаке, туыстық жайымыз да бар, маған жаныңыз ашып айтып жатқан шығарсыз. Міне, осы жас балалар кейін сізге тартып, оқудың, білімнің керегі не деп, түсінбей қалса, онда сіз айналған кеңестің ісі алға баспайды. Мен үшін бұл қорлық емес, Қаке, қолымнан келсе, балаларға тағы да көбірек білім берсем, арманым болмас еді. Ленин де айтып кетпеді ме бұл туралы...

– Ленин демекші, – деп, Қартаңбай бір сәтке үндемей қалды. – Өстіп жүріп Ленинді тірілтіп алсаң, кәне! Әлде сенен басқалар қайғырмайды дейсің бе? Қабырғамыз қайысып, біздің де өзегіміз өртеніп жүр. Діні басқа болса да, саясатыңа тура келе ме, жоқ па, күніне бес рет кәлиме қайтарып жүремін. Онан кейін ойлаймын да, Дүйсен. Біз қанша күйіп-пісейік, бұл кісіні жоқтап ала алмаймыз. Мысалы, жер бетінде от қандай сөнбес болса, ауа қандай таусылмас болса, халық қандай қажымас болса, дәл сондай өшпес адам ғой деймін өзімнің жаман ақылымда.

– Ақылыңыздан айналайын, Қаке, – деді Дүйсен. – Сөзіңіздің қажеті жоқ: міне, көз жұмып еді, басқан-тұрғанымыздың бәрі Ленинмен болып жатқан жоқ па, Қаке...

Олар өстіп сөйлесіп отырғанда, ә дегенде түстегідей тәрізді, Дүйсеннің аман оралғанына сенбегендей, есіме келе алмай жаттым. Оның бір кезде жанды рақатқа бөлеген қуаныш тасқындаған селдей қаптап, демімді ап-



тықтырды да, сүйінішіме шыдай алмай, жасымды төгіп, өксіп-өксіп жылап жібердім. Адам былай қуанып көрмеген шығар. Мен үшін сол сәтте үстімде тұрған кемпір-шалдың тамы да жоқ, сыртта борасынды түн де жоқ, ауылдың шетінде Қартаңбайдың жалғыз атын боршалап жатқан қасқырлар да жоқ, ақылым, жүрегім, денем сезгені – жалғыз ғана мөлдіреген аспан сияқты шексіз, шетсіз өлшемсіз қуаныш. Жылағаным естіліп қалмасын деп, бүркеніп ауызымды бастым. Жасыра алмадым.

– Ой, бұ кім өксіп жатқан? – деді Дүйсен.

– Алтынай ғой, қорқып жылап жатыр, – деді Сайқал.

– Алтынай?

Дүйсен орнынан ұшып тұрып, менің бас жағыма келіп, тізерлеп отыра қалды.

– Әй, Алтынай, саған не болды, неге жылап жатсың? Айтшы?

Мен еркелеп, онан бетер өксіп, теріс қарап жаттым.

– Айналайын, жайнаған көзіңнен айналайын, садағаң кетейін! – деді Дүйсен мені көтеріп алып. – Не болды саған, үп-үлкен қызсың, сонша не болды? Бері қарашы...

Дүйсенді мойнынан құшақтап, онан сайын солқылдап, мойнын сулап, жасымды тыя алсамшы.

– Ойбай, мұның жүрегі ұшып кеткен ғой! Кемпір, үшкіріп көрші, бол! – деп, Қартаңбай да тұра келді.

Күйбеңдеген Сайқал бетіме су бүркіп, үшкіріп, бәрі тегіс әуреленіп жатты. Сонда олар менің қандай бақытты адам екенімді білсе ғой. Бірақ айтып беруге шамам жоқ, тіл де жетпейді.

Мен ұйықтап кеткенше, Дүйсен басымды сипап, жанымда отырды.

* * *

Қыс өтіп, көктем де шықты. Дымқыл жердің сауған сүттің иісіндей жылы лебін айдап, қазақтың дарқан даласынан көз ілеспеген дариядай атой салып көктем желі ескенде, тау қойнауындағы ақ қар мен көк мұз бусана еріп, сай-салалар суға толды.

Менің алғашқы жастық шағымның бірінші көктемі осы болды ма екен...

Көктем келгесін күлкіміз, ойынымыз көбейіп, мектептен шығысымен ауылға дейін бір-бірімізді қуалап келетін болдық. Мұны байқаған жеңгем іші күйгендей жақтырмай, әлденені айтып жүрді.



– Ай, сұмдық, бойжеткеніңді аңғармай, сен неге далақтайсың? Жұрттың қарғадай қыздары тұрмысқа шығып, ата-анасына өріс тауып беріп жатыр. Сен болсаң, мектеп деген бөлені тауып алдың... Тұра тұр, сенің көзіңді тазаламасам ба...

Басынан суқаны сүймеген жеңгемнің бұл айтқандарын: «Тәйір-ай, баяғы әдеті ғой деп, онша мән бермей, жүре бердім. Бойжетті дегені болмаса, мен баяғы Дүйсен айтқан бармақтай қыз емеспін бе! О, мен шынымен бойжеткенде қандай сұлу қыз болар екенмін! «Маңдайың кең, Алтынай, бақытты боласың», – деп Дүйсен айтып жүрген жоқ па!

Бір күні мектептен келсем, біздің үйдің сыртына екі бөтен ат байлаулы тұр. Ер-тоқым, жабуларына қарағанда, таудан келгендер болуы керек. Базарлап әрі-бері өткенде соғып кететін.

Жеңгемнің сықылықтаған күлкісі кіре берісте-ақ құлағыма шалына кетті: «Әй, жиен бала, көп кетті деп, ішің удай ашымай-ақ қойсын, нағашы жеңгенің қадырын қолыңа қонғанда, білерсің. Өзің көресің ғой! Хи-хи-хи!..» Осыған ілесе, үйге кіріп келгенімде сөз тыйыла қалды. Тәрде қызара бөртіп отырған тығыншықтай жуан кісі қазандай түлкі тымағының астынан маған жалт қарады да, жөтелгісі келгендей тамағын қырнап қойды.

– И-и, қыз, келе ғой, зекетім! – деп, жеңгем жалбақтай бұрылды...

Қалай кетерімді білмей тұрғанымда, көлгірсіген жеңгем:

– Даладағы сорпадан құйып іше ғой, садағаң кетейін, – деді.

Жеңгемнің бүйтіп өп-өтірік көлгірсігені маған ұнаған жоқ. Мұнысы несі деп, ішімнен таңырқандым. Біраздан кейін келгендерді аттандырып жіберіп, мені қайтадан: «Жетімек» деп, жерден алып, жерге салды.

Осыдан кейін көп ұзамай, біздікіне қандай да бір жұмысы болып Сайқал кемпір келе қалды. Онда да сыртта жүріп, оның: «О, қойшы әрі, ботам! Обалына қаласың!» – деп, шошына айтқан сөздерін есітіп қалдым. Жеңгем екеуі салғыласа түскендей болып, бір уақытта тысқа шығып бара жатып, маған әрі ашумен, әрі аяй қарап тұрып, жүріп кетті. Бұл несі деп Сайқал шешеме іштей ренжіп те қалдым.

Ертеңіне мектепте Дүйсеннің сабырсызданып, сыр білдірмейін дегенімен, әлденеге пұшайман боп жүргенін байқадым. Ол маған тура қараудан именіп, қабағын ашпай, төмен қарай берді. Сабақ бітіп, балалармен кетіп бара жатқан жерімнен тоқтатып, жаныма келді де:

– Тұра тұр, Алтынай, – деді менің шашымнан сипап тұрып.

– Сен енді үйіңе бармайсың, түсіндің бе?



Жүрегім су етіп, өнеугіден бері айтылып жүрген сөздердің төркінін сонда ғана түсіндім...

– Жауабын мен өзім беремін, – деді Дүйсен. – Біздікінде тұрасың. Қасымнан алыс кетпе, түсіндің бе?

Өңім бозарып кетсе керек, Дүйсен иегімнен жоғары көтеріп, өзіне тік қаратты.

– Қорықпа, Алтынай! – деді ол әдетінше жайдары күлімсіреп. – Мен тұрғанда, дәнеңеден қорықпа. Бұрынғыдай сабағыңды оқып, ойнап-күліп жүре бер... Қорқақтығың бар еді! – деп, есіне бір нәрсе түскендей қарқылдап күліп жіберді.

– Саған айтамын деп ұмытып жүр едім. Баяғыда, есімде бар ма, Қакем таң сәріден тұрып алып, саған дем салдырамын деп, Жайнақтың демші кемпірін ертіп келіпті. «Әулиеге барсаң, қақ дейді, бақсыға барсаң, бақ дейді – бір қара қой тап дейді» – деп, қуып жібердім. Сен ұйықтап жатқансың. Керегі не бізге балгер-бақсының, солай емес пе? Мені ұятқа қалдырдың деп, Қакем бір жеті бойы жөн сөйлеспей, ренжіп те жүрді... Дегенмен кемпірі екеуі тамаша адамдар ғой. Жүр енді кеттік, – деп, Дүйсен мені ертіп алып кетті.

Дүйсеннің айтқанындай болайын дегеніммен, сол сағаттан бастап менің басыма ауыр күн орнады. Ағаларым шындап, мені сабап отырып алып кетсе де, кім не дейді онда. Түнімен көз ілмей, Қартаңбайдың үйінде минут сайын қорқынышты күтумен болдым.

Өлбетте, Дүйсеннің өзі де менің бұл халімді жақсы сезіп жүрді. Менің көңілімді көтерейін деп ойлаған болу керек, ертеңіне ол мектепке теректің екі жас шыбығын алып барды. Сабақ біткеннен кейін Дүйсен мені қолымнан жетелеп:

– Екеуміз қазір бір іс істейміз, Алтынай, – деді, іштей сүйсініп, маған күле қарап.

– Міне, бұл теректерді мен саған арнап алып келдім. Осылар өсіп үлкейгенше, сен де жетіліп, жақсы азамат болып, көктеп гүлдейсің. Мен кісі танысам, сен үлкен білімді ғалым боласың. Айтпады деме, сенің маңдайыңнан көрініп тұр бұл, жайнаған көзіңнен айналайыным, тал шыбықтай солқылдақ кезің, зейінің алғыр, ақылың тұнық. Осы тілегіме бағыштап, алып келіп едім, кел, енді өз қолымызбен отырғызайық. Бағың оқудан ашылсын!..

Биіктігі менің бойымдай нәресте нәзік терекшелер жаңа жерден қоныс тауып, бой түзей қалғанда, адырдан баяу ғана ескен ерке жел бұтақ-бұтақ



ғындағы кішкентай жапырақтарын, жан енгізгендей желп еткізе, алғаш рет қозғап кетті.

– Міне, көрдің бе қандай екенін! – деді артына сәл шегіне бере қарап.

– Енді ана үлкен бұлақтан арық тартамыз. Міне, сонда көрсең. О, қандай келіскен үлкен теректер болар екен бұлар! Бұлар төбенің басынан өткен-кеткеннің бөріне көрінеді әлі. Онда заман да басқаша болады. Аман болсақ, жақсылықтың бөрі алда, Алтынай.

Сүйініп қуанғанымнан, риза болғанымнан, не дерімді білмей, мен үн қатпай, Дүйсенге қарап тұра бердім. Оның сол құбақай жүзіндегі қысықтау келген қара көздері қандай сұлу, қандай мейірбанды екенін бұрын білмей жүргендей, оның жаңа ғана ағаш отырғызып, топырақ болған тегеурінді, күшті қолы адамға оқыс тиіп кетсе, қандай жағымды екенін бұрын сезбей жүргендей, осы бір сәтте жүрегімді дір еткізген әлдеқандай басқа бір сезім оянып: «Дүйсен ағай, сіз осындай болып туғаныңыз үшін, мен... мен сізді құшақтап өпкім келіп тұр» – деп жібере жаздап, өзімнің бұл ойымнан өзім шошып, ұялып кеттім.

Өйтеуір, төбемізде шайдай ашық аспан, тұрған жеріміз көктемде құлпыра жайнаған адырлар болып, төтті қиял, соны үмітке беріліп, көктемнің реңіне рақаттана қарап тұрдық. Сол сәтте басыма түскен мүшкіл жағдай да ойдан шығып, ертеңім не болады, неге жеңгелерім бұрнағы күннен бері мені іздеп келмейді, әлде мені ұмытып кетті ме, әлде өз еркіне қоя берейік деді ме, бұларды мен балалықпен Дүйсен болмаса, ұмытып кете жаздаппын. Ауылға жақын келгенде, ол бұларды менің есіме салды.

– Келешегім не болады деп, көп қайғыра берме, Алтынай, оның да жолын табармыз. Бүрсікүні, я онан арғы күні екеуміз болысқа барып, сенің оқуың туралы әкімдермен сөйлесіп келсек қайтеді? Мүмкін, олар сені қалаға жіберер.

– Сіз қалай десеңіз, ағай, не айтсаңыз, мен соны істеймін, – дедім мен.

Шаһар дегеннің қандай болатынын көз алдыма келтіре алмасам да, онда барып оқуды сөзсіз болатын нәрседей, мен аяқ астында ойлана бастадым. Біресе – осыған қуанып, біресе қайта қайраттанып, қысқасы, бұл іс ойымнан шықпай, әр тарапқа ақыл жүгірттім.

Сабақ үстінде де менен бұл ой кетпей қойды. Шаһарға бара қалсам, кімдікінде тұрар екенмін? Отын-су тасып, малай болып жүрсем де мейлі, – деп, болжалдап отырғанымда, сырттан біздің жаман тамды таптап кететіндей тасырлата шауып келген үш-төрт аттың дүбірі естілді. Мұғалімнің айтқан сөзін тыңдамай, біз бөріміз бір сәтке құлақ түріп, аңырып қалып едік, селт ете түскен Дүйсен:



– Балалар, алаңдамай, бері қарап отырыңдар, – деді, соның арасында жаман есігіміз сарт етіп ашылды да, жалмауыздай жалаңдаған жеңгем кіріп келді. Дүйсен оның қарсы алдына барып, тұра қалды:

– Сіз не шаруамен келдіңіз?

– Тұр былай, мен қыз ұзатамын! Әй, жетімек, сені ме! – деді жеңгем, жұдырығын түйіп.

Дүйсен ағай жолын бөгеп:

– Сіздің ұзатар қызыңыз бұл арада жоқ! – деді.

– Қалай? Оны қазір көрерміз! Әй, жиен бала, мында келіп, сүйреп алып шық бұл бетпақты, – деп, жеңгем сырт жаққа қол бұлғап қойды. Әнеукүнгі беті бұлтиған түлкі тымақтының жанындағы сойыл ұстаған екі кісі аттан түсіп, ішке кірді.

Дүйсен есіктің аузында тұрған бойы орнынан қозғалмады.

– Сен не, тентіреген ит, қалың беріп қойған қатыныңдай біреудің қызын билеп-төстейсің бе? Тұр былай! – деп, түлкі тымақ ұмтыла беріп еді, Дүйсен екі жаққа қолын керіп, кіргізбеді:

– Сіздердің бұл жерге кіруге қақыларың жоқ, бұл – мектеп! – деді ол.

– Мана айтпап па едім, бұлар сау емес, мұны өзі қатын қылып алған! – деп, жеңгем алқына айқайлады.

– О, мектебінді ұрайын сенің! – деп, барқыраған түлкі тымақ қамшысын үйіре беріп еді, босағаны керіп тұрған Дүйсен оны іштен теуіп жібергенде, қалпақтай ұшырды. Сол замат аналар мұғалімге сойыл соғып, зәресі ұшқан балалар маған тығылып, шырылдап қоя берді. Әп-сәтте есіктің быт-шыты шықты.

– Жіберіңдер ағайды! Ұрмандар! Міне, мен керек болсам! – деп, ауызға қарай жұлқынып едім, қанға боялған Дүйсен есіктің сынып түскен тақтайын ала ұмтылып, аналарды кейін шегіндірді.

– Балалар, қашыңдар! Қаш, Алтынай! – деп айқайлады ол. Осы кезде сойыл тиіп сынған қолы салақтап, өзі кейін шегінді. Аналар оны қабырғаға тықсыра келіп, қан иіскеп өкірген бұқалардай:

– Ұр! Бастан ұр! Өлтір! Қан сидір! – деп, жабыла таяқтың астына алғанда, бөлмеге жеңгем мен түлкі тымақты жұлқына кіріп, шашымды мойныма орап, қылғындыра сүйреп, далаға алып шықты. Бұларға әл бермей, тартыншақтап, кейін қарағанымда, шырылдап жылаған балалар бет-бетіне қашып бара жатыр екен. Дүйсеннің түрін көріп, мұғаліміме:

– Айналайын аға-ай! Өлтіреді екен бұлар! Айналайын, ағай!.. – деп, бар даусыммен ышқына айқайладым.



Дүйсеннің қарсылық етуге шамасы келмей, бет-аузы қанға боялып, үстіндегі киімі пәрше-пәрше болса да, әлі де жығылмай, тәлтіректеп, теңселіп тұр екен. Мені жығып салып, екі қолымды шылбырмен артыма қайыра байлап жатқанда, сойылшылар Дүйсенді бір кезде қарақұстан дәлдеп ұрып, жерге жалп еткізді.

– Ағай! – деп айқайлап жібергенімде, аузымды басып, ерге кесе-көлденең жатқыза салып, үстімнен екі қолымен басып отырған түлкі тымақтың соңынан сойылшылар да еріп жүре берді.

– Мұғалім екеулеріңнің көзінді тазаладық па, өлігіңе ғана отырайын! – деп, жеңгем де мені төбемнен ұрғылап келе жатқанда, артымыздан бір кезде: «Алтынай!» деген құлақты тұндырған ащы айқай шықты. Салбыраған басымды өзер дегенде жоғары көтеріп қарасам, адамның зәресі ұшардай қара қанға боялған Дүйсен сау қолына тас алып, жүгіріп келе жатыр екен. Оның соңында «Ағайлап» жылаған біздің оқушы балалар.

– Қызды қоя беріңдер, иттер! Қоя бер қазір! Алтынай! – деп, жан ұшырған Дүйсен жақындап келгенде, әлгі екі сойылшы тағы да кейін қайырылып, оны сойылдың астына алды. Өлсіреген Дүйсеннің лақтырған тасы дәл тимей, аттылар бұл жолы оны екі ұрып-ақ, жерге сұлатты. Қара тұман жанарымды қаптап, бір кезде есім кіріп, көзімді ашқанда, ақырғы көргенім: шырылдап жылаған балалар арыстай боп сұлап жатқан мұғаліміне жетіп келіп, зәресі ұшып, қалшиып тұрып қалғаны болды...

Мені қалай, қай жерге апарғандарын білмеймін. Көзімді ашсам, киіз үйде жатырмын. Шатқал іші, қараңғы түскен кез екен, аспанда ештеңеден бейхабар жұлдыздар түндіктен сығалап, әудем жерден мал қайырғандардың дауыстары естіледі. От басында ағаштай қақшиған қара қатын отыр. Көзімнің атар оғы болса...

– Әй, қатын, жоғары көтер алдындағыны, – деді. Әйел менің жанымға келіп, ағаштай қолымен мені жоғары көтерді.

– Тоқалыңды жөнге келтір, әйтпесе, сөз қысқа, бәрібір, жай отырмаймын!..

Әлгі адам бейнелі мақұлық тысқа шығып кетті. Қара қатын орнынан тапжылған жоқ, томсарған мұздай көздері күшік кезінен көсеуді көп жеп, әбден миғұла болған иттің телмірген көздеріне ұқсады. Адам баласы күн кешкен жер бетінде емес, қараңғы көр түбіне түсіп кеткендей, не өлі, не тірі екенімді сезбей отырдым. Сайда аққан су ғана күңірене сарқырап, маған жүрегі сыздап ауырғандай тастан тасқа ұрынып жатты.

О, жеңге аталған жүзіқара сұм қатын, ылайым обалым саған болсын, аққан көз жасым, төгілген жазықсыз қаным топан су боп қаптап сені тұн-



шықтыра бассын!.. Мені зорлап әйел еткен айуанның балаларынан да жас екенмін...

Екі түн өтіп, үшіншіге қарағанда, есімді жиып, өлсем де, далада қаңғып жүріп өлейін, қуып жетсе, мұғалімім Дүйсен алысқандай, жан тапсырғанша алысып өлейін деген оймен бұл жерден қашпақ болдым.

Түндік, есігі қапысыз жабылған тастай қараңғы үйде сипалап жүріп есікті таптым. Қыл арқанмен мұқият шырмалып тасталыпты, оңайлықпен ашылар емес. Керегені көтеріп, астынан шығып кетейін деген мақсатпен бар күшімді салып, көзім қарауытқанша керегені жоғары көтердім. Қара терге түстім, бірақ жаңағыдай үстінен арқанмен мықтап бастырылып қойған үйдің міз бағар түрі жоқ. Айлам таусылып, есіктің арқанын кесейін деп, кесуге жарайтын темір-терсек іздедім. Қолыма түскен білектей ағаш қазық болды, басқа ештеңе таппадым. Мейлі осы қазықпен-ақ керегенің түбін қазып шығып кетейін дедім де, жерді шұқылай бастадым. Түннің қайсы кезі екенін кім білсін, төрде қорылдаған адам, сайда – күңірене күркірей аққан су, басқа ешкім жоқ, тәйірі, менімен кімнің ісі болмақ еді... Мен кім? Тоқал, қорғансыз тоқал, күң тоқал, өмірі көзі ашылмаған сорлы тоқал...

Қоныс тастақ жерде екен, менің тапқан қазығым ештеңеге жарамады. Оған болмай жансебілдікпен жерді тырналап, қолыммен қаза бердім. Керегенің түбінен қос қол сыярдай болғанда, таң елең-алаң атып, ауыл ояна бастады. Сыртта иттер үріп, адамдардың дауыстары шығып, айнала қимылға енді. Біраздан кейін дүбірлете айдаған жылқы, қой өтті де, үйдің жанына әлдекім келіп, арқандарын шешіп, үзік, түндігін сыпыра бастады. Ол менің «күндесім» – үндемес қара қатын екен. Бүгін күн шығысымен олар бұл жерден көшіп шығып, қоныс жаңартуға асуды басып өтіп, онан әрі жайлауға құлайтынын кеше бір құлағым шалып қалғаны енді ғана есіме түсті. Енді менің қашуым онан бетер қиындап, ауыр болады екен... Керегенің түбінде отырған жерімнен жылжымай, басымды төмен салбыратып, дел-сал боп отыра бердім. Қара қатын өз шаруасын істей берді. Керегенің астын кеулеп қазғанымды көрсе де, ол маған үндеген жоқ. Шама-сы, оған дүниенің бәрі бірдей сияқты, төрде басын бүркеніп, аюдай болып жатқан немесіне «Ой, сен тұр, көшкелі жатырмыз», – деп те үн қатқан жоқ. Үйдің киіздері тегіс сыпырылып болғанда, темір тордай көрінген керегелердің көздерінен қарасам, көршілер түйе, өгіздерін жүктеп, дабырласып көш қамында жүр екен. Осы сәтте сай жақтан екі-үш аттылы көріне қалды. Көшуге қолғабыс бергелі келе жатқандар екен ғой деп ойладым.



Бір уақытта өзіме-өзім сенбей, көзімді ашыңқырап қарасам – Дүйсен, қасында қызыл жағалы екі милиционер бар, тура біздің үйге қарай келе жатыр. Мен орнымнан тұра алмадым, даусым да шықпады. Қуанғаным қанша шексіз болса, өкініп өксігенім онан да көп, өлім алдында тұрғандай құлағым тұнып кетті.

Бет-аузы таңылған, жаралы сол қолын мойнына асып алған Дүйсен атынан секіріп түсіп, есікті теуіп жіберіп, жалаңаш қалған үйдің ішіне жүгіріп кірді де, ананың үстіндегі көрпені аяғымен іліп, анадай жерге лақтырып жіберді.

– Орныңнан тұр! – деді ол.

Көзін уқалаған дүлей ә дегенде, шабына беріп еді, тапаншаларын ұстап тұрған милиционерлерді көріп, дірілдеп тұра келді.

Дүйсен сау қолымен оны жағасынан қылғындыра сілкіп ұстап, өзіне жақындата, көзінен көзін айырмай, қанын ішіне тартып алып, даусын қалшылдата шығарды.

– Адам кейпіндегі ит! Жүр қазір, баратын жеріңе барасың! – Алдына түсе бергенде, Дүйсен оны тағы да сілки тартып тоқтатты.

– Сен бұл жас қызды шөптей таптап бүлдірдім, бақытын құрттым деп тұрсың ғой ішіңнен... Біліп қой, ол замандарың өткен, заман қазір біздікі, бұл қыз өлмейді, бұл қыз қайта тіріліп, адам болады, ал сен, сенің заманың осымен бітті...

Етігін қоңылтаяқ кигізіп, екі қолын артына қайыра байлап, милиционерлер ананы атына отырғызып, бірі жетелеп, бірі айдап ала жөнелгенде, шатқалды жаңғырта шаңқылдаған қара қатынның даусы шықты. Ол жұлқынып келіп, ерінің басындағы түлкі тымақты таспен ұшырып үйіріп, бетіне күл шашып бақырды:

– Жетеріңе жеттің, қыларыңды қылдың, өмірімді жалмаған жалмауыз, жұтарыңды жұттың, өл енді! Мүмкін, қырық жыл бойы ауыз ашпай, жоғары қарамай жүріп, жүрегінде көл болып жиналған қайғы-қасіретті, шер-шеменді бөгетті бұзып кеткен ағын су сияқты қазір сыртқа алғаш шығарғаны осы болар. Оның ащы айқайы жартастардың басына жаншыла соғылып, аттылардың о жағына бір, бұ жағына бір шығып, жеңінен сорайып тұрған тарамысты арық қолдарын шошандатып жүгірген қара қатын қадірін білмеген ерінің үстіне топырақ шашып, кесек лақтырып, адамның зөре-құтын ұшырған зарлы дауыспен қарғап жатты. «Жүрген жеріңе шөп шықпасын! Ылайым, сүйегің көмілмей, далада қалсын! Сүйегің қайтып келмесін! Қарға-құзғынға жем бол, жер бетінен атың өшсін, дидарыңды



көргізбесін... Ой, өл, өл, арам өл!» – деп келе жатып, бір кезде жын ұрған кісідей шашын жайып, айқайлаған бойы бет алды құла дүзге жүгіре жөнелді. Буынып-түйініп көшіп кеткелі отырған жұрттың бір тобы оны ұстамақ болып, артынан қуып кетті.

Осының бәрі маған өте ауыр әсер етті. Көзім қарауытып, есімді жия алмай, үнсіз келе жаттым. Дүйсен мені атына мінгізіп, өзі атты жетелеп жаяу келеді. Ол да тіл қатпай, дәкемен таңып алған басын төмен салбыратып, ойлы келе жатты. Біраз уақыттан кейін арттағы кесапатты шатқал көзден таса болып, алдағылар ұзап кеткенде, Дүйсен тоқтай қалды да, айналасы іскен, әбден азап шеккен көзімен манадан бері алғаш рет маған тура қарады.

– Алтынай, мені кешір, сені бұл қырсықтан қорғай алмадым, ғафу ет мені, – деді. Онан кейін тоқтап, маған келді де, қолымды ұстап, қатты күрсінді. – Сен кешіргенмен де, Алтынай, мен өзімді бұл үшін өмір бақи кешірмеймін...

Солқылдап жылап, аттан құладым. Көз жасым тыйылғанша, Дүйсен мені басымнан, мойнымнан сипап, жанымда үнсіз отырды.

– Қой енді, Алтынай, жүрелік, – деді Дүйсен бір кезде. – Өмір осымен тоқтап қалмайды ғой. Әлде сен жақсылықтан біржолата түңілдің бе? Қой, айналайын, жаудыраған көзіңнен айналайыным, қой өйтпе, өйтпегің!.. Бері қарашы, Алтынай, бұрнағы күні мен болыста болғанымда, сенің оқуың жөнінде сөйлесіп қайттым. Қалаға жіберіп оқытамыз десті ондағылар, есіттің бе... Жүр енді, жүре ғой...

Кей уақытта адамның жүрген іздері өмір бақи өшпейтін болсайшы. Егер де қазір Дүйсен екеуіміздің тау мен ауылдың арасында сол кезде жүріп өткен жолымыз табылар болса, жерге жата қалып, іздерді сүйер едім. Мен үшін ол – тарихи жол, мен қайта тіріліп, өмірге қайта бет бұрып, келешегіме кәміл сеніп, белді бекем байлаған жол. Адырларды аралап, сылдырап аққан суға жеткенімізде, Дүйсен менің жүзіме еркелей қарап:

– Атттан түсіп, беті-қолыңды жуып алшы, – деді де, қалтасынан сабын алып, маған ұсынды. – Мә, Алтынай, жуын да, барлығын естен шығар, ұмыт. Мен әне бір жерге барып, атты шалдыра тұрайын, шешініп, мына ағын суға түсіп ал, көңіл ауыртқан лас, жаман нәрсенің бәрі сумен кетсін. Екінші есіңе алма. Судан жаңа адам, таза адам болып шыға кел, мақұл ма?

Мен мақұл деп, амалсыздан басымды изегенде, ол да күлімсіреп әрі басып кетті...



Сонан екі күн кейін Дүйсен мені станцияға шығарып салды. Ауылда қалуды мен өзім қолай көрмедім. Бұл оқиғадан кейін ол жерде тұру мен үшін мүмкін емес еді. Басқалар да менің мұнымды мақұл көргенге ұқсайды. Буыншақ-түйіншегімді көтере, жүгіріп жүріп жылаған Сайқал шешей мен Қартаңбай атам ғана емес, қалжыңбас Сатымқұл, Кераяққа дейін ауылдың шетіне шығарып салды.

– Бара ғой, балам, сапарың оң болсын! – деді ол.

– Қорықпа, мына Дүйсен мұғалімнің айтқанымен жүрсең, өсте қор болмайсың, несін айтайын, енді оған біздің де көзіміз жетті.

Менімен Дүйсеннің мектебінде бірге оқыған балалар біразға дейін арбаның артынан жүгіріп қожтасты.

Болыста тағы бір он шақты жетім баламен бірге мені Ташкенттегі балалар үйіне жіберуге ұйғарды. Станцияға біз кештете келдік.

О, айналайын, шатқалды, бөйтеректі станциям! Жүрегімнің теңі осы жерде қалған сияқты. Аздан соң поезд келіп, біздің айрыларымызды білгендей, зәулім теректер желге ырғалып, біріне-бірі сүйкеніп, әлденені сыбырласып тұрды.

Әр кезде шыдамы берік Дүйсен бұл жолы өзін қанша тежесе де, іштей қайғырып тұрғанын жасыра алмады. Ол маған қайта-қайта қадала қарап, еркелете сипап, қия алмай тұрды...

– Мен сені өмір бойы жанымнан алыс шығармас едім, Алтынай, – деді. – Бірақ менің білімім жетпейді. Қайтейін оқу жолынан сені қалдыра алмаймын. Мен осы жерде тартыс-таласпен балаларды оқыта беремін. Қолымнан келгенін аямаймын. Кейін сен де оқытушы болып, бала оқыта қалсаң, біздің жаман мектепті есіңе түсіріп, күлерсің... Мейлі, ылайым солай болғай...

Сол арада даланы жаңғырықтырып, оттары жарқылдап поезд көрінді. Станциядағы халық жүктерін көтеріп, вокзал алдына шықты.

– Міне, қазір жүресің! – деді Дүйсен қолымды ұстап. – Бақытты бол. Қанатыңды жазып, талпын, Алтынай. Ештемеден қаймықпа, самғап ұш, оқи бер...

Сөз айтуға дәрменім жетпей, мен жылап тұра бердім.

– Жылама, Алтынай, – Дүйсен менің жасымды сүртіп, ойына қалай түскенін білмеймін: – Баяғы біз отырғызған теректерді, Алтынай, мен өзім мәпелеп өсіремін. Аман болып, қайтып оралсаң, олардың қандай болғанын көресің әлі-ақ! – деді. Сөйткенше жарқ-жүрқ етіп поезд да келіп жетті.



– Көне енді, балапан шашыңнан айналайыным, бері бұрылшы, маңдайыңнан сүйейін! – Дүйсен мені қатты құшақтап, шашымды иіскеп, маңдайымнан сүйді. – Ал енді, сапарың оң болсын, жаудыраған қара көзім...

Вагонның баспалдағына шығып, кейін бұрылсам, Дүйсен сау қолын ұсынып ұмтыла беріп еді, поезд орнынан қозғалып, жылжи жөнелді.

– Қош, Алтынай! Қош, шырағым! – деп дауыстады ол.

– Қош, ағай, айналайын ағай! – дедім мен. Вагонмен жарыса жүгіріп келе жатқан Дүйсен кейін қала берді. Бір уақытта станцияның шатқалы солқ ете түскендей:

– Алтынай! – деп, баяғыдай, бірақ ондай да емес, ойындағысын айтпай қалып өкінгендей айқайлады. Жүректің түкпірінен шыққан бұл дауыс осы күнге дейін құлағымда естіліп тұрғандай болады.

Шатқалды басып өтіп, туннельден шығып, бірте-бірте күш алып, жүрісін шапшаңдата бастаған поезд қазақтың дарқан даласына шыққанда, еркін қарыштап, мені жаңа өмірге, жаңа күрес, жаңа еңбекке қарай алып бара жатты.

Қош, бірінші ұстазым, қош, бірінші мектебім, қош, балалық шағым! Қош, көзі ашылмай қалған тұнық бұлақ сияқты ешкім сезбеген менің алғашқы нәресте махаббатым!

Дүйсен айтқан үлкен қалада, үлкен мектептерде оқып, рабфакты бітіргеннен кейін мені Москвадағы марксизм-ленинизм институтына жіберді. Осы ұзақ жылдардың ішінде неше рет оқудың қиыншылығынан қалжырап, жоғалардай болғанымда, Дүйсеннің сөздері әр кез маған күш-қуат беріп, мені қайраттандырып, жігерлендіріп, алға сүйреді. Өйткені басқалардың бір оқығанын мен екі, үш, бес қайтара оқып, он есе көп қайталап, адамның бала кезде оқитынын қайтадан оқуға мәжбүр болдым.

Бірінші диссертациямды Москвада қорғадым. Мен үшін бұл зор еңбек, үлкен жеңіс болды. Бұл жылдарда ауылға барып қайтуға қолым тимеді. Сөйтіп жүргенде, соғыс басталып кетті.

Күз әбден түскенде, Москвадан эвакуацияланып, Фрунзеге кетіп бара жатқанымда, Дүйсен шығарып салған станциядан түсіп қалып, біздің ауыл жақтағы совхоздың арбасына мініп, ауылға бардым.

О, айналайын туған жерім-ай, қан төгілген ауыр кезде оралуға тура келді. Ауыл-қыстақ көбейіп, жолдар, көпірлер салынып, адам танығысыз өзгергеніңе қанша қуансам да, соғыстың кесепатын ойлап, тұнжырап келе жаттым.



Ауылға жақындай бергенде, колхоздың ағаш отырғызылған жаңа көшелері көз тартып, біздің мектеп тұратын төбеге көз жібергенімде, жүрегім аузыма тығылды: бой түзеген екі терек төбеде ырғалып тұр екен. Өрдайым ішімнен «Ағай» деп жүретін кісіні алғаш рет: «Дүйсеш!» деп, өз атымен атап сыбырладым. «Рақмет, саған Дүйсен, сенің істеген барлық жақсылығыңа, мені ұмытпай жүргеніңе рақмет! Жаным құрбан саған, ұстазым!» Көзімдегі жасты көріп, арбақеш бала шошып кетті.

– Сізге не болды, апа!

– Жай әншейін, інім. Сен бұл колхоздың адамдарын танысың ба?

– Танитын едім.

– Әуелгіде мұғалім болып жүретін Дүйсен деген кісіні білесің бе?

– Дүйсен? Ол кісі жақында әскерге кетті. Осы арбаммен Дүйсенді бір топ кісімен районға өзім шығарып салғанмын.

– Әйелі, балалары бар ма?

– Ие, бар. Үйі судың арғы бетінде.

Көшенің шетіне келгенде, мен арбадан түсіп қалдым. Қайтерімді білмей, аңырып тұрып қалдым. «Мен пәленше едім, мені танысыңдар ма?» – деп, мынадай аласапыран кезде үйме-үй қыдырып жүріп танысуды лайқат көрмедім. Дүйсен болса, әскерге кетіпті. Оның үстіне жеңгем мен ағамның тұрған үйіне өмір бақи басымды сұқпасын деп ант еткенмін. Адамға көп нәрсені кешіруге болады, бірақ бұндай қылықты, меніңше, кім болса да, кешіре қоймас. Осылар менің мұнда келіп кеткенімді білмесін де, есітпесін деген оймен ауылдың сыртына шықтым да, теректер өскен төбеге бардым.

Қайран теректер! Арада қанша жыл өткенін осыдан білуге болмай ма! Саламатсыздар ма, асыл теректер! Сендерді елдің жарқын болашағын армандап отырғызған, мәпелеп өсірген кісінің айтқанының бәрі келді. Енді міне, ол ел-жұртын жаудан қорғау үшін қан майданға аттанып кетіпті... Мұнша неге үрейлерің ұшып, мұндана шуылдайсыңдар? Қыс келе жатыр, сарғайған жапырақтарыңды жел үзіп әкетіп, сидиып қалғандарыңа ренжіп тұрсыңдар ма? Ие, ақ түтек боранды қыс та болады, бірақ оның соңынан көктем келеді... Ренжімеңдер, теректер, мұңданбаңдар... Біз сендерді ақ ниетпен жақсылыққа мегзеп тіккенбіз. Сендер толықсып бүрленген көктемнің бірінде жеңіс те келер, тыныштық та орнар...

Зәулім теректердің теңселген қыл ұшының күйін тыңдап, мен көпке дейін сол жерде тұрдым. Бұлақтан тартылған арықты жақында ғана біреу аршып тазалап қойған екен, су сызыла ағып, дымқыл жапырақтарды беті-



не көлгіте айдап барады. О, қолыңнан айналайын, мұғалімім!.. Майданнан аман-сау жеңіспен орал...

Төбеде тұрып, ауыл ортасындағы жаңа мектепті көрдім, бірақ біздің мектепке қарасам, орны да жоқ.

Сонымен мен жолға шығып, тағы бір жөнекей арбаға мініп, станцияға жүріп кеттім.

Соғыс бітіп, бейбіт жылдар да өтіп жатты. Бірақ анау-мынау жұмыстан қол тимей, бұдан былай да ауылға бара алмай жүрдім. Оның себебі көп, мұнымен ақталайын деп отырған мен жоқ, керісінше, елден қол үзіп кеткенімді өзіме күнә деп санаймын. Заманым, тағдырым осылай болды ма білмеймін, өмірге кеш араластым. Бірақ бағым бар екен, жолдасым екеуміз балалы-шағалы болып, тату-тәтті тұрамыз. Мен қазір философия ғылымының докторымын, әртүрлі қоғамдық жұмыстар атқарып жүрмін... Бұларды айтып жатқаным, сан алуан күнделікті тұрмыстың, тіршіліктің әурешілігінде жылдар, күндер зымырап өтіп, мен еш уақытта ұмытпас ыстық нәрсені естен шығармасам да, оның әсері солғын тартып, мезгілдің құмы басқан ескі бұлақ секілді көзі бітеле берген екен. Оны мен кеше ауылға барғанда ғана сездім...

Жолдас оқушылар, әңгіменің аяғында мен тағы бір рет Алтынай Сүлейменованың хатына қайырылғым келеді. Онда мынадай жолдар бар: «Не үшін өнеукүні ауылдан асығыс кеткенімнің себебі сізге енді түсінікті болған шығар. Мұның бәрін сонда отырғанда көпшілікке айтып түсіндіріп берсем де болатын еді, бірақ өзімнің білместік жасағанымға іштей ренжіп, бару бойдан Дүйсен қарияның алдына барып жүз көрісіп, сәлем бере алмайтынымды сезіп және де бұның тек қана бізге емес, көпшілікке керек екенін түсініп, ертерек жолға шығып, ойларымның бас-аяғын жинап, өткен-кеткенді ретімен еске түсіріп, тиісті сөзімді хат арқылы хабарлауды лайқат деп таптым. Өйткені сонда жаңа мектептің қадірлі төрінде мен емес, сіз де емес, басқалар да емес – бірінші ұстазымыз Дүйсен ақсақал отыруы керек еді. Мектептің ашылуын сол кісі жариялап және де басқа құрмет сыйын сол кісі көруі керек еді. Керісінше, біз құрмет үстінде рақаттанып отырғанымызда, сол алтын адам құттықтау телеграммаларды алып, шауып келді. Түсінген кісіге ұят іс болды. Дүйсеннің қандай мұғалім болғанын қазіргі жастар білмейді. Бұрынғылар болса, ажалы жетіп өлгені бар, соғыста құрбан болғаны бар. Ал енді соның бәрін айту бірден-бір менің міндегім еді. Бірақ ауылға бармай, бұрынғылардың бәрі ұмытылып, естен шығып кетпесе де, ескірген бұйымдай боп, көмескі тартыпты.



Аман болсақ, мен әлі Дүйсен мұғаліміме барып, кешірім өтінемін. Меніңше, ол кісі екеуміз ортақ тіл табамыз ғой деп ойлаймын. Өңгіме қазір басқада болып тұр. Біз кейде ұмытпас нәрселерді ұмытып, ескірмес жау жарағын ескірді деп, оны пайдаланбай жүрміз. Сонымен өзіміздің тарихты ортайтып, жастарды тәрбиелеу ісінде көп кемшілік жіберіп келеміз. Әйтпесе, менің замандастарым Дүйсен сияқты біздің жаңа дәуірімізді орнатуға өмірін, жас шағын сарп етіп, жүрегін елге суырып берген, ерен еңбек, ерлік көрсеткен, мен мұндай едім деп, төсін ұрмаған қарапайым, асыл жүректі бірталай адамдар жөнінде біз о баста жеткізе айтып жүрген болсақ, онда олар ұмытылып, қалтарыста қалып қоймағаны былай тұрсын, ең болмағанда, мазаққа душар болмас еді ғой. Біз бұларды сыйлаамасақ, өзімізді сыйламағанымыз, революцияның дүмпуімен ғасырларды аттап өткен жолымызды сыйламағанымыз. Қазір кейбір жастар коммунизм дәл сол бойымен көктен түсетіндей шалқалақтап, совет өкіметінің әдепкі тарихы жөнінде сөз болса, ой, қойыңызшы қашанғыны, олардың бәрі айтылып болған жоқ па ендігі деп, дандайсыды. Жоқ, қашанғы емес, қазір атом мен космостың дәуірі болса да, революция тудырған Дүйсендер де біздің қатарымызда, сабымызда. Коммунизм құрып жатқан қазіргі жастар үшін Дүйсен тәрізді адам үлгі-өнеге бола алмай ма? Егерде біз бәріміз осы Дүйсендей болсақ, коммунизм біздің сана-сезімімізде әлдеқашан орнайтын іс.

Дүйсен мұғалім болып жүріп, білімім аз деп өкінетін. Онысы рас та еді. Бірақ кейбір қазіргі жоғарғы білімді, мәдениетті мұғалімдер Дүйсен сияқты өз мамандығын сүйіп, жүрек отымен соған берілсе, тамаша болар еді...

«Қымбатты інім, сізге хат жазуымның тағы бір мақсаты – ауылға барып, жаңа ашылған мектептің атын «Дүйсеннің мектебі» деп атауды ұсынғалы жүрмін. Ие, дәл сол қатардағы колхозшы, қазіргі кезде почташы болып жүрген кісінің атымен атауды ұсынбақпын. Сіз де менің осы ұсынысымды қолдасаңыз екен деп өтінемін.

Қазір Москва уақыты түнгі екі. Мейманхананың балконында тұрып, жоғарыдан от жайнаған қалаға қарап, ертерек ауылыма барып, осы кісіге иіліп сәлем беріп, сақалынан сүйсем екен деп тілеймін...»

* * *

Бұл суретті мен әлі салып бітірген жоқпын. Оның қандай болып шығарын алдын ала айту да қиын. Күнде таң сәріден тұрып, бұрын әр кезде



жасаған түрлі вариант-этюдтарымды қайтадан екі-үш рет қарап шығамын да, елең-алаңдағы тыныштықта шарқ ұрып ойланамын. Жоқ, мен әлі ойдағыны тапқан жоқпын, істің бәрі алда...

Бұл сурет өзiрге көңiлдегi тiлек, жүректе толқыған, қан тамырында жүрген елес, қиял, үмiт қана...

Солай болса да, бiтежақ шығарманы ортаға салып, сiздермен кеңесiп тұрған кезiм. Өлбетте, менiң бұл еңбегiм бiздiң ауылдың бiрiншi мұғалiмi, тұңғыш коммунистi, қазiргi кезде хат тасушы болып жүрген Дүйсен ақсақалға арналады. Қайткенде бұл шындықты суретке сыйғызып, қайткенде оның естен кетпес елесiн жоғалтпай, қайткенде сол кездiң күреске толы ұстасқан адамның тағдырын көз алдыма келтiрiп, оны көркем шығарма есебiнде елге тарту ете аламын? Мен бұл суреттi салмауға хақым жоқ. Бiрақ неге мен суретшi болып тудым екен? Бiрде қолымнан түк келмейтiндей өзiмнен-өзiм түңiлiп, тынысым тарылады, бiрде тау қопаратындай: «Көне! Ненi салсам екен? Қалай етсем екен?» – деп, бел шеше кiрiсемiн. Бала кезде ештеңесiн бiлмей жүрiп, маған сиқырлы көрiнген Дүйсен мен Алтынайдың теректерiн салсам ба екен? Төбе басында жай ғана ырғалған қос терек қазiр де көз алдымда. Оның биiк бұтағына шығып отырған жалаң аяқ, жалаң бас, томпақ беттi тентек бала сонау мұнартқан медиенге сұқтанып, самал қозғаған терек күйiн тыңдауда. Бұларды отырғызған жандар кейiнгi жас ұрпақтар өстiп терек басынан аймақты кең көргенiндей, бiлiмнiң шыңына шығып, өмiрдiң тереңiне көз жiберсiн деп тiледi ме екен... Өлде «Ауылдың бiрiншi мұғалiмi» деп, Дүйсеннiң балаларды мектепке ертiп бара жатқанда, бiрiн арқасына мiнгiзiп, екiншiсiн қолына алып, су кешiп бара жатқандағысын салсам ба екен? Өлде Алтынайды поезға мiнгiзiп, алыс сапарға шығарып салсам ба екен? Қысқасы, осындай толып жатқан ойлар, долбарлар, таусылмайтын iзденулер. Бұлардың қайсысына тоқтаймын, салған суретiм қандай болып шығады, мен оны әлi бiлмеймiн. Менiң көзiм жеткен бiр нәрсе ғана бар: ол – талмай, тайынбай iздену.

Қырғызшадан аударған
Қалжан Нұрмаханов



ЗАМАН-АЙ¹

Ұлдарымның қайда кеткен құрығы,
Қыздарымның қайда кеткен бұрымы?
Мейірімге зарықтырған заман-ай,
Туған жердің лайланды-ау тұнығы.

Қайран елім, қайран жерім, қор болған,
Жомарттығы өз басына сор болған,
Жарылыстан көз ашпаған далам-ай!
Заман-ай, Заман-ай!

Неге біздер у ішеміз суаттан,
Неге біздер ажыраймыз тұяқтан?
Туған жерді тоздырғанша, заман-ай,
Неге жерге кірмейміз біз ұяттан?

Қираттық та ата-баба мазарын,
Қасіреттің тарттық енді азабын.
Қоң етіңді ойып берген заман-ай,
Көсілетін көрпең қайда, қарағым?

КӨК БӨРІНІҢ РУХЫ²

Ғасыр өтті,
Басып өтті,
Қосып берді қайғыға қасіретті.
Айға атылған арыстан мерт болды да,
Арда туған арғымақ басы кетті.

Тәуелсіздік!
Бостандық!

ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТ

(1954 жылы туған)



¹ Есдәулет Ұ. Екі томдық шығармалар жинағы. 2 том: Киіз кітап. Ел мен жер жырлары. – Алматы: Жазушы, 2006, 381 бет.

² Есдәулет Ұлықбек. Ғұмыр жас. – Алматы: Раритет, 2012, 38 бет.



Азаттығым!
Баға жетпес бағымсың ғажап құның.
Шам жарығы түсер ме өз түбіне,
Жемісіңді татар ма қазақ бүгін?

Тәуелсіздік!
Азаттық!
Бостандығым!
Атың озсын бәйгеге қосқан бүгін.
Өзің ғана қайтарып беретұғын,
Әділдік пен шындықтың қашқан құнын!

Желтоқсанда жарқ еткен Алты Алашым,
Басыңдағы базарың тарқамасын!
Келер ұрпақ кермалдап кетпес үшін,
Тығырықтан сен бүгін жол табасың!

Қайран бабам белінде балта ұстаған,
Тағдырымен күні жоқ тартыспаған.
Көк бөрінің рухы жүрегімде,
Көктен тусам мен қалай байғұс болам?

Көк түріктің қаны әлі асыл күйде,
Ешқашан да, ешкімге басыңды име!
Ер қазақтың баласы еркін өскен,
Жаралған ғой жаныңмен жасын бірге.

Замандарды көп көріп тар-қысталаң,
Айбалтадай жарқ еттің шарға ұстаған.
Дүниені жібердің жап-жарық қып,
Желтоқсанның жасыны, алғыс саған!



IV бөлім

ЗАМАН, ДӘУІР ТҰЛҒАСЫ

ТАҒДЫР¹

(Роман. Жалғасы. Біқшамдалған)

Екінші бөлім

ТАҒДЫР ТАЛҚЫСЫ

ҚАБДЕШ

ЖҰМАДІЛОВ

(1936 жылы туған)

...Ертеңінде Демежан қайтадан ат жектіріп, тағы екі шанаға астық-ұн тиетіп, кешегі Ырысқанның орнына Бибіні отырғызып алды да, Сарыөлеңдегі Керімбай ауылына қарай аттанып кетті. Ылдиға тіке тартатын төте жол жоқ. Сондықтан жол-жөнекей елді мекендерді шиырлап, біраз ауылдарды басып өтуге тура келген. Жол жиегіндегі кейбір қыстауларға әдейі бұрылып, адамдарымен тілдесіп, күй-жайларын сұрап келеді.

Бірақ кіммен тілдесе де, көңіл жұбанарлық ештеңе таппады. Сол баяғы сүреңсіз тірлік, «Шықпа, жаным, шықпа» деп шиқылдап отырған ел. Қысқы азық қорын жинамай, жылдағыдай өріске сенген көп ауылдар малдан шығын бере бастапты.

Керімбай бұлар ойлағаннан гөрі де қаттырақ ауырып жатыр екен...

Демежандар келгенде, Керімбай оң жақтағы үлкен сүйек төсектің үстінде шалқасынан түсіп,

¹ Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. Т. 7.



сұлық жатыр екен. Бибі екеуі ішке кірген бойда, сырт киімдерін асығыс шеше салып:

– Көке, жағдайыңыз қалай?

– Тәуірсіз бе, аға-еке? – десіп, бірден науқасты қоршап қалған.

Керімбай біразға дейін тіл қатқан жоқ. Баласы мен келінінің қолдарынан ұстап, еңкейген маңдайларынан иіскеді. Сонан соң күш жинап алғысы келгендей, қабағын қинала шытынып, тағы да сұлық қалды. Сырттай сыр бермегенімен, науқасының қаншалық жанға батып жатқанын, оған шыдаудың өзі сұмдық күшке түсетінін аңғару қиын емес еді. Өлден уақытта көзін қайта ашып:

– Өздерің амансыңдар ма? Суыққа ұрынбай, жақсы жеттіңдер ме? – деді әлсіз үн қатып. – Біздің хал осылай болды, балам... Бүйтіп азап тартқызғанша, Алла Тағаладан¹ «Тезірек ал» деп, тілеп жатқан жайым бар.

Үйде бөтен ешкім жоқ. Ажар бәйбіше мен Демежанның Майлық, Сағымжан, Сүйежандай ағалары, жас інісі Өбдірасыл ғана отырған. Бәрінің де бет-әлпеттерінде ауыр қайғымен бірге неге де болса көнген, мойын сұнған шарасыздық бар... Керімбай «Мойныңды бұр» дегендей, Демежанға ишара жасады.

– Саған айтар көп сөзім жоқ, балам. Ұзақ тірлікте ұғар көңіл, естір құлақ болса, өзім білген өнегені айтқан шығармын. Ал айтып үлгермеген ақылды соңғы сағатта сөз етудің не орны бар... Тек мына отырған туыстарыңның көзінше айтарым: артта қалған ел-жұртқа өзің ие бол. «Ендігі басшыларың Демежан болады. Соны тыңдасаңдар, апштан өліп, көштен қалмайсыңдар» деп, мына ұлдарыма да өсиет қалдырдым, – деп, сәл үнсіз жатты да, кеберсіген ернін жалап, қайтадан тілге келді. – Осыдан бір апта бұрын, әл-қуатымның барында, Ши-амбыға хат жазып жібергем. Ел туралы, сен туралы... Басқа не айтайын, қабырғаларың қатты, еншілерің бөлінген. Тек орталарыңда қалып бара жатқан жалғыз шешелеріңді ренжітпеңдер!..

Керімбайдың соңғы рет шешіліп сөйлегені осы ғана. Осыдан кейін өмір мен өлім шекарасында, есі кіресілі-шығасылы күйде тағы екі күн жатты да, үшінші күні таң алдында дүние салды. Сөйтіп, кәрі зәңгі Сымайылмен бірге, түгел Төртуылдың басын құраған алғашқы үкірдайы Керімбай да алпыс жеті жасында бұл өмірден өте шықты. Бұдан арғысы белгілі: жылау, жоқтау, күңірену...

Енді ел азаматтары үшін кейінге қалдыруға болмайтын, талайдың көңілін күпті еткен басты бір мәселе бар. Осыдан тараған соң ауыл ара-

¹ Тағала (араб) – бәрінен жоғары, ең жоғары мәртебелі; Алланың 99 есімінің бірі.



сы шалғай тартып, бас қосу қиындап кетуі мүмкін. Сондықтан Керімбайдың жетісіне дейін оны да бір жайлы ету керек. Ол – үкірдай сайлау мәселесі... Алдымен осындағы зәңгі, елубасылар өздері бір тоқтамға келіп алып, үлкен ұлықтың алдына тас түйін дайындықпен бару керек. Бұл жай әркімнің-ақ тілінің ұшында тұрса да, өліктің беті жасырынбай жатып, ол туралы бірден ашық сөз қозғауға ешқайсысының батылы бара қоймаған. Тек әр рудың адамдары жеке-жеке бас қосып, күбір-сыбыр молая бастады. Қазір күн ұзарып қалған кез, күндіз әрқайсысы өз тобымен көрші ауылдарға барып, «қазан шегелеп» қайтады да, кеште тағы қонақасыларын жей отырып, өзара әңгіме-дүкен құрады.

Демежан бұл күндері атқамінер ел жуандарының күбір-сыбыр көп сөзіне араласқан жоқ. Өке өліміне шын аза тұтып, көкірегін бұған бір шерден арыла алмай жүрген-ді. Қазаның артын күту жөнінде әңгіме болғанда да, билікті ағайындарға беріп, өзін біртүрлі тұйық ұстады. Оны алаң еткен басқа да шаруа жайы аз емес-ті. Қыстан күйсіз шыққан Сарыөлеңдегі мал атаулы сойысқа жарамсыз, арық болған соң, Боздақтағы өз ауылына Диқанбайды неше дүркін шаптырып, бордақыда тұрған әлденеше ту бие, семіз қойлар алдырды... Атқамінер рубасылардың көмейіндегі күлкілді күндік жерден таныса да, алдағы сайлауда мені қолдай көріңдер деп, ешқайсысына жәреукеленіп жалынғысы келмеген.

Қаралы ауылдан қайтпай, осында ошарылып жатқан ағайынның күніне бір уақ сәске кезінде өлік шыққан үлкен шаңыраққа кіріп, аруаққа Құран бағыштайтыны бар. Осылайша Ажар бастатқан әйелдердің зарлы жоқтау жырларын тыңдап қайтады. Сол үрдіс бүгін де қайталанды. Күдері осында келгелі Керімбай қазасына арнап, ұзақ жоқтау шығарған екен. Қазір соны Бибі, Ырысқан бастаған қыз-келіндер қаралы әнге қосып, аңұрған азалы үнмен, келістіре жақсы айтып отыр.

Емілдің бойын жайлаған,
Жағалай бие байлаған.
Ел шетіне сөз келсе,
Халқының қамын ойлаған.

Опасыз мына жалған-ай!
Мамырбек, Еңсе, Жалбағай...
Төрт үкірдай ел бас қосса,
Көкемнің орны толмады-ай!



Осылайша, зарлы-мұңды жырменен Керімбайдай арыстың өмір жолын, халыққа жасаған жақсылығын айтып, оның күні кеше қатар жүрген үзеңгі жолдастарын бір тізіп өтсе, келесі сәтте марқұмның артында қалған ізбасар інілерін, ержеткен ұл-қыздарын еске алып, ел-жұртқа тоқтау-сабыр тілейді...

Ертең Керімбайдың жетісін береміз деген күні ел жуандары таяу маңдағы Тыныбайдың ауылында түстеніп отырған. Бұл жолы әр рудың сорпаға шығар белді адамдары қастарына бөгде кісі қоспай, өздері ғана іріктеліп қалып еді. Демежанды бұл келеге әдейі шақырмай, шағын топ бір оңаша жиын ашқан-ды. Төртуылдың болашақ үкірдайы осы отырыста қалай да анықталуға тиіс.

Бүгінгі сөзді осылардың көбінен жасы үлкен, жорға тілді Ежебай бастап отыр:

– Ал, ағайын, осында Төртуылдың төрт көзі түгел жиналған екенсіңдер. Арысымыз құлады. Жоқтап-жылап жатырмыз. Бірақ онымен қайран Керімбай қайтып келер ме, хан тағына қайтып мінер ме?! Қайғыны қайратқа жеңілдірейік. Басшысыз ел, қосшысыз ер болмайды. Көне, не білген ойларың бар? Сонымен ендігі ел басшысы деп кімді танисыңдар? – дегенді...

– Ау, жігіттер, неге сонша бөгеліп отырсыңдар? Бірдеңе айтсаңдаршы, – деп Ежебай қаузай түскен.

Тек осы кезде ғана қатар отырған Көксеген мен Тыныбай бұдан ары үндемей қалуды лайықсыз көріп:

– Сол жөн ғой, Ежеке...

– Керімбайдың да мұрагерім деп атап кеткен адамы екен. Сол Демежанға тоқтайық, – десті.

Бірақ бұл да көкіректі жарып шықпаған, жай ерін ұшымен амалсыз айтылған сөздер еді. Дегенмен осында отырған рубасылары бұл жолы неде болса, жабулы қазанды сол жабулы күйінде қалдырып, Ежебай айтқан бәтуалы сөзге тоқтайтын ыңғай білдірген...

Дәл осы сәтте манадан бері босаға жақта тықыршып әрең отырған Ысқақ орнынан атып түрегелді.

– Әулие болса, түйенің өзі әулие, оның құмалағы да әулие ме? Мен Демежанға қарсымын, – деді ол безгегі ұстағандай қалш-қалш етіп. – Егер билік басына Керімбай әулетінен біреу отыру керек болса, оның басқа балалары жоқ па? Үкірдайлықты Демежанға тықпалағанша, соларға неге бермейсіңдер?



– Иә, деймін-ау... Не болмаса осы отырған өздеріңнің біреулерің болыңдар. Төртуылда Демежаннан басқа жігіт құрып қалып па? – деп, оны төменірек отырған Байсерке де қостады.

Біреу тынық суға тас лақтырғандай, бәрі аңтарылып әлгі екеуінің бетіне қараған. Аздан соң бұлардікі қиястықпен айтылған қисық сөз екенін аңғарып, отырғандар дабырласып қалды. Ежебай, Тыныбайлар қатар үн қатып:

– Шырағым-ау, Керімбайдың өзге балалары, тіпті, үкірдайлықтан дөметіп жүрген жоқ қой.

Ертеңінде Керімбайдың жетісін беретін күні, анада жаназаға жиналған жұрттың бәрі болмағанымен, біразы қайта құйыла бастаған. Түске қарай бұлар күтпеген қызық жағдай болды. Аймақ орталығы Шәуешектен бірінің артынан бірі екі үлкен топ келіп түсті. Керімбай қыстауының алды аяқ астынан кілең бір арғымақ аттар жегілген су жаңа, күймелі шаналарға толып кеткен. Бұлардың алдыңғысы – Шәнішев бай, Мұрауыт бай, Хасен ақсақал, Ыбырай байбатша, Ешен-Сейіт дамолла бастатқан қаладағы татар-өзбектің білікті адамдары еді. Бұлар және жай келмеген, Шәуешектегі орыс консулы Борнеманның жұмсауымен, Демежанға арнайы көңіл айту үшін келген көрінеді.

Екінші топ – Шихалдай бастатқан жергілікті Маншың төрелері. Қазақ салтына жүйрік Ши-амбы қыр еліне осыларды әдейі жұмсай отырып, Керімбайдың бата оқырына деп, өз атынан атан түйе, тайтұяқ жамбы бастатқан бір тоғыз ақтық салыпты. Бұған қосымша, аймақ әміршісі сайлау өткенше Төртуылдың бар билігі Демежанның қолында болатынын айтып, өз қолымен грамота-хат жолдапты.

Мынаны көргенде, атқамінер ел жуандарының көздері атыздай болып, жүректері қол бойы төмен түсіп кетті. Мұның бәрін Ши-амбы жайдан-жай істеп отырған жоқ, әрине. Мынадай қысылтаяң шақта Демежанның бақта-ластарына әдейі қыр көрсетіп, «Аяз, әліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл» дегенді ишаралап ұқтырғаны. Өзгені қойшы, әшейінде Демежанды атарға оқ таппай жүретін қызыл көз Шихалдайдың жетіп келуін көрмейсің бе?! Ол күні кеше Төртуыл жуандарының арасына жік салып, әрқайсысына «Ендігі үкірдай сенсің» деп, жеке-жеке уәде беріп, жегі құрттай жеп жүрген белгілі Шихалдай емес пе еді? Ол және жалғыз емес, артында айдары тоқпақтай халдайлардың тұтас тобы бар. Ысқақтың қолтығына дым бүркіп, Демежанға қарсы шүйлеп салып жүрген де – сол халдайлар... Бұл жағдайды Ши-амбы сезбей отыр дейсің бе, жеті қырдың астындағыны бол-



жайтын көреген құмалақшыдай, ол да бәрін алдын ала екшеп біліп отыр. Осы жолы Шихалдайды әдейі шақырып алып: «Керімбай аулына менің орныма сен барасың», – деп, күштеп жіберген де – сол үлкен ұлықтың өзі болатын.

Оны былай қойғанда, аттары бүкіл аймаққа мәлім қала байларының мына келісінің өзі неге тұрады?! Әрқайсысы жеке-жеке таразыға түссе, қазақтың тұтас бір руын басып кетпей ме, өздері және жай келмей, орыс консулының сәлемін жеткізіп отырса... Ендеше дәл қазір Демежанды алатын жау жоқ екен. Оған оқ атып, қылыш сермегеніңмен, ештеңе дарымайды.

Төртуыл зәңгілерінің ішінде, тілге шешен болмаса да, табанының бүрі бар алымдысы Көксеген еді. Сол бір әредікте құрдасы Тыныбайды оңашалап:

– Байқайсың ба, істің беті қалай-қалай бұрылғанын? Біздің өнеугүннен бергі әрекетіміз құр тұлыпқа мәңіреген, жай далбаса болып шықты ғой. «Шалатын баланың бөксесі қисық келеді» деп, ұлықтың аузы қалай қисайғанын енді аңғарған шығарсың? – деген-ді.

– Иә, несін айтасың, Керімбай баласының бағы асып тұр екен, – деді Тыныбай қызғанышымен бірге сүйінішін де жасырмай. – Өмірі басы сәждеге тимеген кесіксіз Шихалдайдың өзі бата оқырға келіп отырса, ар жағын сөз етіп керегі не?

– Төбесіндегі тоқпағы мықты боп тұр ғой. «Тоқпағы мықты болса, киіз қазық жерге кіреді» дегенді естуің бар ма? – деп күлді Көксеген.

Расында да, бәрі де сол жұрт күткендей болып шықты. Керімбайдың қырқы берілген соң, көкек айының ортасында Шәуешекте Төртуыл елінің төтенше сайлауы өтті. Бұл кезде желдің қай бағытта соғарын аңдап қалған рубасылары Демежанның маңайына қайтадан үйіріле бастаған-ды. Бұл жолы жеңістің қолдан шығып кеткенін, оны ештеңемен түзетуге болмай-тынын жақсы түсінген зәңгі-елубасылар әзірше сыр алдырмай, үкірдайлыққа бірден-бір кандидат – Демежанға амалсыз дауыс берді.

Бірақ аймақ әміршісі Ши-амбы олардың жәшікке салған шарларын санаған да жоқ. Дауыс беру ресімі өткен соң, мінбеге көтерілді де, бүгіннен бастап Төртуылдың жаңа үкірдайы Демежан деп жариялады. Дүйім елдің көзінше оның басына өз қолымен Маншың өкіметінің уаң¹ дәрежелес шенін білдіретін, көк тасты дулығасын әкеп кигізді.

Алайда ел жуандарының ішінде қат-қабат қатып жатқан мұзды бұл да еріте алған жоқ. Олар, бәрібір, өз үкірдайларының таза Төртуыл болмай,

¹ Уаң – ақсүйек, князь мағынасында.



бойында Керейдің қаны араласып жатқанын кешіре алмаған күйі тарады. Нағыз айықпас жаулық, айқасар кезең алда тұр еді.

Үшінші бөлім

УАҚЫТ КЕРУЕНІ

Бүгін елең-алаңда ертемен атқа қонған Бөке күн бойы тыным тапқан жоқ. Тау бөктеріндегі Абдыра, Ашылы өңірін жайлаған жатақ ауылдарды бір шетінен түре, түгел аралап шықты. Оның бұлай тым суыт жүрген себебі, осыдан бір апта бұрын қазылып біткен тоғанға бүгін-ертең су жіберіп, сынақтан өткізу керек еді. Егер тоған жүлгесімен өзен суы іркілмей, жақсы жүріп кеткендей болса, осы қапталға салған егінді, тым құрыса, бір мөрте суарып үлгерсек деп асыққан жайы бар...

Бөкенің өзі биыл бірнеше жарлы-жақыбай көршілерімен жеке бір ауыл болып, жаз бойы осы тоғанның басын жайлаған-ды. Өр он күн сайын ауысып тұратын жігіттерді ауылдарына қайтармай, әдейі жұмыс басында ұстап, өзі бала-шағасымен соларға ас-су қамдап беріп отырды. Басқаларға үлгі болу үшін, өзінің қайратты үш ұлын да бір күн босатпай, тоған қазу жұмысына аямай салып еді. Мінеки, сол еңбегі ақталды. Жаз бойы жағын жар, тілін кез қылып жүріп, екі ай дегенде, тоғанның тас табанын бітіріп шықты. Бөке қазір бөрінен бұрын Демежанның алдында ұятқа қалмай, өз уәдесін орындағанына риза еді.

Жігіттер сол күні кеш батқанша егіс басында болып, бас арықтан тарайтын кіші жүлгелердің көмейін жөндеді. Ағып келген су атызға бірден жайылатындай етіп, бірнеше жерден құлақ байлап, әзірлеп қойды. Енді тек көмейге барып, тоғанға су салу ғана қалып еді. Бөке кеше сол үшін егін суарудың жайын жақсы білетін Боздақтағы Діқанбайға кісі жіберген. Қас қарая олар да келіп қалды.

Ала жаздай алақандары ойылып, үлкен-кішісі жабыла жер қазып жүріп, әрең бітірген тоғаннан су ағызу – бұлар үшін бір мереке, той іс-петті. Ертеңінде бөрі бас құрап, көмейге қарай бет алды. Бөкенің қараша аулы тоғанның дәл бел ортасында, көмейден екі шақырымдай жерде болатын. Бала-шаға, ер-әйел демей, сол екі аралықты шуға толтырып, аттылы-жаяу шұбырып келеді.

Өзен суын тоғанға бұру үшін, көктемде әдейі қалдырып кеткен екі құлаштай жерді әлі де қазу керек еді. Көмейді жөндеу қиынға түскен жоқ,



қолдарына күрек, кетпен, сүймен ұстаған жігіттер ақтық күштерін жұмсап, жаңағы жерді шай қайнатымға жібермей, қопарып тастады. Бірақ су салатын сәт жақындаған сайын, Бөкенің көңілінен бір қобалжу кетпей тұр. Жас кезінде сан рет күреске түсіп жүргенде де, дәл мұндай абыржып, жүрексінбеген шығар. Бұл тоғанды қазуын қазып бітірді-ау, енді осыдан су жүре ме, мәселе сонда. Салған суы ақпай, сонау бір қайқаңға барғанда, көлкіп, қайта шалқыса, не істемек? Онда жаз бойы ыстыққа қақталған есіл еңбектің зая кеткені де... Сол ойын Диқанбайға айтып еді, ол мұның көңілін орнықтыра сөйледі.

– Көктемде арқан керіп, қапысыз өлшеген сияқты едік қой. Егер сол ізден ауытқып кетпесеңдер, көп кедергі бола қоймас... Одан да тоғанды қандайтын бір малыңды дайындай бер! – деп, құрдасына иек қағып, лекіте күлді.

– Аузыңа май! Осы тоғаннан су жүрді бар ғой, сені май құйрыққа бір тойғызармын.

Көктемде бұлар тоған қаза бастағанда, осы Диқанбайдың ақылымен, өзен суының оң жақ кемерге мол аунаған иіндеу тұсын әдейі таңдап алғанды. Солары дұрыс болған екен. Сырт киімдерін шешіп, балақтарын қара санға дейін түріп алған әлуетті жігіттер көмейде жатқан үлкен тастарды сүйменмен қопарып, арнаға қарай аунатып жіберуі мұң екен, өзен ағысы лықсып келіп, тоғанның көмейін сүйір тілімен бір жалап алды да, содан ары мол екпінмен лап етіп, жөңкіле жөнелді... Сол сәт бүкіл жағалау қуанышты үнге, айғай-шуға толып кетті.

– А, Құдай! Ақсарбас!

– Уа, Диқан бабаның аруағы, өзің қолдай гөр!

– Су-су... Су кетіп барады.

– Біздің де бір тоған суға қолымыз жететін күн болады екен-ау.

– Айналайын, Абдыра-ай, сонша жыл асаудай арқырап ағып жатқанда, жалыңа қол апартпай қойып ең, сенің басыңа да нөқта салдық-ау! – дескен неше алуан сөздер, көңілді күлкі, айғай-сүрен бүкіл шатқалды жаңғырықтырды.

Бір топ бала аққан сумен жарысып, тоғанды жағалай жүгіріп барады. Бөкенің бөйбішесі Қамқа бастатқан қартаң әйелдер мұндай жақсылыққа шашуларын да ала келген екен. Солар көңілді жарқын үнмен:

– Уа, су иесі Сүлеймен, өзің қолдай гөр!

– Қара қазан, сары баланың тілеуіне осылай жөңкіліп аға бер, жарықтығым!



– Жерімізге құт-береке бер! – десіп, дастарқанға түйген құрт-ірімшіктерін тоған бойлата шашып жатты.

Дәл осы кезде Бөкенің үлкен ұлы Қадірбек осы күнге деп әдейі сақтаған бір ақсарбас ісек қойды сүйреп әкеліп, тоғанның ернеуіне жықты да, басын құбылаға қаратып, лөкет пышақпен орып жіберді. Бұл «тоған қандау», «қырман қандау» дейтін егіншілердің ескі ырымы болатын. Оның да ел тұрмысына ене бастағаны ғой.

Ал бұл күнде жасы алпыстан асып кеткен қарт Бөке қуаныштан жылап тұр еді. Бет-әлпеті күлгені, не жылағаны белгісіз бір қызық түрге еніп, кеудесін жапқан мол бұрыл сақалы құйын соққандай тулап кетті. Қарт палуанның қапсағай, ірі денесі баяу сілкініп, екі көзден ытқыған ыстық жас төмен сырғанап келіп, сақалының ұшында мөлтілдеп сәл тұрды да, тоғанның жиегіндегі жас топыраққа тамды.

Қуаныш үстінде желігіп тұрған құрдасы Диқанбай мен тағы басқа әзілі жарасқан егде жігіттер енді Бөкені ортаға алып, өздерінің мұраптарын тоғанға тоғытпақ болған. Бірақ қарттың белі шойрылып жүргенін ескеріп, аяғын суға тигізді де, тез қайта тартып алды. Ал Бөкенің өзі ештеңеден тайынатын түрі жоқ:

– Салыңдар! Аямаңдар... Енді өліп кетсем де, арманым жоқ! – деп, бөріне көне берген.

Осы сәт дуылдаған қалың көпшіліктің арасынан:

– Бөрі осы шалдың еңбегі ғой.

– Осы тоғанды «Бөке тоғаны» деп атасақ қайтеді? – дескен дауыстар естілді.

Бірақ жұрттың шуы басыла берген кезде, Бөке қолымен жайқап, көпшілікті өзіне қаратып алды да:

– Жоқ, жарандар, бұларың қисынға келе қояр ма екен? – деді баяу тіл қатып. – Сендер нағыз жарылқаушыларыңды ұмытып тұрған сияқтысыңдар. Сонша жыл ұлықтармен ұстасып, халдайлармен қақтығысып жүріп, осы суды бізге алып берген – Демежан емес пе еді? Ендеше бұл тоғанды сол азаматтың атымен атайық.

Жиналған жұрт оның сөзін іле қостап, тағы да дуылдасып кетті:

– Иә, айтпақшы, солай екен-ау!

– Табылған сөз!

– «Демежан тоғаны» болсын.

– Қап, бүгінгі мерекеге үкірдайдың өзі қатысса болатын еді! – десіп жатыр...



Кенет көпшіліктің дабыры су сепкендей басылып, бәрінің назары өзеннің арғы бетіне ауып еді. Бұлардың су алған көмейінен қиыс төменірек, қарсы қабақтан Дохалдай мен Бахалдайдың тоғандары басталатынды. Сол тоғанды жағалап жүрген екі салт атты бері таман өрлеп келіп, қазақтардың мәре-сәре боп жатқан мына тірлігіне таңданғандай, аз-кем қарап тұрды да, аттарының басын кері бұрып, төмен қарай жорта жөнелді...

Күн кешкіріп кеткендіктен, Диқанбай бұл ауылдан бүгін де қайтпай, қонып қалып еді. Оның үстіне Бөке де қолқа салып:

– Ісіміздің шалағай екенін өзің де байқадың ғой. Ертең егіс басына барып, тағы бір рет көріп қайт, – деп, оны жібермей, алып қалған.

Ел жатарда бұлар аттарын отқа қою үшін далаға шыққан-ды. Ай қорғалап қалған өліараның кезі болатын. Бір мезгілде төменгі жақтан әлдекімнің түн тыныштығын бұза, тасырлатып шауып келе жатқаны байқалды. Қастарына келгенде таныды, мана егіс басында қалған Бөкенің ортаншы ұлы Садырбек екен. Ол аттан түспеген күйі, ентігін баса алмай:

– Не боп қалды? Тоғанның бір жерін орып кеткен жоқ па? Су мүлде құрып қалды ғой! – деді абыржи тіл қатып.

Бөке мен Диқанбай да ештемеге түсінбей, таңырқасып тұр. Сәлден соң үшеуі аттылы-жаяу аяңдап, қырық-елу қадам жердегі тоғанның қасына келді. Міне, қызық! Манағы тоған толы су сарқылуға айналып, табанында болар-болмас бірдеңе жылтырайды.

– Бұл қалай болғаны? Өлде тасқын келіп, тоғанның көмейін бұзып кетті ме? – деді Бөке таң-тамаша болып.

Диқанбай одан гөрі дәлелдірек пікір айтты.

– Олай болмас. Тасқын келген күннің өзінде де тоғанның суы бұлайша сарқылмауға тиіс. Мынау адамнан келген іс қой. Біреулер байлап алған шығар, дәу де болса...

– Кім байлауы мүмкін?

– Кім дерің бар ма... Халдайдың кісілері мана торуылдап жүрген жоқ па еді? Солардан-ақ келді.

– Жауыздар-ай!.. Құдайдың иен тегін ағып жатқан суын да аяды-ау бізден! – деп, Бөке күңіреніп кетті.

– Қой, бұлай тұра бергеннен не шығады? Не де болса, көмейге барып көрейік, – деді Диқанбай.

Үшеуі атқа қонып, қастарына тағы бір-екі жігіт ертіп, тоғанның басына қарай аяңдады. Диқанбайдың қаупі расқа шықты. Бұлар жақындай бергенде, сол тұстан аттардың пысқырынғаны, біреулердің дабырласып



сөйлескені естілді... Олар да кім келер екен деп, күтіп отырса керек, аттылар арқан бойы таяп қалғанда:

– Бұл кім? Жөндерінді айтыңдар! – деген әмірлі дауыс естілді. Бұлар тоқтамай, жүре берген.

– Жақындамаңдар!.. Атып тастаймын! – деді жаңағы дауыс бұрынғыдан да қатайып. Өлденені сақырлатып, мылтық шақпағын қайырып жатқаны байқалды.

– Мынау Дохалдайдың інісі Бужыңха ғой... Бұл қаныпезер кісі өлтіруден тайынбайды, – деді сөйлеп тұрған адамды даусынан таныған Садырбек.

– Өздерің кім боласыңдар?

Алда келе жатқан Бөке атының басын тежеді.

– Біз халдайдың кісілеріміз... Сендер мұнда не қып жүрген адамсыңдар?

– Біз осында егін суарып жүрген қазақтармыз. Түн жамылып келіп, суымызды байлап алғандарың не, шырақтарым-ау?

Қарсы жақтың қарасы он шақты адамнан кем болмас. Өлгі сөзді келемеждеп, оқырана күлгендері естілді.

– Сендер ме егін суарып жүрген? Қазаққа нанның не керегі бар? Айрандарыңды ішіп, құрттарыңды қажалап жүре бермейсіңдер ме? – Ха-ха-ха!

Қарқылдаған күлкілері түн тыныштығын бұзып, тау-тасқа жаңғырықты.

Бөке не істерін білмей, дағдарып тұр. Аузына сөз түспей, аз бөгеліп барып:

– Бұларың көпе-көрінеу зорлық қой, ағайындар-ау! Біздің қолымызда да өкіметтің рұқсат қағазы бар, – деп, тағы да алға таман жүре түскен.

Сол сәт тарс еткен мылтық даусы естілді де, зуылдап ысқырған оқ түнгі ауаны тіліп өткендей болды.

– Мен не айтып тұрмын? Жақындама деп ескерттім ғой сендерге... Осы қазір оққа ұшайын демесеңдер, бұл жерден тез тайыңдар!

Қазақтар, амал жоқ, аттарының басын кері бұрды. Бірақ Бөке үндемей кетуді лайықсыз көрді білем:

– Жарайды, сендермен ертең сөйлесеміз, – деді өзінше айбат шегіп. – Естеріңде болсын, бұл қылықтарың үшін әлі жауап бересіңдер.

– Сөйлессек, сөйлесерміз. Демежан ғой – сеніп отырғандарың. Оны да көріп алармыз! – деді Бужыңха мардамси күліп. – Сендердің қағаздарың күшін жойған... Қазаққа қағаз алып берген Ши-амбының өзі қайда кеткенін білесіңдер ме?



Бұдан ары кермалдасып тұрудың орны жоқ. Жігіттер иіндері түсіп, ауылға қайтты. Манағы тасып-төгілген қуаныш-шаттықтан із де қалмай, соның бәрі тоғандағы сумен бірге сарқылғандай болып, ауыл үстін көңілсіздік жайлап алды. Садырбек, Жұмабектей қайратты жас жігіттер ызадан жарылардай болып, жаралы аңдай тістерін шықырлата береді. Бөкенің өзі де істер амал таппай, сенделіп тұр.

– Апыр-ай, тым құрыса, тағы бір күн шыдай тұрмады-ау! Құраған егіннің таңдайына енді ғана нәр тамызғандай болғанда, күре тамырымызды қиып кеткенін қарашы! Диқанбай-ау, енді не істейміз? Ақылыңды айтшы, – дей береді әлсін-әлі.

Бір қызығы, Диқанбай мұндайда көп ойланып жатпайды. Оған бәрі айқын, күні бұрын ойластырып қойған тәрізді.

– Бұған не ақыл айтатыны бар? Сен екеуіміздің сөзімізді қыстырайын деп тұрған біреу бар ма? Дереву Демежанға кісі жіберу керек. Таңбалы қағаз да үкірдайдың өзінде ғой. Ел ағасының өзі келмейінше, ештеңе шешілмейді, – деді ол сабырлы қалпын бұзбай.

Осы түнде, таң атуын күтпей-ақ, Бөкенің үлкен ұлы Қадірбек тың ат тауып мінді де, жайлауға қарай аттанып кетті. Ол түні бойы тынбай жүріп отырып, ертеңінде түс кезінде Ойжайлауда отырған Демежан ауылына аты болдырып, әрең жетіп еді. Өсеттер аттанып бара жатқанда, көш жолынан бері құлаған жалғыз қара осы Қадірбек болатын...

Демежан одан егіс басында болған жайды тәптіштеп көп сұрады. Қадірбек те көрген-білгенін жіпке тізгендей түгел баяндап, әкесінің айт деп тапсырған сәлемін қоса жеткізді. Егіннің құрап тұрғанын, жаңа тоғанның суы егіс басына енді жете бергенде, халдайлардың істеген зорлығын, амалы құрыған егінші жұрттың үкірдайдан бір жәрдем бола ма деп, төрт көзбен күтіп отырғанын да жылағандай болып, жасырмай, түгел айтып еді.

Демежан бұған бөлендей таңданған жоқ. Алда осындай бір текетірестің боларын білген адам тәрізді. Тек қалың ойға батқан кездегі әдетімен, бірталайға дейін тіл қатпай, мұртын тістелеп, отырып қалды.

Иә, халдайлардың қайтадан күш алып, бас көтере бастағаны рас болды. Бұрын мұндайды тектеп, таразыны тең ұстап отыратын Ши-амбы болса жоқ, енді не істесек те, билік өз қолымызда дегені ғой... Мұндайда не істеу керек екен? Үндемей қалсаң, қорыққаның болып шығады. Бұға берсең, сұға береді... Енді аянатын не қалды өзі? Қиын қылса, басыңдағы мансабын алар, бірақ Демежан кеше өзі дем берген еңбекші бұқарасын жылатып



қойып, бастаған ісін орта жолда қалдыра алмайды ғой. Айқасатын адамы Дохалдай екен. Осы жолы не де болса, бір шайқасып көретін шығар...

Қазақтың да халық екенін, іргелі, намысты жұрт екенін көрсететін уақыт жетті емес пе?! Зорлық жасап, заңды бұзып отырған – халдайлардың өзі ғой. Ендеше бұқпантайлап, қорғана беретін не бар?..

Ол, ең алдымен, бір-екі кезең астында тақау отырған Байғара-Жауғаштың зәңгілері Тыныбай мен Түсіпті шақыртып алды. Бұл екі зәңгі де қанша бұлаң құйрық, майысқақ болғанымен, ел атына мін болар намысқа шаппай, тұра алмады. Бұлар сол күні-ақ Ойжайлау, Балажайлау, Жуантөбе, Қайрақтыда иін тіресіп отырған қалың Байғара мен Жауғашқа, Ақболат пен Шөтік ішіне, сонау қиырдағы Қараменде мен Баймұратқа қос-қос атпен кісі шаптырды. Сол шапқыншы-жаушылар арқылы әр рудың зәңгісі мен елубасыларына: «Әрқайсысы қастарына ат-көлігі, сойыл-шоқпары сай қырық-елуден қарулы жігіт ертіп, екі күннен қалмай, Абдыра аңғарынан табылсын!» деген тығыз бұйрық жөнелтті.

Астына тың ат беріп, қасына кісі қосып, сол күні Қадірбекті де кері қайтарған. «Бүкіл ойдағы жатақ ауылдар бұт артар көліктеріне мініп, балта-найзасын сайлап, айқасқа әзір тұрсын» деп, Бөкеге де арнайы сәлем жолдады.

Ертеңінде қасына жүз қаралы сайдауыл жігіт ертіп, Демежанның өзі де ойға қарай бет алған. Сол күні бесін ауа тоғанның көмейінде отырған Бөкенің ауылына келді. Өзірше қасындағы адамдарды ел көзіне түсірмей, бөктердегі жатақ ауылдарға таратып жіберді де, өзі мұнда оншақты кісімен ғана келіп еді. Бөкеден мән-жайды сұрастырғанда, халдайлардың әлі де көмейге күндіз-түні қарулы күзет қойып отырғаны мәлім болды.

– Мен әлі олармен жүздескен жоқпын ғой. Бір рет Дохалдаймен сөйлесіп, алдынан өтейік. Тілге көнсе, көнді, көнбесе, өз обалдары өздеріне! – деді Демежан жұртқа ақыл сала сөйлеп.

Ол өз тобына Бөкені қосып алды да, сол күні-ақ жақын жердегі Дохалдайдың зәйімкесіне қарай бет түзеді...

Демежандар келгенде, Дохалдай бірнеше арбамен егіс басынан жоңышқа тасытып, малайларына маялатып жатыр екен. Өзі тоқпақтай айдары арқасында шұбалаңдап, екі қолын артына ұстаған күйі әркімге бір зекіп, бұйрық беріп тұр. Қастарына келген салт аттылар тобын көрмеген, көрсе де, елемеген сыңай танытып, күжірейген бұқа мойнын бұл жаққа бұра қоймады. Өдейі намысқа тиіп, қазақтардың қырын сындырып, қорлағысы келген түрі...



Бұдан ары үнсіз тұра беруге Демежанның да төзімі жетпеді. Қысасқа – қысас. Бұл да оны көрмеген, көрсе де, танымаған болып, ер үстінен сәл көтерілді де:

– Маған Дохалдай деген керек еді. Көздеріңе түскен жоқ па? – деді бау-бау жоңышқаны маяның үстіне лақтырып жатқан жігіттерге дауыстап.

«Әлі күнге дейін Дохалдайды танымайтын бұл қайдан жүрген адамдар?» дегендей, малай жігіттер бұларға таңдана қарап, қасында тұрған қожайындарын иегімен нұсқады.

– Е-е, Дохалдайдың өзі мұнда тұр екен ғой, – деп, Демежан оған енді ғана назар салған. – Ау, халдай, бері таман келсейші. Сен не, кейінгі кезде естімейтін, көрмейтін болғансың ба?

Малайларының көзінше айтылған мынадай өктем сөзге Дохалдай, әріне, шамданып қалды. Қап-қара боп түтігіп, бері таман келді де:

– Кім мені тергеп тұрған? – деді екі қолын артына ұстаған күйі аттылардың бойынан асыра қарап. – А-а, Демежан, сен екенсің ғой... Не керек саған? Халдайлардың үкірдайға бағынбайтынын ұмытып қалғансың ба?

– Мен мұнда шен салыстырғалы келгем жоқ. Сенде сөзім бар. Бері таман кел, – деп, Демежан аттан түсіп, шылбырын шабарманына ұстатты да, өзі Дохалдайды оңашалай берді.

Халдайлар да қамсыз отырмаған секілді. Кең ауланың ішінде ерттеулі аттар тұр. Сол маңда жасырып қойған қарулы жасақ бары байқалады. Демежан соларды көз қиығымен бір шолып өтті де, келген шаруасына көшті.

– Ал, халдай, сен енді кетеген түйе бастанбай, сөз тыңда. Біздің елдің ұзақ жыл ізденіп жүріп, бір-екі тоған суға өкіметтен рұқсат алғанын білесің. Көп жыл көрші отырған ағайынбыз. Қазақтар да осы өздерің сияқты егін салып, отырықты ел болғысы келеді. Жатақ ауылдар жаз бойы тоған қазып, енді егіндеріне су жіберейін десе, сенің адамдарың көмейді тас байлап алып, қарумен қорқытып, маңына жан жолатпай тұрған көрінеді. Мұны қалай түсінеміз? Мен осының мәнісін өз аузыңнан ұғынып, әдейі алдыңнан өтейін деп келдім...

– Егер келген шаруаң сол болса, оған бола, аузыңды ауыртпай-ақ қой, – деп Дохалдай оның сөзін бөліп жіберді. – Абдырадан су дөметуші болмаңдар. Ол – ежелден біздің әулетке басы бүтін тиген енші ғой. Өкімет қазаққа егін салдырам десе, басқа жақтан жер-су тауып берсін.

– Солай ма? Мұндай егеске бармасақ қайтеді?.. Іргелес отырып, араздасқанымыз жараспас. Береке-бітімге келейік, – деп, Демежан әлі де татулыққа шақырып көріп еді. Бірақ Дохалдай:



– Жоқ, мұндайда береке болуы мүмкін емес, – деп, арғы жағын тыңдағысы келмей, тағы да орта жолдан киіп кетті. – Қазақтың алдындағы малы сияқты, жер мен су да – біздің байлығымыз. Мәселен, мен сенің жылқыңды рұқсатсыз бөліп алып, айдай жөнелсем, қалай қарар едің? Бұл да сол секілді.

– Мал – әркімнің еңбекпен жиған дүниесі. Ал Абдыра – Құдайдың жаратқан өзені ғой, – деді Демежан. – Сен де сол Абдыраның суын түгел пайдаланып отырған жоқсың. Өзіңнен артылып, айдалаға, құрдымға сіңіп жатқан суды аяйсың ба?

– Жоқ, сөз осымен бітті... Су берілмейді. Абдыра менің меншігім екен, мен оны сатам ба, далаға ағызам ба, кімнің қанша шаруасы бар? Бәрі айтылды ғой. Енді оны қайта-қайта езе бергеннен не шығады? – деп, Дохалдай кетуге ыңғайланған.

– Сен, халдай, шыбындамай тұра тұр! – деді Демежан оның алдын бөгеп. – Байқа, біз де қарға да болса, халықпыз... «Асты қорлама – құстырады, халықты қорлама – тыштырады» деген мақалды естуің бар ма? Сен әлі өзің сұрап алған аурудың емін таба алмай жүрме!

– Сен мені өйтіп қорқытпа! – деді Дохалдай кекете езу тартып. – «Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп жүріп, құлағынан айырылыпты» дегенді де қазақ айтпап па еді? Өздерің төп-тәуір мақал шығарасыңдар да, соған құлақ аспайтындарың не?... Шаңыраққа қараңдар: ел кімдікі, жер кімдікі? Соны біліп барып, сөйлеңдер.

– Ақырғы сөзің осы ғой, Дохалдай?

– Осы-ақ!

– Онда өз обалың өзіңе... Тарт аттың басын!

Демежан бұдан ары бөгелген жоқ. Шабарманы көлденең тарта берген торы төбелге лып етіп тез мінді де, өз тобын бастап жүріп кетті.

Бұлар сол күні Бөкенің аулында аял жасап, арттағы елден хабар күтті. Жағдай белгілі: екі жақтың бір айқассыз тарамайтыны айқындалып қалған. Түні бойы жан-жақтан шапқыншылар келіп жатты. Жайлаудағы әр ауылдан сайланып шыққан жігіттер таяу жерге келіп, үкірдайдан бұйрық күтіп тұрған көрінеді... Астыртын жеткен хабарға қарағанда, бұл кеште халдайлар да қарап жатпай, бір-біріне кісі шаптырып, қол жинап жатқаны мәлім болды.

Ми қайнатқан қырық күн шілденің аптапты ыстық күндерінің бірі еді. Аспанда теңгедей бұлт жоқ. Күн көзі бүгін де мыс табақтай балқып, көкжиектен енді көтеріліп келе жатқанда, Демежан, Тыныбай, Бөкелер



қырық-елу адаммен тоғанның көмейіне қарай бет түзеді. Бұлар, негізінен, кешеден бері Бөкенің төңірегіне жиналып жатқан жатақ ауылдардың жігіттері болатын. Араларында бір атқа екі-екіден мінгескендері, өгізге, тай-байталға мінгендері де бар. Өйтеуір, қолдары құр емес, айыр, балта, сойыл, шоқпар ұстап алған. Жер үшін жарғыласып, су үшін соғысуға өзір, нағыз өліспей беріспейтін жанкүйер топ та – осылар... Ал Демежан қыр елінен жиналған қалың қолды әзірше бұл топқа қоспай, бір белдің астында, ұрымтал жерге жасырын ұстап отырғанды. Олар да қазір жота-жотаға қарауыл қойып, белгі берілсе-ақ болғаны, лап қоюға дайын тұр.

...Тоған басындағы күзет кетпепті. Қайта екі-үш есе көбейе түскені байқалады. Сырт қаралдысы жиырма-отыз адамнан кем болмас. Демежандар жақындап келгенде, олар да аттарына мініп, қарбаласып қалды. Он шақты кісінің қолында мылтық бар. Қалғандары айбалта, сүңгі, шоқпармен қаруланыпты. Бәрінің алдында биік торы аттың үстінде мылтығын ерінің қасына көлденең салып, Бужыңха тұр. Келе жатқан ала шобыр, шоқыт топты менсінбей, мардамсып биіктен қарайды.

Қазақтар іркілмей, суыт жүріп келіп, есік пен төрдей жер қалғанда, тізгін тартты. Мына топтың ішінде Дохалдайлар көрінбейді. Көпшілігі – Бужыңха төрізді халдайлардың жас мырзалары, солардың сойылын соққан сібе-солаңның алкеуде, содыр жігіттері... Демежан бірінші боп тіл қатты:

– Мен кеше сенің ағаң Дохалдайға мән-жайды түсіндіріп айтқанмын, – деді ол Бужыңхаға бұрылып. – Мына жұрттың жұмысына кедергі жасамай, тез кетіндер бұл арадан. Өйтпесе, арты жанжалға айналуы мүмкін.

Бужыңха қасындағы серіктеріне бұрылып, өз тілінде бірдеңе айтып еді, аналар ашық мазақ етіп, дарақылана күлді.

– Біз жанжалдан қорықпаймыз. Соғысқыларыңыз келсе, қызметіңізге дайынбыз, – деді Бужыңха алдындағы мылтықты қолымен сипап қойып.

– Төбелес ешқайда қашпас, алдымен тілге келейік. Бәлкім, сойыл сіл-тесіп жатпай-ақ, бітісетін шығармыз.

– Мен ештеңе білмеймін, – деді Бужыңха. – Бітім керек болса, әне, халдайлар келе жатыр, солармен сөйлесіңіз.

Демежан жайлап артына бұрылған. Ананың айтқаны рас екен, Абдыраның ар жақ қабағын кенерелеп, қалың нөпір қол келе жатыр. Бір өңкей баран атқа мініп, қараң киім киген, сайдың тасындай сайдауыл топ. Ұзын-ырғасы жетпіс-сексеннен кем болмас. Өлгілер арғы қабақтан бері түсіп, тау өзенінің жайылмалау бір тұсынан кешіп өтті де, осылай қарай



тура тартты. Ең алда түйедей қара арғымаққа мінген Дохалдай, оның екі жағында үзеңгі қағыстырып, Бахалдай мен Кехалдай, Тухалдайлар келе жатыр. Халдайлар екпіндей суыт жүріп келіп, өз тобына қосылды да, қарсы жаққа сонан кейін ғана назар салды.

Олардың қазіргі жиыны жүзге жуық адам еді. Көбінің мойындарына асып алған мылтықтары бар. Жатақ ауылдардың құранды, шоқпыт тобын көзге ілмей, саңмүйізденіп тұрғаны белгілі. Мейманасы тасып, әспенсіген Дохалдай бірінші болып өзі соқтықты:

– Иә, үкірдай, тағы келіп қалғаның ба? – деді Демежанға жоғарыдан мүсіркей қарап. – Кеше саған бәрі ескертілген сияқты еді ғой. Бірдемеге ұшырамай тұрғанда, тарасандар қайтеді? Әйтпесе, көріп тұрсың ғой, арты өте жаман болады.

– Мен сол сөзді саған айтайын деп тұр едім, – деді Демежан. – Төбелес шықпасын десең, мына бөлтіріктеріңді ал да, кет осы арадан... Өздерің пәле қумасаңдар, біз жанжал іздеп тұрғанымыз жоқ.

– Ал пәле қусақ ше?

– Онда нағыз майдан болады. Бүгін не бел кетеді, не білек кетеді.

– Мыналармен бе?... Қырарсыңдар! – Дохалдай қазақтардың тобына қарап, қарқылдап күлді. – Текке қан боласыңдар ғой... Сендерге жаным ашыған соң айтып тұрмын. Біздің жігіттер бүгін тым ашулы. Біреулерің оққа ұшып кетсеңдер, қашан айттың деме, мен жауап бере алмаймын.

– Е-е, сен мылтығыңа сеніп тұр екенсің ғой. Халықтың қаһарына жолығып жүрме, Дохалдай. Білесің ғой, халық қозғалса қалай болатынын!

Осы кезде манадан бері үнсіз тұрған Кехалдай қалтасынан күміс баулы сағатын алып қарады да:

– Осылармен тәжікелесіп тұрамыз ба? Естерінен шықпастай етіп сабап, айдап тастаңдар! – деді ат үстінде шірене түсіп.

Бірақ Дохалдай асығар емес. Әлі де ашық мазақ етіп, қорлай түсуді ниет еткендей:

– Сенің халық деп тұрғаның – мыналар ғой. Мен мұндай қиынды-жиындыны халыққа санамаймын, – деді ол Демежанға қарап. – Қазір сенің соңыңнан еретін Төртуыл табыла қояр ма екен? Сен бұл елге алдымен өз басыңды сыйдырып ал.

– Ауыл иті ала болса да, бөріні көргенде, бірігіп кететін. Қапы қалып жүрме, халдай!

– Мен жаңа айттым ғой: осы қазір оққа ұшайын демесең, мына жалаңаяқтарыңды жинап ал да, аманыңда жолыңа түс.



– Ендеше өз обалың өзіңе! Мен саған көрсетейін – халық қаһарының қандай болатынын!

Демежан соны айтып, атының басын бұра берді де, қасында тұрған Бөкеге ым қақты.

Халдайлар бұларды кетеді деп ойласа керек, өздерінше қорқыттық, жеңдік деп масайрап қалған-ды. Сол кезде Бөке топтан бөлініп, өзеннің қабағына шауып шықты да, атын ары-бері ойқастатып, атой берді. Бұл – әр төбенің басында қарауылдап тұрған жігіттерге көрсеткен шартты белгі еді. Сол белгінің берілуі мұң екен, жерден шыға келгендей, маңайдағы қырат-қыраттың басынан қалың нөпір салт аттылар көрінді де, таудан домалаған қорым тастай, осылай қарай лап қойды. Жиыны бес жүз қаралы кісі аралда тұрған шағын топты жан-жақты қусырып, қоршай шауып келеді.

– Я, аруақ!

– Қабанбай-Қабанбай!

– Баймұрат-Баймұрат!

– Ұрып таста! Сілейте соқ иттің балаларын! – деген айғай-сүрең құлақ тұндырады.

Бұл тек Абдыра тоғаны үшін болған айқас емес, ұзақ жылдан бері беріш боп жиналған ыза мен кектің, халдайлардан көрген қорлық пен зорлықтың атойлап сыртқа шығуы еді...

Халдайлар мұндайды күтпесе керек. Қапелімде мылтық атуға да шамалары келмей, естері шығып, ұйлығып қалды. Бұл кезде манадан әрең шыдап тұрған жатақ жігіттері де таяу жерден жолбарысша атылып еді. Олар аттылы-жаяу қаптап араласа бергенде, құйындата шапқан аттылардың алғашқы легі де жетіп, айқаса тиген сойыл-шоқпардың сатыр-сұтыры естіліп те қалған-ды.

Демежанның да қарап тұруға дәті шыдамай, өгізге мінген бір жатақ шалының қолындағы қара сойылды ала салып, ұрыстың қызу ортасына араласып кетті. Бұрын мұндай ат үсті шайқасына қатыспаса да, тұла бойын кернеген ашу ештемеге қаратар емес. Кекпен сілтенген қарулы қол, өне-міне дегенше, қарсы жақтың бірнеше адамын тізеден қағып, шүйдеден соғып, ұшырып түсірді... Халдайлар мылтықтарын аспанға атып, құр доңайбат көрсеткені болмаса, ешкімді көздей атуға жүректері дауаламады. Тек қалың қоршаудың арасында қалған Бужыңха ғана өз нысанасын жан ұшыра іздеп жүр еді. Ол бұдан бір ай бұрын қапы кеткен қарымтасын осы жолы қалайда қайтаруы керек-ті. Алайда қара құрым көп адамның ара-



сынан біразға дейін Демежанды нысанаға іліктіре алмай, қор болды. Бір кезде қалың қыспақтан жан дәрмен сытылып шығып, Демежанды көзімен іздеп тауып, ту сыртынан мылтығын кезей берген-ді. Бірақ атып үлгермеді. Оң жақ қарын қырқа тиген Бөкенің қара сойылы Бужыңханың қолындағы мылтықты ұшырып түсірді.

Бұл сәтте түс-тұстан атойлап шапқан ауыл жігіттері түгел жетіп, халдайлардың шағын тобын селдей жапырып өте шыққан. Қарсыласуға мұршаларын келтірмей, алдымен мылтық ұстағандарды ұрып түсірді де, қалғандарын да көзді ашып-жұмғанша ұйпап жіберді. Тегіс аттан түсіріп, қаруларын тартып алып, қарсыласқандарын тырыстырып байлап тастады... Демежан осы кезде ғана ес жиып, тыныс алғандай болып еді.

– Бұзыңдар тас бөгетті! Суды өзіміздің тоғанға салыңдар... Халдайлардың ет қызуы басылсын, бір-бірден өзенге апарып тоғытыңдар! – деді ол ат үстінде ақыра бұйрық беріп.

Осы сөздің ауыздан шығуы мұң екен, жұрттың біразы тоғанның көмейіне қарай ұмтылды да, Бөкенің палуан ұлдары Қадірбек, Садырбек, Жұмабек бастаған жатақ жігіттері Бахалдай мен Кехалдайды, Бужыңхасияқты тағы бірнеше сібенің жас мырзаларын қарсыласқандарына қарамай, сүйреп апарып, өзеннің иіріміне тастап-тастап жіберді...

Халдайлардың арасында қара күшке мығым, диюдай қайраттысы Дохалдай екен. Бірме-бірге келгенде, ешкімді беттетпей, жан ұшырып, қатты қарсыласты. Жігіттер халдайға жабылып кетіп, сүйрелеп, өзенге қарай апара жатқанда, ол кенет әлгілерді сілкіп тастап, тұра қашты... Демежан бұл кезде аттан түсіп, сүмірейіп, судан шығып жатқан халдайлардың қызығына қарап тұрған-ды.

– Ұстандар Дохалдайды! Бөле басы – сол ғой. Өзін желкелеп отырып, менің алдыма алып келіңдер! – деді ол ақыра дауыстап.

Жігіттер қашқын халдайды құтқарған жоқ. Лезде тарпа бассалып, қолын артына қайырды да, үкірдайдың алдына сүйрелеп алып келді.

– Дохалдай, сен кеше батыр сияқты едің ғой. Бүгін қашып бара жатқаның қалай? – деді Демежан мұртынан күліп. – Ал сөйлеші, көне, халық қаһары қалай екен?

– Сен бізді қапыда алдап соқтың. Бұл адалдыққа жатпайды, – деді Дохалдай қалш-қалш етіп.

– Халдайға қол көтергенің үшін сен әлі жауап бересің!

– Солай ма? Ақыры, жауап береді екенмін ғой, сенен келген керді бір-ақ көріп алайын... Жігіттер, жығыңдар мына иттің баласын!



Жұмабек сөзге келген жоқ, Дохалдайды жағасынан сілке тартып, шөке түсірді де, төрт тағандатып, желкесінен басып тұрды. Демежан желең шапанның ішінен буынған күміс кісеге қолын апарды да, қында тұрған болат пышағын жарқ еткізіп суырып алды. Дуылдаған қалың ел бір сәт тына қалған. Үкірдай ашу үстінде халдайды кеңірдектен орып жібере ме деп, бөрі де қатты тіксініп қалып еді. Қасында таяу тұрған Тыныбай да солай ойласа керек.

– Үкірдай, есіңізді жиыңыз! Осы пәленің қанына ортақ болып қайтесіз... Маған қишы бір жолғы ашуыңды!– деп, араша тілегендей көлденеңдей берді.

Бірақ Демежан оның сөзін тыңдаған жоқ. Тыныбайды қолымен жасқап, былай таман ысырды да:

– Қорықпа... Арам неменің қанына қолымды былғап қайтейін? Көптен бері осы иттің айдарына көзім түсіп, қатты қызығып жүруші ем. Мұны құтыртып жүрген – осы айдар ғой. Мен қазір бұл иттің қарағайдай мүйізін қағып алайын! – деп, Дохалдайдың сәл бурыл тарта бастаған жуан бұрымын тұтамдап ұстады да, тай күзегендей дәл түбінен борт еткізіп кесіп алды. Сонан соң қолындағы айдардың өріміне жылан ұстағандай жирене қарап сәл тұрды да, дәл қасында толқынданып ағып жатқан Абдыранның суына атып ұрды.

– Бұдан гөрі басымды кескенің артық еді ғой. Енді мені тірі қалдырмай, бауыздап таста! – деді жігіттердің қолынан әлі де босамаған Дохалдай ышқына қырылдап...

Сірә, адам баласы өз өмірінің биік шыңына оқта-текте ғана бір көтерілетін болуы керек. Дәл қазір Демежан да өзінің сондай биікте тұрғанын сезінді. Бұдан кейін алда не күтіп тұрғанын кім білсін, әйтеуір, осы сәт көптен жанын жегідей жеп, маза бермей жүрген бір арманының орындалғаны анық. Сол үшін қандай жаза тартса да, разы еді. Артында осының бөріне куә болып, рухы көтерілген қалың ел қалса, көп бейнетпен келген мына тоғандағы су енді сарқылмай, ағып жатса болғаны. Одан арғысы күл болмаса, бүл болсын!

– Жігіттер, мыналардың қаруын түгел сыпырып алыңдар да, өздерін босатып қоя беріңдер. Алар сыбағасын алды ғой... Енді осы тойғандарымен барсын, – деді ол көпшілікке қарап.

Бір тәуірі, екі жақтан да адам шығыны жоқ екен...

Сол күні рухы бір көтерілген қазақ жігіттері жаңа тоғанның басында бір көкқасқаны айтып сойып, жеңіс қуанышын тойлады. Абдыра аңғарын



ұлы жиын, топыр етіп бірер күн думандатып жатты да, ертеңінде көрген қызықтарын айтып тауыса алмай, ауылдарына тарады.

Бұл жаңалық арада бір апта өтпей, бүкіл Құлыстай өлкесіне жайылды. Дос сүйінді, дұшпан күйінді. Демежанның есімі аңызға айналып, ауыздан-ауызға көшті. Бұрын алақандай егістік жерге, бір тамшы суға зар болып жүрген жарлы-жақыбай, қалың еңбекші жұрттың Демежанға деген алғыс-тілегі, тіпті, бөлек еді...

Ал осы сәтте Демежанның бақкүндес жаулары бұл оқиғаны өздерінше жорып, оған сырттай тон пішіп, сан-саққа жүгіртіп жатты.

– Бөлемнің сүрінген жері осы болған екен!

– Енді құтылмастай болып, қанды қақпанға мықтап ілінген екен...

– Халдайлар оны тегін қалдырмас. Енді ұлықтың да сары ізіне түсіп, ұстасатыны Демежан болар.

– Шоқ-шоқ! Тым асып кетіп еді... Өзіне де сол керек! – десіп, талайдың қыбы қанып, табалап жатты.

Қалай деген күнде де, осы оқиғадан кейін Демежан басына бұлт үйіріліп, әлдебір зауалдың төніп келе жатқаны анық еді. Алда немен тынары белгісіз, алмағайып, ауыр күндер.

Төртінші бөлім

ДАР АҒАШЫ

...Құрылысы былтыр басталған екі кластық мектеп үйі биыл жазда зорға біткен-ді. Өткен жылы медресе бітірген бір жас мұғалімді осында көшіріп әкелгеніне де біраз уақыт болған. Сабақ басталатын кез өтіп барады. Демежанның өзі Төртуыл мен Мәмбет арасындағы қыстаулық жер дауымен жақында Барлыққа кетіп, сол жақта он-он бес күн айналып қалды да, жас мұғалім Ғазиз бұл келгенше, өздігінен сабақ бастай алмай, тықыршып күтіп отыр екен. Содан кешеден бері маңайдағы балалардың басын құрап, сол мектепті ашып беру үшін бүгін ауылдан әдейі шыққан беті еді.

Ол оқта-текте мойын созып, балалардың ала шабыр тобына қарайды. Бұлардың жас мөлшері, киім реті, мінген көліктері де әрқилы. Кейбіреулері тай-құнанға, жуас, мінгі өгіздерге екі-екіден мінгесіп алыпты. Көпшілігі – өз ауылындағы малшы-жалшының күс табан, қара сирақ балалары. Бірақ бүгін бөрінің де жүзінде бір алабұртқан қуаныш бар. Бұл



өңірде мектепке бару, қолға қағаз-қарындаш ұстау деген – әлі ешкім естіп, білмеген жаңалық. Сол жұмбақ ғажайыптың есігін ашып, ішіне кіріп көргенше, тағат таппай, асығып келе жатқандары байқалады...

Қазір «Демежан қарағашы» аталып кеткен бұл ауылда да он бес-жиырма түтіннің басы құралып қалған. Бәрі де қысы-жазы ешқайда көшпей, осында отыратын егінші, шөпші жатақтар. Бұлар да оқу жасындағы балаларының тілін сындырмақ болып, осы мектептің ашылуын күтіп жүрген. Мұғалім Ғазиз балаларды бойына қарай сапқа тұрғызып, есебін алып жатыр екен. Оларға енді ауылдан келгендер қосылып, айнала мәре-сәре шұға толып кетті. Кішкентайлары әке-шешелерінің етегіне оралып, айрылар емес. Қағілез жас мұғалім қозы бөлгендей зыр жүгіріп, балаларды үлкендерден зорға ажыратып алды.

– Санадың ба? Бүгін қанша бала келіпті? – деді Демежан Ғазиздің қасына жақындап.

– Өзірше отыз екі... Бала көбейіп кетсе, түбі екі класқа бөлетін шығармыз.

– Бөлмең жетеді. Оған неге қысылып тұрсың?

– Орын жетеді-ау. Онда маған көмекші керек қой, Демежан аға. Мен екі класқа қалай жетісем?

– Көмекшіні өзің тап. Тіпті, болмаса, саған биылша Әбдірасылды қосармыз, – деді Демежан. – Алдымен оқуды бір бастап алайықшы. Қалғаны толығы жатар.

– Не істейміз? Бастаймыз ба, Демежан аға?

– Әрине. Бүгін сәрсенбінің сәті... Қадамдарың құтты болсын!

Ғазиз мұғалім балаларды шұбыртып, ішке енгізіп әкетті. Діқанбай мен Ұлбосын бүгін мектепке екі бірдей немересін әкеліп тұр екен. Қарттардың қуаныштары қойнына сыяр емес. Діқанбай кәдімгідей көзіне жас алып:

– Айналайын, Демежан-ай! Ұзақ жыл еліңнің аузын ақ нанға тигізем деп, әлекке түсіп ең. Бүгін, міне, қараңғы халқыңның ортасына әкеліп, өз қолыңмен шырақ жаққандай болдың-ау!.. Осы қадіріңді де білмес пе екен бұл ағайын жұртың?! – деп, қуаныштан жылап жіберіп еді.

Демежан да іштей қатты толқып тұрған-ды. Қарттың сөзіне мерейлене күлді.

– Өттең, Дықа-ай, сен екеуіміз қай еңбегімізге қарымта дәметіп едік? Ағайыннан қайтпаса, ұрпағынан қайтар. Өйтеуір, бір дән болса да, осы елге себе берейік те...



Ертеңінде түске таман ауылға күтпеген жерден Бабалық келіп түсті. Арбасын жегіп, жай сауда істеген адамның кейпінде жүргенімен, келген жұмысы басқа екен. Оны төтенше тапсырмамен қаладағы Ыбырай байбатша жіберіпті.

– Қазір ұлықтардың беталысы жаман. Кеңсе маңындағылардың сыпсың өсегіне қарағанда, көп кешіктірмей, Демежанды ұстайтын секілді. Матен-амбының тырнағына бір ілінсе, одан құтылып шығу қиын. Демежан уақытша алыс бір жаққа бой тасалай тұрғандай бола ма, өйтеуір, қапыда қалмасын, – деп, татар досы дұғай-дұғай сәлем жолдапты.

Демежан өз басына төніп келе жатқан әлдебір қауіп барын сезгенімен, бірақ істің беталысы дәл бұлай жеделдеп кетер деп ойламап еді. Не істеу керек? Бой тасалау дегені не пәле тағы да? Бір сәт тығырыққа тірелгендей торығып, отырып қалды. Бұл әңгіме үстінде қастарында Бибі ғана бар еді. Байғұс әйел дыбысын шығармай, үнсіз егіліп, жылап жіберді.

– Ұлықтың да, көре алмаған көп ағайынның да көзіне күйік болып жүргені – үкірдайлық мансап қой, сол құрғырын өздеріне өткізіп беріп, құтылсаң қайтеді? – деген көзінің жасын сүртіп отырып, Демежан күрсінді.

– Әй, бәйбіше-ай, мансабын алам десе, ұлықтың қолын кім қағыпты? Олардың ойы арыда жатыр ғой. Мені абақтыға бір сүңгітіп алмай, көңілдері тынар деймісің?!

Үй ішін бір сәт үнсіздік билеген. Барар жер, басар тау жоқ, айнала тас қамау, өткелсіз шыңырау күз төрізді. Қара көзі жасқа толып, боталап отырған Бибі осы тұста ешкімнің есіне келмеген тағы бір ой айтты.

– Онда орныңнан түсетінің туралы арызыңды жазып жібер де, арғы беттегі менің төркініме тартып кет. Сенімен бірге мен де кетейін... Ол ел Ақ патшаға қарайды ғой, ұлықтың құрығы жете қоймас.

Бабалық ауыр хабарды жеткізерін жеткізсе де, содан шығатын жол таппай, қабырғасы қайысып, қатты қиналып отырған. Мына сөзді естігенде, селт етіп, басын көтеріп алды.

– Бибіштің осы ақылы менің де көкейіме қонып тұр. Айтты-айтпады, ұлықтың арыны қайтқанша, қайын жұртыңызға бара тұрсаңыз қайтеді? Кейін ел іші тынышталып, ап-сап басылған соң, қайта ораларсыз, – деген ол да Бибіні қостап.

– Сен не, маған қашқын бол демексің бе? – Демежан оның бетіне ажырая қарады.

– Қашып кетпеңіз, қайын жұртыңызға амандаса барыңыз... Қажыға сәлем бермегелі де көп болды емес пе сізге?



Бірақ Демежанның бұл ақылға көнетін сыңайы көрінбеді. Аққұба кесек жүзі күреңітіп, намыспен тұтана түсті де:

– Жоқ, Бабалық, оның жөні келе қоймас, – деді басын шайқап. – Бибі екеуің мені қайындататын кезді тапқан екенсіңдер. «Өз жұртың сыншыл болғанда, қайын жұртың міншіл» деген қайда?.. Суыр сыйған қуысқа қасқыр сыя бермейді. Жолбарыс жымында жатып өледі. Сайболатқа сауға сұрап барғанша, абақтыда шірігенім артық емес пе?

Өзінің аңғырттау айтып қалғанын Бибі де енді түсінгендей, қайтып қолқаламады. Басында қалай ойламаған? Басыма іс түсті екен деп, әйелінің етегіне жармасып, қайын жұртына барып тығылатын жігіт – Демежан ба? Мұның күйеуінің орны тым биікте ғой. Өлсе де, сол биікте тұрып өледі.

– Кешір, жаным. Менікі жай әйелдікпен айтылған бір сөз де. Шынында да, қашайық дегенім – қай сасқаным? – деді өзінің жеңілтектігіне өкінгендей.

Ал Демежан өзінің ақтығына, заң алдында өзін ақтап алатынына сенімді еді. Адамды абақтыға қамап, жазаға тарту үшін де біраз дәлел керек емес пе? Сондықтан арқасын кеңге салып:

– Меніңше, өйтіп қорқып-сасатындай ештеңе жоқ. Мен бір кісі өлтірсем екен, пошта тонасам екен... Қиын қылса, үкірдайлығын алар, асып бара жатса, абақтысына қамар... Тіршілікте оны да бір көрелік, – деп, Бибі мен Бабалықтың көңілін орнықтыра, қарқылдап күлді.

Осыдан кейін Бабалық көп бөгелмей, бір шай ішті де, аттанып кетті. Ал Демежан тағдырдың басқа салғанын күтіп, үйінде қала берген. Бірақ бұдан кейінгі оқиғалар ол ойлағаннан гөрі әлдеқайда жедел әрі тым дәрекі түс ала бастап еді...

Осындай сүреңсіз күз күндерінің бірінде, қазан мен қарашаның өліарасындағы айсыз қараңғы түнде пар ат жегілген бір арба Демежанның зәйімкесін бетке алып, салдыртып келе жатты... Шеріктердің бірі ат айдап, қалғандары арт жақта мылтықтарын құшақтап, үнсіз отыр. Бәрі де мұрттары енді тебіндеп келе жатқан балаң жігіттер. Киімдері жұқалтаң екен, күздің суық желінен ықтағандай, бір-біріне тығыла түседі.

Бұларға бүгін түс кезінде ғана тығыз бұйрық берілген-ді. Қаладан кешке қарай шығып кетіп, межелі жерге түн ортасы ауа жетеді де, шырт ұйқыда жатқан Демежан үкірдайды ұстап, кері қайтады. Тапсырма онша жеңіл де емес, бірақ қаруы бар бес-алты адамға ауыр деп айтуға да болмайды. Бұрын мұндай жорыққа қатыспаған жас шеріктер не де болса, сол



ауылға тезірек жетіп, бұйрықты орындап, қазақ үкірдайын байлап, алып қайтуға асығып келе жатқан.

Өзірше бәрі де, сол бастықтардың айтқанындай, мүлтіксіз жақсы өтіп жатыр. Түн ортасы ауып, ел ұйқыға кетті-ау деген мезгілде, бұлар Демежан зәйімкесінің іргесіне де келіп жетті. Ауылға таяған соң жүрістерін бәсеңдетіп, арба сықырын естіртпеуге тырысып, баяу ілбіген аяңға көшті. Қара жол ауыл сыртындағы қалың қарағаш пен шынар өскен үлкен бауды айналып, қоршау-дуалдың түбін жанап өтеді екен...

Кенет, сол тұсқа келгенде, бұлар күтпеген оқиға болды. Қараңғы түн құшағынан әлдебір адамдар атылып-атылып шыға келді де, арбаның үстінде бейқам отырған шеріктерді тарпа бассалды. Айқайлауға да, мылтық атуға да мұршаларын келтірмеді. Дереву қолдарын артына қайырып байлап, ауыздарына шүберек пе, киіз бе, бірдеңелерді тығып тастады. Сонан кейін шеттерінен жерге жығып салып, ал кеп тепкіле... Қамшының астына алып, ал кеп саба!..

– Сендер Демежанды ұстауға келдіңдер ғой, ә? Демежан деген – мына мен... Ал, мықты болсаңдар, ұстап көріңдерші, көне! – деп, шықпыртады басында шошақ тымағы бар еңгезердей біреуі.

Әне-міне дегенше, шеріктердің бәрі өлімші күйге түсіп, естерінен танып қалды. Өлгі адамдар тым асығыс сияқты. Ыңыранып, талықсып жатқан шеріктерді сол байлаулы күйінде арбаның үстіне лақтыра бастады.

– Ей, Байсерке, мынаның біреуі өліп қапты ғой. Оны не істейміз? – деген дауыс естілді.

– Үндеме. Демің ішінде болсын... Өлгенін бақтың ішіне көміп кетеміз, – деді екіншісі.

Осының бәрі тым тез, айналасы бес-он минуттың ішінде болып еді. Өлгілер шеріктердің мылтығын тартып алып, тірілерін арбаға тиеді де, сәл есі барлау біреуіне тізгін ұстатып, қалаға апаратын қара жолға салып жіберді. Ал өлген шеріктің денесін бақшаның ішіне енгізіп, асығыс шұқыр қазды да, бетін жасырып, көмген болды. Сонан соң белгісіз адамдар талдың арасына байлап қойған аттарына міне-міне салып, алыс бір жаққа тасырлатып шаба жөнелді...

Әдейі ұйымдастырылған бұл қастандықты осы сәт аймақтың әміршісі Матен-амбы мен оның айналасындағы бірен-саран адамдар ғана біліп отыр еді. Оның есесіне, бұл оқиға ертеңінде-ақ бүкіл аймаққа мәлім болды. «Демежан ауылына барған шеріктерді көкала қойдай етіп сабап, біреуін ұрып өлтіріпті» деген хабарды ұлықтардың өзі асығыс жариялады



да, одан қазақтың «ұзын құлағы» арқылы ауыздан-ауызға көшіп, тарап жатты.

Матен-амбыға керегінің өзі де осы еді. Келесі күні таң ата қала жандармы қырық-елу әскермен келіп, Демежанның аулын қоршады. Өздерінше тінту жүргізген болып, кешегі өлген шеріктің сүйегін де, тақ бір бірге көміскен немелердей, оп-оңай тауып алды.

Сонымен, «қылмыс» анықталып, Демежанды қолға алудың шарты да толып қалып еді. Арада бірер сағат өтпей, ұлардай шулаған ауылды артқа тастап, жазалаушы әскер тобы қалаға қарай бет алды. Алды-артын бірдей қоршаған қарулы күзеттің ортасында пар атты арба кетіп барады. Арбаның арт жағында, ат айдаушыға арқасын беріп, қол-аяғына кісен салынған Демежан отыр.

* * *

Түрме тірлігіне бірте-бірте Демежан да көндіге бастап еді. Оның қараңғы қапасты мекен етіп жатқанына да, міне, үш айдан асып барады...

...Шырма-шату ой құшағында жатып, Демежанның көзі ілініп кетіпті. Қанша ұйықтағаны белгісіз, салдыр-гүлдір еткен әлдебір жат дыбыстан оянды. Бір кезде есік ашылып, ішке біреулердің кіріп жатқаны аңғарылды. Демежан көзін ашып алғанымен, әлі де ұйқыдан айыға қоймай, сол қисайған күйі жатқан-ды. Кенет босағада тұрған Матен-амбыны көріп, басын көтеріп алды. Қасында түрме бастығы Гаугаң және өнеугүннен бері мұны сұраққа алып жүрген тергеуші төрелер бар. Матен бөлменің ортасына таман жақындады да:

– А-а, Демежан мырза, сіз осында екенсіз ғой? Беймезгіл келіп, ұйқыңызды бұзып жіберген жоқпыз ба? – деп, езуі жайылып күлді...

– Түрмеде жатқан қалай болады екен, Демежан мырза? Кісінің іші пыспай ма? – деді Матен алакөлеңке камераның ішін көзімен шолып отырып.

– Қызығып тұрсаң, менің қасыма келіп, біраз күн жатсайшы. Абақтының не екенін сонда білесің.

– Бізді қойшы, біз мұндай төрт дуалға бойымыз үйренген жандармыз ғой, – деді Матен оның сөзін елең қылмай... – Сіз сияқты киіз үйде туып, самалды салқын ауада, кең сахарада еркін өскен көшпенділерге қиын ғой. Әсіресе, астына жүйрік ат мініп, қыран құс салып, ұшқыр тазы жетелеп, дүниенің қызығын белшеден кешіп жүрген сіздей адамның мынадай тар



қапаста отыруы обал-ақ... Сізге жаным ашиды, Демежан мырза. Сіз қайткен күнде де бұл азаптан құтылуыңыз керек...

– Өзіңше маған ақыл айтып, жол сілтеуге келген екенсің ғой.

– Жоқ, шын айтам... Бүкіл қылмысыңызды мойындап, өзіңіздің оңбай қателескеніңізді айтып, өкіметтен кешірім сұраңыз. Егер шын жалбарынып өтінсеңіз, құдіреті күшті Еженханның рақымы мол ғой, кешіруі де мүмкін.

– Еженхан деп отырғаның кім сенің?..

– Сонымен не істейтін болдыңыз, Демежан мырза? Өз қылмысыңызды мойындап, өкіметтен кешірім сұрайсыз ба, әлде осы қасарысқан күйі дүниеден өте шығасыз ба? – деді Матен-амбы қайтадан жайдары қалыпқа түсіп.

– Маған жаққан жала-күйең жұқпаған соң, енді өзімді көмекке шақырайын дедің бе, зәлім неме?

– Басқа бір мәдениетті жұрттың өкілі болса, аймақтың әміршісіне «ұлы мәртебелім» деп сөйлесер еді. Сіздерге сөгіс жоқ қой бірақ...

– Олай деп бағынышты құлдарың айта жатар. Ал мен сенің билігіңді мойындамаймын.

– Демек, бұл сіздің түзелмесе бет алғаныңыз ғой... Алда өзіңізді қандай жаза күтіп тұрғанын білесіз бе?

– Сен мені өйтіп қорқытпа. Мен әділет жолында өлімнен де тайсалмайтын адаммын.

– Бекер... Бекер олай ойлайсыз, – деді Матен-амбы басын шайқап. – Сіз әлі жассыз ғой. Қырық жеті жас деген не, тәйірі. Ер жігіттің нағыз толысқан шағы... Біз жақында Тұрысбек үкірдай екеуіміз сіздің ауылға барып қайттық. Өйелдеріңіз қандай! Бірінен бірі өтеді...

Демежан тіл қатқан жоқ. Біреу жарасының аузын қанын шығара тырнап алғандай, қан қақсап отырып қалды.

– Мен әлі де сізді босатып алу жағында жүрмін. «Өткен іс өтті, енді кек қумай-ақ қойыңдар» деп, халдайларды да басып тастадым, – деді Матен-амбы сөзін жалғастырып. – Бірақ маған сіздің өз ағайындарыңыз қиын болып тұр. Үкірдай, зәңгі-елубасылар «Бізді Демежаннан құтқара гөр!» деп, мөрлерін басып, жоғарыға арыз жөнелтіп жатыр... Айтпақшы, сіз Төртуыл емес, Керей екенсіз ғой? Олар өздерін ұзақ жыл жат біреудің билегенін қатты намыс қылады екен.

– Саған керегінің өзі сол емес пе? Қазақтың алтыбақан алауыздығынан зиян шегіп отырмаған шығарсың, – деді Демежан езу тартып. – Айтпақ-



шы, сен де маньчжур емес, сібесің ғой. Маншың өкіметі сені қалай билік басына қойып отыр?

– Маньчжур мен сібе ағайынды халықтар ғой. Олар кейде бірінің орнына бірі жүре береді, – деп Матен-амбы жаны жай тапқандай, рақаттана күлді. – Ал мына қазақтың арасы қиын екен. Әр ру өз алдына жатқан бір мемлекет! Өз шекарасынан қия бастырмайды.

«Мына сұмырайдың айтып отырғаны рас. Зөлім неме қазақтың осал жерін қалай дөп басып біліп алған?» деп ойлады Демежан. Матеннің жүзіне жирене қарап, аз отырды да:

– Сен манадан бері маған артылатын ең ауыр күнәні неге ауызға алмай отырсың? Сірә, соның түбінде бір шикілік бар-ау, шамасы? – деп, келе-междей күлді.

– Нені айтасыз?

– Ұмытып қалдың ба? Өлгі Байсерке мен Ысқақтың қолымен құрбандыққа шалып, біздің бақшаның ішіне көмдіріп тастайтын шеріктің өлігі ше? Адам өлтіру ең ауыр қылмыс саналмайтын ба еді?

Матен мұндайды күтпесе керек, өңі қарақошқыл тартып, аузына сөз түспей, мүдіріп қалды. Тек әлден уақытта:

– Ол жағын әлі анықтау керек. Айғақ-куәлар бар ғой... тексереміз, – деді тура жауап беруден жалтарып.

Тұла бойын ашу кернеп, қалшылдап кеткен Демежан осы тұста өзін ұстай алмай қалды. Қарсы алдында отырған Матеннің жағасынан бүркіттей бүріп ұстады да, табанын жерге тигізбей, тік көтеріп алды. Анау жан дәрмен айқайлап, көмек шақырмақ болып еді, оған мұршасын келтірмей, күректтей қолымен тамағынан қыса қойды:

– Дыбысыңды шығарма, иттің баласы! Әйтпесе қарауылдарың жетіп үлгіргенше, жаныңды жаһаннамға жіберемін, – деді зеки тіл қатып. – Неткен арам, не деген суайт едің, оңбаған сұмырай?! Тұрған бойың толған нәжіс, нағыз мерез екенсің ғой. Осыдан кейін де адаммын, ұлықпын деп, жер басып жүрсіндер, ә?.. Іріп-шіріген Маншыңның ең соңғы өлексесі, жұртына байлап кеткен бұралқы төбетісің сен! Ал намысты неме болсаң, жарылып өліп кетші, көне! Сен ит, алдыңда кім отырғанын ұмытқан екенсің. Бәлем, осы тұрған жерінде Дохалдайдың артқы аяғын құштырып, мына шұбатылған айдарыңды тұтаздап тұрып, жұлып алайын ба?! Жоғал көзіме көрінбей! Бұдан кейін бұл жаққа аяқ басушы болма... Тіфу, қандай жиіркенішті едің?! – деп ұлықтың алқымынан қолын босатты да, бетіне былш еткізіп түкіріп жіберді.



Маньчжур, қытай салтында, бетке түкіру – таяқпен ұрғаннан әлдеқайда ауыр. Ол абыройдан айрылып, біржола қарабет болғанның белгісі. Есеңгіреп қалған Матен дереу қалтасын сипалап, қолына ештеңе түспеген соң, шұбатылған жібек шапанының жеңімен бетін сүртті. Бұл жолы Демежаннан оңбай жеңілгенін сезіп тұр. Бірақ қанша сүрткілесе де, бетіндегі қара таңба енді қайтып тазармастай, мәңгі қалып қойғаны анық еді.

– Енді тірі қалам деп ойлама. Сенің тағдырың менің қолымда! – деді Матен есік алдына барып алған соң, айбат шегіп.

– Оу, саған тағы тіл бітейін деді ме? Бері келші өзің! – деп, Демежан тап берген.

Доңайбатын сыртына салып, жай жүнін қорбитып жүргені болмаса, Матен жаратылысынан сұмдық қорқақ болатын. Есіктен лып етіп қалай шығып кеткенін бұл, тіпті, аңғармай да қалды.

* * *

...Басқасы ештеңе емес-ау, Матен-амбыға бөрінен де мына Демежанның әуресі қиынға түсіп тұр. Күн озған сайын оған құрған тұзағы үзілуге айналып, жайған торы сетінеп барады. Демежанды тіл тартқызбас деген ең ауыр қылмысы – аулына барған шерікті «өлтіруі» еді ғой. Уақыт өте келе оның да шикісі шыға бастады. Қазақтың аузына сөз тұра ма, шерікті мүрдем кетірген Демежан емес, Ысқақ пен Байсеркенің жігіттері екенін сол түнгі жорыққа қатысқан адамдардың өздері-ақ жұртқа жайып жүрген көрінеді. Ал ел ішінде Демежанды жақтайтын кейбір кісілер соларды куәға тартып, Іле жаңжұңына арыз жөнелтіпті деген сөз бар... одақ құрып жүрген мұның өзін де атып өлтіретін кісі жоқ.

...Демежан қанын ішіне тартып, сұп-сұр болып кетті де, жалын ата, қалтырай күрсінді.

– Бәсе, өзім де солай болар деп ойлап ем. Бөрі жер жұтқандай жымжылас жоғалып кетіп еді, ұлықтың да ұрлығы бар екен ғой. Менің жаназамды елден аулақта, шетте шығарып жүр екен ғой!

Былырдан бері бұған ара түсіп, ақтап аламыз деп жүрген азғана топтың да қолынан ештеңе келмей, қапыда қалғаны енді аңғарылды. Күдеріден кейін Ғарып пен Бабалық бірін-бірі толықтыра кезек сөйлеп, тағы бір үміттің кесілгенін баян етті.

Демежанды қиянатқа қимай, құтқарып қалсақ деген тағы бір әрекет Шәуешектегі шетел мұғажырлары саналатын татар-өзбек саудагерлерінің



арасында да жүріп жатқан-ды. Олардың тобында Демежанмен ұзақ жыл араласып, жақсы сыйласқан Рамазан Шәнішев, Ыбырай байбатша, Мұрауыт бай, Ешен-Сейіт дамолла сияқты белгілі адамдар бар-тұғын. Солар осындағы орыс консулы Соковтың сапардан оралуын күтіп жүріп, жақында соның қабылдауында болыпты. Бірақ, амал не, үміттері ақталмаған...

Кешікпей сол көңілді күпті еткен сұмдық хабар да келіп жетті. Оны әкелген – Демежанның түрмеден тапқан досы Гаугаң еді. Күн батып, ақшам үйіріле бастаған апақ-сапақ мезгілде сол Гаугаң камераның есігін ашып, асығыс кіріп келді де, босағада сілейіп тұрып қалды. Алакөлеңке, әлсіз жарықтың өзінде-ақ өңі өрт өшіргендей түтігіп, қатты абыржып тұрғаны байқалады.

– Не болды? Не хабармен келдің? – деді жүрегі аузына сыймай атқалақтап кеткен Демежан орнынан атып тұрып.

– Жағдай қиын, достым... – Гаугаң тура қарай алмай, көзін тайдырып әкетті. – Ұлықтар бүгін кешке таман қалаға қайтып оралды. Сізге сұмдық жаза кестіріп әкеліпті.

– Ол не? Өлім ғой – айтып тұрғаның?

– Иә... «Дарға асылсын» делінген. Жаңа ғана үкімнің көшірмесін маған әкеп беріп кетті. Оған дейін күзетті екі есе күшейту туралы бұйрық бар...

Гаугаң шығып кеткеннен кейін де, Демежан әртүрлі ой құрсауында мелшиіп ұзақ отырды. Көкірегінде күдік пен үміт кезек алмасып, аласұрады. «Түрме бастығының осы айтып келген хабары анық па? Ұлықтар мұны абақтыдан әдейі қашырып, қуғын үстінде мерт қылайын деп жүрген жоқ па?» деген де бір күмәнді ой қылаң берген. Жоқ, Гаугаңның алдауы мүмкін емес. Өзінен де, сөзінен де ондай ештеңе байқалмайды. Тіпті, қалай болған күнде де, мұның Гаугаңға сенбеске амалы жоқ, қарманғанда, қолына ілігер ең соңғы үміт талшығы – сол ғана. Мұндай мүмкіндіктен айрылуға Демежанның жүрегі дауаламады.

Айтқанындай-ақ, арада бір етасым уақыт өткенде, Гаугаң қайтып оралды. Есікті салдырлатпай үнсіз ашты да, май шам жарығында отырған Демежанды қасына ымдап шақырып алды.

– Ал қозғалайық! – деді сыбыр етіп.

Есікті тықырын білдірмей қайта құлыптап жапты да, қараңғы дәлізбен бүкеңдей жөнелді. Демежан да оның соңынан екі елі ажырамай, ілесіп келеді. Ай қорғалап қалған өліараның кезі, айналаны қою қараңғылық басқан. Тек аспан төріндегі жыпырлаған жұлдыздардан ғана әлсіз сәуле



түсіп тұр. Гаугаң далаға шыққан соң, тың тыңдағандай күзетші тұрған қақпа жаққа мұқият қарап алды да, мысықтабандап еңкейген күйі ауланың төріне қарай бастап жүрді.

Темір қақпалы, төңірегін биік дуалмен қоршап тастаған қара түрме – бекініс ішіндегі бекініс сияқты, жамбылдың шығыс солтүстік бұрышын ала, оңаша салынған-ды. Түрме дуалынан секіру бұларға көп қиындық келтірген жоқ. Гаугаң күні бұрын осы маңға шумақталған кендір арқан әкеп қойған екен. Бірінің иығына бірі аяқ қойып, дуалдың үстіне шықты да, жаңағы арқанмен саумалап, ар жағына оп-оңай асып түсті.

Демежан түрме қоршауынан құтылғанымен, енді асу бермес биік қорған – жамбылдан қалай шығамыз деп, соны уайымдап келе жатқан. Кенет Гаугаң оны таң-тамаша қалдырып, бекіністің қалаға шығатын батыс қақпасына қарай бет алды.

– Тезірек жүріңіз. Қақпа жабылып қалмай тұрғанда, қалаға өтіп кетейік, – деді ол алқына сыбырлап.

– Қалай өтеміз? Онда күзет бар емес пе? – деген Демежан серігіне таңырқай қарап.

– Жүре беріңіз. Олар түнге қарай бекініске кіргендерді ғана тексереді. Сыртқа шыққандарға жол ашық.

Шынында да, солай болды. Айнала тастай қараңғы... Жамбылдың сыртқы кіре берісінде сығырайған жалғыз фонарь ілулі тұр екен. Екі шерік оң жақ босағадағы орындықта өзара сөйлесіп, темекі тартып отыр. Түрме бастығы оларды танитын секілді, Демежанды ық жағына алып, әлгілерге «Қайырлы кеш» айтып қолын көтерді де, тұсынан өте берді... Он шақты қадам ұзағанша, арт жақтан шығар өмірлі дауысты не аттандаған ысқырықты күткен-ді. Бірақ ондай ештеңе естілмеді. Екеуі аяқтарын жіті басып, өне-міне дегенше, түн қойнына сіңіп кеткен.

Жамбыл бекінісі мен қаланың «Жаңа махалла» аталатын шығыс шетін бөліп жатқан екі жүз метрдей ашық алаң бар. Осы арадан үлкен қарасу ағып өтеді. Бұлар көпірге дейін тура жүріп келді де, сол қарасуды бойлап, терістікке қарай бет түзеді. Екеуі ләм-мим тіл қатпастан жіті аяңдап, тағы он минуттай жол жүрген. Тек су бойындағы қалың шіліктің ішіне кірген соң ғана демдерін бір-ақ алды. Гаугаң осы арада қоштасып, қалып қоятын сыңай танытты.

– Бізге енді айрылысуға тура келеді, – деді ол Демежанның қолын алып. – Жолыңыз болсын! Ертең сәскеге дейін қуғын бола қоймас. Бұл қалада тұрмай, неғұрлым ұзап кетуге тырысыңыз.



– Рақмет, Гау мырза! Сізге қандай алғыс айтарымды білмей тұрмын.
– Ештеңе етпейді. Өмірде адамға жасаған бір жақсылығым қайтты деп санасаңыз болғаны. Сізге қол ұшын беру көк тәңірісінің алдындағы борышым еді, соны өтегеніме қуаныштымын.

– Баяғыда мен сізге ара түскенде, менің басыма төнген ешқандай қауіп жоқ еді. Ал сіз мен үшін өзіңізді қатерге байлап тұрсыз ғой, – деді Демежан толқи тіл қатып.

– Оқа емес. Жақсылықта есеп-қисап болмайды... Тек түбі қайыр болсын деңіз! Осыдан құтылып кетсеңіз, менің еңбегімнің өтелгені.

– Ал өзіңіз қайда барасыз? Қолға түссеңіз, сізді оңдырмайды ғой, – деді Демежан оның қолын әлі де жібермей.

– Ол жағына алаң болмаңыз. Мені жасыратын адамдар бар...

Сөлден соң Гаугаң жаңағы келген ізімен кейін қайтты да, Демежан қаланың терістік жағындағы Қарадөң махалласына қарай аяндап жүріп кетті. Бұл арадан Әсенажының үйі онша қашық емес-ті. Жаңағы Қарасуды жағалап келіп, қалың шынар өскен көлденең көшеге бұрылды да, өзіне таныс үйді тез-ақ тауып алды...

Өлден уақытта далан үйде шам жанып, әлдекімнің кебісін сырпылда-тып келе жатқаны байқалды. Іле-шала есік ашылып, ар жағынан шүйкедей кәрі кемпір – Әсенажының шешесі көрінді. Алакөлеңкеде сақал-мұрты өсіп кеткен Демежанды тани алмай, үдірейіп тұр.

– Бұл кім? Сізге кім керек?

– Мен ғой, мамай... Демежанмын, – деді бұл ақырын тіл қатып. Қарт өженің шырайы бірден жылып қоя берді.

– Демежан? Жаратқан-ау, не дейді... Құданың мұнысына да шүкір. Сізді босатқан екен ғой.

– Босатты... Әсенажы қайда?

– Ол үйде жоқ. Осыдан үш-төрт күн бұрын Дәрбілжінге кеткен... Балам-ау, босағада не қып тұрсың? Ішке кірсейші.

Демежан дәлізге кіргенде, ар жағынан Әсенажының әйелі Ауахан көрініс берді. Жолаушылап кеткен күйеуім келіп қалды ма деп ойласа керек, ашық-шашық шыға келген бөденді жас әйел тез кері шегініп кетті... Олжабай осында екен, бір бөлмеден көзін уқалап, ол да шығып келеді. Әкесін танып, мойнына асыла кетті.

Демежанның бар сеніп келген адамы Әсенажы болатын. Үй иесінің болмағанына қатты өкініп тұр. Ол асығыс еді. Алғашқы қауышу, дүрлігу сәті өтісімен, қасына Әсенажының әйелі Ауахан мен Олжабайды алып,



оңаша кеңес құрды. Түрмеден қашып шыққан халін осыларға ғана хабарлаған. Өз басының қазір қауіп астында екенін айта келіп, бірер күн осында қала тұруға Ауаханнан рұқсат сұрады. Ауахан күйеуімен бірге Демежан аулымен ұзақ жылдан бері араласып жүрген, ақылына көркі сай, аса меймандос, мейірімді әйел еді. Тіпті, сөзге де келместен:

– О не дегеніңіз, Демежан-ака. Осындай қысылғанда пана болуға жарамасақ, адамшылығымыз, сізге деген достығымыз қайсы. Бұл үйде қанша жатам десеңіз де, төріміз сіздікі, – деді ұйғыр әйелдеріне тән биязылық танытып.

– Рақмет. Бірақ мен бұл үйде ұзақ жата алмаймын ғой. Ұзаса, ертең кеште қалайда кетуім керек, – деді Демежан мән-жайды түсіндіріп. – Менің мұнда келгенім туралы ешкімге тіс жарып, сыр беруші болмаңыздар. Әжейге де, балаларға да осыны қатты тапсырып қойыңыз.

Сонан соң өзінің өгей ұлы Олжабайға бұрылды. Ол да қазір жасы жиырмадан асып, соқталдай жігіт болған. Жасынан тым ерке-тәйтiк өскендікі ме, әлде жатырына тартып кетті ме, мінезінің ептеген аусарлығы бар еді. Өкесі қолды болғаннан бері ес кіріп, байсал тартқаны байқалады. Демежан осы баласының жүзіне сынай қарап сәл отырды да:

– Сен қазір атыңды ерттеп мін де, түнделетіп елге жүріп кет! – деді бұйыра тіл қатып. – Бірақ шу шығармай, жүрісіңнен секем алдырмай, ауылға ақырын барып түс. Болған жайды тек шешеңе, Бибіге ғана хабарла. Басқа бір пенде білмесін. Сонан соң менің өз атым – торы төбелді ерттеп, қосағыңа ал да, ертең кешке қарай осында жет. Ұқтың ба? Айтпақшы, Бибіде менің алтыатар нағаным бар, соны ұмытпай ала келерсің... Ал отырма, жөнел! – деді баласының иығынан қағып.

Олжабай қорада байлаулы тұрған атына ер салып, сол сәтте-ақ аттанып кеткен. Бірақ Демежан сонан кейін де бір жерде байыз тауып отыра алмады. Ауахан қонақ үйге төсек салып қойған екен. Алайда ол үйде қалғысы келмей, сақтық ойлап, сыртқа жатуды жөн көрді. Ауланың түкпір жағында әртүрлі жеміс ағаштары егілген саялы бау бар-тұғын. Баудың бір бұрышында құрылысқа жарату үшін жентектей буылып, маяға салып қойған қамыс болушы еді. Сол маяның төбесін үңгіп, өзіне ұя жасап алды да, киімшең күйі қисая кетті...

Көп уақыт қапаста жатып тұншыққан Демежан мына бір қамыс қуысына қолы жеткеніне жайлауға шыққандай жырғап қалды. Демек, қашқынның өмірі тұтқынның тірлігінен гөрі бір мысқал тәуір болғаны ғой. Бұл енді бүгіннен бастап қашқындыққа үйренуі керек. Бұл қалада, қала



түгіл бүкіл аймақта енді бұған орын жоқ. Сонда қайда кетеді? Қайда барып күн көрмек? Өткен жылы бұлай қашу түгіл, жай бой тасалаудың өзін қатты намыс көріп, бас тартқан жоқ па еді?.. Ендігісі ұят-намысқа жатпай ма? Бірақ онда бұл әлі бостандықта жүр еді ғой. Алда қатер барын сезінгенімен, дәл қазіргідей аранын ашып, ажал төне қоймаған. Енді жағдай өзгерді. Қапастан қашу, анық өлімнен бас сауғалау ер-жігітке айып болып саналмайды. Бұл түгіл данышпан Қорқыттың өзі ажалды адастырып кетудің жолын іздеген... Сонда бұл қайда барып жан сақтайды?

Өрі ойлап, бері ойлап келгенде, Демежанның алдында екі ғана жол бар екен. Біреуі – өткен жылы Бибінің өтінгеніндей, шекара асып кетіп, қайын атасы Құрман қажының ауылына барып тығылу. Бірақ бұл ер жігітке абырой әперетін жол емес, жай бой тасалау, жан бағудың ғана әрекеті. Бұл, тіпті, қайын жұртына бас сауғалап баруға арланбас еді. Бірақ өздері біреуге кіріптар боп отырғанда, олар кімге пана боп, қанатының астына алғандай? Егер Маншың өкіметі шындап қолқа салса, патша әкімдері ұстап алып, қайта өткізіп беруі де мүмкін ғой.

Екіншісі – айқын күрес жолы. Маншың өкіметімен өле-өлгенше алысып өтудің бастамасы. Демежан қасына бірнеше сенімді серік ертеді де, ешқайда бұрылмастан, тура Алтайға тартады. Алтайдағы Абақ Керейдің ішінде өкіметке бағына қоймай, тау сағалап, түзде жортып жүрген жолбасар жігіттер көп дейтін-ді. Соларға барып қосылады... Өттең, соңында сайдың тасындай іріктелген бес жүз сарбазы болса, Маншың төрелерінің әуселесін көрер еді! Ал ондай сарбазды жиып алу қиын емес. Қазір не көп – ұлыққа қарсы уыттанып жүрген жігіт көп. Ереуілдеп ерге қонған Демежанның даңқын естісе, өздері-ақ түс-тұстан ағыла бастайтыны анық. Алдымен шағын бір қаланы басып алып, сондағы от қаруды қолға түсірсе, ар жағы қопаға тиген өрттей өзі-ақ лаулап жөнеледі... Маншың өкіметі өз ішінен іріп, басы қатып жатқанда, бұл бір шетінен тиіп берсе ғой, шіркін! Осындағы Матен-амбымен, халдайлармен сол кезде бір жүздесіп көрсе...

...бастығырылып жатып оянып кеткен. Айнала самаладай жап-жарық, күн ұясынан едәуір көтеріліп қалыпты...

«Апыр-ай, әлгі Олжабай ауылға аман-есен жетті ме екен? Айтқанды орындап, ат алып келсе, жақсы болды-ау! – деп ойлады ішінен. – Одан гөрі естиярлау біреудің қолға түспегенін көрдің бе? Бала неме бірдемені бүлдіріп алмаса, жарады».

Түнде бұдан бір қателік кетіпті. Сол Олжабайдың атына міне салып, ауылға өзі неге тартып кетпеді? Сол жақтан ат ауыстырып мініп, қуғыншы



келіп жеткенше, ұзап кетер еді ғой. Абыр-сабырда оп-оңай нәрсенің еске келмегенін қарашы. Мына Құдайдың ұзақ күнін енді қалай батырады?

Ұлы сәске кезінде Ауахан келіп дыбыс берді. Ас ішуге шақыра келіпті... Бірақ асқа төбеті шаппай, әрқайсысынан тиіп-қашып ауыз тиген болды. Осыдан кейін Ауаханды қалада не болып жатқанын біліп келуге жіберді де, өзі орнына қайта келіп жатты.

Түске қарай Ауахан қайтып оралған. Оның айтуынша, бүгін таңертеңнен бері қала көшелеріне әскер толып кетіпті. Жамбылдың іші-сыртын, соған таяу махаллаларды түгел тінгіп жатқан көрінеді. Аңқау әйел бұл оқиғаның қауіпті астарын енді аңғарса керек, өң-түстен айрылып, үйіне өрең жетіпті. Демежан да оны аяп кетті.

– Егер жаман айтпай жақсы жоқ, осы қораға қуғын келіп, мені қолға түсіргендей болса, сіз мені көрдім-білдім демейсіз. Мен мұнда сіздерге білдірмей, өзім келіп тығылған боламын... әйтеуір, сіздерге пәле жұқтырмауға тырысармын, – деді ол Ауаханды жұбатып.

Олжабайдан әлі хабар жоқ. Тым құрыса, ел жақтан басқа біреулер келіп қала ма деп, Демежан күні бойы алаңдаумен болды. Кеш батып, іңір қараңғылығы түскенше, еш дерек болмады... Егер ол ел жатқанша келмесе, бұл жерден қоныс аударуға тура келеді...

Ал Олжабай бұл кезде әкесін құтқарып қалатын халде емес еді. Жас жігіт аңдаусызда енді құтылмастай болып, ұлықтардың қақпанына мықтап түсіп қалған-ды.

Демежанның қашып кеткенін түрме қарауылдары таңертең күзет ауысқан кезде бір-ақ білген. Күндегі әдеттері бойынша, кезекші қарауыл бір құман қара шай мен күріш ботқасын және жарты қалаш нанын көтеріп камераға кіргенде, тұтқын өз орнында болмай шықты. Содан ол есінен танғандай аңырып сәл тұрды да, қарауыл бастығына аттандап тұра жүгірді. Арада жарты сағат өткенде, бұл оқиға сатылы түрде жоғарғы ұлықтарға дейін жетіп, бүкіл бекініс аяғынан тік тұрып еді...

Барлау басқармасының бастығы апалақтап жүгіріп келіп, Демежанның ұшты-күйді ғайып болғанын хабарлағанда, аймақ әміршісі жынданып кете жаздады. Өйткені ол кеше келе салысымен, жұртшылық құлақтанбай тұрғанда, үкімді бүгін орындап жібермек болып, жамбылдың сырт жағындағы қарасу бойына дар ағашын құру туралы бұйрықты беріп те қойған... Енді келіп өңшең маубастың айтып тұрған сөзі мынау!..

Жырынды Ысқақ жағдайды қапысыз, нақ болжаған екен. Көп күттірген жоқ, сам жамырап, төңірекке кеугім түсе бастаған кезде, торы төбел



атты қосарына алған Олжабай дәл көпірдің үстінде бұларға айқаса кетті. Ысқақ жас жігітті де, жетектегі атты да бірден таныған. Төртеуі жан-жағынан қоршап тұра қалды да, шылбырынан шап беріп ұстай алды. Одан ары тілге де келтірген жоқ. Олжабайдың қолын артына қайырып байлап, аяғын аттың бауырына тас қылып таңып тастады да, ортаға алып шапқылаған күйі жамбылдың ішіне кірді. Сол беті еш жерге бұрылмастан, әлі ашуы тарқамай, кеңсесінен қайтпай отырған Матен-амбының үстіне енгізді.

Ал күні бойы қаланы асты-үстіне келтіріп, қанша тінтсе де, ештеңе таппай, мойнына су кетіп, ызадан жарыла жаздап әрең отырған Матен тағдырдың жіберген төтенше сыйын көргенде, қуанғанынан Ысқақты құшақтап, бетінен сүйіп алды. Мақтауын да жеткізіп жатыр. Өзгесінен бұрын барлау басқармасының бастығына қарап тұрып:

– Бөрің жиналып, бір Ысқақ құрлы болмадыңдар-ау. Міне, империяға шын берілгендік, нағыз ерлік деп осыны айт! – деді-ау шаршы топтың алдында.

...Бұдан арғысы белгілі: Олжабай байғұсқа тергеу-сұрақ, қинау-қыспақ басталды...

... – Қамысты бау-бауымен алып, түгел қопарыңдар! – деп бұйырды әлдекім әмірлі дауыспен. Бұл Бужыңха еді.

– Осыған қолды былғап, әуре болып жүреміз бе? От қоя салсақ қайтеді? – деді тағы біреуі.

– Өрт ұлғайып, басқа үйлерді алып кетіп жүрмей ме?

– Е, мейлі, жан керек болса, өздері өшіріп алады.

Осы сәтте басқаларды тоқтатып қойып, бір адам бұған арнап қазақша тіл қатты.

– Әй, Демежан, сені қан тартып тұр екен... шық бері қасарыспай! Өрттің ішінде қалып, тозақ отына тірідей үйтіліп кетіп жүрме... Бауырыңдағы балаң ұстап бергенде, сені кім аяйды деп тұрсың?!

Демежан анық айырды: бұл – Ысқақтың даусы. «Ит-ай, жаны неткен сірі еді... ізіме түсіп жүріп, түбіме осы жетті-ау, ақыры!»

Өлден уақытта бықсыған түтін исі шығып, қамыс маясының бір шеттен сытырлап жана бастағаны байқалды. Не істеу керек? Осы арада тапжылмай жатып, күлге айналу керек пе? Жоқ, әлде... Бірақ жер бетінде қабірің қалмау деген сұмдық қой!

Үй иелерін де осы маңға әдейі айдап әкелсе керек. Өрт ұлғая бастаған кезде, Ауаханның жан ұшыра, «Демежан!» деп шыңғырған даусы естілді...



Бұдан ары бөгелуге болмайтын еді. Кенет жалын шарпыған қамыс үйіндісі жан біткендей теңселіп кетті де, соның бір бұрышынан Демежан жолбарысша атылды. Ойы – Бужыңханың не Ысқақтың алқымына қолы бір іліксе, жастығын ала жығылу еді. Бірақ қамалап тұрған көп шерік оған үлгіртпеді, түс-тұстан шие бөріше жабылып кетті де, қол-аяғын лезде байлап алды.

* * *

Небәрі бір тәулікке созылған қашқындық өмір осылай сәтсіз аяқталды. Демежанды бұрын өзі жатқан камераға қайта әкеліп қамаған. Еш нәрсе өзгермеген, сол бұрынғы тас түрме, тақтай төсек, жұлдызды аспанның қиығы ғана көрінетін торлы терезе... Тек күзет күшейе түскен...

...Ой артынан ой туып, көпке дейін кірпік айқастырмаған Демежан тек таң алдында ғана талығып ұйықтап кеткен-ді. Содан камера ішіне жарық түсіп, түрме қарауылы таңертеңгі асын әкелген кезде бір-ақ оянды. Тәбеті тартып тұрмаса да, әл жинау үшін бір тостаған шай мен жарты қалашты түгін қалдырмай соғып алды. Бәлкім ақырғы атау кересі, соңғы дәмі...

Қарауыл ыдыстарын жинап аларда, оған қара киімді, құлу бас, кәрі дүнген ілесе кірген. Қолтығына қысқан төрт бұрышты айнасы, қолында шылапшын, шәугімі бар. Шаштаразы екен. Өлгі байғұс қарауылдардың көзінше Демежанның өсіп кеткен шашын алып, сақал-мұртын басып берді.

– Бұл не? Матен-амбы мені тойға апарайын деп, жасандырып жатқан жоқ па? – деді Демежан оның бетіне күле қарап.

– Мен ештеңе білмеймін. Менің міндетім – тек шаш алу.

– Бас алатындар – басқалар демексіз ғой?

Шаштараз тіл қатқан жоқ, шәугімін, шылапшынын көтеріп, келген ізімен қайта шығып кетті...

Арада бірер сағат өткенде, тағы да кілт сылдыры естіліп, есік ашылды. Алып кетуге келген жендеттер шығар деп ойлаған. Жоқ, басқасы емес, бас жендет – Матен-амбының өзі екен. Бұл жолы жалғыз кіруден жасқанып, жасауылдарын ерте келіпті. Бүгін таңертең жамбылдың сырт жағына дар ағашын орнаттырып қойып, бір сәтке Демежанды көріп қайтуға кірген беті еді. Үкім орындалар алдында тұтқынмен соңғы рет сөйлесіп, өзінше бір рақаттануға келген. Әбден жеңіліп, жер тезек болған жауының жүні жығылып, жасығанын көру – Матен үшін мерекеден кем емес. Бүгін өзі, тіпті, көңілді екен.



– Хал қалай, Демежан мырза? Бүгін шырайыңыз жақсы ғой. Сірә, ұйқыңыз қанып тұрған-ау деймін? – деді орсақ тісін көрсете, ырсындай күліп.

Демежан орнынан тұрмастан, төсекте отырған күйі жауап берді:

– Иә, ары таза, арамдығы жоқ адам қашанда алаңсыз, тәтті ұйықтайды. Бүкіл бір аймақтың ұлығы мен төресі мен үшін шапқылап жүргенде, алаңдайтын не бар?

– Бәсе, мен де солай болар деп ойлап ем... Осы сізді жақында түрмеден қашып кетіп, қайтадан ұсталып қалды дей ме? Ол не сөз?

– Иә, солай болды... Егер құтылып кеткенде, сенімен басқаша жағдайда кездесетін едім.

– Апыр-ай, ә... Онда дер кезінде ұстап алғанымыз дұрыс болған екен. Өлгі балаңыз келіп мәлімдемегенде, тіпті, құтылып кете жаздапсыз-ау! – деді Матен тақ бір сол үшін өкініп тұрған адамдай. – Дегенмен қашқаныңыз бекер болған. Мен сізді мұндай қорқақ деп ойлаған жоқ едім.

– Құдай білсін, кімнің қорқақ, кімнің батыр екенін, – Демежан мырс етіп күлді. – Қаптаған әскер, осыншама билік қолында тұрып, сен де мені жетіскеніңнен қамап отырған жоқ шығарсың.

– Амал не, тәртіп солай. Өзіне күпірлік келтіріп, қарсы шыққан бұзақыға Цин өкіметінің заңы өте қатал, – деді Матен өзінше қиналған түр байқатып. – Мен сізді құтқарып қалу үшін қаншама күш салдым. Бірақ оған заң рұқсат етпеді...

Ұлықтың монтаны сөзін аяқтатпай, Демежан кенет қарқылдап күліп жіберді.

– Қандай арамсың, иттің баласы?! – деді оның бетіне қарап тұрып. – Сонау Шепейізге мені құтқару үшін барған екенсің ғой. Келе жатқан ұлықты да сол үшін жол ортадан қайтарып жібердің бе? Сен сияқты екіжүзді оңбағандарды қара жер ойылып кетпей, қалай көтеріп тұр екен?

Матеннің мейманасы тасып, арқасын кеңге салғаны сонша, өлгі сөзге титтей де ашуланбады.

– Бірге барғаным болмаса, бұл іске менің титтей араласым жоқ. Өз бауырларың не тілесе, ұлық соны бекітіп берді, – деді ол бұрынғыдан ары жайдарылана түсіп. – Тым құрыса, сізге біреуі ара түспеді-ау. Қазақтарды мұндай безбүйрек, берекесіз ел деп кім ойлаған?!

– Халықта жұмысың болмасын. Ал сатқындар қай елден болсын табылады.

– Ал балаңыз ше? Балаңыздың өзі сатып кетті ғой сізді... Айналаңыздың бәрі жау болғаны ма сонда?



Демежан үндеген жоқ, жүрегі сыздай ауырып, бетін бұрып әкетті. Матен сұм мұның жан жарасын тауып, соны әдейі тырнап тұр. Демежанды қатал жазамен де, өліммен де қорқыта алмасын сезіп, оны азаптаудың осындай жаңа тәсіліне көшіп еді.

– Айтпақшы, сізге өлі үкімді жарияламаған екен ғой. Сіз бүгін, амандық болса, дарға асыласыз, – деді Матен, осы сөзімнің әсері қалай болар екен дегендей, оның бетіне тесіле қарап. – Қанша батыр болғаныңызбен, өлімнің түсі суық қой, қорқып тұрған жоқсыз ба? Сын сағатта күш берейін деп, сізге әдейі бұрылдым.

– Бекер әуре болғансың, мен өлімнен қорықпаймын, – деді Демежан. – Өлімнің ең қиын жері – ажалмен жекпе-жек алысып, жалғыз жатып жан үзуде ғой. Ал Маншың өкіметі осыншама әуреге түсіп, салтанатпен аттандырайын деп жатса, соның өзі қызық емес пе?!

«Тү-у, мынаған дауа жоқ екен! – деп ойлады Матен шарасы таусылғандай. – Шынымен-ақ, қыры сынбай, жүні жығылмай кеткені ме? Өлім алдында да алған бетінен қайтпайтын мұндай да қайсар адам болады екен?!»

– Өкінішті-ақ!... Сізбен әбден достасып кетіп едім. Қимай тұрғаным, – деді ол қабырғасы қайысқандай қипақтап. – Сіз сияқты өз ойын ашық айтатын адам да қалмай барады ғой... Амал не, дар басында кездескенше, сау болыңыз.

Матен-амбы соны айтып бұрыла берді де, есікке таман барып, әлдене есіне түскендей, қайта оралды.

– Бұл мәселенің енді бәлендей мәні де жоқ. Дегенмен, айтыңызшы: әлгі біздің Гаугаң сорлыны қай қуысқа тығып кеттіңіз?

Демежан Гаугаңның қолға түспей кеткенін біліп, көңілі көтеріліп қалды. Байғұс аман құтылған екен ғой.

– Сен не, басқа жалаң аздай, оның қанын да маған артпақсың ба? – деді кекете езу тартып.

– Өлбәтта. Оны азғырып алып кеткен сіз емес пе?

– Гаугаң – адал адам ғой, оған қай жерден болсын бір кісілік орын табылады. Аспан астының бір қуысында адамдарға азаттық тілеп жүрген шығар.

Түкке түсінбеген Матен басын шайқап сәл тұрды да, нөкерлерін ертіп, шығып кетті. Осыдан кейін-ақ оқиға барысы күрт жеделдей бастаған...

Түс ауа дәлізден топырлаған аяқ дыбысы жиі естіліп тұрды да, бір мезгілде салдыр-гүлдір есік ашылып, ішке қару ұстаған он шақты шерік кірді. Бәрінің де түстері суық, жау түсіргендей сұстанып алыпты. Әлгілер



Демежанның қол-аяғына кісен салып, қаумалап, далаға алып шықты. Сол қамалап қоршаған күйі түрме ауласында жегулі тұрған пар атты арбаға әкеліп отырғызды...

«Мен қазір қан майданға, ұрыс алаңына аттанып бара жатырмын, – деп сендірді Демежан өзін-өзі. – Күш тең емес, әрине. Жау – қарақұрттай көп, мен жалғызбын. Менің бұл шайқастан аман қайтуым екіталай... Көп дұшпан мені қорлап, азаптап өлтіруі де мүмкін. Бірақ жау алдында қолым қалтырамас, тізем бүгілмес. Қастықпен келген ажалды қасқайып тұрып қарсы алармын!»

...Әскер қоршауындағы пар атты арба жаңағы қалың жиынға жетпей тоқтады да, Демежанды жерге түсірді. Сонан соң қарулы шеріктер оны ортаға алып, сонадай жерде көпшіліктен оқшау, бөлегірек тұрған ұлықтарға қарай алып жүрді. Демежан енді байқады: жиналған жұрттың дәл қарсы алдында, арқан бойындай жерге биік дар құрылыпты.

...Көңілі жайланып, мерейі тасып тұрған Матен-амбы өзінің қасақы жауымен соңғы рет тағы бір тілдеспей қала алмады. Ол күзет қоршауында тұрған Демежанның қасына келді де:

– Ал, Демежан мырза, енді не айтарыңыз бар? Көріп тұрсыз ғой, сізден ештеңені аяп қалып жатқанымыз жоқ, – деген масаттана күліп тұрып.

– Айтары жоқ, бәрі өз дәрежесінде өтіп жатыр... Тіпті, сен өлгенде де, мұндай құрмет көрсетіле қоймас, – деді Демежан да езу тартып. – Бірақ сен әділ ұлық болсаң, менің ақтық тілегімді сұрамайсың ба?

– Иә, не тілегің бар?

– Мен мұсылманмын ғой. Тым құрыса, дәрет алып, екі рахағат намаз оқып алайын.

Шығыс елдерінің салтында айыпкердің ақтық тілегін орындау деген әдет бар. Сол үрдістен Матен де аттап кете алмады.

– Жарайды, болсын, – деді кеңпейілділік көрсетіп. Сонан соң жасауылдарға бұрылды да: – Тұтқынды су жағасына апарыңдар! – деп бұйырды.

Он шақты шерік Демежанды қамалаған күйі су жағасына таман әкелді де, не істер екен дегендей, сыртынан бақылап тұрды.

Ал Демежанның дәл қазір дәрет алып, намаз оқитын ойы жоқ-тұғын. Өмір бойы сөздеге басы тимегенде, енді Құдайға сиынды не, сиынбады не?! Оның қазір бар ойлағаны – бес минут болса да осынау жарық дүниені ұзарта түсу болатын. Сұлудың көзіндей мөлт-мөлт еткен қарасудың жағасына барып, жүремел отырды да, асықпай беті-қолын шайды. Су сап-салқын екен, денесі ширап, жеңілейіп қалды...



Демежанның көңілінде қазір өлімнен тайсалып қорқу да, өзегін өртеген өкініш те жоқ. Тек өмірге деген өкпе, өзіне деген аяныш қана бар. Ит те, құс та тырбанып тірлік етіп жатқан осынау қым-қуыт дүниеге бір басының сыймағанын ойлағанда, өзін қатты аяп кетіп еді. Жат жерде жүрсе бір сәрі, өз еліне, өзінің туған топырағына сыйдырмады ғой... Көз алдынан бүкіл өмірі жалт-жұлт етіп, жылдам көше бастаған. Бәрі емес, әрине, естен кетпес шоқ-шоқ көріністер...

ЭПИЛОГ

...Уақыт мамыр айының соңы, шалқар түстің кезі болатын. Сары жиектен шығып, Шәуешекке қарай бет алған бір топ жүргіншінің де қазіргі әңгімесі сол Демежан төңірегінде. Топтың дәл ортасында, қара жал құла жорғаның үстінде Әсет ақын келе жатыр. Қасында өз атқосшысынан басқа Күдері, Бабалық және Шәтіктің жас зәңгісі Бөлекбай бар...

Бұл топтың ішінде қазір жасы үлкені де, көп елді, көп жерді аралаған, көне көз білгірі де Әсет саналады. Мына жағы – Семей, Қарқаралы, түстігі – Жетісу, Балқаш, шығысы Алтай-Сауыр, Тарбағатай, Барлық болып, ол дәмін татып, суын ішпеген жер кемде-кем. Кейінгі жылдары Құлыстай өңірі де оның жыл сайын келіп, ән шалқытып қайтатын құт мекеніне айналған.

Бұл өлкенің жер жадысын жақсы білетін Әсет Сарыжиектен ұзап, Боздақ даласын баса, қалаға төте тартып келе жатқанда, алыстан көгеріп шанған қалың талды жазбай таныды. Бірден елең етіп, басын көтеріп алды да:

– Мына көрінген Демежанның қарағашы емес пе? – деді серіктеріне қарап. – Өлде мен жаңылып тұрмын ба?

– Жоқ, дұрыс айтып келесіз.

– Сол қарағаштың дәл өзі...

– Бұл өңірде Демежан зәйімкесінен басқа мұндай қалың талды, саялы жердің өзі де жоқ қой, – десіп қасындағылар іле қостады.

Бұдан былайғы бір алуан әңгіме осы сөзден басталып кетіп еді. Әсет сәл томпақтау біткен үлкен қой көздерін сол алдындағы шоқ талдан алмай, бір сәт үнсіз қалды да:

– Қайран қарағаш!.. Сенің саяңда да талай аунап-қунап жатып, ән шалқытып едік-ау! – деп, көріктей кеудесін сілкіндіре, терең тыныс тартты. – Мен Ақ патша мен Еженханға қарайтын қазақтың екі ұлысын бірдей, кезек аралап жүрмін ғой. Сонда бір байқағаным, халқым деп қан жұтып,



елім деп еңіреген, тіпті, сол жолда басын берген Демежандай азаматы өте сирек ұшыраттым. Марқұм жігіттің төресі еді ғой. Тиген жерін ақ алмастай тіліп түсетін ондай ерлер қайда-а қазір?

Бұл күнде жасы отыздың жуан ішін аралап, Төртуылдың бүгінгі белді адамына айналған Күдері би де оның бұл сөзін жақсы ұғынып, іштей құптап келе жатқан.

– Дұрыс айттыңыз-ау, Өсет аға. Қайран Демежан тар дүниеге, тайқы маңдайға сыймай кетті ғой. Кезінде ол осындағы бүкіл елге пана болып еді, ал біз оған пана бола алдық па? Қадірін білмей, соңынан ермей, қор еткен өзіміз ғой! – деп, ол да іште жатқан шер-шеменін тарқатқандай болды.

– Демежан айрықша жаралған жан еді. Соған орай тағдыры да ерекше болды ғой, – деді Өсет ойын ары қарай сабақтап. – Арқа мен Жетісу жерін аралап жүргенде, мен ішінара Ақ патшаға жақпай қалып, сонау Ібір-Сібірге, Итжеккенге айдалып кеткендерді білуші ем. Ал ондай ел ағасының бұлайша қатаң жазаға тартылып, шаршы топтың алдында дарға асылғанын көрген де, естіген де емеспін... Нақақ кетті ғой қайран сабаз!

Манадан серіктерінің сөзін тыңдап, үнсіз келе жатқаны болмаса, Демежан туралы көп ойлап, көп қайғырған адамның бірі Бабалық еді.

– Біздің сорымызға, дәл сол тұста Матен-амбыдай қызыл көз пәле тап келмеді ме, – деді ол осы кезде әңгімеге араласып. – Халдайлардың намысын жыртып, осы елдің содыры мен сойқанын Демежанның соңына салып қойған – сол залым емес пе... Бірақ нақақ төгілген қан жібермейді екен ғой. Ақыры, сол Матен де қор болып, іріп-шіріп өлген жоқ па?!

Матен-амбыға жұрт жиренішпен қарап, жек көріп кеткені сонша, оның атын атамай, ұмытуға тырысушы еді. Амал жоқ, Демежан сөз болған жерде ол да еріксіз ауызға алынады... Осыдан екі-үш жыл бұрын, Маншын өкіметі құлардың алдында, Матен де қайтыс болған. Өлде кездейсоқтық, өлде тағдырдың жіберген жазасы, – Демежан өлімінен кейін көп ұзамай, ол құлғана дейтін дауасыз дертке шалдығып еді. Цин династиясы тақтан таяр алдында Матеннің жүйкесі сыр беріп, күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айрылған-ды. Көзі ілініп кетсе болғаны, түсіне Демежан кіреді. Және жай көрініп қана қоймай, қолындағы шашақты найзасымен әміршінің денесін сұққылап жатады. Ояна келіп қараса, жаңағы найза сұққан жер іріңдеп ісіп шыға келеді. Содан, не керек, жыл уағына жетпей, Матеннің өне бойы шұрқ тесік мерезге айналған. Үсті-басын ірің кеулеп, ақыры, төсек тартып жатып қалған-ды. Содан көп ұзамады ғой. Өзі соңғы рет сойылын соғып,



қызғыштай қорыған Маншың үстемдігімен бірге ол да іріп-шіріп, жарық дүниеден өшіп кетті...

Бұл шақта Өсеттің өзі де жаңағы қызу қалпынан әлі арыла алмай отырған. Өңі қарақоңыр тартып, термен жылтырап, нұрлана түсті де:

– Демежанның қай қылығын, қай жақсылығын айтып тауысарсың. Оның өмірі он ауыз өлең емес, ұзақ дастан-жыр жазуға татиды, – деп, аз бөгеліп барып, Күдеріге қарап, бір ағалық кеңес айтты:

– Күдері, сен де өлеңнен жүген ұстап жүрген жан емессің ғой. Осы жөнінде бір толғанып көрсең болмай ма? Жылдар өтер, топырақ тозып, тас та мүжілер. Қарағаш та қурап жайына қалар... Дүниеде тозбайтын, көнермейтін бір-ақ нәрсе бар. Ол – арттағы ұрпаққа қалатын асыл сөз, өлең-жыр. Шамаларың келсе, Демежандай дегдарға өлеңмен ескерткіш соғындар!..

*1985 жыл, қазан
1987 жыл, мамыр*



ШАХИМАРДЕН ҚҰСАЙЫНОВ

(1952 жылы туған)

ТОМИРИС¹

(ШҰҒЫЛА)
(Драма. Жалғасы)

Екінші акт

Үшінші көрініс



Сахнада Балхаш, қарсы алдында үш әйел – сарбаз. Балхаштың ығында сарбаздары, оларды да амазонкалар қоршап алған. Сайысып жатыр. Балхаш та, оның сарбаздары да қарсыластарына қару тигізбей, тек қорғаныста жүр. Амаға патшайым келеді. Патшайымның белгісімен зурнай дыбыс береді де, амазонкалар ұрысты тоқтатып, кейін шегінеді.

АМАҒА: Кімсің, батырым?

БАЛХАШ: Балхашпын. Даймын!

АМАҒА: Мені танысың ба, әлде естігенің бар ма?

БАЛХАШ: Сарматтардың падишасы – Амаға.

АМАҒА: Келесі соққыға төтеп бере алмассың. Сен жүзсің, біз мыңбыз. Тірі қалам десең, тізе бүк!

БАЛХАШ: Мен Қапсақты басып, Вавилоннан келемін. Жол бойы ондай қоқан-лоқының талайын естігенмін. Соның бәрінен құйынның ысқырығындай құлағымда ызың ғана қалыпты. Жауға өлімтігімізді де берген емеспіз. Ел шетінен ызың емес, жусанның иісі мен ерке самалдың лебін естиміз бе деп едік.

АМАҒА: Біз де батыстан пәле күтпеп ек, доссың ба, қассың ба?

БАЛХАШ: Қас болсақ, қан шығар еді, дос болған соң ғана тілге келіп тұрған жоқпыз ба?

¹ Автордың өзі ұсынған нұсқа бойынша берілді.



АМАҒА (*сарбаздарына*): Қару қынабына кірсін, алдымызға шарап келсін.

Сарбаздар кетеді. Екеуі қайтып келіп, алдарына шарап қойып, аулақ-қа барып тұрады.

АМАҒА: Ащы сөйлесем, құдайы қонақ ашуланбас па екен?

БАЛХАШ: Ақиқат болса, ащы сөзден құдайы қонақтың қолқасы үзілмес. Тартынба, патшайым.

АМАҒА: Парсыларға жанасып кеткен пенде жарамсақ келуші еді. Байқаймын, ұрғашының ұрымтал жерін таппассың, тіліңнің тікені әлі егелмепті. Менің қолымнан дәм тат. Қорықпа, тосын жұрттай тостаққа у қосатын өдегіміз жоқ. Біздің таңдайымыздың талғамы басқа. У қажет болса, тілімнен табарсың. Бірақ одан өлмессің, өкпең қабынса да, жүрегіңді бір шымшып алсам, мен соған да разымын. Тас Төбет! Ұмытпасам, Шұғылаң сені осылай атамап па еді?

БАЛХАШ: Иә, алая қараса, албасты да қашады. Сенің қолыңнан у ішсем де разымын, патшайым!

АМАҒА: Мінеки, бұл да бипаздықтың белгісі. Есіңе Шұғыла түскен шығар, икемге кеп қалдың. Айтпақшы, жарты түнге жарымның төсегін суытпаймын деп, қызғаныштан жайнаған Жетісу мен асқарлы Алатаудан, Дайлардың тағынан айрылыпты деседі. Бір ұрғашының етегіне бола, елін тастап, қаңғырып кетті деген лақап таратып, туған інің тағынды тартып алған көрінеді. Өтірік пе, шын ба? Өтірік болса, өсекшінің тілін кесемін!..

БАЛХАШ: Мен жорықтың адамымын, падишам. Тәңірім мені қару ұстауға жаратқан. Елімде жайма-шуақ күн туған соң, Кир патшаға қызмет етуге аттандым.

АМАҒА: Теңесер күш, тіресер жау таппай, қаһарымнан қамал қақыратқан батырды тағдырдың төлкек еткеніне мен де қапалымын. Тәңірдің бұйрығы, дос-жаранның қолымен өзенді де теріс ағызуға болады. Жау-жарағы сай жүз мың сарбаз беремін, жауыңды шаңымен-ақ таптап кетеді. Бар-дағы опасыз ініңді тағынан қағып таста.

БАЛХАШ: Есесіне не тілейсің?

АМАҒА: Бір-ақ тілегім бар: төсегіңді былғап, төріңді былғатқан Шұғыланың басы!

БАЛХАШ: Ықыласыңа рақмет, қайырымды падишам! Бірақ Кир патша сенен де жомарт еді: сенің сарматтарыңмен қоса бүкіл Тұранның тағына отырғызам деген. Бір жүз мың емес, бірнеше жүз мың сарбаздарын айтпағанда, аузынан жалын бүріккен отарбасы бар жалдамалы эллиндердің



өзі не тұрады? Мидияның әскери арбасы қарсы келгенді жапырақша тұрайды. Тоғыз жыл қызмет еткенімде көзімнің жеткені – Кирді тоқтата-тын күш жоқ. Рақмет, падишам! Егер тақ керек болса, сенің сарбаздарыңсыз-ақ інімді қағып тастап, Жетісуды қайтарып алуға шамам жетеді. Дүниенің төрт құбыласын түгел қаратамын деген Кир патша енді Тұранға ауыз салмақ. Парсыларды тастап кеткенім де, туған жердің топырағына қайта оралғаным да осыдан.

АМАҒА: Екеуміз Кирді осы жерден күтіп аламыз, осы жерде белдемесін үземіз!

БАЛХАШ: Дұрыс айтасың, патшайым. Бірақ оған дейін массақтар мен дайлықтардың басын қосып қайтуым керек.

АМАҒА: Жалған айтасың. Есіл-дертің Шұғыла. Саған сақтаған не қасиеті қалды оның?! Ат тұяғында тапталса, өз обалы өзіне. Ұрғашы біткен күң болуға құмартқан есіл ерді қорлағаны неткені?! Алтын басыңды аяққа тастама, Балхаш. Текті ит те өлімтігін көрсетпейді.

БАЛХАШ: Адырна тепкен жебені тоқтатып алу мүмкін бе?

АМАҒА: Балхаштың қапысыз жолбарысы қақпанға мықтап түскен екен-ау! Шарап іш.

БАЛХАШ: Менің шөлім массақтардың суатына жеткенде ғана қанатын шығар... Ал Шұғыла болса, маған ұл тауып берген мұңлық. Бірақ оны сен түсінбейсің.

АМАҒА: Әрине. Дегенмен Шұғылаға кезінде ұлдан гөрі төсек төтті болғанын мен де сезем. Одан бері де тас үгіліп, тақ суып, төсек тер сасыған жоқ па? Дәмі қашқан төттіден арқау болар арпа жұп. Жазылмаған жараңды жезтырнаққа қасытпай, қал осында! Мен саған күң де болам, күн де болам!

БАЛХАШ: Күн сенсіз де жетеді. Күн біреу-ақ, бірақ ол да Көк Төңірісінің қолында. Жаратқан ием жар болса, жаудың бетін күтемін. Мені асықтырған да осы.

АМАҒА: Бір сен үшін көлгірсіп, Шұғылаға көмекке бара алмаспын.

БАЛХАШ: Ондай жанашырлықты мен де күтпеймін. Тек тұла бойыңды кернеген ашу-кекті Батысқа бұрсаң, жөн еді.

АМАҒА: Батысқа?

БАЛХАШ: Киіміңе қарасам, эллиндердің елінен жаңа келген сияқтысың. Мен бұдан да асылын көргем. Егер сен Қапқастың керуен жолын қолыңа түсірсең, эллиндердің бар байлығы саған ағылар еді.



АМАҒА: Шұғыла сен Тас Төбет деп ақылыңды аңдамаған екен-ау. Парсылар Қапқас арқылы ізіңмен келіп, көкжелкеден соғады деп қорқасың-ау. Сонда өрттің өтіне мені қалдырмақсың ба?

БАЛХАШ: Көркіңе ақылы сай патшайым, егер массақтар мен дайлықтар түстіктен келіп, Кирді шапса, саған да жаман болмас-ты.

АМАҒА: Мейлі. Мен сенің қалауыңа қарсы емеспін, бірақ сен де менің бір өтінішімді орында.

БАЛХАШ: Сен қаласаң, бауыр етімді тастап кетуге бармын!

АМАҒА: Сен маған ұлыңды тастап кетесің.

БАЛХАШ: Оны массақтар бере қояр ма екен...

АМАҒА: Жоқ. Сен маған менің ұлымды тастап кетесің. Ақыл-ойы, қажыр-қайраты сенікі, шайқауы менікі, сарматтарға патша, маған мұрагер керек. Мен сонда ғана бұл өмірден уайымсыз кетем!

БАЛХАШ: Кешір, патшайым! Бұл тілегіңді орындай алмаймын.

АМАҒА: Жоқ, батырым, бұл менің ғана тілегім емес. Болмысы даудан, босағасы жаудан арылмаған мынау сармат деген елге қара! Кесіп берген бауыр етіңді қайтейін, жатыры бір, жаратылысы Тұран бауырыңа бір ұлыңды құрбандыққа қимасаң, онда құры! Жоғал!..

БАЛХАШ: Ендеше мынауыңды құрт! Болашақ мұрагердің ақыл-есі дұрыс, мұрны бүтін болсын десең, шарапсыз жасаймыз!...

АМАҒА: Ей, сарбаздар. Бізге шатыр тігіңдер!..

Сарбаздар екеуіне қолма-қол шатыр тігіп береді.

Төртінші көрініс

Шұғыланың шатыры. Елес пен Шұғыла. Елес шырақ жаққан табаны алақанымен аластап тұр.

ШҰҒЫЛА: Көк аспан құрбандықты қабыл етті ме?

ЕЛЕС: Солай, патшайым! Көк аспанда кіршік жоқ. Тәңірім сені жебеп тұр! Халқың сені демеп тұр.

ШҰҒЫЛА: Елес, мен биліктен әбден шаршадым. Жыл артынан жыл өтті, билік маған үрей мен уайымнан басқа еш жұбаныш әкелген жоқ. Өкем марқұм көсемдердің күдірейген жалын күзеп, тойымсыз кеңірдектеріне оқтау тығып, алдымен ел қамын ойлаңдар деп еді. Ол кеткен соң, бақталас пен күндестер тақ таласын қоздырып, бармақтай бақты бөлісе алмай, сақтардың берекесін нілдей бұзды. Мен қазірдің өзінде ысқырған жебенің ызыңын жауырыныммен сезіп тұрмын. Қаскөйліктен басқа қарекеті



жоқ Амаға менің тіземнің қалтырағаны, қолымнан семсерімнің түскенін күтіп тұрмын. Балхаш кеткен соң, дайлықтар да маған ту сыртын берді. Тақымым аттан, білегім садақтан тозды. Көні жібімейтін, көңілі тас көсемсіген бітеу мүскенелерді ақылға шақырам деп, сөзім таусылды. Жана-шырдың құшағында жай тауып, сауыттың орнына сарафан кисем деймін. Жәдігөй, Төңірге айтшы, мен тағы да құрбандық шалайын. Жәдігөй, Көк аспаннан сұрашы, егер мен тақты тастап кетсем, тағдырым не болады?..

ЕЛЕС: Төңірім үндемейді.

ШҰҒЫЛА: Ендеше сұра, тақты тастамасам, не болады?

ЕЛЕС: Төңірім айтады, егер тақтан кетпесең, дүниедегі ең қымбатыңнан, сүйгеніңнен айрыласың.

ШҰҒЫЛА: Парсылардың патшасы, ұлы Кир Согдиянаны таптап, біздерге таяп қалды. Жау да болса, мен оған ғашықпын. Қаншама ұмытайын десем де, үш жыл болды, бейнесі көз алдымнан кетпейді: күнім де сол, түнім де сол сияқты, қуанышым да, сорым да сол сияқты, бірде қасиетімдей, бірде қасіретімдей басады да тұрады. Не істесем екен, Жәдігөй? Төзімім таусылды... Бүгіннен бастап тақты ұлыма тапсырам да, алдынан шығамын. Етектерің затында күнәға батқан жалғыз мен емес! Төңірден сұрашы, Кир мені күте ме екен?..

Жәдігөй шырақты алақанымен аластай бастайды. Үш қыз келіп арпалысып,жын қаққандай билей жөнеледі.

ШҰҒЫЛА: Енді қашан?

ЕЛЕС: Төңірім тіл қатпайды.

ШҰҒЫЛА: О, Төңірім, енді маған не қыл дейсің?! Жәдігөй, онда өзін жауап бер!

ЕЛЕС: Менің де тілім байланып тұр, патшайым.

ШҰҒЫЛА (семсерін суырып алып): Ендеше тіліңді кесем! Жауап бер, жаныңның барында!

ЕЛЕС: Ел қасіреті патшайымның ғашығын да ұмыттырады, ел бостандығы патшайымның бақытынан қымбаттырақ!

ШҰҒЫЛА: Жоғал!

Жәдігөй кетеді. Шұғыла шырақты шараппен өшіріп тастайды.

ШҰҒЫЛА (қапаланып): Төңірім! Өз басымды құрбандыққа шалған соң, енді қайтіп бізден құрбандық тілеме!

Шұғыла тағына келіп отырады да, басына қара орамал байлайды. Массактардың үш көсемін ертіп, Спаргапис келеді.

СПАРГАПИС: Анашым, ұлы патшайым!



Шұғыла басындағы орамалын шешіп тастайды. Жүзінде қапалықтың ізі де жоқ.

ШҰҒЫЛА: Ұлым, ұйқысы қашқан адамның қасына жолай берме, өзін ұйқыдан айрыласың.

СПАРГАПИС: Ұлыңнан ұйқы қашқалы қашан!

ШҰҒЫЛА: Тынышыңды алған не?

СПАРГАПИС: Жайсыз хабар. Балхаш қайтып оралды.

ШҰҒЫЛА: Оның несі үрей? Келсе – өз елі. Ұлым, сезімді де тежей білген жөн. Қуанып тұрып, қайғы ойла, егер елің соны қаласа. Қайғырып тұрып, қуана біл, егер елің шаттықта жараса. Сен патша тағының мұрагерісің, сенің қуанышың мен қайғың қара басыңдікі емес, халқыңдікі!

СПАРГАПИС: Менде тұрған дөнеңе жоқ. Мен сенің ниетіңді білейін деп келдім, Балхаштың қайта оралғаны жақсылық па?

АРДАШИР: Балхаш бізді парсыларға сатып кеткен!

ЕКІНШІ КӨСЕМ: Ұлы патшайым, біз оған сенбейміз. Жарақты жауды ел шетіне ертіп келген сол!

ҮШІНШІ КӨСЕМ: Бүйірімізден сүңгісін сұққалы отырған Амағаның шатырына жол бойы түнеп шығыпты деседі.

ШҰҒЫЛА: Массактардың игі жақсылары, қайсыңа сенсем екен? Егер Балхаш Амағаның шатырына түнеп шықса, батыстан келгені. Онда ел шетіне жау әкелгені өтірік. Егер ол Амағаның ауылынан шықса, артындағы сарматтардың қалың қолы қайда? Демек Балхаштың сатқын екені өтірік! От алып, қамысқа түскенше, алдымен ойланып келіңдер. Үшеуің ғана өсек термей, массактардың он жеті көсемі түгел жиылып, көшелі сөзін айтатын болсын. Барыңдар!..

Көсемдер еріксіз шығып кетеді.

СПАРГАПИС: Анашым, ұлы патшайым, егер мені ұлым десең, Балхашты қабылдама.

ШҰҒЫЛА: Неге? Әкеңді шешеңнен қызғанасың ба?

СПАРГАПИС: Ол сенің тағыңды тартып алғысы кеп жүр. Ол бізге патша болуға лайық емес!

ШҰҒЫЛА: Ерлі-зайыпты екі адам билікке таласпайтын шығар. Бастан жақты айырып қайтесің?

СПАРГАПИС: Ол дай ғой.

ШҰҒЫЛА: Болса ше? Түбі бір Тұран. Әкең дай болғанда, сен өзін кімсің?

СПАРГАПИС: Ат дүбірін естіп тұрмын. Соның өзі. Балаңды байға айырбастасаң, өзін біл.



ШҰҒЫЛА: Тұла бойы жалғызымның орнын жан біткен толтыра алмас. Сенен жақын маған кім бар!

Жасауыл кіреді.

ЖАСАУЫЛ: Ұлы патшайым, парсылардың патшасынан елші кеп тұр.

ШҰҒЫЛА: Кірсін.

Мард кіреді.

МАРД: Патшалардың патшасы ұлы Кирдің елшісімін. Құрметті Шұғыла, сені көргеніме қуаныштымын. Патшайыммен жүздесем деп едім.

СПАРГАПИС: (қанжарын суырып алып) Бейшара парсы, менің анамның, ұлы патшайымның сақтар ғана айтуға қақысы бар есімін атауға аузың қалай барды?!

ШҰҒЫЛА: (ұлын тоқтатып) Ұлым, бекзадам, елші екеумізді оңаша қалдыр.

СПАРГАПИС: Мен ше?..

ШҰҒЫЛА: Бар (*Мардқа*) Сұхбатымыз ұзаққа созылатын шығар. Солай ма?

МАРД: Оны патша көңілің білсін.

Спаргапис ашулы, тысқа ата жөнеледі. Оны авансценада үш көсем тоқтатып алады.

АРДАШИР: Қуып шықты ма? Жалғыз ұлдан жасыратын не құпия болды екен?

ЕКІНШІ КӨСЕМ: Шатаның түбі шикі. Ақылгөйге санамағаны, мұрагерлікке жарамағаны да.

ҮШІНШІ КӨСЕМ: Бекзада, елшінің беті қалай?

СПАРГАПИС: Аулақ кет!

АРДАШИР: Біз кетерміз-ау...

ЕКІНШІ КӨСЕМ: Кетсек, Балхашқа баратын шығармыз. Қосы күншілік жер екен ғой, кешкі асқа жетіп қалармыз.

ҮШІНШІ КӨСЕМ: Жоқ, мен өлсем де, бекзаданың қасында қаламын. Нағашысына тартса, бұдан өзге елге бас болатын ешкім жоқ!

АРДАШИР: Бірақ бұл бізді көзге іліп те тұрған жоқ қой.

ЕКІНШІ КӨСЕМ: Жалғыз өзі жауға шаппақ. Ажалы жетпей, кім өлген!

СПАРГАПИС: Айта түс, мен тыңдап тұрмын.

ҮШІНШІ КӨСЕМ: Осы жерден кетсек деймін, тынысы тым тарылып барады...

СПАРГАПИС: Онда тарттық сайынға! Атты әкеліңдер!



Бесінші көрініс

Шұғыланың шатыры. Шұғыла тақта отыр. Екі қанатын ала Балхаш, Спаргапис, ру-тайпа көсемдері. Мард кіреді. Қолында жиегін алтынмен әдіптеген шиыршық тері.

МАРД: (тас керең тыныштықта Шұғыланың алдына келіп) Томирис патшайым, бүкіл әлемнің өміршісі саған тілхат жолдап отыр. Тыңдай бер: мен Кир, патшалардың патшасы, төрт құбыланың әмірі, жасын мен найзағайдың иесі Камбиздің ұлы, Құдайдың оң қолы Ахеменнің ұрпағы, парсы елінің патшасы саған айтарым. Иығыңа бақыттың Самұрық құсы қонды, маған қатын болуға саған мүрсат беріп отырмын! (Шиыршығын Шұғылаға ұсынып) Мінеки, сенің ұлы даражаңның хатқа түскен куәлігі.

ШҰҒЫЛА: Менің байға тигенімді, бала сүйгенімді парсының патшасы білмейтін бе еді?

МАРД: Бөктері бүкіл әлемге пана болған, асуы көк аспанмен тірескен қасиетті Феридун тауының шаңырағын тіреп тұрған патшалардың сені өзіне тең санаса, шалқаям деп, қапы қылма. Сен байдың құрығынан озбайтын отбасының пендесі емес, патшайымсың. Сонсоң патшалардың патшасы өзіне жар қылуға ниет білдіріп отыр.

ШҰҒЫЛА: Ендеше патшайымды сен де тыңда: менің артымда еңсіз ел жатыр, бүкіл елді қатын қылуға патшалардың патшасының әуселесі жетпес!

МАРД: Патшалардың патшасы ұлы Кирдің жасағы аспандағы бұлттан қалың. Оған жүздеген піл мен жез инемен жарақтанған нубийлерді қоссаң, сақтың даласында ат тұяғын жыртық қалмас. Сенде бар болғаны сауыт киген қыз-қырқын мен бөрі тымақты мың сарбаздан басқа не қалды? Амаға патшайым көмекке өлсе, келмейді. Балхаш тиграхаудтың патшасы емес, көрі-құртаң жүз қолмен бізден қашып кеткен қаңғыбас, одан не қауқар?! Біз күні ертең Сейхунды кесіп өтелік деп тұрмыз!..

ШҰҒЫЛА: Амағаның көмекке келмейтіні рас. Бірақ оның қолы Қапқастан Ұлы Өзенге дейінгі бүкіл батысты қамап жатыр. Одан сенің инең де, итің де өте алмас! Демек Вавилонның да, Ассирияң да, біздің қараны көре алмас! Балхашқа ермесе, дайлықтарға ас батпайтынын білесің, жиырма мың қолы іргеде тұр. Ал сақтар ел болып, атқа мінсе, олардың санына ешкім жеткен емес. Мард, айта қойшы, біздің аспанымыз сияр сарайың бар ма?

МАРД: Жоқ, патшайым.



ШҰҒЫЛА: Біздің даламыз сыяр қорғаның бар ма?

МАРД: Жоқ, патшайым.

ШҰҒЫЛА: Сарай мен қорғанға тығылып отырған тулақтай жұрт сары далаға сыймаған сақтарды да қорқытпақ!.. Бар, жолың, өне!..

МАРД: Патшайым, бұл сенің соңғы сөзің бе? Ойлан.

БАЛХАШ: Жоғал! Әкетіңдер мынаны!

Екі жасауыл Мардты сүйрей жөнеледі.

МАРД: *(айқайлап)* Патшайым, ұлы Кир үш жыл бойы Шұғыласын күтіп, тұғырында түлеп отыр!..

ШҰҒЫЛА: Мына байғұстың есі ауып кеткен шығар, қу жанын қинамай, жаһаннамға аттандырып жіберіңдер!

Жасауылдың бірі Мардты бауыздап жіберіп, шатырдан сүйреп алып кетеді.

ШҰҒЫЛА: Балхаш, әлгі бейшара не деп айқайлады, ұқтың ба?

БАЛХАШ: Түсінсем, бұйырмасын!

ШҰҒЫЛА: Жақсылар! Жайсаңдар! Енді ақылдасайық, жауды қайдан күтеміз, жасақты қайда қоямыз?

СПАРГАПИС: Анашым, ұлы падишам, маған бөрі тымақтының қолын түгел бер, Кирді жер жастандырамы!

БІРІНШІ КӨСЕМ: Дала кең, қорғаушысы кем. Енді ен далаға алып, кету керек. Шығанға шыққан соң, қырдан қол, ойдан ақыл жинаймыз.

ДАУЫСТАР: Дұрыс! Дайлықтардың қашан келері де белгісіз. Оған дейін қол қусырып отырамыз ба?

ШҰҒЫЛА: Балхаш, сен не айтасың?

БАЛХАШ: Патшайым, алдымен Спаргаписке бөрі тымақтыларды бер. Олар өліспей, беріспейді. Арзан санағанда, оны ажалдан құтқарады.

СПАРГАПИС: Мен ажалдан қорқып тұрғаным жоқ!

БАЛХАШ: Кешір, бекзадам, жеңілмейсің деп тұрғаным жоқ. Қыздар қасында болсын, патшайым. Бөрі тымақтыларға бес мың Дай қосылса, Кирді Сейхунда тоқтатамыз. Оған дейін массақтар да қол жиып үлгереді. Ең бастысы – жауды өзеннен өткізбеу. Арбасы ауыр аттарының жүгі жүз батпан, сонсоң да олар салмен жүзуге мәжбүр. Біз қарсы жағадан жермай шылаған жебемен өртеп, есінен тандырамыз.

ШҰҒЫЛА: Естідіңдер ме? Балхаштың бұйрығы қалтқысыз орындалатын болсын!

БАЛХАШ: Сонда сенің жауабыңды Кирге кім жеткізеді?



ШҰҒЫЛА: Ұшқан құстан жібермесем, маған қазір екі аяқтының бөрі қымбат.

Аяқ астынан Елес пайда болады.

ЕЛЕС: Мен барамын!

Көсемдер тарқылдап күледі.

АРДАШИР: Мынаны түсінде көрген қатын түсік тастағандай екен!

ЕКІНШІ КӨСЕМ: Ұлы патшайым, бикешті парсылардың патшасына сыйға тартсаң, қайтеді? Қалыңдықтай қып киіндірейік!

БАЛХАШ: Патшайым, парсылардың мінезін жақсы білесің, табан астында бұл байғұстың басын шауып тастайды да.

ЕЛЕС: Ажал менен әлдеқашан әдіре қалған. Жер жаратылғанда, бар едім, таптай-таптай жерді де шаршаттым, қақсай-қақсай, елді де шаршаттым. Көк аспан мені күткелі қашан! Өмірден тажал, көктен ажал тілегендерді Төңірге өзім жетелеп апарам.

КӨСЕМ: Кімді айтып тұрсың, Жәдігөй?

ЕЛЕС: Тек сен емессің. Өмірге септігі, өлімге тектігі жоқ сені ажал да қайтсін?!

ШҰҒЫЛА: Сонда кім? *(Ұлын артына көлегейлеп)* Мүмкін мені апарарсың?..

ЕЛЕС: Төңірім жауап қатпады. Патшайым, маған Мардтың арбасын әкеліндер. Асықпасам, болмас. *(Есікке қарай беттейді)*.

ШҰҒЫЛА: Сені өзім шығарып саламын. Қасиетті Жәдігөйдің аяғына қару жығыңдар!

Бәрі де семсерлерін қынабынан суырып, Жәдігөйдің аяғына тастайды. Шұғыла Елестің соңынан ереді. Жұрт қаруларын қайта көтереді.

БАЛХАШ: Ал енді не тұрыс?.. Сейхуннан табысамыз да. Ат аяңнан озбасын, шаң шықпасын, от жағылмасын. Қалған бұйрық менен!

Бәрі де тарай бастайды. Ардашир Спаргаписті ұстап қалады.

АРДАШИР: Бекзада.

СПАРГАПИС: Құлағым сенде.

АРДАШИР: Көрдің бе, таққа отырғандай тақылдауын! Дайлықтар түгел жиналған соң, шетімізден қуып тастайды. Патшайымға қауіп төнді. Оның орнын енді Амаға басады.

СПАРГАПИС: Сенбеймін. Билік үшін сүйген жарын құрбандыққа қия қоймас.

АРДАШИР: Бүкіл Тұранның патшасы боламын деген жауызға жар деген түк емес. Егер...



СПАРГАПИС: Сөзінді жұтпа.

АРДАШИР: Егер Қирді жеңер болсам, мұқым әскер Балхашты жақтап шығады.

СПАРГАПИС: Сонда не істеуіміз керек?.. Мұны жеңетін күш әлі тумеган!

АРДАШИР: Оның амалы – жебенің уында. Бекзада, мен жалғыз емеспін. Сақтардың игі жақсылары, көсемдері тақтан тек сені ғана көргісі келеді. Спаргапис патшаны!..

Алтыншы көрініс

Шұғыла мен Елес жеке. Жәдігөй отырған әскери арбаның доңғалағы ғана көрінеді.

ШҰҒЫЛА: Сен оған айт: кідірмей, еліне қайтсын. Егер мені сүйетіні рас болса, қайтуға тиіс.

ЕЛЕС: Сөзінді жеткіземін. Шұғыла, сен анасың, сен данасың, көпке әділ, көсемге панасың, алдыңды ешкім кесіп өткен емес. Тұранның қатыны қыз тапса, атын Шұғыла деп қойып жатыр. Сен білмейтін құпия жоқ. Бірақ бар нәрсені білмейсің, ол – еркек. Қир бетінен қайтпайды.

ШҰҒЫЛА: Қош! Мен сені қайтып көре алмайтын шығармын!

Арба қозғала беріп, жоғалады.

Сахнада колоннамен қозғалған парсы сарбаздарының биі. Оған қарсы билеген сақ сарбаздарының биі.

Жетінші көрініс

Шұғыланың шатыры. От басында Шұғыланың жалғыз өзі отыр.

ШҰҒЫЛА: Жәдігөй де жоқ. Тамырымды кім басар, тағдырымды кім айтар?! (*Қолын отқа созып*) О, Тәңірім, айтшы, бүгін кім жеңеді, кім өледі?! (*Көкке телміріп*) Неге үндемейсің?..

Аптығып Спаргапис келеді.

СПАРГАПИС: Анашым, ұлы патшайым!

ШҰҒЫЛА: Не боп қалды?! Парсылар өзеннен өтіп кетті ме? Балхаш қайда? Өлген-жеңген бар ма?

СПАРГАПИС: Білмеймін! Балхаштың қайда екенін білгім де келмейді! Мен жағадан жасағымды алып кеттім. Балхашты мен де сынаймын. Дайлықтар дайын таққа құмар ғой, көрсін қорғап сол тақты!



ШҰҒЫЛА: Не деп тұрсың, ұлым-ау?! Ұрыстан қашып шықтым десеңші! Қашқын болдым десеңші!..

СПАРГАПИС: Қирді күні ертең тас-талқан қыламын! Парсылар өлігін Сейхуннан іздесін! Бізге қауіпті парсының патшасы емес, көп болса, келді, кетті. Қауіпті Балхаштан күт. Шетімізден етше турап, бүкіл Тұранға патша болмақ! Бір дүркін сатып кеткен қаңғыбастан қайтып қайыр күтпе!..

ШҰҒЫЛА: Келе жатыр.

СПАРГАПИС: *(алақтап)* Кімдер?..

ШҰҒЫЛА: Берік бол, балам! Сен үшін мен де құрбандық шалғам! Ел үшін сен де бүгін құрбансың! Ең болмаса, еркек боп өл! Ақылға сыймайтын, атаққа көнбейтін іс қылдың. Соғыстың аты соғыс! Оның заңын ана да, патша да бұза алмайды. Кешір мені.

СПАРГАПИС: Не айтып тұрсың, анашым?!

Шұғыла сүйретіліп, тағына барып отырады. Көсемдерді ертіп, Балхаш келеді.

БАЛХАШ: Патшайым, парсылар бергі жағаға өтіп кетті. Бес мың дайлықтан қалған жалғыз мен!..

КӨСЕМ: Бөрі тымақтылар ұрысқа кірген жоқ. Оң қанат ашық қалды, патшайым!

ШҰҒЫЛА: Білем. Кесімін айтыңдар!..

КӨСЕМДЕР: Өлім! Өлім! Өлім! Өлім! Өлім! Өлім! Өлім!

КӨСЕМ: Бекзада Спаргапис! Сатқындығың үшін өлім жазасына кесілдің!

БАЛХАШ: Тоқтатыңдар! Тақсыр, мұның еті сенікі болғанымен, сүйегі – менікі! Аңғал жасты алаяқ біреу адастырды. Спаргапис, айт, кім сені адал жолдан тайдырған?..

АРДАШИР: Қолдарың қалтыраса, мен-ақ мұның *(семсерін суырып алып, Спаргаписке ұмтылады)* көзін жоғалтайын!

БАЛХАШ: *(Жолын кес-кестеп)* Қолыңды алдымен маған жұмсап көр!

КӨСЕМ: Балхаш, былай тұр! Массактардың заңын кім бұзса, оған да өлім!

БАЛХАШ: Мен массақ емеспін!

КӨСЕМ: Сені айыптап тұрған жоқпыз.

БАЛХАШ: Баласының басы кеткелі тұрғанда, Балқаш қарап қала ма?! Мұның да сүйегі дай, бізде де көсемдер бар, бізде де заң бар, дат бізден болмай, кімде-кім бұған қол көтерсе, менің қолымнан мерт болады!..

АРДАШИР: *(Балхашқа ұмтылып)* Онда өз обалың өзіңе!



Әп-сәттік айқас. Ардашир сұрап түседі. Екінші көсем жасқаншақтап, Балхашқа жақындай берген.

ШҰҒЫЛА: Тоқтатыңдар! Біріңді-бірің турап құртатын түрлерің бар, парсының патшасы бекерге ат сабылтқан екен-ау! Балхаш, ұлымның сүйегі менікі дедің ғой, рухың бір болғанымен, ұраның бөлек, ендігі кесімді сен айт!

БАЛХАШ: Елден қуылсын!

СПАРГАПИС: Мен өз елімнен ешқайда кетпеймін. Өлімді өз топырағымнан күтемін! *(Шұғылаға келеді)* Анашым, ұлы падишам!

ШҰҒЫЛА: Жоғал! Тегінді тап! Жетісуға жет!..

КӨСЕМ: Балхаш, ұлыңа ескерт, енді қайтып бұл елге аяқ басса, кез келген массақ басын шауып тастауға қақысы бар!

БАЛХАШ: Кетем деген ерге ел толып жатыр. Өлімді ақшаға да, алтынға да, атаққа да сатып алуға болады. Бар!..

ШҰҒЫЛА: Көсемдер! Жауға бөрі тымақтыларды өзім бастап барамын! Ақырғы айқасқа дайындалыңдар!

Көсемдер кетеді.

СПАРГАПИС: Дай патшасы!

БАЛХАШ: Бұл жерде саған орын жоқ. Менің атыма мін де, тай! Ұшарынды жел, қонарынды сай білсін!

СПАРГАПИС: Жел құйын болып қайта оралса, қонар сайым осы жер болса ше?

БАЛХАШ: Өз басыңа өзің өлім тілеме, ұлым! Сен маған да, анаңа да қымбатсың! Біздің бір тапқан амалымыз осы!

СПАРГАПИС: Рас па?

БАЛХАШ: Рас.

СПАРГАПИС: Қарусыз қанды жолға қалай шығам? Маған қанжарыңды бер.

БАЛХАШ: Ала ғой. Бұл – сенікі. Тек дай патшасының қаруы екенін ұмытпасаң болды.

СПАРГАПИС: Арманым қолыма бір ұстау еді, Тәңірім оған да жеткізді. *(Қанжарды өз көкірегіне сұғып алады)*. Ризамын...

БАЛХАШ: Балам-ау, бұл не қылғаның?! Сен мені өлтірдің ғой! *(Спаргаписті құшақтап, басын көтереді)*.

СПАРГАПИС: Әке, мені қорқақ деп ойлама! Мен өлімнен қорыққан емеспін!..



БАЛХАШ: Білем. Сенде шешеннің жүрегі, әкенің білегі бар еді. Өкінішті!..

СПАРГАПИС: *(Балхаштың иығынан сипап)* Сен жаралысың ғой.

БАЛХАШ: Өншейін, жебе сызып кеткен.

СПАРГАПИС: Жебеде у бар-ды. Сол у мені де улап тынды.

БАЛХАШ: Ажалыма қанша уақыт қалды?

СПАРГАПИС: Білмеймін, у жаққан Ардашир... Мен саған ұқсап бақсам деп едім ғой, әке!.. Өмірге екі Балхаштың қажеті жоқ деп қызғаныштан екеуін де жоқ қылдым-ау!.. *(Сылқ түседі)*.

Балхаш баласының бетін дайдың туымен, денесін массақтың туымен жабады. Дайдың сарбаздары келеді.

БАЛХАШ: Сарбаздар! Бекзаданың денесін Жетісу мен Арқаның тең ортасына апарып, алтынға бөлеп, күміс табытқа салып көміңдер! Сол мазардан маған да орын сайлаңдар! Өлді деп ешкім айтпасын! Өлгенімізді ешкім білмесін! Сақ біткен бізді тірі деп түсінсін! Біз сары далаға әлі сан рет қайта ораламыз!.. О, Төңірім, жебенің уын тарта тұр! Маған бір майданға, ақырғы айданға мүрсат бер! Осыдан басқа тілегім жоқ, Төңірім!..

Сегізінші көрініс

Түн. Дала. Кир жалғыз. Басын көтеріп, жұлдыздарға қол созады.

КИР: Ей, Құдайлардың құдіреттісі Ахурамазда! Көк аспанның мұзартын көлбей жыртқан күйменді көріп тұрмын. Күймедегі төрт пырақтың бірі – от, бірі – су, бірі – жер, бірі – әуе! Төрт пырақтың тізгінін мәңгілік сен де ұстап тұра алмассың. Түбі жерді де, суды да, әуені де от жалмап, тіршіліктің күймесі төңкеріліп түссе, түпсіз тұңғиыққа жұтылып, бүкіл әлем күңіреніп, бос қалмай ма?! Мен осында неге келдім? Менің күйемді қай Құдай әкелді? Менің жұртымды қай тағдыр қайда қуып барады? Көз алдымда түпсіз тұңғиық, көк аспанның ызғары!.. *(Бетін алақанымен жабады)*.

Аяқ астынан әйел сүлдері пайда болады: үстінде ақ жамылғы, Шұғыланың бас киімі.

КИР: Шұғыла! *(Қарсы ұмтылады)*.

Қарлыққан әйел күлкісі. Кирдің алдында кемпір бейнесіндегі Жәдігөй.

КИР: Мыстан!

ЕЛЕС: Кир, мен сенен ажал сұрап келдім!

КИР: Жоқ, Шұғыла келіп, құшағыма кірмесе, мен Томирисінің басын аламын!..



Тоғызыншы көрініс

Сақтар мен парсылардың ұрысын бейнелейтін би.

Шайқастан соңғы дала. Жаралылардың ыңыранған дауыстары, аттардың шұрқырай кісінескені естіп тұр. Шұғыла шығады. Соңында тайпа көсемдері мен сарбаздар.

КӨСЕМ: Тақсыр, парсылар талқандалды! Кир қашты!

ШҰҒЫЛА: Жеңдік деп желікпеңдер! Бұл жеңіс қасіретпен пара-пар, қаза тапқандарың қаншама?!

САРБАЗ: Есебіне жетіп болмайды! Оларды құзғын ғана санап жатыр!

КӨСЕМ: Менің жеті жүз сарбазымнан жетеуі-ақ қалыпты.

ШҰҒЫЛА: Балхаш қайда?

КӨСЕМ: Кирдің арбасына ұмтылғанын бір көріп қалғанмын.

Балхаш көрінеді. Сүрініп кетіп, сүрініп кетіп, зорға келеді. Сарбаздар сүйемелдеуге ұмтылған еді, бірақ оларды серпіп тастап, Шұғылаға өзі келеді.

БАЛХАШ: *(Торсықтан Кир патшасының басын суырып алып)* Ұлы патшайым, мынау патшалардың патшасы ұлы Кирдің басы *(Басты Шұғыланың аяғына лақтырып тастап, өзі де құлап түседі.)*

КӨСЕМ: *(Балхаштың үстіне төніп)* Жантәсілім етіпті... Ей, Төңірім, пақырдың жанын Агро-Майнюдің зұлым тырнағына түсіре көрме!

ШҰҒЫЛА: Бірің қалмай тараңдар!..

Барлығы да кетеді. Шұғыла Балхаштың денесін құшақтап, бетінен сипайды.

Қасиетті Көк аспан, құдіреті күшті Төңірім! Үн қатпағаның осы екен ғой!.. Балхаш, рухыңа бас идім! Сен менің жар дегенде, жалғызым едің! *(Балхаштың семсерін көкірегіне қойып, қолын соған айқастырады да, Кирдің басына келіп, көтеріп алады).* Сен менің жалғандағы жалғыз сүйіктім едің!..

Аяқ астынан Жәдігөй пайда болады. Шұғыланың қолынан Кирдің басы түсіп кетеді.

ЕЛЕС: Балаңды құрбандыққа шалдың! Байды құрбандыққа шалдың! Сүйгеніңнің басын алдың! Өзің ғана қалдың! Өзіңе не қалды?

ШҰҒЫЛА: Сақ деген ел қалған жоқ па! Сақтың сары даласы – жер қалған жоқ па!.. Жамағат!..

Тірі қалғандар түгел жиналады.



ШҰҒЫЛА: (*Кирдің басын торсыққа қайта салады*). Патшалардың патшасы ұлы Кир, құмартқаның сақтың қаны еді! Жақсылар мен жайсаңдар, көсемдер мен көк сүңгілі сарбаздар, мынау торсықты парсының қанына толтырыңдар да, еліне қайтарыңды, қанып ішсін де, жаны жай тапсын!.. Көк Тәңірі сыйлаған сақтың сары даласына енді қайтып ешкім бас сұқпасын! Тұранның қасиетті туын ешкім жықпасын!.

Шымылдық

«ТОМИРИС» САХНАДА



Жамбыл облыстық драма театры актерлерінің «Томирис» драмасын сахналауы. Бұл драма Болат Жандарбековтың «Сақтар» романының желісі бойынша өмірге келді. Қоюшы режиссері: Дина Жұмабекова



ШЕРХАН МҰРТАЗА

(1932–2018)



ТӘУЕКЕЛ ТОЙ¹
(Өңгіме. Жалғасы)

Ол конверттердің ішінде қанша ақша жатқаны белгісіз. Жұрттың көзінше санай алмайсың ғой. Былайырақ шығып, туалетке кіріп кетіп, санап алайын десе, оның ретін таппады. Санағанда, алтын мен күміске қолы малына қалмайтынын, көңілі түскір, сезеді. Жездесі берген томпақ конверт болмаса... Қырғыздан темекі тасып, соны стакандап сатып жүрген майда саудагерде қайбір ірі ақша болады дейсің. Бұл заман – сигарет заманы. Баяғыдай газетке орап, шылым тартатындар бар дейсіз бе?..

Су бойында бақалар бақылдай бастады. Олардың бақылдағаны әлдекімдердің сақылдап күлгені сияқты боп естіледі. Даладан бақалар да безіп кетіп, қалаға келген бе? Несі бар мұнда?

Ауылдағылар қалаға қарай ағылып жатыр. Олардікі, бөлкім, жөн шығар. Ал, бақаға не жоқ? Оларға да жұмыс табылмай қалған ба? Өне, ана бір бала жүр адамдарды жағалап. Шашы өсіп кеткен. Сірә, үшінші, төртінші сыныптың баласы-ау. Үсті-басы подвалда түнеп шыққандай мыж-мыж. Өркім-өркім сол баланың өзіндей мыж-мыж болған жыртық-жыртық үш теңгелік, бес теңгелік бірдеңелерді берген болады да, әлгі көзі мәлиген міскінге тура қарауға дәті шыдамай, теріс айналып кетеді. Жас баласы қайыр сұраған елдің тойы да жарасымсыз шығар.

Бала Керімқұлға жақындап келді. Той иесі екенін қайдан білсін. Шырттай ақ киінген соң, бардам мырза деп қалған шығар. Үні шықпай, ерні ғана жыбырлап, алақанын ашып та жаймай, алақанға салғанды түсіріп алатындай, қолын қусыра созады. Күйіп тұрған Керімқұл:

¹ Мұртаза Шерхан. Жеті томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2006. – Т. 7.



– Кет, әйда! – деп, бұрылып кетті.

Шырыштай болып тап-таза киінген үлкен кісіден мынандай сөлекет сөз есітемін деп ойламаған жас бала жүрегіне қалмақтың оғы тигендей қатты назаланып қалды. Қайыршы болма. Қайыршы болсаң – арсыз бол. Мың түрлі адам бар – мың түрлі мінез бар. Соның сорақыларына мән бере берсең, жауқазыныңнан жайрайсың.

Бала көше бойындағы зипа терекке арқасын тіреп, жүрелеп отыра кетті. Өлгі жекуді көтере алмай қалды. Өлдекім тұмсығынан тепкен күшіктей ішінен қыңсылады.

Дәл осы сәтте алды-арты жарқылдаған, пошымы бөтен, өңкигендеу бір машина келіп, тура қайыршы баланың қасына тоқтай қалды. Сөйтсе, бұл көлікті «Джип» деп атайды екен. Шомбал шопыр қарғып түсіп, асыға басып, артқы есікті ашты. Ай мен күндей жарқ етіп, ар жақтан бір әйел алтын білезікке білегі толы қолын соза беріп еді, шомбал шопыр, қап-қара қолымен алтындаған ақ білектен ұстап, өлгі ханымды сүйемелдеп, жерге түсірді.

Керімқұл мойнына іштей алабұршақ салып, Алладан тілеген Жеңіскүл осы еді. Көк терекке сүйеніп, бүкіл әлемді жек көріп отырған қайыршы бала орнынан атып тұрды. Жеңіскүлдің жүрегінің тұсынан құлпырма күн шыққандай әлдене жарқ ете қалды. Оның не екенін бала түсінген жоқ, тек көзі қарыққандай болды.

Жеңіскүл табанын жерге тигізерін не тигізбесін білмей, перламутр туфлиінің өкшесімен ғана тұрып қалды. Қасиетті Өулие Атаның көшелері күнде сыпырыла бермейді ғой, сәл шаң-топырақтау еді. Өттең, Керімқұлдың есіне келмегені-ай, әйтпесе, Жеңіскүлдің жолына кілем төсеп тастауы керек еді ғой.

Керімқұлдың сидаң сирағы шегірткенің серпініндей ыршып кетіп, жиен қыздың қасына бір-ақ қарғып жетті. Бара бас салып құшақтап, жиенінің бетінен ары да сүйді, бері де сүйді.

Жеңіскүл қанша қарсыласса да, болмай, өліп кетердей өңмендеді. Шіркінде сезім болсашы, өзінше жағынамын дегені. Оны Жеңіскүл жақтырмайды. Өйткені Жасылкенттің «Арулар залында» үш сағат отырып жасатқан прическасы, макияжы құрыды ғой. Сілекейден беті айран жаққандай айғыз-айғыз болып қалды.

Керімқұлдың арынын әрең басып:

– Немене, нағашы, тегі... жүдө сағынып қалғансыз ба? – деді жыламсырап.



– Тойыңыз құтты болсын! Тойыңызға қосқан скромный тарту, – деп, туфлиі түстес перламутр сәмкеден бір конверт алып, нағашысына ұстата берді. Құтылдым ба, құтылмадым ба дегендей, бұрылып ала жөнелді.

Керімқұлдың кеудесіне күдік кірді. Конверт жұқа, «скромный» деп, жиен қыздың өзі айтты. Соңғы үміт осы жиен қызда болатын. Өлде доллар шығар деп жуатты өзін. Өрине, доллар. Жеңіскүл теңгені не қылсын. Доллардың қағазы жұқа, бағасы қалың. Шымалдай жұрттың көзінше, конвертті ашып қарай алмай, көзімен көріп, қолымен ұстап, саусақпен шытырлатып санай алмай, көңілі сенбей, қатты қиналды. Туалетке кіріп кетіп, санамаққа тағы батылы бармады.

Өлгінде ғана Керімқұл Жеңіскүлді құшақтап, құшып-құшып сүйген жерге қайыршы баланың көзі қайта түсіп еді, көзін шағылыстырып, әлдене тағы жарқ еткендей болды. Талдың түбінен былай шығып, сол жарқылдаққа жақындады.

Бұл кезде той бастаушы айқайлап, жұртты ресторанның ішіне шақырған.

Бала барып, топыраққа шала батып жатқан әлгі жылтырауықты алып, алақанына салып көрді.

Жеңімен шаң топырағын сұртті. Алақанында күн күлгендей болды. «Алуаға апарып берейін» деп, қалтасына сала салды. Алуа қарындасы еді, өзі сияқты киімі жоқтан мектепке де бара алмай қалған. Шешесі екеуі бүгін базар жаққа кеткен. Сірә, Алуа да базарда әркімге алақан жайып жүрген шығар. Қайыршы қызға әсем тана не керек деп, бала судың жағасында, ақсақ иттің қасында тұрып, қалтасындағы жылтырақ затты өзенге лақтырып жібергісі де келді. Алуаның кір-кір жамау көйлегіне жараспайтын да шығар.

Қалтасынан шығарып, күнге тосып, қасындағы ақсақ иттің көзіне шағылыстырды. Ит шошып түсіп, шойқаңдай басып, әрірек барып отырды. Итке гауһартастың керегі жоқ. Онан да анау кәуап, сыра сіміріп отырғандар бір түйір ет лақтырса, сол – олжа. Кәуап шайнап отырғандарға мәлие қарайды. Қаңғыбас иттің көзінде адам түбіне жетпес тұңғыық терең мұң болады.

Той қыза бастаған тұста алғашқылардың бірі саналып, Жеңіскүлге сөз берілді. Тойбасы да құйқылжытты-ау:

– Түп-түқиянынан бері асыл затты, ақсүйек, тектілердің тұяғы, ай мен күндей ажарлы, жүрген жері құт-береке базарлы, қазақ әйелдерінің эта-



лоны десе де болғандай Жеңіскүл ханымға сөз кезегін аса бір құрметпен ұсынамын!

Мұндай қолпаштаудан кейін жиналған жұрт бәрі де Жеңіскүлге жаппай қол шапалақтап, бәрі де соның аузынан алтын төгілетіндей, сілтідей тынып, назар аударды. Мұндай мол ықыласқа масаттанған Жеңіскүл өзіне қадалған сол көздерді құлағындағы, мойнындағы, омырауындағы меруерт, лағыл, гауһар тастармен қарықтырмақ болып, жан-жағына бұрылды.

Жайшылықтағы гу-гу әңгіме, абыр-сабыр қимыл, жүріс-тұрыс сап тыйылды. Шымылдық тұтылған төрдегі жас жұбайлар орындарынан атып түрегеліп, генерал көрген солдаттай қалшия қалды.

Жеңіскүл ән салатын халық артистеріндей алтын-гауһары жарқыраған жұдырығын аузына тақап, бір жөткірініп алды да, тарғыл-тарғыл ащы дауыспен сөз бастады. Жәмпеңдеген тамада микрофонды аузына тосты.

– Ардақты нағашым Керімкүл, – деді Жеңіскүл, – тамағын тағы да кенеп. – Менің аяулы анам Әсемгүлдің ағасы... – Осы арада даусы дірілдеп бара жатты. – Анам тірі болғанда, осы тойға өзі қатысатын еді-ау, – деп барып, жарқ-жұрқ еткен шағын сөмкеден аппақ бөтес орамалын алып, көзін сұрткендей болды. Оған сол қимылдан бетіне қалың жағылған опа омырауына түсіп, жұтап қалғандай көрінді де, әлгі орамалмен кеудесін сүрте беріп... мелшиді де қалды.

Сөйлей алмайды. Кенет тілі күрмелгендей. Албыраған ақсары жүзі қуылданып, боп-боз болып, тіпті, көгістеніп бара жатқандай көрінді.

Жан-жағында, қарсы алдында отырғандар, бүкіл зал үрпиіп, не болғанын біле алмай дал.

Жеңіскүл омырауын қайта-қайта сипалай берді. Еденге қарады. Одан үңіліп, үстелдің астына қарады. Одан микрофон ұстап, мелшиіп тұрған тамадаға қарады. Көкжасыл сары көздері зәрленіп:

– Сен алған жоқсың ба? – деп зірк етті.

Ана байғұс сасқалақтап:

– Ойбай, апай, нені? – деп, ыршып түсті.

– Мына омырауымдағы бриллиант тананы.

– Ойбай, апай, не деп тұрсыз, тана көрсем, мені тана тұрмақ, өгіз ұрсын!

– Жаңа маған микрофон ұсынғанда, қолың омырауыма тиіп кеткендей болған...

– Тана деп тұрғаныңыз не тана ол?

– Бриллиантовые подвески на пятьдесят тысяч долларов! Ақымақ!



Көкжасыл сары көздері енді ақшиып бара жатты. Тамада шын сескеніп, кейін шегінді.

– Үстаңдар ананы! Нағашы, ана сұмырай қашып кетпесін! – деп, баж-баж етті Жеңіскүл. Тойдағы жұрт орындарынан өре түрегелді.

Керімкүл жан ұшырып, не қыларын білмей, тозақтың отына түсіп кеткендей:

– Әй, жетпегір, алсаң бере ғой, әшейін ойнап алған шығарсың, – деді тамадаға.

– Әу, көке, не деп тұрсыз, неғылған бриллиант? Мә, қара! Тінт! – деп, тамада екі қолын екі жаққа жайып жіберді.

Сонда Жеңіскүлдің қарсы алдында отырған жуантық қазақы қара кемпір:

– Ау, Жеңіскүл қарағым, мен бағанадан бері сенің шашыңдағы, құлағыңдағы, мойнындағы, білегіндегі, саусақтарыңдағы алтын, гауһарларыңның бәрін сан қайтара санап шықтым. Екі көзім сенде. Бірақ омырауыңнан гауһар тана көрген жоқпын. Көрсем, оны да қызықтар едім ғой, – деді.

Салиқалы кемпірдің сөзі салмақты шықты.

– Тойдан той көріп жүріп, мұндай концерт көрген жоқпын, – деп қарқылдады әлдекім. Жұрттың бәрі үстерінен зіл қара тас түскендей, қауқылдасып, күлісіп, орындарына қайыра жайғаса берейін деп еді...

Жеңіскүл қайта қозды. Үні тарғылданып:

– Әй, нағашы, – деді. Орнынан былай шығып, Керімкүлға қарай кетіп бара жатып, артына қайта бұрылып, орындықтың арқалығына іліп қойған перламутр сөмкесін ала салып, Керімкүлға ымдап, сыртқа шық дегендей, ишара жасады.

Ресторанның дәлізіне шыға бере:

– Нағашы, мен сізді жұрт көзінше ұялтпайын дедім. Тойыңыздың шырқы бұзылмасын десеңіз, беріңіз! – деп, қатқыл бұйыра сөйледі.

Керімкүлдың көзі шарасынан шыға жаздады.

– Нені, байғұс-ау?

– Нені, нені? Бриллиант тананы!

– Шырағым, шалықтап тұрсың ба? Бірлөнт деген бөлені қашан беріп едің маған?

– Жаңа мен машинадан түскенде, мені неге құшырланып құшақтады десем, омырауымдағы тананы алып қойған екенсің ғой. Бер, бере ғой енді, мен ешкімге айтпай-ақ қояйын.

Керімкүл не дерін білмей, тілі байланып, мелшиді де қалды.



Бұл кезде жұрт ошарылып қалмасын деп, тамада жігіт анекдот соқты.

– Бір өзбек, бір орыс, бір қазақ болыпты. Үшеуі де арманшыл екен. Өзбек: шіркін, Айға барып, базар апсам дейді. Орыс: орасан арақ зауытым болса деп армандайды. Қазақ: әйелім ұл тауып, шілдехана тойын жасасам; одан сәл өте бере, бесік тойын жасасам; одан өте бере, тұсаукесер тойы болса; одан өте бере, сүндет тойын дүркіретсем; одан өте бере, мектепке барған тойын, мектеп бітірген тойын; академияға түскен тойын, оны бітірген тойын өткізсем. Содан соң үйлену тойын бес жүз адам шақырып шуылдатсам... Не керек, қазақтың арманы: той, той, той.

Жиналғандар қотыраш қана қол шапалақтады.

Өлден уақыттан кейін Керімқұлға тіл бітіп:

– Мүмкін, сен машинадан шыға бергенде, мен сені нетіп... құшақтаған жерге түсіп қалған шығар, – деді.

Жеңіскүлдің шатынап тұрған тарғыл көзінен үміт оты жылт етіп:

– Жұр, онда қарайық, – деп, есікке беттеді.

Дала күңгірттеніп, іңір сөніп бара жатқан кез екен. Қаланың көшелері қап-қараңғы. Ресторанның алдына ілінген жалғыз шамның жарығы бозалаң. Ал, өзен бойындағы сырахана әлі гуілдеп жатыр. Бақалар да той тойлағандай мәз-мейрам. Олардың бриллианты жоқ, сондықтан жанжал да жоқ. Рақат теңізінде кезек-кезек ән салады.

Алагеуім қараңғыда не іздеп мандырасың? Нағашы-жиен бір-бірімен сағыныса көріскен жерді Жеңіскүл перламутр седеп туфлиінің істік тұмсығымен ары түрткіледі, бері түрткіледі. Седеп туфли әбден шаң-топырақ болды. Жеңіскүл оны да елеген жоқ. Бриллиант табылса, туфли садақа, оның тұмсығымен кеніш қазуға да пейіл.

Жандарына сержант погонды милиционер келді:

– Не іздеп жүрсіздер?

– Бағана осы жерге бриллиант танам түсіп қалыпты, – деді Жеңіскүл омырауындағы тананың орнын сипалап тұрып, жыламсырап.

Неге екенін кім білсін, оған осы милиционер мейірімді періштедей көрінді.

– Бағана болғанда, қай сағатта? – деп, милиционер уақыт дәлдігін талап етті.

– Сағат кешкі сегізден өте бере... – сөзге араласты Керімқұл.

– Одан бері бұл жерден сан-сапалақ адам өтті, бәрі соқыр емес қой...

– Айналайын, өзің бір иманды бала екенсің, көмектесіп жіберші, жаным, – деп, Жеңіскүл әлгіге жата кеп жалбарынды дейсің.



– Оу, өзіңіз қызық екенсіз, сонда мен қайдан іздемекпін? Мүмкін, мына тойға келгендердің біреуі алған шығар.

– Онда қайтеміз, той тарқамай тұрғанда, солардан сіз сұрап, нетіп, тергеп, тінтіп... – деп күмілжіді Жеңіскүл.

– Не деп кеттің, ойбай, – деп, Керімкүл баж ете қалды.

– Тойға шақырылған қонақтарын Керімкүл милиция шақырып тінткізіпті деген масқараға қалдырмақшымысың мені?!

Бұл кезде қонақтар да біртіндеп сыртқа шыға бастаған. Оларды алдарқатып анекдот айтып, артистерге ән салдырып, жұртты ұстап тұруға тырысқан тамаданың жандалбасынан да ештеңе шықпады. Жұрт тарай бастады.

Керімкүлдың:

– Ау, ағайын, бұларың қалай, шыдай тұрмадыңдар ма? Кәзір қыздырамыз. Той қызығы алда, –деп, өркімнің алдына бір шығып, елпеңдегені де ешкімді тоқтата алмады.

– Басқа ешбір тойда болмаған қызыққа баттық, рақмет, – десіп, қайырылмай кете барды.

Тамада келіп, Керімкүлға:

– Аға, ана артистер ақы талап етіп жатыр, – деп еді, Керімкүл шарт кетіп:

– Ой, әртістеріңнің... – бақырып жіберді.

Ресторанның завзалы келіп:

– Той тез тарқады ғой, бізге де жақсы. Қолымыз ерте босайтын болды. Давайте, рассчитаемся, – деді.

Керімкүл, амал жоқ, ішке кіріп, қалталарындағы конверттерін ақтара бастады. Жездесі берген ең қалың конверт қолына алдымен ілікті. Конверт қамырмен желімделген екен, желімі оңай ажырай қоймаған соң, саңылау тесікке саусағын сұғып, кіршең конвертті дар еткізді.

Жүрегінің аздаған дімкәсі бар еді, сол құрғыр шаншып-шаншып алып, артынша сыздап қоя берді.

Конверттің іші тола шылым орауға арналған газет қиындылары. Арагідік арасында кілең бір теңгеліктер. Бір тілім ақ қағазға:

«Керімкүл қайным!

Той құтты болсын.

Пенсионер шалдың кәсібінен табылған табыс – осы. Риза бол.

Жездең Төрегелді» деген қисық-қыңыр жазуды оқыды да, орындыққа сылқ етіп отыра кетті.



МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

I бөлім

ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ

Абай ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

Мәз болды болысың	4
Бойы бұлғаң	5
Әбдірахман өлгенде	7
Әбдірахман өлгенде	8
«Масғұт» (поэма)	8

II бөлім

ПРОЗАДАҒЫ КӨРКЕМ ОЙ

Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ

Ақбілек (Роман. Жалғасы. Ықшамдалған)	15
Әбіш Кекілбаев	
Аңыздың ақыры (Роман. Жалғасы. Ықшамдалған)	43

III бөлім

АҢЫЗБЕН ӨРІЛГЕН КӨРКЕМ СӨЗ

Мұхтар МАҒАУИН

Шақан-Шері (Роман. Жалғасы. Ықшамдалған)	71
--	----

Шыңғыс АЙТМАТОВ

Алғашқы ұстаз (Повесть. Жалғасы)	88
--	----

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ

Заман-ай	107
Көк бөрінің рухы	107

IV бөлім

ЗАМАН, ДӘУІР ТҮЛҒАСЫ

Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ

Тағдыр (Роман. Жалғасы. Ықшамдалған)	109
--	-----

Шахмарден ҚҰСАЙЫНОВ

Томирис (Драма. Жалғасы)	152
--------------------------------	-----

Шерхан МҰРТАЗА

Тәуекел той (Өңгіме. Жалғасы)	168
-------------------------------------	-----



Учебное издание

Составители:

**Каскабасов Сеит Аскарлович
Алмуханова Риза Таскынғалиевна
Раушанов Есенғали Абдижапбарович
Кайырбай Канат Сатыбалдыұлы
Оспан Динаш Бектенқызы**

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. ХРЕСТОМАТИЯ

Учебное пособие общественно-гуманитарного направления
для 10 классов общеобразовательных школ

(на казахском языке)

Редакторы
Мұқабаның дизайнері
Техникалық редакторы
Дизайнын жасаған және
компьютерде қалыптаған

**Ғұсман Жандыбаев
Ермек Мейірбеков
Зайра Бошанова
Гүлмира Өтенова**

ИБ №7395

Басуға 29.04.2019 ж. қол қойылды. Пішімі 70×90¹/₁₆.
Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Офсетті басылым.
Баспа табағы 11,0. Шартты б.т. 12,87.
Таралымы 300. Тапсырыс №



«Жазушы» баспасы
050009, Алматы қ., Абай даңғылы, 143-үй,
тел. (727) 394 41 55; факс: (727) 394 41 64.
e-mail: zhazushi@mail.ru

ISBN 978-601-200-635-3



9 786012 006353